

ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ ХРЕСТОМАТИЯ

Жалпы білім беретін мектептің
қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы
11-сыныбына арналған оқу құралы

Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы «Мектеп» 2011

УДК 373.167.1(075.3)

ББК 63.3(0)я72

Д87

Құрастырушылар: Р. Қайырбекова, С. Тимченко

Аударған: Болат Үмбетәлиев

Д87 **Дүниежүзі тарихы: Хрестоматия:** Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқу құралы /Құраст.: Р. Қайырбекова, С. Тимченко. — Өнд., толықт. 2-бас. — Алматы: Мектеп, 2011. — 224 б.

ISBN 978—601—293—480—9

Д $\frac{4306022300-083}{404(05)-11}$ 31(4)—11

УДК 373.167.1 (075.3)

ББК 63.3(0)я72

- © Қайырбекова Р.,
Тимченко С. (құраст.), 2007
- © Аудармашы: Үмбетәлиев Б., 2007
- © «Мектеп» баспасы, көркем
безендірілуі, 2011

Барлық құқықтары қорғалған

Басылымның мүлктік құқықтары
«Мектеп» баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—480—9

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл оқу құралы 11-сыныптың қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған. Хрестоматия Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең тарихының неғұрлым маңызды тараулары бойынша құжаттар жинағы болып табылады. Оқу құралы 11-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» оқулығы мен оқу бағдарламасы негізінде жазылған.

Ол мұғалімнің оқыту барысында хрестоматиядағы дерексөздерді пайдалану жұмысын жеңілдетеді. Оқу құралының құжаттарын мұғалім сабаққа дайындалу барысында, факультативтік сабақтар өткізу кезінде, тарих үйірмесінде және оқушылардың шығармашылық жобаларына басшылық жасауда пайдалануына болады. Өрбір тараудағы дереккөздер хронологиялық бірізділік бойынша берілген, кейбір құжаттар қысқартылып, немесе жинақталған түрде ұсынылды. Алайда мұндай жағдайларда мәтіннің дереккөзі көрсетілді, сол арқылы мұғалімдер мен оқушылар құжаттың толық нұсқасымен таныса алады.

Ұсынылып отырған хрестоматия жоғары сынып оқушылары мен тәжірибелі мұғалімдерге арналған.

**I тарау. XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН
XXI ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ДҮНИЕЖҮЗІ ДАМУЫНЫҢ
НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ**

**1. БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ «ОТАР ЕЛДЕР МЕН
ХАЛЫҚТАРҒА ТӘУЕЛСІЗДІК БЕРУ ТУРАЛЫ»
ДЕКЛАРАЦИЯСЫНАН**

(Үзінді)

Нью-Йорк. 14 желтоқсан, 1960 жыл.

Бас Ассамблея...

Барлық тәуелсіз халықтардың бостандыққа қызу ұмтылысын және сол халықтардың өз тәуелсіздігіне жетудегі шешуші рөлін тани отырып, <...>

отаршылдықтың одан әрі өмір сүруі халықаралық экономикалық ынтымақтастықтың дамуына бөгет жасайтынына, тәуелді халықтардың әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуын тежейтініне және БҰҰ-ның жалпыға бірдей бейбітшілікті көздейтін мұратын әлсірететініне көз жеткізе отырып, <...>

соңғы жылдардың ішінде тәуелді аумақтар көпшілігінің бостандық пен тәуелсіздік алуын құттықтай және әлі де тәуелсіздік алмаған аумақтардағы тәуелсіздікке деген барған сайын қуатты үрдістер бар екенін мойындай отырып, <...>

отаршылдықтың барлық нысандары мен көріністерін дереу және сөзсіз тыю қажет екенін салтанатты түрде жария етеді

және осы мақсатпен мынаны мәлімдейді:

1. Халықтарды шетелдік езгі мен үстемдікке бағындыру және оларды қанау адамның негізгі құқықтарын теріске шығару болып табылады, БҰҰ-ның Жарғысына қайшы келеді және ынтымақтастықтың дамытылуы мен дүниежүзінде бейбітшілік орнатылуына бөгет жасайды;

2. Барлық халықтардың өз тағдырын өзі белгілеуге құқығы бар; осы құқық негізінде олар өзінің саяси мәртебесін еркін белгілейді және өзінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын жүзеге асырады;

3. Жеткіліксіз саяси, экономикалық және әлеуметтік өзірлік немесе білім беру саласындағы өзірлік тәуелсіздік әперуді кешеуілдету үшін сылтау ретінде ешқашан пайдаланылмауға тиіс; <...>

5. Қамқорлыққа алынған және өзін-өзі басқармайтын аумақтарда, сондай-ақ әлі де тәуелсіздік алмаған барлық басқа аумақтарда олардың білдірілген ерік-ниетіне сәйкес, қандай да болсын шарттарсыз немесе сылтауларсыз және нәсіліне, дініне немесе түр-түсіне қарамастан, оларға толық тәуелсіздік пен бостандықты пайдалану мүмкіндігін беру үшін бүкіл билікті сол аумақтардың халықтарына беру шаралары дереу қолданылуға тиіс; <...>

Правда, 16 декабря 1960 года.

2. БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ МЫҢЖЫЛДЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

*Бас Ассамблеяның 2000 жылғы 8 қыркүйектегі 55/2
қарарымен бекітілген*

(Үзінді)

1. Құндылықтар мен принциптер

1. Біз, мемлекеттер мен үкіметтер басшылары, Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорктегі Орталық мекемелерінде 2000 жылғы қыркүйектің 6-сынан 8-не дейін, жаңа мыңжылдықтың бас кезінде, Ұйымға және оның Жарғысына неғұрлым бейбіт, гүлденген және әділетті бейбітшіліктің мызғымас негіздері екеніне өз сенімімізді тағы да қуаттау үшін жиналдық.

2. Адамның қадір-қасиеті әділдік пен теңдік принциптерін жаһандық деңгейде орнықтыру үшін өзімізге жаһандық жауапкершілік жүктелгенін біз мойындаймыз. Сондықтан біз басшылар ретінде Жер бетінің барлық тұрғындары алдында, әсіресе олардың ең осалдары алдында және болашақ иелері болып табылатын әлем балалары алдында жауаптымыз.

3. Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысына уақыт өмірі жүрмейтіндігін және әмбебап сипатта екенін дәлелдеген мақсаттары мен принциптеріне адал екендігімізді дәлелдейміз. Олардың маңыздылығы мен шабыт көзі болу қабілеті елдер мен халықтардың барған сайын өзара байланысты және өзара тәуелді болуына қарай арта түсуде.

4. Біз Жарғы мақсаты мен принциптеріне сәйкес дүниежүзінде әділеттік пен бейбітшіліктің болуына бекем бел буып отырмыз. Біз барлық мемлекеттердің егеменді теңдігін

қамтамасыз етуге бағытталған барлық күш-жігерді қолдау; олардың аумақтық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігін құрметтеу; дауларды бейбіт құралдармен және әділеттілік пен халықаралық құқық, әлі де отарлық үстемдік езгісінде, және шетелдік басқыншылықта болып отырған халықтардың өз тағдырын өзі белгілеу құқығының; мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принциптеріне сәйкес реттеу, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеу; нәсіліне, жынысына, тіліне және дініне қарамастан барлық халықтар үшін тең құқықтар; және экономикалық әлеуметтік, мәдени немесе гуманитарлық сипаттағы халықаралық мәселелерді шешу ісінде халықаралық ынтымақтастықты сақтау жөніндегі өз міндеттемемізді қуаттаймыз.

5. Бүгінгі таңда біздің алдымызда тұрған басты міндет жаһандану дүниежүзіндегі барлық халықтар үшін оң факторға айналуын қамтамасыз ету болып табылады деп санаймыз. Мұның өзі жаһандануға кең мүмкіндіктер ашып отырғанымен, оның игіліктері қазір тым біркелкі пайдаланылмайтынына және оның шығындары біркелкі бөлінбейтініне байланысты. Дамушы елдер мен өтпелі экономикасы бар елдер осы басты міндетті шешуге байланысты шаралар қолдану тұрғысынан ерекше қиыншылықтарға тап болып отырғанын біз түсінеміз. Нақ сондықтан жаһандану жалпыны толық қамтитын және әділетті сипатқа әрқилы адамзат тегіне біздің ортақ қатыстылығымызға негізделген ортақ болашақ қалыптастыру жөніндегі кең ауқымды және табанды күш-жігер арқылы ғана жете алады. Бұл күш-жігерлер саясатта және дамушы елдер мен экономикасы өтпелі елдердің қажетіне сай келетін, солардың пәрменді қатысуымен өзірленетін және жүзеге асырылатын жаһандық деңгейдегі шараларды қамтуға тиіс.

6. ХХІ ғасырдағы халықаралық қатынастар үшін бірақатар іргелі құндылықтардың елеулі маңызы бар болады деп санаймыз. Оларға мыналар жатады:

- **Бостандық.** Еркектер мен әйелдердің адамға лайықты, ашаршылықтан және зорлық-зомбылық, езгі және әділетсіздік үрейінен ада жағдайларда өмір сүруге және өз балаларын лайықты адам етіп өсіруге құқығы бар. Бұл құқықтардың ең тұрақты кепілі — халықтың кеңінен қатысуына және еркіне негізделген демократиялық басқару нысаны.

- **Теңдік.** Даму игіліктерін пайдалану мүмкіндігінен бірде-бір адам және бірде-бір ел айырылмауға тиіс. Еркектер мен әйелдер құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігіне кепілдік берілуі тиіс.

- **Ынтымақтастық.** Жаһандық мәселелер шығындар мен ауыртпалықтардың теңдік пен әлеуметтік әділдіктің іргелі принциптеріне сәйкес әділ бөлінуі жағдайында шешілуге тиіс. Азап шеккендерге немесе неғұрлым қолайсыз жағдайларда өмір сүретіндерге тұрмысы жақсылар тарапынан көмек көрсетілуі тиіс.

- **Төзімділік.** Діни сенімдердің, мәдениеттердің және тілдердің сан алуандығы жағдайында адамдар бірін-бірі құрметтеуі тиіс. Қоғамдар шеңберлеріндегі және қоғамдар арасындағы айырмашылықтар үрейлендіруге де, қудалаулар үшін себеп болуға да тиіс емес, олар адамзаттың ең құнды игілігі ретінде әлпештелуге тиіс. Бейбітшілік мәдениетін және барлық өркениеттер арасындағы диалогті белсенді түрде көтермелеу керек.

- **Табиғатқа құрмет.** Барлық тірі организмдер мен табиғат ресурстары қорғау мен ұтымды пайдалану негізінде тұрақты даму қағидаттарына сәйкес сақталуға тиіс. Бізге табиғат сыйлаған орасан зор байлықтарды біздің ұрпақтарымыз үшін тек осылай сақтауға болады. Өндіріс пен тұтынудың қазіргі тұрақсыз модельдері біздің болашақ әл-ауқатымыз бен ұрпақтарымыздың ырыс-берекесінің мүдделерінде өзгертілуге тиіс.

- **Жалпы міндет.** Жаһандық экономикалық және әлеуметтік дамуды басқару, сондай-ақ халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке төнетін қатерді жою жөніндегі міндет дүниежүзіндегі халықтар арасында бөлінуге және көпжақты негізде жүзеге асуы тиіс. Дүниежүзіндегі ең әмбебап және ең өкілетті ұйым ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымы бұл істе ортақ рөл атқаруға тиіс.

http://www.unesco.ru/rus/pages/about/decl_mill.php

3. БІРІНШІ ЖАСАНДЫ ЖЕР СЕРІГІНІҢ ҰШЫРЫЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ТАСС ХАБАРЫНАН

Ғылыми зерттеу институттары мен конструкторлық бюролардың үлкен, қауырт жұмысы нәтижесінде дүниежүзіндегі бірінші жасанды Жер серігі жасалды. 1957 жыл-

дың 4 қазанында КСРО-да бірінші жасанды Жер серігі ойдағыдай ұшырылды. Алдын ала берілген деректе ракета ұшырғыш Жер серігіне қажетті орбиталық жылдамдық секундына 8000 м-ге жуық болуы керектігін хабарлаған. Қазіргі кезде Жер серігі Жер төңірегінде эллипстік траекториялар жасауда, оны күннің шығуы мен батуы кезінде қарапайым оптикалық құралдардың көмегімен байқауға болады...

Адам баласы жасаған бірінші Жер серігінің ойдағыдай ұшырылуы әлем ғылымы мен мәдениетінің асыл қазынасына қосылған аса ірі үлес. Осындай үлкен биіктікте жүзеге асырылатын ғылыми тәжірибенің ғарыш кеңістігінің қасиеттерін танып-білуде және Күн жүйесіндегі ғаламшар ретінде Жерді зерттеу үшін орасан зор маңызы бар.

Правда, 5 октября 1957 года.

4. Ю.А.ГАГАРИННИҢ 1961 ЖЫЛҒЫ 12 СӘУІРДЕГІ МӘЛІМДЕМЕСІНЕН

«Бірнеше минуттан соң ғарыш кемесі мені Әлемнің алыс кеңістіктеріне алып кетеді. Ұшар алдындағы осы соңғы минуттарда не айтуға болады?..

Тарихтағы осы тұңғыш ұшу сапарына шығуды маған ұсынған кезде бойымды кернеген сезімдер туралы айтудың қажеті бола қояр ма екен? Қуаныш? Жоқ, ол тек қуаныш сезімі ғана емес еді. Мақтаныш? Жоқ, ол тек мақтаныш сезімі ғана емес еді. Мен өзімді аса бақытты сезіндім. Ғарышта бірінші болу, табиғатпен бұрын-соңды болып көрмеген жеке-дара шайқасқа түсу, бұдан асқан арман бола ма?

Бірақ осының ізінше мен өзіме жүктелген орасан зор жауапкершілік туралы ойладым. Адамдардың сан ұрпақтары армандаған нәрсені бірінші болып жүзеге асыру, адамзат үшін ғарышқа бірінші болып жол салу... »

Правда, 18 апреля 1961 года.

5. «РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ЧЕРНОБЫЛЬ АЭС-індегі АПАТ ЗАРДАПТАРЫН ЖОЮ ТУРАЛЫ» КОКП ОК-нің САЯСИ БЮРОСЫНА АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖАЗБАЛАР

4 маусым, 1986 жыл.

РБМК-1000 реактор қондырғылары бар, әрқайсысының электр қуаты 100 МВт болатын, құрамында төрт блогы бар Чернобыль атом электрстансысы 1978 жылдан 1984 жылға дейін салынып, іске қосылған болатын. Төртінші блок 1984 жылы іске қосылды.

Чернобыль АЭС-інің төртінші блогы 1986 жылы 26 сәуірде 01 сағ 23 мин 50 сек-та апатқа ұшырап, реактор қондырғысының белсенді аймағы және ол орналасқан ғимарат айтарлықтай қатты қирады...

Будың елеулі көлемде және шапшаң түзілуі жарылысқа себеп болып, реактор қондырғысының қирауына және белсенді аймақта жинақталған радиоактивті өнімдердің бір бөлігінің атмосфераға шығарылуына әкеліп соққанын болжамдауға болады...

Мамандардың бағалауынша, апат кезінде Чернобыль атом электрстансысының төртінші блогының реактор қондырғысынан одан тыс жердегі атмосфераға реактордың жылу шығаратын элементтерінде жинақталған радиоактивтіліктің бір пайызынан үш пайызына дейін шығарылған. Оның едәуір мөлшері бу жарылысымен реакторға іргелес мекенжайларға тараған.

Апаттан кейін төртінші блоктың реакторындағы ядролық реакция тоқтатылды, үй-жайлардан шыққан өрт сөндірілді, апат зардаптарын жою жөніндегі барлық жұмыстар шыққан активтіліктің тарауын оқшаулауға, радиоактивті заттардың суқоймаларына түсуіне жол бермеуге шоғырландырылды...

Чернобыль атом электрстансысындағы апат кезінде радиоактивті заттардың сыртқа шығарылуы салдарынан стансыға жақын жердегі аудандарда жер ластанды. Атом электрстансысының алаңына іргелес жатқан және 30 шақырымдық аймақтағы аудандардан халықты көшірудің бірінші кезекті шаралары қолданылды. АЭС жанында радиация деңгейі сағатына ондаған миллирентгенге жетті. Апат ауданынан газды және ауаға ұшатын радиоактивті заттардың шығуы бірнеше күннен кейін іс жүзінде тоқтатылды.

Қазіргі кезде АЭС ауданында радиациялық жағдай толық тұрақтанды. Радиоактивтілік деңгейі ыдырауға сәйкес азаюда (айына 5-6 есе).

Әуеден барлау және жер үстіндегі желілердің деректері ластанудың желмен солтүстік-батыс, батыс және оңтүстік бағыттарға тарағанын көрсетті; Киевте радиация деңгейі аз уақытта 0,5 мр/сағ-қа, Гомельде — 0,3 мр/сағ-қа, Жлобинде — 0,5 мр/сағ-қа жеткен, бұл халықтың денсаулығына аса қауіп төндірмейді.

Өткен кезеңде медициналық мекемелерге келген барлық адамдар тексерілді.

Өткір сәуле ауруының диагнозы зардап шеккендердің 187-сінде (олардың бәрі АЭС қызметкерлері) анықталды, солардың ішінде 24 адам қайтыс болды (екі адам апат кезінде қаза тапты). Халықтың ауруханаға жатқызылған бөлігінде, соның ішінде балаларда сәуле ауруының диагнозы анықталған жоқ. Өткен кезеңде кең көлемді алдын алу шаралары қолданылды.

Сергеев Е. Ю. Новейшая история. Подробности.
М., 2000. С. 561—563.

6. БҰҰ-НЫҢ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША КОНВЕНЦИЯСЫНА КИОТО ХАТТАМАСЫ

(Үзінді)

10 желтоқсан, 1997 ж.

Осы Хаттаманың Тараптары, бұдан әрі «Конвенция» ретінде еске алынатын, Біріккен Ұлттар Ұйымының климаттың өзгеруі туралы Қосымша конвенциясының Тараптары бола отырып,

Конвенцияның түпкілікті мақсатына қол жеткізу мақсатында мыналар туралы келісті:

2-бап:

1. Әрбір Тарап... өзінің өндірістік қалдықтарын шектеу мен қысқарту жөніндегі белгілі бір сандық міндеттемелерін орындау кезінде..., тұрақты дамуды мадақтау мақсатында:

а) өздерінің ұлттық жағдайларына сәйкес мынадай саясат пен шараларды жүзеге асырады немесе әзірлейді:

Д) ұлттық экономиканың тиісті секторларында энергияны пайдалану тиімділігін арттыру;

II) Монреаль хаттамасымен реттелмейтін бу газдарын сіңірушілер мен жинақтауыштарын қорғау мен сапаларын арттыру, ... ормандандыру мен ормандарды қалпына келтірудің ұтымды әдістеріне жәрдемдесу;

III) климаттың өзгеруіне байланысты... ауыл шаруашылығының орнықты формаларын насихаттау;

IV) зерттеушілік жұмыстарды енгізуге, өткізуге жәрдемдесу, энергияның жаңа және қалпына келтірілетін түрлерін, көміртек тотығын сіңіру технологиялары мен экологиялық жағынан қауіпсіз инновациялық технологияларды әзірлеу және кеңінен пайдалану;

V) Конвенция мақсатына қарама-қарсы келетін салықтар мен баждардан және жәрдем ақшалардан құтылу, нарықтық үйлесімсіздіктерді, фискалды стимулдарды, барлық секторларда — бу газдарын шығаратын көздерді біртіндеп қысқарту немесе жою, нарықтық құралдар қолдану;

VI) бу газдарын шығаруды шектеуші немесе қысқартушы саясат пен шараларды жүзеге асыруға жәрдемдесу мақсатында тиісті секторлардағы қажетті реформаларды мадақтау...

10-бап

Барлық Тараптар...

C) климаттың өзгеруіне қатысы бар іс-тәжірибе мен үдерістерді, экологиялық қауіпсіз технологияларды, ноу-хауды әзірлеу, қолдану мен тарату үшін тиімді жағдайлар жасауға жәрдемдесуде ынтымақтасады... Мемлекет меншігінде орналасқан немесе ұлттық байлық болып табылатын экологиялық қауіпсіз технологияларды берудің тиімді саясаты мен бағдарламаларын қосқанда ноу-хау, іс-тәжірибе және үдерістер сияқты... технологияларды беруге қатысты қолжетімділікті жеңілдету мен кеңейту үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

7. ЯДРОЛЫҚ ЛАҢКЕСТІК АКТІЛЕРІМЕН КҮРЕС ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯ БҮҮ БАС АССАМБЛЕЯСЫ 59-СЕССИЯСЫНЫҢ 59/290 ҚАРАРЫМЕН 13.04.2005 ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАНҒАН

(Үзінді)

Осы Конвенцияға қатысушы-мемлекеттер бүкіл дүние-жүзінде лаңкестік актілер оның барлық формаларында

және көріністерінде қауырт өсіп келе жатқанына терең алаңдай отырып, Бас Ассамблеяның 1994 жылы 9 желтоқсанындағы халықаралық лаңкестікті жою жөніндегі шаралар туралы Декларациясы бойынша 49/60 Қарарындағы қосымшаларға сілтеме жасай отырып, (онда атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттер оларды кімнің атқарғанына және қайда атқарылғанына қарамастан лаңкестік іс-тәжірибесі мен әдістерін барлық актілерін ақтамайтын қылымыстық әрекеттер ретінде сөзсіз айыптаған еді) ... мемлекеттер арасында лаңкестіктің мұндай әрекеттерінен сақтандыру және кінәлілерді қылмыстық қудалау мен жазалау үшін тиімді, іс-тәжірибелік шараларды өзірлеу мен қабылдау жөнінде халықаралық ынтымақтастықты нығайту қажеттігіне нық сене отырып, ... төмендегілер туралы келісті:

2-бап

1. Кез келген тұлға осы Конвенция бойынша айыпты болып есептеледі:

а) егер радиоактивтік материалды иеленсе, құрылғыны дайындаса немесе оларды иеленсе.

2. Кез келген тұлға қылмыс жасады деп есептеледі, егер ол:

а) осы баптың 1 «в» тармағында көрсетілген қауіпті қылмысты көрсететін белгілері болса.

3. Сондай-ақ кез келген тұлға егер ол осы баптың 1 тармағында көрсетілген қандай да бір қылмысты жасағысы келген ниет білдірсе, қылмыскер болып есептеледі.

7-бап

1. Мемлекет-қатысушылар мына жолмен:

а) ... өздерінің тиісті аумақтары шектерінде 2-бапта көрсетілген қылмыстарды жасауға дайындауды болғызбау, олардың аумақтарынан тыс және шектерінде мұндай дайындыққа, оның ішінде бұл қылмыстарды көтермелейтін, арандататын, ұйымдастыратын, әдейі қаржыландыратын немесе мақсатты түрде техникалық көмек көрсететін, немесе ақпараттар беретін, немесе бұл қылмыстардың жасалуына қатысатын тұлғалардың, топтар мен ұйымдардың заңсыз қызметіне тыйым салу жөніндегі шаралар қолдану жолымен ынтымақтасады.

9-бап

1. Әрбір қатысушы-мемлекет мынадай жағдайда 2-бапта көрсетілген қылмыстарға қатысты оның заңдылығын белгілеуге қажетті шараларды қабылдайды:

а) қылмыс осы мемлекет аумағында жасалса;

ә) қылмыс бұл елдің заңдарына сәйкес қылмыс жасалған сәтте тіркелген әукемесінде немесе осы мемлекеттің туы астында жүзетін кеме бортында жасалса;

б) қылмысты осы мемлекеттің азаматы жасағанда.

14-бап

1. Қатысушы-мемлекеттер талқылау үшін қажетті дәлелдерді алуға жәрдемдесуді қосқанда 2-бапта көрсетілген қылмыстарға қатысты басталған тергеулерге байланысты бір-біріне барынша көмек жасайды.

II тарау. 1945—2011 ЖЫЛДАРДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

1. БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

БІЗ, БІРІККЕН ҰЛТТАР ХАЛЫҚТАРЫ

біздің өмірімізде адамзатқа екі рет аса ауыр қайғы әкелген соғыс апаттарынан болашақ ұрпақтарды құтқаруға және адамның негізгі құқықтарына, қадір-қасиеті мен құндылығына, еркек пен әйелдің тең құқылығына және үлкен ұлттар, шағын ұлттармен теңдігіне сенімді қайтадан орнықтыруға және әділдік пен шарттар, басқа да халықаралық құқық негіздерінен туындайтын міндеттемелерге құрмет сақталатын жағдайлар жасауға және бостандығы мол әлеуметтік прогреске жетуге, және өмір жағдайларының жақсаруына жәрдемдесуге,

МІНЕ, ОСЫ МАҚСАТТАРДА

шыдамдылық көрсетуге және бірге, тату көршілердей ынтымақта өмір сүруге,
халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін өз күшімізді біріктіруге, және қарулы күштердің ең жалпы мүдделерге қолданылу принциптерін қабылдаумен, және әдістер орнатумен қамтамасыз етуге, және халықаралық аппаратты барлық халықтардың экономикалық, және әлеуметтік прогресіне жәрдемдесу үшін пайдалануға бекем бел байлай отырып,

**ОСЫ МАҚСАТТАРҒА ЖЕТУ ҮШІН ӨЗІМІЗДІҢ КҮШ-ЖІГЕРІМІЗДІ
БІРІКТІРУГЕ ҰЙҒАРДЫҚ**

Осыған сәйкес біздің тиісті өкіметтеріміз Сан-Францискода жиналған, тиісті нысанда табылған өз уәкілеттіктерін көрсеткен өкілдер арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымының осы Жарғысын қабылдауға келіседі және осы арқылы «Біріккен Ұлттар» деген атпен халықаралық ұйым құрады.

I тарау. МАҚСАТТАР МЕН ПРИНЦИПТЕР

1-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымы көздейтін мақсаттар:

1. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау және осы мақсатпен бейбітшілікке келетін қатерге жол бермей және оны жою, басқыншылық актілерін немесе бейбітшілікті басқалай бұзушылықтарды басу үшін пәрменді ұжымдық шараларды қолдану және бейбітшіліктің бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін халықаралық дауларды немесе жағдайларды реттеуді немесе шешуді бейбіт құралдармен, әділдікпен халықаралық құқық қағидаларына сәйкес жүзеге асыру;

2. Халықтардың тең құқылығы мен өз тағдырын өзі белгілеу принципін құрметтеу негізінде ұлттар арасындағы достық қатынастарды дамыту, сондай-ақ жалпыға бірдей бейбітшілікті нығайту үшін басқа да тиісті шаралар қолдану;

3. Экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық халықаралық мәселелерді шешуге және адам құқығы мен нәсіліне, жынысына, тіліне және дініне қарамастан барша үшін, негізгі бостандықтарды құрметтеуді көтермелеу мен дамытуда халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, және

4. Осы ортақ мақсаттарға жетуде ұлттардың іс-қимылдарын келістіру үшін орталық болу.

2-бап

1-бапта көрсетілген мақсаттарға жету үшін Ұйым мен оның Мүшелері төмендегі қағидаларға сәйкес іс-қимыл жасайды:

1. Ұйым өзінің барлық Мүшелерінің егемендік теңдігі принципіне негізделген.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық Мүшелері осы Жарғы бойынша өзіне алған міндеттемелерді Ұйым Мүшелерінің құрамына қатыстылықтан туындайтын құқықтар мен артықшылықтарды өздерінің қамтамасыз етуі үшін адал орындайды.

3. Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық Мүшелері өздерінің халықаралық дауларын халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке және әділдікке қатер төндірмейтіндей етіп бейбіт құралдармен шешеді;

4. Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық Мүшелері өздерінің халықаралық қатынастарында күшпен қатер төндіруден немесе оны кез келген мемлекеттің аумақтық дербестігіне, немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы, сондай-ақ Біріккен

Ұлттардың Мақсаттарымен сыйыспайтын басқалай жолмен қолданудан тартынады.

5. Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелері осы Жарғыға сәйкес жасайтын барлық іс-қимылдарда оған жан-жақты көмек көрсетеді және Біріккен Ұлттар Ұйымы өзіне қарсы алдын алу немесе мәжбүрлеу сипатындағы іс-әрекеттер жасайтын кез келген мемлекетке көмек көрсетуден тартынады.

6. Ұйым өзінің мүшелері болып табылмайтын мемлекеттердің осы принциптерге сәйкес іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді, өйткені мұның өзі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін қажет болуы мүмкін.

7. Осы Жарғы Біріккен Ұлттар Ұйымына кез келген мемлекеттің ішкі құзыретіне жататын істерге араласу құқығына ешбір дәрежеде жол бермейді және Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелерінен ондай істерді шешуді осы Жарғы тәртібімен беруді талап етпейді; алайда бұл принцип VII тарау негізінде мәжбүрлеу шараларының қолданылуына қатысты емес.

II тарау. ҰЙЫМ МҮШЕЛЕРІ

3-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымының бастапқы мүшелері – Халықаралық Ұйым құру жөніндегі Сан-Францискодағы Конференцияға қатысып немесе бұрын Біріккен Ұлттар Ұйымының 1942 жылғы 1 қаңтардағы Декларациясына осы Жарғының 110-бабына сәйкес қол қойған және оны бекіткен мемлекеттер.

4-бап

1. Ұйым мүшелігіне қабылдау осы Жарғыдағы міндеттемелерді өзіне қабылдайтын және, Ұйымның пікірінше сол міндеттемелерді орындай алатын және орындағысы келетін бейбітшіліксүйгіш барлық басқа мемлекеттер үшін ашық.

2. Кез келген осындай мемлекет Ұйым мүшелігіне Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынуы бойынша Бас Ассамблеяның қаулысымен қабылданады.

5-бап

Егер Ұйымның әлдебір Мүшесіне қарсы Қауіпсіздік Кеңесі алдын ала немесе мәжбүрлеу сипатындағы іс-қимылдар қолданған болса, Бас Ассамблея Қауіпсіздік Кеңесінің

ұсынуы бойынша оған, Ұйым мүшесі ретінде тиісті құқықтар мен артықшылықтардың жүзеге асырылуын тоқтатып қоюға құқығы бар.

6-бап

Осы Жарғыдағы қағидаларды жүйелі түрде бұзатын Ұйым Мүшесі Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынуы бойынша Бас Ассамблея Ұйымынан шығарылуы мүмкін.

III тарау. ОРГАНДАР

7-бап

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының басты органдары ретінде мыналар тағайындалады: Бас Ассамблея, Қауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес, Қамқорлық жөніндегі Кеңес, Халықаралық Сот және Хатшылық.

2. Қажет болатын қосалқы органдарды да осы Жарғыға сәйкес тағайындауға болады.

8-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің басты және қосалқы өз органдарына еркектер мен әйелдердің кез келген түрде және тең шарттармен қатысу құқығы жөнінде ешқандай шектеулер қоймайды.

Советский Союз на Международных Конференциях периода Великой Отечественной войны 1941—1945 гг. Конференция объединенных наций в Сан-Франциско 25 апреля — 26 июня 1945 г. Сборник документов. М., 1980. С. 585—588.

2. БИПОЛЯРЛЫҚ БЕЙБІТШІЛІК ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

(Черчилльдің Фултондағы сөзінен)

5 наурыз, 1946 жыл.

... Менің міндетім сіздерге Еуропадағы қазіргі жағдай туралы кейбір деректер беру.

Балтықтағы Штеттиннен Адриаттағы Триестке дейін темір перде түсті. Бұл шептің арғы жағында Орталық және Шығыс Еуропадағы ежелгі мемлекеттердің барлық қазыналары сақталуда. Варшава, Берлин, Прага, Вена, Будапешт, Белград, Бухарест, София—осы атақты қалалардың бәрі және солардың аудандарындағы халық кеңестік аяда болып отыр және бәрі де белгілі бір нысанда кеңестік ық-

палға ғана емес, сондай-ақ едәуір дәрежеде Мәскеудің күшейе түсіп келе жатқан бақылауына бағынады...

Еуропаның осы Шығыс мемлекеттерінің бәрінде рөлі өте төмен болған коммунистік партиялар, өздерінің санынан әлдеқайда асып түсетін ерекше күшке жетті және барлық жерде тоталитарлық бақылау орнатуға ұмтылуда. Полицейлік үкіметтер осы елдердің бәріне дерлік басым, сондықтан осы кезге дейін оларда, Чехословакиядан басында, ешқандай шынайы демократия жоқ. Түркия мен Персия өздеріне қойылып отырған талаптарға және Мәскеу үкіметі жүзеге асырып жатқан қысымға қатты абыржып және алаңдап отыр.

Орыстар Берлинде Германиядағы өзінің басып алған аймағында Германия басшыларының сол жақ қанатына арнайы артықшылықтар беру арқылы квази-коммунистік партия құруға тырысуда... Егер қазіргі кезде Кеңес үкіметі оңаша іс-әрекет арқылы өз аймағында коммунистік Германия құруға әрекет жасап отырған болса, мұның өзі ағылшын және америка аймақтарында елеулі қиыншылықтар туғызады және жеңілген немістерге Кеңестер мен Батыс демократиялары арасындағы қайшылықтарды пайдалануға мүмкіндік береді. Осы деректер қандай қорытындылар жасалса да... бұл біз үшін күрескен, азат етілген Еуропа емес, бұл сондай-ақ баянды бейбітшілік негізіндегі Еуропа да емес...

Алайда орыс шекараларынан алыста орналасқан және дүниежүзінде шашырап жатқан елдердің елеулі көпшілігінде толық бірлікте және Коммунистік орталықтан... алынатын нұсқауларға сөзсіз бағына іс-қимыл жасайтын коммунистік бесінші колония құрылған. Компартиялар, немесе бесінші колониялар, христиан өркениеті үшін барған сайын қатерлі де қауіпті болып келеді...

Мен жаңа соғыс сөзсіз болады немесе жаңа соғыс қатері төніп тұр деген ойдан аулақпын. Енді бұл туралы айтып отырған себебім — өз бақытымыз өз қолымызда екеніне және болашақты құтқара алатынымызға көміл сенемін... Кеңестік Ресейдің соғысты қалайтынына мен сенбеймін. Ол соғыс жемісін және өз күші мен өз доктриналарының шексіз таралуын қалайды...

Орыстар бәрінен де күшті дәріптейді, олар әскери осалдықты басқалардан артық құрметтей қоймайды. Осы себепті біздің ескі күш тепе-теңдігі доктринамыз жарамсыз

болып табылады. Біз шамалы күш артықшылығына үміт арта, сол арқылы күш сынауға жағдай жасай алмаймыз.

Хрестоматия по Отечественной истории
(1946—1995 гг). М., 1996. С. 141—144.

3. И.В.СТАЛИННИҢ «ПРАВДА» ТІЛШІСІНЕ ЧЕРЧИЛЛЬДІҢ ФУЛТОНДАҒЫ СӨЗІ ТУРАЛЫ СҰХБАТЫНАН

13 наурыз, 1946 жыл.

С ұ р а қ. Черчилль мырзаның Америка Құрама Штаттарында сөйлеген соңғы сөзін Сіз қалай бағалайсыз?

Ж а у а п. Мен оны одақтас мемлекеттер арасында ұрыскеріс тұқымын себуді және олардың ынтымақтастығын қиындатуды көздейтін қауіпті әрекет деп бағалаймын.

С ұ р а қ. Черчилль мырзаның сөзі бейбітшілік пен қауіпсіздік ісіне нұқсан келтіреді деп санауға бола ма?

Ж а у а п. Сөз жоқ, болады. Іс жүзінде Черчилль мырза мен оның Англиядағы және АҚШ-тағы достары ағылшын тілінде сөйлемейтін ұлттарға талап қойып отырған сияқты. Біздің үстемдігімізді ерікті түрде мойындаңыздар, сонда бәрі де орын-орнымен болады — әйтпесе соғыс болуы сөзсіз.

Черчилль мырзаның мақсаты — соғыс, КСРО-ға қарсы соғысқа шақыру екені даусыз... Черчилль мырза мен оның достарының Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін «Шығыс Еуропаға қарсы жаңа әскери жорық ұйымдастыру қолынан келетін-келмейтінін мен білмеймін.

Егер бұл олардың қолынан келетін болса, — ал мұның ықтималдығы шамалы, өйткені миллиондаған қарапайым адамдар бейбітшілік ісінің күзетінде тұр, — олар өткен кезеңде, осыдан 26 жыл бұрын қалай жеңілген болса нақ солай жеңілетінін сеніммен айтуға болады.

Внешняя политика Советского Союза,
1946 г. М., 1952. С. 45—53.

4. АМЕРИКАНЫҢ САЯСИ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ АҚШ-ТЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҮСТЕМДІК ҚҰРУЫНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ ТУРАЛЫ

АҚШ президенті Г. Трумэн 1946 жылғы 14 қаңтардағы конгреске жолдауында былай деп жазған:

«Дүниежүзіндегі ең күшті держава деген жағдайымыздан бізге жүктелген жауапкершіліктен біз қашып құтыла

алмаймыз... Біздің үкіметіміз бен халқымыздың барлық күш-жігері, ұмтылысы, кемеңгерлігі бір міндетті орындауға: халықаралық оқиғалардың дамуына барынша ықпал жасауымызға жұмылдырылуға тиіс».

Сенатор Ванденберг былай деген:

«Америка шын мәнінде дүниежүзіндегі нөмірі 1-ші держава болып табылады, ол соған лайықты іс-қимыл жасауға тиіс. Біз дүниежүзіне моральдық басшылық жасауға тиіспіз, әйтпесе дүниежүзі жалпы басшылықсыз қалады».

Бернард Барух (1965 жылы қайтыс болған), аса ірі банкир және іскер, президенттердің кеңесшісі былай деп мәлімдеген:

«Өзінің Қарулы Күштерінің қуаты, экономика саласындағы артықшылығы, ресурстары мен американдық өмір салтынан туындайтын моральдық күші арқасында Америка дүниежүзіне өз үстемдігін орнықтыруға қабілетті».

Хенсон Болдуин, белгілі әскери шолушы және тарихшы былай деп жазған еді:

«Бүгін біз — банкирлер ұлтымыз, несиегерлер ұлтымыз, экспорттаушылар ұлтымыз, ұлы теңіз және өуе державасымыз, дүниежүзілік коммуникациялар шоғырланған орталықпыз. Егер Рим кезінде әлемнің орталығы болса, Вашингтон XX ғасырда Батыс әлемінің одан да асқан орталығы болып табылады».

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1974 гг.).
Пособие для учителей. М., 1976. Ч. 2. С. 243.

5. АЛЛЕН ДАЛЛЕС КСРО-НЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ

Соғыс бітеді, бәрі де біртіндеп реттеледі, сонда біз қолымызда бар нәрсені... бүкіл алтынды, бүкіл материалдық көмекті адамдарды алдау мен ақымақ етуге жұмылдырамыз. Адам миы, адамның сана-сезімі өзгеруге қабілетті. Онда (КСРО-да) аласапыран жайлатып, біз олардың құндылықтарын байқатпай жалған құндылықтармен ауыстырамыз және сол жалған құндылықтарға сенуге мәжбүр етеміз. Қалайша? Біз Ресейдің өзінен пікірлестер, одақтастар және көмекшілер табамыз. Жер бетіндегі ең қайсар халықтың күйреп-құруының, оның сана-сезімінің түпкілікті, біржолата семуінің ауқымы жағынан орасан зор қайғы-қасіреті бірінен соң бірі жалғасатын болады...

Әдебиеттен, өнерден, біз, мысалы, олардың әлеуметтік мәнін біртіндеп аластатамыз. Суретшілерге бейнелеу өнерімен шұғылдануды, халықтың қалың ортасында болатын үдерістерді зерттеумен айналысуды қойдыртамыз. Әдебиет, театр, кино, баспасөз — бәрі де адамның ең арсыз сезімдерін бейнелеп мадақтайтын болады. Біз жыныстық қатынасқа, зорлық-зомбылыққа, садизмге, сатқындыққа — бір сөзбен айтқанда, түрлі парасатсыздыққа табынуды адам санасына сіңіретін және тықпалайтын суретшісімақтарды барынша қолдап, көтеретін боламыз.

Мемлекетті басқаруда біз аласапыран және бей-берекет жағдай қалыптастырамыз. Біз шенеуніктердің, парақорлардың есерсоқтығын, принципсіздігін білдіртпей, бірақ белсенді де тұрақты түрде қолпаштайтын боламыз. Бюрократизм мен төрешілдікті адамгершілікке жатқызамыз. Адалдық пен парасаттылық күлкіге айналдырылып, ешкімге керек болмай, өткен уақыттың сарқыншағына айналады. Арсыздық пен бетпақтық, өтірік пен алдау, маскүнемдік пен нашақорлық, бір-бірінен үрейі ұшып қорқу және көргенсіздік, сатқындық, ұлтшылдық және халықтар дұшпандығы, ең алдымен, орыс халқына деген дұшпандық пен өшпенділік — осының бәрін біз ештеп және байқаусыз таратамыз, осының бәрі етек жаятын болады. Біз большевизмнің рухани тамырын жұлып тастаймыз, халық өнегелілігінің негіздерін бұрмалаймыз және жоямыз. Біз осы лениндік фанатизмді ұрпақтан-ұрпаққа осылайша ұмыттырамыз. Біз адамдар үшін бала кезден, жасөспірім кезден күресетін боламыз, жастарға әрдайым басты үміт артамыз. Оны ірітіп-шірітеміз, аздырамыз, азғындық жолға түсіреміз. Біз олардан шпиондар мен космополиттер жасаймыз. Біз, міне, осылай істейміз.

Не болып жатқанын аз ғана, өте аз ғана адамдар аңғаратын немесе тіпті түсінетін болады. Бірақ ондай адамдарды біз бейшаралық халге түсіреміз, күлкіге айналдырамыз, оларға жала жауып, қоғам құқығы деп жариялаудың әдісін табамыз...

Дуэль. 1998. №24;

День. №45;

Народная правда. 1992. №49;

Советская Россия. 1993. №104. 2.04.93

Лисичкин Б. А., Шелепин Л. А., Глобальная империя Зла.

М., 2001. С. 167—168.

**6. АҚШ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІН
«АҚШ-ТЫҢ РЕСЕЙГЕ ҚАТЫСТЫ МАҚСАТТАРЫ»
АТТЫ №20/1 ДИРЕКТИВАСЫНАН**

18 тамыз, 1948 жыл.

Біздің Ресей жөніндегі негізгі мақсаттарымыз:

а) Мәскеудің қуаты мен ықпалын ол бейбітшілікке және халықаралық қатынастар тұрақтылығына енді қатер төндірмейтін шекке дейін жеткізу;

ә) Ресейде билік басында тұрған үкімет ұстанатын халықаралық қатынастар теориясы мен практикасын түбірінен өзгерту...

Әңгіме, ең алдымен, Кеңес Одағының өз бақылауынан тыс сыртқы күштермен салыстырғанда саяси, әскери және психологиялық тұрғыдан әлсіз болуы жайында болып отыр...

Ең болмағанда, яғни Кеңес билігі қазіргі Кеңес аумағының бөрінде немесе бөрінде дерлік сақталған жағдайда біз:

а) әскери дәрменсіздікті ұзақ уақыт қамтамасыз ету үшін таза әскери шарттардың (қару тапсыру, басты аудандарды көшіру және т.б.) орындалуын;

ә) сыртқы дүниеден елеулі экономикалық тәуелділікті қамтамасыз ету мақсатында шарттардың орындалуын талап етуге тиіспіз... Барлық шарттар коммунистік режим үшін ауыр және кемсітетін болуға тиіс.

Біз тіпті коммунистік емес және бізге достық көңіл күйдегі режимде:

а) күшті әскери әлеуеті болмайтындай;

ә) экономикалық жағынан сыртқы дүниеге едәуір дәрежеде тәуелді болатындай жағдайды автоматты түрде қамтамасыз ететін қауіпсіздік шараларын қолдануға тиіспіз.

2. Американ ӘӘК Бас қолбасшысы дайындаған және штат бастықтарының Біріккен Комитетіне ұсынылған КСРО-ға қарсы әуеден стратегиялық шабуыл жасау жоспарларын бағалау.

21 желтоқсан, 1948 жыл.

Соғыс 1949 жылғы 1 сәуірге дейін басталады, атом бомбалары мүмкін және қажет болатын көлемде қолданылады.

Қолда бар атом бомбаларының саны, одақтастар авиациясы іс-қимыл жасайтын радиус, бомбалаулар кезінде бомбаның дәл түсуінің мүмкіндігі, өуе шабуылының ықтимал көлемі мен оны жүзеге асыру үшін қажет уақыт туралы мәселелер мұқият қаралғаннан кейін кеңестік ең елеулі өнеркәсіптік орталықтар орналасқан аудандарды белгілеу өте маңызды... Алғашқы 70 қалаға қатысты операцияларды жүзеге асыру үшін ұшудың белгіленген нысаналары мен бағыттарының карталары 1949 жылғы 1 ақпанға дейін дайын болады.

Военно-исторический журнал. 1989. №2. С. 16–31.

7. ПРЕЗИДЕНТ Г.ТРУМЭННІҢ АҚШ КОНГРЕСІНЕ 1947 ЖЫЛҒЫ 12 НАУРЫЗДАҒЫ ЖОЛДАУЫ

(Трумэн доктринасы)

(Үзінді)

Халықаралық жағдайдың қазіргі кездегі маңыздылығы Конгрестің біріккен отырысы алдында менің сөз сөйлеуімді қажет етеді. Өңгіме АҚШ-тың сыртқы саясаты мен Ұлттық Қауіпсіздігі жайында болып отыр.

Бүгін мен сіздердің қарауларыңыз бен шешулеріңіз үшін қалыптасқан жағдайдың Грекия мен Түркияға қатысты жақтарының бірін ұсынғым келеді.

Құрама Штаттар Грек үкіметінен қаржы және экономикалық көмек көрсетуді қадала сұраған өтініш алды...

Грекияға біз қаржы және экономикалық көмектің кейбір түрлерін бұдан бұрын көрсеткен болатынбыз, бірақ олар жеткіліксіз...

Біз осы ауыр жағдайда БҰҰ-ның жәрдем көрсетуінің жолдарын қарадық. Бірақ жағдай дереу іс-қимыл жасауды қажет етеді, ал БҰҰ және оның ұйымдарының Грекияға қажетті көмек көрсетуге шамасы жетпейді...

Біздің назарымыз, сондай-ақ Грекияға көршілес Түркияға да ауып отыр... Енді Түркия тап болған жағдайдың Грекия тап болған жағдайдан елеулі айырмашылығы бар. Грекияда болған бақытсыздықтар Түркияда орын алған жоқ. Ал соғыс кезінде Құрама Штаттар мен Ұлыбритания Түркияға материалдық көмек көрсетті. Дегенмен қазір Түркия біздің жәрдемімізді қажет етіп отыр...

Егер біз осы қатерлі сәтте Грекия мен Түркияға көмек көрсетпесек, оның зардабы Шығыста да, сондай-ақ Батыста

да ауыр болады. Біз шұғыл және батыл іс-қимылдар жасауға тиіспіз.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып мен Конгрестен Грекия мен Түркияға 1948 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңде 400 млн доллар мөлшерінде көмек көрсетуге өкілеттік беруді сұраймын.

Қаржы көмегіне қосымша мен, Конгрестен Грекия мен Түркияның өтініші бойынша қайта құру және берілуі мүмкін қаржы және материалдық көмектің пайдаланылуын қадағалау мақсатында бұл елдерге Американың азаматтық және әскери қызметкерлерінің жіберілуіне рұқсат беруді сұраймын. Мен, сондай-ақ бұл үшін таңдап алынған Түрік және Грек қызметкерлеріне нұсқау берілуі мен олардың оқытылуына рұқсат беруді ұсынамын.

Хрестоматия по новейшей истории. Т. 3. Ч. 1. С. 59—60.

8. СОЛТҮСТІК АТЛАНТИКАЛЫҚ ПАКТ

(Үзінді)

4 сәуір, 1949 жыл.

4-бап

Уағдаласушы тараптар, олардың әрқайсысының пікірінше, кез келген тараптың аумақтық тұтастығына, саяси тәуелсіздігіне немесе қауіпсіздігіне қатер төнетін болса, өзара кеңесе алады.

5-бап

Уағдаласушы тараптар өздерінің біреуіне немесе бірнешеуіне, Еуропада немесе Солтүстік Америкада жасалған қарулы шабуыл олардың бөріне қарсы жасалған шабуыл деп саналатынына келіседі; және, осының нәтижесі ретінде, олар сондай шабуылға ұшыраған тарапқа немесе тараптарға Атлант мұхитының солтүстік бөлігіндегі аудан қауіпсіздігін қалпына келтіру мен қолдау үшін өзі қажет деп санайтын іс-қимылдарды, соның ішінде қарулы күштерді жеке-дара және басқа тараптармен келісім бойынша дереу қолдану жолымен көмектесетін болады...

6-бап

Бір немесе бірнеше уағдаласушы тараптарға 5-бапта айтылған қарулы шабуылға Еуропада немесе Солтүстік

Америкада кез келген тараптың аумағына, Францияның Алжирдегі департаменттеріне, Еуропада кез келген уағдаласушы тараптың басқыншылық әскерлеріне, Атлант мұхитының солтүстік бөлігіндегі ауданда — Рака тропигінің солтүстік жағында уағдаласушы кез келген тараптың қарауындағы аралдарға немесе уағдаласушы кез келген тараптың осы аудандағы кемелеріне, немесе ұшақтарға жасалатын шабуылдар жатады.

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1974 гг.).
Пособие для учителей. М., 1976. Ч. 2. С. 245.

9. ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ЗАҢНАН ҮЗІНДІ

(*Маршалл жоспары*)

Вашингтон. 3 сәуір, 1948 жыл.

104-бөлім. Осымен үкімет агенттігі тағайындалады, ол «Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі әкімшілік» немесе «Әкімшілік» деп аталатын болады. Әкімшіліктің бас кеңсесі Колумбия округінде болады. Әкімшілікті экономикалық ынтымақтастық жөніндегі әкімшілік басқаратын болады, ол бұдан әрі, қысқартып алу үшін, әкімші деп аталады. Әкімшіні сенаттың кеңесі бойынша және келісімімен президент тағайындайды. <...>

Әкімші мен мемлекеттік хатшы өз іс-қимылдары, соның ішінде әрқайсысының сипаты басқа тарап қызметінің саласына қатысты болатын жорамалды іс-қимылдары туралы бірін-бірі үнемі және толық хабардар етіп отырады.

Егер мемлекеттік хатшы әкімші тарапынан белгілі бір іс-әрекет, жорамалды іс-әрекет немесе іс-әрекеттен бас тарту Құрама Штаттардың сыртқы саясаттардың мақсаттарына қайшы деген қорытындыға келетін болса, ол өзінің көзқарасы туралы әкімшіге хабарлауға тиіс және олар бірлесіп талқылағаннан кейін алауыздықтар жойылмайтын болса, мәселе түпкілікті шешу үшін президентке тапсырылады. <...>

Хрестоматия по новейшей истории / Под ред.
Б.Г.Гафурова и др. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 408-409.

10. В.БРАНДТТЫҢ БАТЫС БЕРЛИН ҚОРШАУЫ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕРІНЕН

(1948 жылғы 24 маусым—1949 жылғы 12 мамыр)

Батыс сектордан өтетін жерлер қоршауға алынған. Шығыс аумақтан тартылған электр желілері қиылған. Шығыстан Берлиннің «бүлікшіл» батыс секторына жеткізілімдердің бәрі тоқтатылған. Қорғансыз халық өздері сайлаған өкілдерді тізе бүгуге, ол батыс державаларын— өз әскерлерін Берлиннен әкетуге мәжбүр еткенге дейін нан да, көмір де, сүт те, электр қуатын да алмайды.

Брандт В. Воспоминания // Вопросы истории.
1991. №1. С. 97-98.

11. И.В.СТАЛИННИҢ БЕРЛИН ҚОРШАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АЙҚЫНДАМАСЫ

(*Бұрынғы Сыртқы істер министрі А. А. Громыконың естеліктері бойынша*)

Сталинмен кез келген тайталас салондық шай ішуге тіпті де ұқсамайтын. Сталиннің дипломатиялық мақсаттарына жету үшін қандай болсын қысымды қолдануға өзірлік деңгейін маған Андрей Громыко 1989 жылы өз еркімен қызметінен кеткеннен кейін, онымен әңгімелескен кезімде түсіндірген еді. Мен одан жойқын соғыстан кейін көп кешікпей және Американың ядролық монополиясы алдында Берлинді қоршауға алуды Кеңес Одағының неліктен тәуекел еткенін сұрадым. Отставкада әжептәуір болған Громыко бұл жөнінде Сталинге бірқатар кеңесшілерінің айтқанын, бірақ ол *біріншіден*, Құрама Штаттар, оның айтуынша, Берлинге байланысты ядролық қаруды ешқашан қолданбайтыны; *екіншіден*, егер Құрама Штаттар Берлинге айдауылды автожолмен өткізуге әрекет жасайтын болса, оларға Қызыл әскер қарсылық көрсететіні және де, егер Құрама Штаттар бүкіл майдан бойында шабуыл жасайтын болса, Сталин түпкілікті шешім қабылдауды өзінде қалдыратыны жөніндегі үш алғышартты басшылыққа ала отырып, олардың келісімін қабыл алмағанын айтты. Егер іс осы нүктеге жеткен болса, ол реттеуге барған болар еді.

Киссинджер Г. Дипломатия. М., 1997. С. 392.

12. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗАРА КӨМЕК КЕҢЕСІНІҢ ЖАРҒЫСЫНАН

Мәскеу. 13 сәуір, 1960 жыл.

1-бап. Мақсаттар мен принциптер

1. Экономикалық өзара көмек Кеңесі Кеңеске мүше елдердің күш-жігерін біріктіру және үйлестіру жолымен сол елдерде халық шаруашылығының жоспарлы дамуына, экономикалық және техникалық прогрестің жеделдетілуіне, өнеркәсібі дамыған елдерді индустрияландыру деңгейін арттыруға және Кеңеске мүше елдер халықтарының еңбек өнімділігінің үздіксіз артуына және әл-ауқатының ұдайы өсуіне жәрдемдесу мақсатын көздейді.

2. Экономикалық өзара көмек Кеңесі Кеңеске мүше барлық елдердің егемендігіне негізделген.

Кеңеске мүше елдердің экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастығы толық тең құқықтық, егемендік пен ұлттық мүдделерді құрметтеу, өзара пайдалану және жолдастық өзара көмек принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады. <...>

4-бап. Ұсыныстар мен шешімдер

<...> 2. Кеңестің барлық ұсыныстары мен шешімдері тек Кеңеске мүше мүдделі елдердің келісімімен ғана қабылданады, әрбір ел Кеңесте қаралатын кез келген мәселеде өз мүдделілігі туралы мәлімдеуге құқылы. Ұсыныстар мен шешімдер бұл мәселеге мүдделі емес екенін мәлімдеген елдерге қатысты болмайды. Алайда сол елдердің әрқайсысы Кеңеске мүше болған елдер қабылдаған ұсыныстар мен шешімдерге кейін қосыла алады.

5-бап. Органдар

1. Экономикалық өзара көмек Кеңесінде мынадай негізгі органдар бар: Кеңес сессиясы, Атқару Комитеті, тұрақты комиссиялары, Хатшылық. <...>

Многостороннее экономическое сотрудничество
социалистических государств. М., 1972. С. 122—128.

13. АХР, БХР, ВХР, ГДР, ПХР, РХР, КСРО, ЧСР
АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
ЖӘНЕ ӨЗАРА КӨМЕК ТУРАЛЫ ШАРТТАН

(Варшава шарты)

Варшава. 14 мамыр, 1955 жыл.

Уағдаласушы тараптар, Еуропадағы ұжымдық қауіпсіздіктің барлық Еуропалық мемлекеттердің қоғамдық және мемлекеттік құрылысына қарамастан, олардың күш-жігерлерін Еуропада бейбітшілікті қамтамасыз ету мүдделерінде біріктіруге мүмкіндік беретіндей негізделген жүйе жасауға өз ұмтылысын тағы да қуаттай отырып, сонымен бірге ремилитарландырылатын Батыс Германия және Солтүстік Атлантикалық блок қосылатын жаңа соғыс қаупін күшейтетін және бейбітшіл мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін «батысеуропалық» одақ түріндегі жаңа әскери топ құрылуын көздейтін Париж келісімдерін бекіту нәтижесінде Еуропада қалыптасқан жағдайды ескере отырып, мұндай жағдайларда Еуропадағы бейбітшіл мемлекеттер өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және Еуропада бейбітшілік сақтау мүдделерінде БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен принциптерін басшылыққа ала отырып мемлекеттердің тәуелсіздігі мен егемендігін құрметтеу, сондай-ақ олардың ішкі істеріне араласпау принциптеріне сәйкес достықты, ынтымақтастықты және өзара көмекті одан әрі нығайту мен дамыту мүдделерінде достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы осы шартты жасауға ұйғарды. <...>

1-бап. Уағдаласушы тараптар БҰҰ Жарғысына сәйкес өздерінің халықаралық қатынастарында күшпен немесе оны қолданамыз деп қоқан-лоқы жасаудан тартынуға және өздерінің халықаралық дауларын халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатер төндірмейтіндей етіп бейбіт шешуге міндеттенеді. <...>

3-бап. Уағдаласушы тараптар өздерінің ортақ мүдделеріне қатысты барлық маңызды халықаралық мәселелер бойынша халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту мүдделерін басшылыққа ала отырып өзара кеңесетін болады. Олар өздерінің ойынша шартқа қатысушы — бір немесе бірнеше мемлекетке қарулы шабуыл қатері төнетін әр уақытта бірлескен қорғанысты қамтамасыз ету

және бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мүдделерінде дереу өзара кеңесетін болады.

4-бап. Еуропада шартқа қатысушы — бір немесе бірнеше мемлекетке әлдебір мемлекет немесе мемлекеттер тобы тарапынан қарулы шабуыл жасалған жағдайда шартқа қатысушы әрбір мемлекет БҰҰ Жарғысының 5-бабына сәйкес жеке-дара немесе ұжымдық өзін-өзі қорғау құқығын жүзеге асыру ретімен ондай шабуылға тап болған мемлекетке немесе мемлекеттерге жеке-дара және шартқа қатысушы басқа мемлекеттермен келісім бойынша өзі қажет деп санайтын барлық құралдармен, соның ішінде қарулы күш қолданумен дереу көмек көрсетеді. Шартқа қатысушы мемлекеттер халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қалпына келтіру мен сақтау мақсаттарында қолданылуы қажетті бірлескен шараларға қатысты дереу кеңеседі.

Осы бап негізінде қолданылатын шаралар туралы БҰҰ Жарғысының Ережелеріне сәйкес Қауіпсіздік Кеңесіне хабарланады. Бұл шаралар Қауіпсіздік Кеңесі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қалпына келтіру мен сақтау үшін қажетті барлық шараларды қолданған кезде дереу тоқтатылады.

11-бап. Осы шарт жиырма жыл бойы күшінде болады...

Еуропада ұжымдық қауіпсіздік жүйесі құрылған және осы мақсатпен уағдаласушы тараптар ұдайы ұмтылатын ұжымдық қауіпсіздік туралы жалпыеуропалық шарт жасалған жағдайда осы шарт жалпыеуропалық шарт іске қосылған күннен бастап күшін жояды. <...>

Организация Варшавского Договора.
Документы и материалы. 1955—1985 гг.
М., 1986. С. 9—13.

14. АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ МАЗМҮНДАМАСЫ (Бандунг конференциясынан)

(Үзінді)

Сәуір, 1955 жыл.

А. Экономикалық ынтымақтастық

...Конференцияға қатысушылар өзара мүдде және ұлттық егемендікті құрметтеу негізіндегі экономикалық ынтымақтастыққа ортақ ұмтылысын білдірді...

2. Қатысушы елдер бір-біріне мүмкін болатын шектерде техникалық көмек көрсетуге келіседі...

3. Азия және Африка елдерінің конференциясы: таяу уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымының экономикалық дамуға арналған арнаулы қорын құруды; халықаралық қайта құру мен даму банкі өз ресурстарының көп бөлігін Азия және Африка елдеріне беруін ұсынады. <...>

5. Конференция... оған қатысушы елдердің шикізатқа деген халықаралық баға мен сұранысты екіжақты және көпжақты келісімдер көмегімен тұрақтандыру үшін іс-қимылдар жасауын ұсынады.

6. Конференция ... одан әрі:

Азия және Африка елдерінің өз шикізатын, экономикалық тұрғыдан мүмкін болған кезде, оны экспорттаудан бұрын өндей отырып, өзінің экспорттық саудасын түрлендіруін ұсынады. <...>

В. Мәдени ынтымақтастық

1. Конференция... елдер арасындағы өзара түсіністікке жәрдемдесудің ең күшті құралдарының бірі — мәдени ынтымақтастықты дамыту екеніне сенеді. Азия мен Африка өз баюының барысында басқа мәдениеттер мен өркениеттерді байытқан ұлы діндер мен өркениеттердің бесігі болып табылады...

Азия және Африка халықтары қазір өздерінің ескі байланыстарын жаңғыртуға және қазіргі дүниедегі жағдайларды ескере отырып жаңа байланыстар орнатуға деген күшті және шын ықыласты ниетпен жігерленуде...

С. Адам құқықтары және өзін-өзі билеу

1. Конференция ... адам құқықтарының Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында баяндалған негізгі принциптерін толық қолдайтынын мәлімдейді, барлық халықтар мен ұлттар үшін ортақ үлгі ретіндегі Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын өз назарында ұстайды.

Конференция халықтар мен ұлттардың өзін-өзі билеуінің Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысында баяндалған принципін толық қолдайтынын мәлімдейді....

2. Конференция ... Африканың үлкен аудандарында дүниежүзінің басқа бөлігінде үкіметтер қарым-қатынастары мен адамдар арасындағы қарым-қатынастардың негізі

болып отырған нәсілдік бөлектеу мен кемсіту саясаты мен практикасын айыптайды. Мұндай төртіп адам құқығын өрескел түрде бұзу ғана емес, сондай-ақ өркениет пен адам қадір-қасиетінің негізгі құндылықтарын теріске шығару болып табылады. <...>

Ғ. Жалпыға бірдей бейбітшілік пен ынтымақтастыққа жәрдемдесу

...Конференция адамзат пен өркениетті үрейден және болашақта толық құрып кетуден құтқару үшін қарусыздану, ядролық және термоядролық қаруды жасап шығаруға, оларды сынауға және қолдануға тыйым салу қажет деп санайды...

...Ядролық және термоядролық қару жасап шығарылуына тыйым салынғанға дейін конференция барлық державаларды ондай қаруды сынауды уақытша тоқтату жөнінде келісімге келуге шақырады.

Г. Жалпыға бірдей бейбітшілік пен ынтымақтастыққа жәрдемдесу туралы Декларация

...Елдер төзімділік көрсетуге және бір-бірімен жақсы көршілер секілді, тату тұруға, төмендегі принциптер негізінде достық пен ынтымақтастықты дамытуға тиіс:

1. Адамның негізгі құқықтарының, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптерін құрметтеу.

2. Барлық елдердің егемендігін және аумағының тұтастығын құрметтеу.

3. Барлық нәсілдердің теңдігін және үлкенді-кішілі барлық ұлттардың теңдігін мойындау.

4. Интервенциядан және басқа елдің ішкі істеріне араласудан тартыну.

5. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес әрбір елдің жекелей немесе ұжымдық қорғану құқығын құрметтеу...

Правда, 26 сәуір, 1955 ж.
Хрестоматия по новейшей истории (1945—1974).
М., 1976. Ч. 2. С. 240—241

15. БЕЙБІТШІЛІКТІ ЖАҚТАУШЫЛАРДЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КОНГРЕСІНІҢ МАНИФЕСІ

25 сәуір, 1949 жыл.

Біз, дүниежүзіндегі 72 елден жиналған халықтар өкілдері; біз, түрлі өркениеттегі, діндердегі, сенімдердегі, өңі әртүрлі әйелдер мен еркектер;

Біз дүниежүзіне қайтадан төнген сұмдық қауіпті: *соғыс қаупін* түйсіндік.

Дүниежүзілік қайғы-қасіреттен кейін төрт жыл өтті, ал халықтар зиянды жанталаса қарулануға қайтадан киліктірілді.

Адамзат бақытын қамтамасыз етуге тиісті ғылым өз мақсатынан бұрып әкетіліп, соғыс мақсаттарына қызмет етуге күштеп мәжбүрленуде.

Дүниежүзінің түрлі шет аймақтарында мемлекеттердің араласуынан және олардың қарулы күштерінің тікелей әрекеттерінен тұтанған және сақталып отырған соғыс ошақтары тағы да лаулауда.

Бейбітшілікті жақтаушылардың осы Дүниежүзілік конгресіне жиналған біз көзқарас бостандығын сақтағанымызды және соғыс насихаты біздің ақыл-ойымызды ешбір көмескілемегенін жария ете мәлімдейміз...

Атом бомбасы қорғаныс қаруы емес.

Біз, мемлекеттердің бір блогын басқасына қарама-қарсы қойғысы келетіндердің сойылын соғудан бас тартамыз.

Біз, өзінің апаттылығын дәлелдеген әскери одақтар саясатына қарсымыз.

Үнемі қарулы қақтығыстар туғызатын және жаңа дүниежүзілік соғыс басталуында шешуші рөл атқаруды көздейтін отарлық жүйені айыптаймыз.

Біз, Батыс Германия мен Жапонияның қайта қарулануын әшкерелейміз.

...Бейбітшілікті жақтаушылардың Дүниежүзілік конгресі халықтардың енжарлықты қойғанын және белсенді де жасампаз рөл атқаруды көздейтінін жар сала мәлімдейді.

Бейбітшілікті жақтаушылардың Дүниежүзілік конгресіне өкілдері қатысып отырған осы халықтар мынаны жария етеді:

Біз, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын жақтаймыз және осы Жарғыға тосқауыл қойып, соғысқа апаратын барлық әскери одақтарға қарсымыз.

Біз, халықтарды қайыршылыққа душар ететін әскери шығындардың ауыртпалығына қарсымыз.

Біз, атом қаруына және адамдарды жаппай қырып-жоятын басқа да барлық қаруларға тыйым салынуын жақтаймыз, біз ұлы державалардың қарулы күштерінің шектелуін және оларға пәрменді халықаралық бақылау орнатуды талап етеміз...

Біз, барлық халықтардың ұлттық тәуелсіздігі мен бейбіт ынтымақтастығы жолында күресеміз. <...>

Біз, халықтар арасындағы нәсілдік өшпенділік пен араздық туғызатын әскери желікті айыптаймыз. Біз жаңа соғысты насихаттайтын баспасөз органдарының, әдеби шығармалар мен кинофильмдердің, адамдар мен ұйымдардың айыпталуын құптаймыз...

Алдағы уақытта қырағылықты сақтауға ұмтыла отырып, біз, жалпыға бірдей бейбітшілікті қорғау мақсатында мәдениет қайраткерлері мен демократиялық ұйымдардың халықаралық Комитетін құрамыз...

Дүниежүзіне үміт әкелетін әйелдер, аналар олардың балаларының өмірін және ошақтарының қауіпсіздігін қорғауды өзіміздің қасиетті борышымыз деп санайтынымызды білетін болсын. Бізді жастар естісін, олар болашаққа апаратын жарық жолды жаппай кісі өлтіруге ұласып, қапаландырмас үшін саяси нанымдары мен діни сенімдерінің айырмашылығына қарамастан топтасатын болсын. <...>

Бейбітшілікті жақтаушылардың Дүниежүзілік конгресі осында өкілдері қатысып отырған 600 миллион әйелдер мен еркектердің атынан Жер шарындағы барлық халықтарға үндеу тастап, оларға былай дейді: «Батылдық және тағы да батылдық!»

Біз топтаса алдық.

Біз бір-бірімізді түсіне алдық.

Біз бейбітшілік жолындағы — өмір жолындағы күресте жеңіске жетуге әзір екенімізді және соған бел буып отырғанымызды білдіреміз.

Первый Всемирный конгресс сторонников мира.
Париж — Прага. 20—25 апреля 1949 г.
(материалы.) М., 1950. С. 489—491.

16. КЕҢЕС-АМЕРИКАН КЕЛІССӨЗДЕРІНІҢ ҚҰЖАТТАРЫ
(1972—1974 жж.)

*Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен Америка
Құрама Штаттары арасындағы өзара қарым-қатынасы
негіздері*

(Үзінді)

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен Америка Құрама Штаттары, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы бойынша өзіне алған міндеттемелерді және өзара бейбіт қатынастарды нығайту және оларға неғұрлым берік негіз қалау ұмтылысын басшылыққа ала отырып, соғыс қатеріне жол бермеу үшін және дүниежүзінде шиеленістің бәсеңдетілуіне, жалпыға бірдей қауіпсіздіктің нығайтылуына және халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесетін жағдайлар жасау үшін барлық күш-жігерді жұмсау қажет екенін түсіне отырып, кеңес-американ қатынастарының жақсаруы және олардың өзара тиімді, соның ішінде экономикалық, ғылым мен мәдениет саласында дамуы осы мақсаттарға сай келеді және өзара түсіністік пен іскерлік ынтымақтастыққа үшінші елдердің мүдделерін ешбір бұзбастан сай келеді деп санап отырып, осы мақсаттар екі ел халықтарының мүдделерін білдіретінін түсіне отырып, мынаған келісті:

Б і р і н ш і. Олар ядролық ғасырда өздерінің арасындағы қатынастарды сақтау үшін бейбіт қатар өмір сүруден басқа негіз жоқ екені жөніндегі ортақ сенімді басшылыққа алады. КСРО мен АҚШ идеологиясындағы және әлеуметтік жүйелеріндегі айырмашылықтар олардың арасында егемендік, теңдік, ішкі істерге араласпау және өзара тиімділік принциптеріне негізделген қалыпты қатынастарды дамыту үшін бөгет болып табылмайды.

Е к і н ш і. КСРО мен АҚШ өздерінің арасындағы қатынастардың қауіпті түрде шиеленісуіне әкеліп соғуы мүмкін жағдайлардың пайда болуына жол берілмеуіне зор мән беріп отыр. Осыны негізге ала отырып, олар әскери жанжалдардан аулақ болу мен ядролық соғыстың пайда болуына жол бермеу үшін мүмкін болған нәрсенің бәрін істейді. Олар өздерінің өзара қатынастарында әрқашан ұстамдылық көрсетеді және алауыздықтарды бейбіт құралдармен реттейді...

Екі тарап біржақты артықшылықтарды басқа тарап есебінен алудың тікелей немесе жанама әрекеттері осы мақсаттармен сыйыспайтынын мойындайды. КСРО мен АҚШ арасында бейбітшілік қатынастарын сақтау мен нығайту үшін қажетті алғышарттар теңдік принципіне негізделетін тараптар қауіпсіздігінің мүдделерін тану және күш қолданудан немесе оны қолданамыз деп қоқан-лоқы жасаудан бас тарту. <...>

О н б і р і н ш і. КСРО мен АҚШ дүниежүзілік істерде әлдебір ерекше құқықтарға немесе артықшылықтарға өздері де талап қоймайды және ешкімнің де талабын мойындамайды. Олар барлық мемлекеттердің егемендік теңдігін мойындайды.

Кенес-американ қатынастарының дамуы үшінші елдерге және олардың мүдделеріне қарсы бағытталмаған...

Москва, 29 мая 1972 года.

**КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫ МЕН
АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ
ЗЫМЫРАНҒА ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫС ЖҮЙЕЛЕРІН ШЕКТЕУ
ТУРАЛЫ ШАРТ**

(*Үзінді*)

I бап

1. Әрбір тарап зымыранға қарсы қорғаныс жүйесін (ЗҚҚ) шектеуге және осы шарт ережелеріне сәйкес басқа да шаралар қолдануға міндеттенеді.

2. Әрбір тарап өз елінің аумағында ЗҚҚ жүйесін өрістетпеуге және қорғаныс жүйесіне негіз жасамауға, сондай-ақ, осы Шартта* көзделгендегіден басқа ауданда ЗҚҚ жүйесін өрістетпеуге міндеттенді <...>

V бап

1. Әрбір тарап теңізде, аспанда, ғарышта немесе жер бетінде онтайлы орналастыратын ЗҚҚ жүйелері, немесе оның қосалқы бөліктерін жасамауға, сынамауға және өрістетпеуге міндеттенеді. <...>

*Зымыранға қарсы қорғаныс туралы шарт екі елге әрбір елдің аумағында ЗҚҚ-ның кең тармақты кешендерін жасаудан бас тарту туралы міндеттеме жүктеді. (Қараңдар: *Матвеев В. А.* В интересах всего человечества. СССР—США: поворот от конфронтации к разрядке и деловому сотрудничеству. М., 1974. С. 81).

VIII бап

Осы Шартта белгіленген көлемнен басқа немесе аудандардан тыс ЗҚҚ жүйелері, немесе олардың қосалқы бөліктері, сондай-ақ осы Шартта тыйым салынған ЗҚҚ жүйелері немесе олардың қосалқы бөліктері жойылуға, не келісілген тәртіпке сәйкес бөлшектелуге тиіс...

IX бап

Осы Шарттың өміршеңдігі мен тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында әрбір тарап осы Шартта шектелген ЗҚҚ жүйелерін немесе олардың қосалқы бөліктерін басқа мемлекеттерге бермеуге және өзінің ұлттық аумағынан тыс орналастырмауға міндеттенеді. <...>

XV бап

1. Осы Шарт мерзімсіз.
2. Әрбір тарап өзінің мемлекеттік егемендігін жүзеге асыру барысында осы Шарттан шығуға құқылы...

26 мая 1972 года.

**КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫ МЕН
АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШАБУЫЛ ҚАРУЫН ШЕКТЕУ
САЛАСЫНДАҒЫ КЕЙБІР ШАРАЛАР ТУРАЛЫ УАҚЫТША
КЕЛІСІМ
(Үзінді)**

I бап

Екі тарап 1972 жылдың 1 шілдесінен бастап жер үстінде орналастыратын континентаралық баллистикалық зымырандардың (КБЗ) қосымша тұрақты ұшыру қондырғыларының құрылысын бастамауға міндеттенеді. <...>

VII бап

Екі тарап стратегиялық шабуыл қаруларын шектеу туралы белсенді келіссөздерді одан әрі жалғастыруға міндеттенеді. Осы Уақытша келісімде көзделген міндеттемелерде стратегиялық шабуыл қаруларының кейінгі келіссөздер барысында белгіленуі мүмкін көлемі немесе шарттары көрсетілмеген...

26 мая 1972 года.

Советская программа мира в действии.
Об итогах советско-американских переговоров.
М., 1972. С.16—27.

КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫ МЕН АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ЯДРОЛЫҚ СОҒЫСҚА ЖОЛ БЕРМЕУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Келісімге Л.И.Брежневтің Америка Құрама Штаттарына 1973 жылғы маусымдағы сапары кезінде қол қойылған. Бірлескен кеңес-американ мазмұндамасында атап көрсетілгендей, Келісім кеңес-американ қатынастарындағы тарихи шеп болып табылады және жалпы халықаралық қауіпсіздік негізін елеулі түрде нығайтады.

I бап

Кеңес Одағы мен Құрама Штаттар өз саясатының мақсаты — ядролық соғыстың және ядролық қару қолданудың қаупін жою екеніне келіседі.

Осыған сәйкес тараптар өз қарым-қатынастарының қауіпті түрде шиеленісуіне әкеліп соғуы мүмкін жағдайлардың пайда болуына жол бермейтіндей, әскери жанжалдардан аулақ болатындай және әр тарап пен басқа елдер арасында ядролық соғыстың пайда болуына жол бермейтіндей іс-қимыл жасауға келіседі.

II бап

Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатер төнген жағдайларда әрбір тарап күш қолданудан немесе басқа тараптарға қарсы, басқа тараптың одақтарына қарсы және басқа елдерге қарсы оны қолданамыз деп қоқан-лоқы жасаудан тартынуды басшылыққа алуға келіседі. Тараптар өзінің сыртқы саясатын қалыптастыру кезінде және халықаралық қатынастар жөніндегі өз іс-әрекетінде осы мақсаттарды басшылыққа алуға келіседі.

III бап

Тараптар бір-бірімен және басқа елдермен қатынастарын осы келісім мақсаттарына сәйкес келетіндей етіп дамытуға міндеттенеді.

IV бап

Егер әлдебір сәтте тараптар арасында немесе әрбір тарап пен басқа елдер арасындағы қатынастар ядролық жанжал қатерін туындататындай болып көрінсе, немесе осы келісімге қатыспайтын елдер арасындағы қатынастар КСРО мен АҚШ арасындағы, немесе әрбір тарап пен басқа елдер арасындағы ядролық соғыс қатерін туындататындай болып көрінсе, Кеңес Одағы мен Құрама Штаттар осы келісім ережелеріне сәйкес іс-қимыл жасай отырып, бір-бірімен шұғыл кеңесуге дереу кіріседі және сол қатерге жол бермеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

Правда, 23 июня 1973 года.

17. «СЕГІЗДІК ТОБЫНЫҢ» ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ТҰРАҚТАНДЫРУ МЕН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ БОЛАШАҚ ӘРЕКЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫНАН

Санкт-Петербург, 2006 ж.

1. Жылдам өзгеріп жатқан халықаралық жағдай мен жаңа қарсы шығулар мен қауіп төндірулер эволюциясы халықаралық қауымдастық тарапынан неғұрлым жылдам және икемді әрекет етуді талап етеді. Халықаралық қауымдастық оларға тұрақтану мен қалпына келтіруде тиімді көмек бере отырып, жанжалдан тұрақты бейбітшілікке өту сатысында тұрған қауқарсыз мемлекеттер мен халықтарға қолдау көрсетуге дайын болуы тиіс.

БҰҰ бейбітшілікті қолдау, тұрақтандыру мен қалпына келтірудегі халықаралық операцияларға қатысушылардың бірі болып табылады. БҰҰ жанжалдардан шыққан елдерге тұрақты, үйлестірілген және мақсатты бағытталған қолдауды кең көлемде көрсететін бейбітшілік құрылысы жөнінде жаңа Комиссия құрды. Сондай-ақ БҰҰ бейбітшілік құрылысын қолдау жөніндегі Басқарма мен бейбітшілік құрылысы үшін Тұрақты қор құру үдерісінде тұр және қазіргі кезде өзінің ұйымдық құрылымын пайдалану тиімділігін арттыру үшін өзінің миссияларды кешенді жоспарлау үдерісін қайта қарастыруда. «Сегіздік тобы» мүшелері әріптестігінің тиісті деңгейі болған кезде бұл бейбіт халықты қорғауды жақсартуға және тұрақтандыру мен қайта қалпына келтірудің анағұрлым үйлестірілген, стратегиялық халықаралық тәсіліне әкеп соғуы тиіс. Соңғы жылдары көпжақты және аймақтық ұйымдар мен мемлекеттер өздерінің елеулі ресурстарын тұрақтандыру мен қалпына келтірудің жаңа құралдарын әзірлеу мақсатында бірлесіп жоспарлауға қолдау жасау үшін қорғаныстық, дипломатиялық және даму әлеуеттерін кіріктіру жолымен неғұрлым тиімді пайдалануға әрекеттенуде.

2. ...«Сегіздік» елдерінің басшылары БҰҰ-ның мүмкіндіктерін күшейтетін және ұлттық, аймақтық деңгейде қосымша мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін, тұрақтандыру мен қалпына келтіруге неғұрлым дәйекті жаһандық тәсіл тағайындау қажеттігін мойындайды. «Сегіздік мемлекеттерінің басшылары ұжымдық түрде өзара және олардың негізгі сыртқы әріптестерімен «сегіздік» ішінде, сондай-ақ «сегіздік» шеңберінен тыс қолданылатын бастамаларды

байланыстыратын және оларды толықтыратын, жанжалдарды болдырмайтын, тұрақтандыру мен қалпына келтірудің келісілген тәсілін қалыптастыруға міндеттенеді, мынадай шараларды жүзеге асыру жөнінде міндеттеме қабылдайды...

...Қақтығыстарды болғызбау: тәуекелге ұшыраған елдердегі жағдаятты біздің қалай бағалайтынымыз туралы ақпаратты тұрақты алмастыру; тәуекелдерге ұшыраған мемлекеттерді анықтауға көмектесу және оларға жеткілікті дәрежеде көңіл бөлу. Сондай-ақ бірлесіп орайласқан әрекет ету саласындағы ынтымақтастықты арттыру үшін қолданыстағы құрылымдар мен тетіктерді назарға ала отырып, қақтығысты бағалаудың ортақ құралдарын әзірлеу жөніндегі жұмыс; «сегіздік» елдері БҰҰ-мен құралдар және әдіснамалардың бірлесуін қамтамасыз ету үшін кеңестер өткізулері тиіс.

Қақтығыстарды бағалаудың бұл құралдарын «сегіздік» сарапшылары бірінші кезекте БҰҰ-мен тығыз өзара әрекеттестікте әзірлеуі тиіс.

Үйлестіру: Ұйымдарда халықаралық қауымдастық тарапынан орайлас әрекет етуді үйлестіруді қамтамасыз ету үшін қарым-қатынас пункттерін немесе ұлттық қарым-қатынастық пункттерді белгілеу. Ұлттық қарым-қатынас пункттері дағдарыс сатысынан шыққан мемлекеттерде ұлттық және көпжақты күш-жігерлерін үздік үйлестіру үшін БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғаларымен, сондай-ақ «сегіздікпен» және аймақтық ұйымдардың басқа да әріптестерімен тығыз қатынаста жұмыс істеулері тиіс...

Әлеуеттер мен кемшіліктер туралы хабардар болу: ұйымдар мен үкіметтердің әлеуеттерін тұрақты талқылау бізге жою қажет болатын кемшіліктерді, сондай-ақ белгілі бір үкіметтердің немесе ұйымдардың қарамағындағы әлеуеттерді алдын ала анықтауда, оларды пайдаланудың кезектілігін белгілеуде; дағдарыстың даму дәрежесіне қарай сұхбатқа барлық мүдделі тараптардың қатысуын және олардың төтенше жоспарлаудағы тиімді ынтымақтастығын қамтамасыз ететін тетікшелерді қалыптастыруда көмек беруі мүмкін;

Ресурстарды алдын ала бөлу:

Дағдарыстарға жылдам, тиімді қарсы әрекет жасаудағы БҰҰ-на жәрдемдесу мақсатында «сегіздік» елдері бейбіт-

шілік сақтау операциясы немесе бейбітшілікті қолдау операциясын өрістету үшін, оның қалай жұмыс істеп жатқанына қарай ресурстарды алдын ала бөлуді қамтамасыз ету мақсатымен Біріккен Ұлттар Ұйымында реформаларды жүзеге асыруға міндеттеме алады.

Аймақтық ұйымдарды нығайту: қақтығыстарды болғызбау жөніндегі әлеуетті дамытуды және оларға Африкада, Азия мен Латын Америкасында әрекет ететін аймақтық күштердің тарапынан болатын орайлас әрекеттерді қолдау міндеттемесі. «Сегіздік» мүшелері бұл мәселеде аймақтық ұйымдар арасындағы, сондай-ақ БҰҰ-мен өзара әрекеттестіктің маңызды мәнін атап көрсетеді.

18. ФРАНЦИЯ ПРЕЗИДЕНТІ Н.САРКОЗИ АМЕРИКА-РЕСЕЙ ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ

Ресей — ЕО саммитінен кейінгі Ниццада өткен баспасөз конференциясында Николя Саркози Ресей мен АҚШ-ты бір-бірін ЗҚҚ жүйелерімен және зымырандық кешендермен қорқытуды тоқтатуға шақырды. Және де америкалық қарсы зымырандар туралы мәселені НАТО-ның алдағы 2009 жылғы сәуір айында болатын саммитінде көтеруге уәде етті. Ниццадағы Саркозидің пікірін Прагадағылар ауыр қабылдады. Ол жердегілерге Саркозидің еуропалық қауіпсіздік туралы жаңа келісімге қарай жүру керектігі және «ЗҚҚ элементтерін, сондай-ақ зымырандарды өрістету туралы өңгімелерді» тоқтату жөніндегі сөзі ұнамады.

«Центральный выпуск» газеті, №4,792, 17.11.08.

19. ЕҚЫҰ-НЫҢ АСТАНА ДЕКЛАРАЦИЯСЫ: «ҚАУІПСІЗДІК ҚОҒАМДАСТЫҒЫ ЖОЛЫНДА» (қысқартылып берілген)

1. Біз, ЕБҰҰ-ға қатысушы 56 мемлекеттің мемлекет және үкімет басшылары, Стамбулдағы жоғары деңгейдегі ЕҚЫҰ-ның бұдан бұрынғы Кездесуінен кейін 11 жыл өткен соң Ванкуверден Владивостокқа дейінгі кеңістікте келісілген қағидаттарға, бірлескен міндеттемелер мен ортақ мақсаттарға негізделген еркін, демократиялық, ортақ және бөлінбес еуроатлантикалық және еуразиялық қауіпсіздік қоғамдастығын өзіміздің жақтайтындығымыз туралы тағы да мәлімдеу үшін Астанада жиналдық...

4. Осынау берік іргетасты одан әрі нығайтуды жалғастыруға табандылық таныта отырып, біз мемлекеттеріміз бен халықтарымыздың арасында қауіпсіздікті, сенім мен тату көршілікті нығайту жөніндегі өз міндеттемемізді тағы да қуаттаймыз. Осыған байланысты біз ЕҚЫҰ-ның рөлі бұрынғысынша айрықша маңызды екендігіне сенімдіміз және оны одан әрі күшейткен жөн. Біз ЕҚЫҰ-ның тиімділігі мен ықпалдылығын арттыру жұмысын жалғастыратын боламыз...

7. Сенімсіздікті және қауіпсіздік туралы түсініктердегі қайшылықтарды еңсеру қажет. Әскери-саяси, экономикалық-экологиялық және адами өлшемдер саласындағы біздің міндеттемелеріміз толық көлемде орындалуы тиіс. Адам құқығына, негізгі еркіндіктерге, демократия мен заң үстемдігіне кепілдік берілуі және құрметі арттырылуы қажет. Діни және наным еркіндігін орнықтыру жөніндегі төзімсіздікпен, және кемсітушілікпен күрес жөніндегі күш-жігерді өсіре түскен жөн. Экономикалық-экологиялық сынақтардың біздің өңірдің қауіпсіздігіне ықпал етуіне байланысты проблемаларды шешуде өзара тиімді ынтымақтастық одан әрі дами түсуі қажет. Энергетикалық қауіпсіздік проблемалары бойынша, соның ішінде біздің ынтымақтастығымыздың келісілген қағидаттары туралы үнқатысуымызды жандандыру керек. ЕҚЫҰ өңірінде бар қақтығыстарды бейбіт құралдармен реттеу, келіссөздер жолымен, келісілген форматтар аясында Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында, сондай-ақ Хельсинки Қорытынды актісінде бекітілген халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаттарын толық құрметтеу жағдайында реттеу мақсатындағы күш-жігерді өсіре түсу керек. Жаңа дағдарыстардың пайда болуына жол беруге болмайды. Біз қандай да бір тұрғыда Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттарымен және қағидаттарымен немесе Хельсинки Қорытынды актісінің 10 қағидатымен сыйыспайтын күш қолдану немесе күш қолдану қоқан-лоқысынан бас тартуға міндеттенеміз.

8. Қарапайым қару-жарақты бақылау режимдері мен сенім мен қауіпсіздікті нығайту әскери саладағы тұрақтылықты, болжамдылықты және ашықтықты қамтамасыз етудің негізгі құралдары болып қалуда, оларды жаңарту және жаңғырту, оларға жаңа тыныс беру қажет...

9. ... Сонымен қатар қазіргі күрделі де өзара байланысты әлемде пайда болып жатқан лаңкестік, ұйымдасқан қылмыс, жасырын көші-қон, жаппай қырып-жою қаруының таралуы, кибер-қатерлер, сондай-ақ жеңіл және ату қаруларының заңсыз айналымы, есірткілер мен адам саудасы секілді трансұлттық қатерлерге қарсы тұрудағы мақсаттар мен іс-қимыл бірлігіне көбірек қол жеткізуге тиіспіз...

11. ...ЕҚЫҰ-ның біз үшін ортақ өңіріндегі барлық кеңістікте баршаға ортақ, ынтымақтастық пен бөлінбес қауіпсіздікке негізделген қоғамдық идеяны толық мәнінде жүзеге асыру үшін табанды түрде бірлесе жұмыс істемекпіз. Бұл қауіпсіздік қоғамдастығы ХХІ ғасыр сынақтарына жауап іздеуге бағытталған болуы тиіс және барлық үш өлшемде ЕҚЫҰ аясында ортақ нормаларды, қағидаттар мен міндеттемелерді біздің толық сақтауымызға негізделуі тиіс. Ол шектеу сызықтарынан, жанжалдардан, ықпал ету салалары мен түрлі қауіпсіздік деңгейі бар аймақтардан ада бүкіл еуроатлантикалық және еуразиялық өңірдегі барлық қатысушы мемлекеттерді біріктіруі тиіс. Біз мемлекеттеріміз арасындағы және олар мүшелері болып табылатын тиісті ұйымдар мен институттар арасындағы ынтымақтастық теңдік, әріптестік және өзара іс-қимыл, кең өкілділік және ашықтық қағидаттарына құрылуы үшін жұмыс істейтін боламыз. Өзіміздің сан алуандылығымыздан күш алатын біздер ЕҚЫҰ аясында және басқа тұрпатта іс-қимыл жасай отырып әлсіремейтін табандылықтың және бірлескен күш-жігердің арқасында осынау өзекті мақсатқа қол жеткізу ниетіне берікпіз.

«Егемен Қазақстан». 15 желтоқсан, 2010 жыл.

**20. БЕЛАРУСЬ РЕСПУБЛИКАСЫ, ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ БІРЫҢҒАЙ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢІСТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТУРАЛЫ
ДЕКЛАРАЦИЯ**

2010 ж., 9 желтоқсан

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Президенттері 2010 жылғы 9 желтоқсанда ЕурАзӘҚ мемлекетаралық Кеңесінің (Кедендік одақтың Жоғары органы) мәжілісінде Еуразиялық экономикалық қауымдастық шеңберінде Бірыңғай экономикалық

кеңістіктің шарттық-құқықтық базасының құрылғанын мәлімдейді.

2009 жылғы 19 желтоқсанда бекітілген Бірыңғай экономикалық Кеңістік қалыптастыру жөніндегі іс-әрекеттер Жоспарына сәйкес бұл құжаттар 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді, бұл Беларусь, Қазақстан мен Ресейдің Бірыңғай экономикалық кеңістігінің толыққанды жұмыс істей бастағанын білдіретін болады.

Халықтардың еркін білдіре отырып, Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының басшылары Бірыңғай экономикалық кеңістіктің жұмыс істей бастауы неғұрлым тығыз интеграцияның дамуына, біздің елдердің әлеуметтік-экономикалық прогресін жеделдету, біздің халықтардың тұрмыстық әл-қуатын арттыру мақсатында қатысушы-мемлекеттер экономикаларының жақындасуына жаңа серпін беретінін атап өтеді.

Еуразиялық кеңістікте интеграция үдерісінің бұдан кейін де тиімді дами беретіні күмәнсіз. Қырғыз Республикасы мен Тәжікстан Республикасы біздің елдердің әлеуметтік-экономикалық интеграциясын тереңдету жолымен бірге жүру үшін таяудағы уақытта Кедендік одақ пен Бірыңғай экономикалық кеңістікке қосылады деген сенім білдіреміз.

Кедендік одақ пен Бірыңғай экономикалық кеңістік басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Кедендік одақ пен Бірыңғай экономикалық кеңістікті дамыта отырып, біз басқа елдермен, халықаралық экономикалық бірлестіктер және Еуропалық Одақпен жалпы экономикалық кеңістік құруға шығуға үйлесімді, өзара толықтырушы және өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында Еуразиялық экономикалық одақ құруға қарай жүріп келеміз.

Беларусь Республикасының Президенті

А. Лукашенко

Ресей Федерациясының Президенті

А. Медведев

Қазақстан Республикасының Президенті

Н. Назарбаев

**21. РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ МЕН АМЕРИКА ҚҰРАМА
ШТАТТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ШАБУҢДАУШЫ ҚАРУ-ЖАРАҚТАРДЫ ОДАН ӘРІ
ҚЫСҚАРТУ МЕН ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТҰРАЛЫ
ШАРТТАН**

(Үзінді)

5 ақпан, 2011 жыл

Төменде Тараптар деп аталатын Ресей Федерациясы мен Америка Құрама Штаттары

жаһандық қарсы тұрулар мен қауіп төндірулер олардың стратегиялық жақтарының барлық ауқымы бойынша өзара әрекеттестікке жаңа тәсілдерді талап етеді деп есептей отырып, осыған байланысты өзара сенім, ашықтық, болжалданушылық пен ынтымақтастыққа негізделген жаңа стратегиялық қатынастарды нығайту жолында жұмыс істей отырып, өзінің ядролық саясатын осы жаңа қатынастарға сәйкес келтіру мен ядролық қарудың рөлі мен маңызын одан әрі төмендетуге ұмтылуды қарай отырып...

Төмендегілер туралы келісті:

I-бап

1. Тараптардың әрқайсысы өздерінің стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақтарын осы Шарттың ережелеріне сәйкес қысқартады және шектейді, оған қоса осы Шартпен қоса оның Хаттамасында баяндалған басқа да міндеттемелерді орындайды.

IV-бап

11. Осы Шарттың қолданысына ұшырайтын стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақтарды Тараптардың әрқайсысы ұлттық аумағынан тыс жерлерге орналастырмайды. Осы тармақта қарастырылған міндеттемелер сүңгуір қайықтардың өтуі немесе ұшу аппараттары ұшуларына, сондай-ақ сүңгуір қайықтардың үшінші мемлекеттердің порттарына кірулеріне қатысты халықаралық құқықтың көпшілік мойындаған ұстанымдары мен нормаларына сәйкес Тараптардың құқықтарына қатысты емес.

Ауыр бомбалаушы ұшақтар ұлттық аумақ шектерінен тыс жерлерге уақытша орналаса алады...

V-бап.

1. Осы Шарттың ережелерін есепке ала отырып стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақтарды жаңарту мен алмастыру жүргізілуі мүмкін.

2. Бір Тараптың пікірі бойынша, стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақтың жаңа түрі пайда болған кезде ол мұндай стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақ туралы мәселені Екіжақты кеңесші комиссияның қарауына беру құқығына ие болады.

VIII-бап.

Тараптардың біреуі оның іс-әрекеттері түсініксіз жағдаяттарға әкеп соғу мүмкіндігін анықтаған жағдайларда, бұл Тарап осы Шарттың өміршеңдігі мен тиімділігін қамтамасыз ету және стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақтарды қысқарту мен шектеуге қатысты сенімділікті, ашықтық пен болжалынушылықты нығайту мақсатында шаралар қабылдайды.

Мұндай шаралар бұл Тараптың стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақтарды өрістетуге немесе әзірлікті жоғарылатуға байланысты қызметі туралы ақпаратта оның іс-әрекеттерін басқа Тараптың қате пайымдау мүмкіндігінше жол бермес үшін алдын ала беруді де қамтуы мүмкін.

IX-бап.

Тараптардың өзара келісімі бойынша тепе-теңдік негізде ҚБЗ мен БРПЛ ұшырулар туралы телеметриялық ақпаратпен алмасу жүзеге асырылады. Тараптар мұндай телеметриялық ақпарат алмастыру көлемін алдын ала келіседі.

X-бап.

1. Осы Шарттың ережелерін сақтауға бақылау жасауды қамтамасыз ету мақсатында Тараптардың әрқайсысы міндеттенеді:

а) өзінің қарамағындағы бақылаудың ұлттық техникалық құралдарын халықаралық құқықтың көпшілік мойындаған ұстанымдарына сәйкес келетіндей етіп пайдалану;

ә) басқа Тараптың өз міндетін осы Бапқа сәйкес орындайтынын бақылаудың ұлттық техникалық құралдарына бөгеуілдер жасамау;

б) осы Шарт ережелерінің сақталуын ұлттық техникалық құралдарымен бақылауды жүзеге асыруды қиындататын бүркемелеу шараларын қолданбау.

2. Бүркемелеу шараларын қолданбау міндеттемесі оларды сынақ полигондарында ұшыру қондырғыларын орнатқанда немесе сынақтар жүргізген кезде олардың ұшыру қондырғылары арасындағы өзара байланысын

жасыруға әкелетін шараларды қоса қолданбау міндеттемесін де қамтиды.

XI-бап

1. Осы Шарттың қолданылуына ұшырайтын стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақтар туралы мәлімделген деректердің дәлдігін растау және осы Шарт ережелерінің сақталуына бақылау жасауды қамтамасыз ету мақсатында Тараптардың әрқайсысында инспекциялық қызметті жүзеге асыру құқығы болады.

XII-бап.

Осы Шарттың мақсаттары мен ережелерін жүзеге асыруға жәрдемдесу үшін Тараптар Екіжақты кеңесші комиссия құрады...

XIII-бап.

Осы Шарттың өміршеңдігі мен тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Тараптардың әрқайсысы ешқандай халықаралық міндеттемелер қабылдамайды және оның ережелеріне қарама-қайшы келетін ешқандай халықаралық акциялар жасамайды. Тараптар осы Шарттың қолданылуына ұшырайтын стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақты үшінші тараптарға бермейді. Тараптар бұл жағдайда туындауы мүмкін кез келген түсініксіз сәттерді шешу үшін Екіжақты кеңесші комиссияның шеңберінде кеңестер өткізеді.

Осы ереже осы Шартқа қол қою сәтінде Тараптардың біреуі мен үшінші мемлекеттің арасындағы стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақтар саласындағы міндеттемелерді қосқанда ынтымақтастықтың қолданыстағы қандай да бір іс-тәжірибесіне тартылмайды.

XIV-бап

1. Осы Шарт егер ол стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақтарды қысқарту және шектеу туралы келесі келісіммен бұл мерзімінен ертерек алмастырылмаған болса, онда күші 10 жыл бойы сақталады... Егер Тараптар осы Шартты ұзартуға шешім қабылдаса, ол бұл мерзімнен ертерек стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақтарды қысқарту және шектеу туралы келесі келісіммен алмастырылмаған болса, онда бес жылдан көп емес мерзімге ұзартылады.

3. Тараптардың әрқайсысында өзінің мемлекеттік егемендігін жүзеге асыру тәртібімен осы Шарттан шығу құқығы бар... Ол басқа Тарапты қабылдаған шешім туралы

хабардар етеді. Мұндай хабарламада хабардар етуші Тарап өзінің жоғары мүдделеріне қатер төндіру ретінде қарастыратын ерекше жағдайлар туралы мәлімдеме жасауы тиіс.

Егер хабарламада неғұрлым кейінгі мерзім көрсетілмеген болса, онда еске алынған хабарламаны басқа Тарап алған күннен үш ай өткеннен кейін өз әрекетін тоқтады.

4. Осы Шарт өз күшіне енген күннен бастап Ресей Федерациясы мен Америка Құрама Штаттарының арасында 2002 жылы 24 мамырда жасалған стратегиялық шабуылдаушы әлеуеттерді қысқарту туралы Шартты алмастырады, ол осы күннен бастап өз әрекетін тоқтатады.

XV-бап.

Тараптардың әрқайсысы осы Шартқа түзетулер енгізуді ұсына алады. Келісілген түзетулер осы Шарттың күшіне енуін реттейтін рәсімдерге сәйкес күшіне енеді.

<http://vz.ru/information/2010/4/8/391154.html>

III тарау. АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ

1. ТАФТ-ХАРТЛИ ЗАҢЫ

(Үзінді)

23 маусым, 1947 жыл.

VII тарау. ЕҢБЕКШІЛЕР МЕН ӘКІМШІЛІК АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР. ФЕДЕРАЦИЯДАҒЫ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

§157. Қызметкерлердің ұжымдық келіссөздер ұйымдастыру, жүргізу құқығы және т.б.

Қызметкерлердің өзін-өзі ұйымдастыруға, жұмыс ұйымдарын құруға, соларда сөз сөйлеу немесе соларға жәрдемдесуге, өздерінің таңдауы бойынша тағайындалған өкілдер арқылы ұжымдық келіссөздер жүргізуге және басқа да бірлескен қызметке қатысуға құқығы бар...

§158. Алақол еңбек практикасы.

б) Жұмыс ұйымы немесе оның агенті тарапынан алақол еңбек практикасы деп:

...3) жалдаушымен ұжымдық келіссөздер жүргізуден бас тарту...

4) (1) жалданып жұмыс істейтін жеке адамды... ереуілге қатысуға... тарту не итермелеу немесе көтермелеу...

7) бөгеуіл жасау немесе бөгеуіл жасауға итермелеу, не бөгеуілмен немесе жалдаушы жөнінде бөгеуіл жасауға шақырумен қоқан-лоқы жасау танылады...

§163. Ереуіл жасау құқығын сақтау.

Осы қосалқы тарауда еш нәрсені... әлдебір араласу, кедергі жасау немесе ереуіл жасау құқығы кемсіту, немесе сондай құқыққа қатысты шектеулер, немесе ескертпелер деп түсінбеу керек.

§188. Мемлекеттік қызметшілер ереуілі.

Құрама Штаттар немесе оның әлдебір органы үшін жалданып жұмыс істейтін жеке адам тарапынан ереуілге қатысу заңсыз деп жарияланады.

Тафт-Хартли заңы 1947 жылға 23 маусымда формалды түрде Вагнер заңына түзету ретінде күшіне енген болатын. Монополиялардың талап етуі бойынша қабылданған Тафт-Хартли заңы Вагнер заңындағы негізгі ережелердің күшін жойды.

Сборник документов по истории государства и права зарубежных стран./Сост. Баланик Б., Струнников В.Н. М., 1971.

2. МАККАРЭН ЗАҢЫ

(Үзінді)

23 қыркүйек, 1950 жыл.

§2. Сенат пен өкілдер палатасының түрлі комитеттеріне тапсырылған айғақтардан Конгресс мынадай қорытындыға келді:

1) өзінің қайнар көздері дамуы және ағымдағы қызметі бойынша революциялық болып табылатын дүниежүзілік ауқымдағы коммунистік қозғалыс бар...

§12. (а) Осымен комитет құрылып, ол бүлдірушілік қызметті бақылайтын комитет деп аталады және оның бес мүшесі болады... Комитеттің міндеті: 1) әділет министрінің... немесе кез келген басқа ұйымның... мәлімдеме жасауы бойынша, қандай да болсын ұйымның «коммунистік ұйым»... немесе «коммунистік майдан ұйымы» болып табылатынын анықтау...

§22. ...Төмендегі кез келген санатқа жататын, кез келген шетелдіктің АҚШ-қа келуіне рұқсат етілмейді:

(1) Құрама Штаттарға тек қана, негізінен, немесе мезгіл-мезгіл қоғамдық мүдделерге нұқсан келтіретін, немесе Құрама Штаттардың әл-ауқатына, немесе қауіпсіздігіне қатер төндіретін қызметпен шұғылдану мақсатымен келуге тырысатын шетелдіктер;

(2) төмендегі кез келген санаттарға қатысты немесе кез келген уақытта қатысты болған шетелдіктер: а) анархистер болып табылатын шетелдіктер; б) барлық ұйымдасқан басқару нысандарына оппозицияны насихаттайтын немесе уағыздайтын, сондай-ақ оппозицияны насихаттайтын немесе уағыздайтын ұйымның мүшелері болып табылатын, немесе онымен байланысты шетелдіктер;

в) I) АҚШ коммунистік партиясының, II) АҚШ-тың кез келген басқа тоталитарлық партиясының, III) коммунистік саяси қауымдастықтың, IV) АҚШ-тың кез келген штатының, кез келген шетелдік мемлекеттің, немесе кез келген шетелдік мемлекеттегі, кез келген географиялық немесе саяси бөліністің мүшелері болып табылатын, немесе олармен байланысты шетелдіктер...

Хрестоматия по новейшей истории. Т. 3. Ч. 1. М., 1961. С. 413.

3. ХЭМФРИ-БАТЛЕР ЗАҢЫ

(Үзінді)

24 тамыз, 1954 жыл.

§2. Осымен Конгресс Құрама Штаттардың коммунистік партиясы, бейне бір саяси партия, ал іс жүзінде Құрама Штаттардың үкіметін құлатуды көздейтін қаскүнемдік құралы болып табылады... Сондықтан коммунистік партия заңнан тыс деп жариялануға тиіс.

Хэмфри-Батлер заңына Эйзенхауэр 1954 жылғы 24 тамызда қол қойды. Бұл заң сенатта бірауыздан қабылданды, ал өкілдер палатасында оған қарсы екі шабуыл берілді.

Хрестоматия по новейшей истории. Т. 3. Ч. 1. М., 1961. С. 429—430.

4. ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯНЫҢ САЙЛАУ ТҰҒЫРНАМАСЫНАН

15 шілде, 1960 жыл.

...Демократиялық партияның жаңа үкіметі шетелдік мемлекеттерге көмек көрсету жөніндегі біздің бағдарламамыздың мақсаттарын орындайды және құралдарын анықтайды...

...Атлантикалық қауымдастықта өз достарымыз бен серіктерімізге біз өзіміздің ортақ қауіптенулерімізден туындаған ынтымақтастыққа қарағанда неғұрлым кең көлемді, жан-жақты түгел қамтитын ынтымақтастық ұсынамыз, біз өзіміздің ортақ саяси экономикалық және мәдени мүдделеріміздің тереңдігін және күшін мойындаймыз. Біз еуропалық ықпалдасуда жуырда болған үміттендірерлік қадамдарды құттықтаймыз... Біз коммунистік Қытайдың қазіргі кезде БҰҰ-ға кіруіне батыл түрде қарсы екенімізді қуаттаймыз.

...Құқықтар туралы экономикалық билль. (Партия міндеттенеді) ...Пайдалы жұмыс істеу құқығын қамтамасыз ету... елде және шетелдерде жаңа өнеркәсіп монополияларын құру... әрбір отбасының тәуір тұрғын үйде тұру құқығы... ұлғайып келе жатқан жақсы экономика біздің жыл сайын 2 млн үй салуымызға мүмкіндік береді...

Біздің экономика 1953 жылдан бастап жыл сайын 5%-ға ұлғая алады және ұлғаюға тиіс, мұның өзі өсім қарқынынан екі есе дерлік асып түседі.

1960 жылғы президент сайлауында демократиялық партия кандидаты сенатор Д.Кеннеди жеңіске жетті, ол республикалық партияның кандидаты – вице-президент Р.Никсонды аздаған дауыс артықшылығымен жеңді.

Хрестоматия по новейшей истории. Т. 3. Ч. 1. М., 1961. С. 435.

5. АМЕРИКАНЫҢ ҰШҚЫШ-ШПИОНЫ ПАУЭРСҒІ ІСІ БОЙЫНША ҮКІМНЕН

Тамыз, 1960 жыл.

...Сот отырысында қаралған іс материалдарында анықталғаны: 1960 жылғы 1 мамырда Мәскеу уақыты бойынша 5 сағ 36 мин-та Кеңес Одағының әуе шабуылынан қорғанатын әскери бөлімі Тәжік КСР-нің Кировабат қаласы ауданында, азаматтық авиация ұшақтары жете алмайтын 20 000 метр биікте КСРО-ның мемлекеттік шекарасын бұзған белгісіз ұшақты байқады. Елдің әуе шабуылынан қорғанатын әскери бөлімдері ірі өнеркәсіп орталықтарының маңызды қорғаныс объектілерінің үстінен ұшып бара жатқан ұшақты қырағы бақылап отырды, шекараны бұзушы ұшақ Кеңес Одағының шебіне 2000 шақырым енген, ал термоядролық қару дәуірінде жалпыға ортақ бейбітшілік үшін зиянды зардаптары болуы мүмкін бұл ұшу сапарының арам ниетті сипаты мүлдем айқын болған кезде, Кеңес үкіметінің бұйрығымен зенитті зымырандар батареясы 8 сағ 53 мин-та басқыншы ұшақты Свердловск қаласында атып түсірді.

Ұшақ ұшқышы парашютпен секіріп, жерге түскен кезінде ұсталды. Жауап алу кезінде ол өзін Америка Құрама Штаттарының азаматы Пауэрс Френсис Гарри деп атады.

Ұшқыш Пауэрс қамауға алынып, Кеңес Одағына қарсы шпиондық әрекет жасады деген айыппен қылмыстық жауапкершілікке тартылды...

...КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасы американдық әскери барлаушы-ұшағының басып кіруі халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принципін қылмысты түрде бұзу екенін ескерді...

...Осыдан кейін американдық басшылары — президент Эйзенхауэр, вице-президент Никсон және мемлекеттік хатшы Гертер американдық ұшақтарының кеңес аумағы үстінен шпиондық ұшу сапарлары «Америка Құрама Штаттары-

ның есептелген саясатының» бір бөлігі болып табылатынын мойындады...

... Сонымен бірге осы істің барлық жағдайларын олардың өзара байланысты екеніне ішкі сенім бойынша, Пауэрстің өз кінәсін адал ниетпен мойындағанын және істеген ісіне шын ниетімен өкінгенін ескере, социалистік гуманизм принциптерін негізге ала отырып, РКФСР ҚІЖК-нің 319–320 баптарын басшылыққа ала отырып, КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасы үкім шығарды: Пауэрс Френсис Гарри «мемлекеттік қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік туралы КСРО Заңының 2-бабы негізінде 10 жыл бас бостандығынан айырылсын, алғашқы үш жылды түрмеде өткізін.

Судебный процесс по уголовному делу американского летчика-шпиона *Френсис Г. Пауэрса*. М., 1960. С. 175–183.

6. Дж. Ф. КЕННЕДИДІҢ ӨМІРБАЯНЫНАН

1960 жылғы президент сайлауында демократиялық партиядан кандидат көпшілік дауыс алды. 43 жасында Джон Фипджералд Кеннеди АҚШ тарихындағы ең жас президент болды. Ол, сондай-ақ Штатта президент орындығына отырған бірінші католик.

Джон Кеннеди өте бай отбасынан шықты. Өзінің ақжарқындығы арқасында ол теледидар экрандарында жүргізілген сайлау алдындағы күрестің бірінші кезеңінде-ақ өзіне дауыстың басым көпшілік санын қамтамасыз етті. Оның бойынан жастық жігер айқын аңғарылды, ол «Американы алға бастауға» уәде етті. Ол өз мақсаттарына жету үшін қарыз алудан және федералдық бюджетті ұлғайтудан қорықпады, қаражатты ғарышқа ұшу сапарларының және қаруланудың бағдарламаларына жұмсады. Кеннеди «үшінші дүние» елдерін идеологиялық күрес өрісі деп санады. Соның негізінде бейбітшілік Корпусы және дамушы елдердегі радикалды қозғалыстарға қарсы іс-әрекеттер жасауға арналған арнаулы бөлімшелер құрылды.

Эриксен Т. Л. Всемирная история с 1850 г. до наших дней. Осло, 1994. С. 355.

7. АМЕРИКАНДАР ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАРТИЯЛАР ТУРАЛЫ

Президент Д. Кеннеди:

«Басты алауыздықтар (республикалық және демократиялық партиялар арасындағы.—*Ред.*) жалпы саяси мақсаттар саласынан гөрі, пайда болатын белгілі бір мәселелерге нақты көзқарас саласында орын алып отыр».

Сенатор Петтигру:

«Мен екі партияны қанаушылардың жекеменшікшіл мүдделері жігерлендіретінін және олардың арасындағы айтыс, нақты айтқанда, лауазымдарды кімнің атқаратыны, шарапатты кімнің тарататыны, компаниялар мақсаттарына сансыз көп миллиондарды кімнің жинайтыны жайында болғанын айқын көрдім... Екі партия бір бұршаққыннан шыққан екі бұршақтай ұқсас. Олардың арасындағы айырмашылық әрқашанда өз бағдарламаларының тұжырымдалуында болды».

Профессор К. Росситер:

«Екі партия арасындағы күрес әрқашан, көбінесе президенттік орындық үшін, төбелеске айналып кетеді».

Тарихшы А.Шлезингер:

«Республикалық партия, құлдыққа қарсы бірнеше жылғы күресті айтпағанда, жалпыға бірдей есендікті біздің қоғамның ең қуатты тобы — іскер топтардың гүлденуімен теңестіру».

Президенттік науқандардың бірі кезінде американ газеті «Республикалықтар мен демократтар арасындағы айырмашылық қандай?» деген сұраққа ең жақсы жауап үшін жүлде ұсынды. Жүлде «Республикалықтар демократиялық партияның үкіметі «бизнес» үшін нашар деп ойлайды, ал демократтар «бизнес» үшін республикалық партия үкіметі нашар деп ойлайды» деп айтқан әйелге бұйырды.

США: от «великого» к больному... М., 1969. С. 414-415.

8. АҚШ КОМПАНИЯСЫНЫҢ БАС ХАТШЫСЫ Г.ХОЛЛ «ҚЫРҒИҚАБАҚ СОҒЫС» ТУРАЛЫ

Гэс Холл (1910 жылы туған) — Американ және халықаралық жұмысшы, және коммунистік қозғалыстың көрнекті қайраткері. 20-жылдардың соңынан бастап Г.Холл американ жұмысшыларының

қозғалыстарына белсенді түрде қатыса бастады. 1951 жылдан 1957 жылға дейін ол Смит заңын бұзды деген айыппен түрмеде отырды. Партияның XVII съезінде (1959) Гэс Холл АҚШ коммунистік партиясының Бас хатшысы болып сайланды.

Құрама Штаттар үшін өткен он жыл оның ықпалы жалпы дүниежүзінде, сондай-ақ оның капиталистік бөлігінде құлдыраған он жыл болды... Капитализмнің көптеген өкілдері «Американың жүзжылдығы» деп жариялаған дәуір іс жүзінде біздің еліміздің ықпалы құлдыраған дәуір болды.

...Құлдыраудың бірден-бір себебі — біздің еліміз монополистерінің қатал және тонаушылық саясаты болып отыр. Американ халқының бұған ешқандай қатысы жоқ, оның жетістіктері азайған жоқ, ой-мақсаты нашарлаған жоқ...

Ел ішінде және шетелдерде жүргізіліп жатқан «қырғи-қабак соғыс» халықтың және елдің мүдделерін ат төбеліндей монополиялардың мүдделеріне құрбан етуде. Ашкөздігінде шек жоқ қаржы алпауыттарының шағын топтарының алтарыне олар үшін тасталмаған еш нәрсе қалмады. Қырғи-қабак саясатының мәні осында. Оны Трумэн үкіметі де, Эйзенхауэр үкіметі де жүргізді. Ол — халықтың және елдің мүдделері үшін тажалды саясат. Бұл өзін-өзі өлтіру саясаты біздің айқындамамыздың біршама әлсіреуі — осы саясаттың тікелей нәтижесі, егер біз одан бас тартпайтын болсақ, ол бізді апатқа әкеліп тірейді.

Холл Гэс. Покончить с «холодной войной». М., 1963. С. 5-6.

9. Р.РЕЙГАНЫҢ ӨМІРБАЯНЫНАН

Мен 1911 жылғы ақпанда Иллинойс штатындағы Тампико қаласында тудым. Біздің пәтер жергілікті банк орналасқан ғимараттың жоғары қабатында болды. <...>

Менің әкем, жұрттың бәрі жәй ғана Джек деп атаған Джон Эдвард Рейганның маңдайына Құдайдың өзі сауданы жазған. Оның ата-бабаларын, Типперэриден шыққан ирландықтарды Америкаға айдап әкелген аштық пен басқа да қырсықтар болды. <...> Мен туған кезде ол 29 жаста болды. Анам сияқты, оның білімі бастауыш сыныптың бірнеше сыныптарымен шектелді. <...> Менің әкем адам, әсіресе жұмысшы адам құқығына имандай сенді, жұрт таныған беделді адамдарға сенімсіздікпен қарады. <...>

Менің анам Нел Уильсон Рейган ағылшын-шотланд отбасынан шыққан. Ол менің әкемді ХХ ғасырдың бас кезінде, Иллинойс жазығында алғашқы жол салушылар қалаған шағын провинциялық қалашықтардың бірінде кездестіріп, оған ғашық болған. <...>

Егер әкемді адамдардың бойынан жамандық іздеуге бейім, арам деп айтуға болса, менің анам оған мүлдем кереғар еді. Ол — адамдардың бойынан ізгілік іздеп, оны жиі табатын. Ол тіпті біздің қаладағы түрмеде отырған, өзі жиі ыстық тамақ апарып беретін адамдардың бойынан жақсылық нышанын байқайтын.

Рейган Р. Жизнь по-американский. М., 1992. С. 20—21.

10. АМЕРИКАН ДИПЛОМАТЫ Г.КИССИНДЖЕРДІҢ Р.РЕЙГАН ТУРАЛЫ ПІКІРІ

Рейганның сырттай қарағандағы ақ жарқындығы аса күрделі адам мінезін көлегейлеп тұратын. Өз рухы жағынан ол жұрттың бәріне жақын да, жұрттың бәрінен алыс та болды, ортақ думанға қатысқанды ұнататын, бірақ сақтық жасап жеке-дара қалуды жөн санайтын. Зиялылық ол үшін өзі мен басқа жұрт арасындағы қашықтықты сақтаудың әдісі болды. Егер ол жұрттың бәріне бірдей достық көңілмен қарап, жұрттың бәріне бір әңгіме айта беретін болса, онымен ерекше қарым-қатынаста болуға ешкім де ұмтылмайтын болады. Өрбір әңгіме кезінде айтылатын әзілдер қоры біржақтылықтан және саяси соқырлықтан қорғады. Көптеген актерлер сияқты, Рейган жеке-дара адамның ғажайып, сондай-ақ менмендік квинтэссенциясы болды. Көптеген адамдардың ойлағанындай Рейганмен жақсы қарым-қатынаста болған бір адам маған өзі кездескен барлық адамдардың ішінде Рейган ең жылышырайлы және ең алыс адам болғанын айтты. <...>

Рейган өз міндеті коммунистік философияның қате екенін Горбачевтің немесе басқа кез келген кеңес басшысының сөзсіз түсінуін тездету екеніне және Американың шынайы сипаты жөніндегі кеңестік тұжырымдамалардың жалғандығы анықталған соң, көп кешікпей татуласу дәуірі басталатынына шын ниетімен сенді.

Киссинджер Г. Дипломатия. М., 1997. С. 698, 703.

IV тарау. БАТЫС ЖӘНЕ ОҒТҮСТІК ЕУРОПА ЕЛДЕРІ

ҰЛЫБРИТАНИЯ

1. ЛЕЙБОРИСТІК ПАРТИЯНЫҢ «БОЛАШАҚПЕН БЕТПЕ-БЕТ» АТТЫ САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

1945 жыл.

Лейбористік партия Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықтың еркін ескере отырып, 1945 жылғы сайлауға «Демократиялық социализм» дейтін бағдарламамен шықты. Бағдарламалық құжатта Англияда социализм орнату және кең көлемді өзгерістер жүргізу жайында айтылды. Бұл уәделер бұлыңғыр сипатта болды және сайлаушыларды тартуға бағытталды. «Болашақпен бетпе-бет» бағдарламасы лейбористік партияның Блэкпулда 1945 жылғы мамыр айының соңында өткен жыл сайынғы конференциясында қабылданды.

Бағдарламаны лейбористік үкімет орындаған жоқ. Төменде осы құжаттан үзінді беріліп отыр.

Сайлауда қандай мәселелер шешіледі?

Лейбористік партия дінге сену, сөз, баспасөз бостандығын жақтайды. Бұл бостандықтарды біздің сақтап, ұлғайтуымызға және соғысқа құрбандыққа шалған жеке құқықтарды қайтадан пайдалана алуымызға қамқорлық жасайды. Өнеркәсіптегі жанжалдар мен тредюниондар туралы 1927 жылғы заңды* бұзған кәсіптік одақтар бостандығы қалпына келтірілуі тиіс.

Бірақ лейбористер басқаларды қанау, төмен жалақы төлеу немесе жекебасының баюы үшін бағаны өсіру бостандығына жол бермейді.

Ел орасан зор күрделі жөндеуді, зауыттарды, мәшине жабдығын, үйлерді, мектептерді жетілдіру мен жаңғырту бағдарламасын, сондай-ақ Англияда әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің жақсартылуын қажет етеді. <...>

Лейбористік партия не істейді?

1. Біздің ұлттық ресурстарымыздың бәрі жер, шикізат, жұмысшы күші толық пайдаланылуға тиіс. Өндіріс ең жоғары деңгейге дейін дамуға және сатып алу қабілетіне сәйкес келтірілуге тиіс...

*Өнеркәсіптегі жанжалдар мен тредюниондар туралы 1927 жылғы заң жаппай ереуілдерге, ынтымақтастық шерулеріне, бөгеуілдерге, мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақтарға кіруіне тыйым салды. Кәсіподақтардың саяси мақсаттарға арналған қорларына бақылау орнатты. — (Құраст.)

2. Жоғары және тұрақты сатып алу қабілеті жақсы жалақы, өлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру, сондай-ақ табыс деңгейі төмен халық топтары үшін салық ауыртпалығын жеңілдету көмегімен сақталуы тиіс. Алайда ақша және жинақталған қаражат құнын сақтау мақсаттарында пәтер ақысына және ең қажетті заттардың бағасына бақылау жасалатын болады.

3. Өнеркәсіптің аса маңызды салаларына, сондай-ақ тұрғын үйлер, мектептер, ауруханалар және қоғамдық мекемелер құрылысына жоспарлы күрделі қаржы жұмсау...

4. Ағылшын банкі мемлекет меншігіне берілуге, ал барлық қалған банктердің қызметі өнеркәсіп қажеттеріне үйлестірілуге тиіс. <...>

Өнеркәсіп мемлекетке қызмет етуге тиіс. <...>

Лейбористік партия — социалистік партия; оның түпкі мақсаты — Англияда социалистік қоғам, азат, демократиялық, жоғары өнімді, прогресті, материалдық ресурстары халық игілігіне жұмсалатын қоғамның ортақ мүдделеріне қамқорлық жасайтын қоғам құру. Бірақ социализм дереу басталмайды. <...>

Лейбористік партия өнеркәсіп саласында мынадай бағдарлама ұсынады:

1. Отын және энергетика өнеркәсібін мемлекеттік меншіктеу. <...>

Осының бөрінен өнеркәсіптің басқа салалары да ұтыста болады.

2. Ішкі су көлігіне мемлекеттік меншік. <...>

3. Қара металлургияға мемлекеттік меншік....

Металлургия өнеркәсібі монополия орнына мемлекеттік меншік келген кезде ғана пайдалы бола алады.

Осы қоғамдастырылған кәсіпорындар олардың иелерінен әділ өтем негізінде қабылдануға тиіс...

4. Монополиялар мен картелдерге қоғамдық қадағалау.

Оның мақсаты — өнеркәсіптің өнімділігін арттыру. Қоғамға жат шектемелеу практикасына тыйым салу. <...>

Тұрғын үй және құрылыс бағдарламасы.

Бізге үйлер керек екені туралы жұрттың бөрі айтуда. Бірақ лейбористік партия қажетті қадамдар жасайды — құрылыс үшін жер телімдерін ұйымдасқан түрде беру бағдарламасын әзірлейді және жақсы жолға қойылған құрылыс индустриясын жасау үшін батыл шаралар қолданады... <...>

2. БРИТАНИЯНЫҢ СОЦИАЛИЗМГЕ БАРАР ЖОЛЫ

(Ұлыбритания коммунистік партиясының бағдарламасынан)

(Үзінді)

Британияның өндірістік ресурстарының көп бөлігі — жер, зауыттар, кемелер — қазіргі кезде бай адамдардың шағын тобының билігінде. Тіпті ұлт меншігіне алынған өнеркәсіп салалары өздерінің бұрынғы иелеріне осы кезге дейін салық төлеуде. <...>

... Байлықтарды бөлудегі кереғарлықтар орасан зор. Барлық байлықтардың тең жартысына жуығы дерлік халықтың бір пайызының иелігінде болып отырған кезде халықтың $\frac{3}{4}$ бөлігі сол байлықтардың жиырмадан бір бөлігіне ғана ие болып отыр.<...>

Британияның өндірістік ресурстарына жекеменшік, жекебасының пайдасы үшін жұмысшыларды қанау — өте бай капиталистердің ат төбеліндей тобының орасан зор байлық жинауына және біздің 50 млн адамдық халқымыздың экономикалық саяси және қоғамдық өміріне бақылау жасауына мүмкіндік беріп отырған, міне, осы. <...>

Қоғамдық меншік пайда табу үшін өндірісте орын алып отырған аласапыран мен ысырапшылдық бәсекенің тамырын қияды. <...>

Бірақ социализм орнату үшін байлардың үстемдік жағдайын жою керек. Саяси билік капиталистік азшылықтың қолынан жұлып алынуға және оны жұмысшы табы бастайтын халықтың басым көпшілігі берік өз қолына алуы тиіс.

Хрестоматия по новейшей истории. 1945—1974.
Пособие для учителей. М., 1976. С.151.

3. У. ЧЕРЧИЛЛЬДІҢ ЦЮРИХТЕГІ СӨЗІНЕН

14 қыркүйек, 1946 жыл.

Біз Еуропа Құрама Штаттары сияқты нәрсе құруға тиіспіз... Қазір сіздерге айтатыным, сіздерді таңғалдырады. Еуропалық отбасын құру жағына қарай жасалатын бірінші қадам Франция мен Германия арасындағы әріптестік болуға тиіс. Франция Еуропада моральдық көшбасшылыққа тек осындай жолмен ғана жете алады. Еуропаның рухани ұлы

Франциясыз және рухани ұлы Германиясыз өрлеуі мүмкін емес. Еуропа Құрама Штаттарының құрылымы, егер ол тиісті түрде құрылатын болса, әрбір жеке елдің материалдық күші ерекше мәнге ие болмайтындай болуға тиіс.

Шағын ұлттардың мәні үлкен ұлттардың мәнінен ешбір кем емес, ортақ іске қосатын өз үлесімен құрметтеуге лайық...

Алайда мен сіздерге ескертуге тиіспін. Уақыт, бәлкім, өте тығыз шығар. Бірақ қазір бізде тыныс алатын мүмкіндік бар. Зеңбіректер үнсіз. Ұрыстар тоқтатылған, бірақ қауіп-қатерлер әлі де бар. Еуропа Құрама Штаттарын немесе басқалай аталатын ұйымды біздің құра алуымыз үшін біз бүгіннен бастап кірісуге тиіспіз.

Бойцов М.А. , Хромова И.С. Послевоенное десятилетие. 1945—1955. М., 1998. С. 43.

ФРАНЦИЯ

4. ФРАНЦИЯ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ Р.ШУМАННЫҢ СӨЗІНЕН

9 мамыр, 1950 жыл.

Еуропадағы басқа елдердің қатысуы үшін ашық ұйымда бүкіл франко-герман көмір және болат өндірісін ортақ жоғары басқарымға қою [ұсынылады]. Көмір мен болат өндірісін біріктіру Еуропалық федерацияға бірінші қадам ретінде экономиканы дамыту үшін ортақ база жасауға қызмет етеді және сол аймақтардың көбінесе өздері құрбаны болған соғыстар үшін қару-жарақтар өндірілумен соншалықты ұзақ уақыт айқындалып келген тағдырларын өзгертеді. Осылайша қол жеткен ынтымақтастық — Франция мен Германия арасындағы қандай да болсын соғыстың материалдық себептер бойынша мағынасыз, сондай-ақ мүмкін болмайтынын айқын көрсетеді.

Бойцов М.А. , Хромова И.С. Послевоенное десятилетие. 1945—1955. С.44.

5. ТӨРТІНШІ РЕСПУБЛИКА ҚҰЛАУЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

*(Француз коммунистік партиясының тезистерінен,
ФКП-ның 1959 жылғы 24—28 маусымда болып өткен
XV съезінде қабылданды)*

XIV съезден* өткен кезеңге Францияда дәстүрлі институттардың және буржуазия демократия нысандарын жою және жеке диктатура орнатуға бағытталған президенттік режим енгізу тән болды... Монополиялар саясаты демократияның сақталуымен барған сайын аз сыйысады.

Бұл эволюция буржуазияның күшін дәлелдемейді, ал керісінше, буржуазия өз үстемдігін ендігі жерде сақтай алмайтынын және бостандықтарды қабылдамастан өзінің халыққа, ұлтқа жат саясатын одан әрі жүргізе алмайтынын дәлелдейді.

Алайда, сонымен бірге жұмысшы табы мен демократияға өте елеулі соққы берілді.

Саяси режим өзгеруінің бастапқы нүктесі республикаға қарсы қаскүнемдік болды, ол Алжирдегі ұзаққа созылып кеткен соғысқа байланысты мүмкін еді. Францияның отарлық жүйесінің дағдарысы мемлекеттік институттар дағдарысына әкеліп соқты. Біздің халқымыздың арасында Францияның гүлденуі мен ұлылығы Алжирдегі отарлық үстемдіктің сақталуымен байланысты деген қате пікір тарады. Армияның бүкіл дерлік командалық құрамы отарлық саясаттың сәтсіздіктері үшін жауапкершілікті республикалық режимге жүктеді. Демократияның барлық жауларымен біріккен ол соған қарсы шықты.

Ги Молле бастаған социалистер басшылары отаршылдыққа қарсы күрестің социалистік дәстүрлеріне, Жюль Гед пен Жан Жорес дәстүрлеріне опасыздық жасап, отаршылдық пен шовинизм идеологиясының тарауына көп жағынан көмектесті.

Социалистік партия мен оның басшыларының таптық ынтымақтастық саясатының нәтижесінде жұмысшылар мен демократиялық күштер жікке бөлінді. Осының бәрі монополияларға қарсы біртұтас майдан құруға бөгет жасады. Солшылдар дәрменсіздікке душар болды, парламент беделіне нұқсан келді, өйткені коммунистер жөніндегі

*ФКП XIV съезі. 1956 жылғы шілдеде болып өтті — (Құраст.)

кемсітушілік айқындамасы салдарынан ол ұлттың басым көпшілігінің еркіне сай келетін, сол үшін саясат жүргізе алмады.

Хрестоматия по новейшей истории. 1945—1974.
Пособие для учителей. М., 1976.

6. 1968 ЖЫЛҒЫ МАМЫР — МАУСЫМДАҒЫ ОҚИҒАЛАР

Француз коммунистік партиясы Саяси бюросының мүшесі Жак Дюклоның (1896—1975) «Коммунистер, олар кімдер?» атты кітапшасынан француз еңбекшілерінің 1968 жылғы мамыр — маусымдағы қозғалысы сипатталатын үзінділер

Жұртқа мәлім, Францияда 1968 жылғы мамыр — маусымда болған оқиғалар капиталистік шоғырланудың күшеюі кезеңіндегі өзіндік алғашқы ірі қақтығыс, еңбекшілер бұқаралары мен капиталистік монополиялардың шешуге шамасы жетпейтін қайшылықтар жегідей жеген билігі арасындағы бірінші ірі қақтығыс болды.

Әлбетте, 1968 жылғы мамыр — маусымдағы кең көлемді қозғалыстарға қатысушылардың бәрінде таптық сана-сезім бірдей дәрежеде болған жоқ, олардың кейбіреулері әлеуметтік күреске алғаш рет қатысты, бірақ та 8 — 9 млн еңбекшілердің жұмысты тоқтатып, кәсіпорындарды басып алуы қозғалыстың кең өріс алғанын көрсетеді. <...>

Таяудағы аса маңызды талаптардың қанағаттандырылуымен 1968 жылғы мамыр — маусымдағы оқиғалар монополиялардың билігі ретінде деголльдік билікті ауыстыру туралы мәселе қойды, дегенмен мұның өзі саяси жетілгендіктің осы кезеңіне күреске қатысушылардың бәрі бірдей жеткенін білдірмейді.

Германияда орналасқан әскерлердің қолбасшылығына сапарынан кейін де Голльдің жағдайды өзгертуіне және билікті қайтадан өз қолына алуына бөгет жасау үшін не жетіспеді? Ең алдымен, солшыл партиялардың бәрін ғана емес, сондай-ақ ірі кәсіподақ ұйымдарын қамтитын берік келісім, ортақ бағдарламаға негізделген және жұмысшы табының қалалар мен ауылдардағы басқа антимонополиялық әлеуметтік топтармен одағын нығайтатын келісім жетіспеді.

Сол кезде жұртшылық алдында жасалған кейбір мәлімдемелер компартияның әріптестері оны бірлескен

қызметтен шеттеткісі келетіндей әсер қалдырды. Мұның өзі тіптен теріс әсер етті және үкіметтің жағдайды қайтадан өз қолына алуға көмектесті.

Мұндай айқындама монополиялар билігіне қарсы күреске қатысқан барлық қоғамдық күштердің одағын нығайтуға ұмтылған біздің партиямыздың күресіне бөгет жасады.

Осы көзқарас тұрғысынан оңшыл оппортунизм Франциядағы шын мәніндегі саяси жағдайды түсінбеудің нәтижесі болды және олар ұсынған, министрлік қызметтер беру арқылы ескі әдістерін еске салатын жалған баламалы шешімдер үкімет жоспарларына әсерін тигізбей қоймады.

Алайда бұл кезеңде оңшыл оппортунизм ғана зиян келтіріп қойған жоқ. «Солшыл оппортунизм» де болды... Оны үкімет қолына қару беріп үрей туғызу, сол үрейді пайдалана отырып сайлауда қарымта қайтаруға әзірлену үшін пайдаланды...

1968 жылғы мамыр — маусымдағы оқиғалар кезінде біз бүгінгі таңда да одан әрі жалғасып жатқан үдерістің куәгері болдық: буржуазия мен ұсақ буржуазияның бұрын өзінің қоғамдық табына адал болған элементтері капиталистік құрылысқа күмән келтіруде және оған қарсы шыға бастады...

Бұл құбылыстың оң және үміттендірерлік жағы — буржуазия мен ұсақ буржуазияның балалары буржуазиялық құрылысқа сенімсіздік көрсетіп отырғанында...

Олар 1968 жылғы мамыр — маусымдағыдай анархияның қара туын көтермейтін болады...

[Ол] жұмысшы табы таптық күрестегі алғашқы қадамдар жасаған кезінде оның туы болды және өткен ғасыр жұмысшыларының жеңіліске ұшырауы кезінде солардың қолында болды. Жұмысшы табының туы, социализм туы — қызыл ту... Біздің ұлттық туымыздың жанында желбірейтін қызыл ту астында социализм Францияда жеңіске жетеді.

Дюкло Жак. Кто же они, коммунисты? М., 1973. С.91—93.

7. ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮКІМЕТІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

(Негізгі ережелер)

Франция солшыл күштерінің (Француз Социалистік партиясы мен Француз Коммунистік партиясының) бірлескен бағдарламасы.

27 маусым, 1972 жыл.

I. Жақсы өмір сүреміз

Артықшылығы бар адамдардың аз ғана тобына қызмет етуші қазіргі режим орасан зор көпшіліктің қажеттерін құрбандық етуде. Демократиялық үкімет... жалдамалы, сондай-ақ жалдамалы емес, ақыл-ой еңбегімен, сондай-ақ дене еңбегімен шұғылданатын барлық еңбекшілерге, қалалар мен ауылдардың еңбекшілеріне, жастарға жақсы өмір сүру мүмкіндігін беруді өз алдына басты мақсат етіп қояды...

Жалақы, еңбекақы, зейнетақы және жәрдемақы көбейтілетін және олардың бүкіл жүйесі ретке келтіріліп, жалақының жаңа кепілді ең аз мөлшері белгіленетін болады. <...>

Ақы төлеудегі аймақтық айырмашылықтар жойылады. Көп балалы отбасына берілетін жәрдемақылар көбейтіледі... Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі жаңғыртылады...

Әлеуметтік жәрдемақылар, әлеуметтік сақтандыру өздеріне қатысты болатын адамдарға және олардың отбасыларына сырқаттардың алдын алу және оларды емдеу құралдарын пайдаланудың нақты мүмкіндігін береді...

Медициналық қызмет көрсетуге және дәрі сатып алуға жұмсалатын шығындарды өтеу қысқа мерзім ішінде 80 пайызға дейін жеткізілетін болады, ал жұмыс беруші төлейтін үлес ұлғайтылатын болады... Алдағы уақытта медициналық қызмет көрсетуге жұрттың бәрі қамтылады...

Зейнеткерлік жас еркектер үшін 60 жас және әйелдер үшін 55 жас болып белгіленеді. Зейнетақылар кепілді жалақының мөлшерінен төмен болмайды...

40 сағаттық, 5 күндік жұмыс аптасына қайтып оралу еңбекшілердің бәріне жалақысын қысқартпастан қамтамасыз етілетін болады...

Жұмысқа қамту, жұмыссыздықты және толымсыз жұмысты жою қамтамасыз етілетін болады...

Жастар 18 жастан бастап дауыс беру, ал 21 жасында сайлану құқығын алады.

Үкімет ағарту ісінің балабақшадан университеттерге дейінгі уақыт рухына сай келетін демократиялық реформасын жүргізеді...

Осы шаралардың алғашқысы барлық деңгейдегі тегін оқу болады, оны мемлекет қамтамасыз етеді — оқытуға, оқулықтар мектеп оқу құралдарын сатып алуға және т.б. шығындарды көтереді.

Зиялы білім беру жүйесі бірте-бірте бірден-бір мемлекеттік жүйеге айналады. Зиялы болғандықтан ол түрлі діни сенімдерді және философиялық көзқарастарды құрметтейтін болады.

II. Халықтың қатысуы, бостандығы, егемендігі

Ақыл-ой және дене еңбегімен шұғылданатын еңбекшілердің мақсаттары мен құралдарын белгілеуге, қабылданған шешімдерді жүзеге асыруға және бақылауға барған сайын кеңінен қатысуы — елдің экономикалық және әлеуметтік прогресінің және әрбір адам дамуының қажетті шарты. Мұндай қатысусыз шынайы демократияның болуы мүмкін емес.

Жаңа режім халықтың егемендігіне негізделетін болады, ол бостандыққа кепілдік береді және оны ұлғайтады, конституцияның жеке билік орнататын баптарының күші жойылады немесе олар қайта қаралады...

Ұлттық жиналыс заңдар қабылдайды және үкіметті бақылайды...

Тепе-тең өкілдік әрбір партияға оның нақты ықпалына сай келетін өкілдік қамтамасыз етіледі.

Оның өзі конституцияда жазылуға және барлық сайлаулар үшін жарамды болуға тиіс.

Манифестация, жиналыстар мен қауымдастықтар, баспасөз бостандығына кепілдік беріледі.

Партиялар өз қызметін заңдылық шеңберінде еркін жүзеге асыратын болады. Көппартиялы жүйе, сайлауда кандидаттар ұсыну бостандығы Франциядағы демократияның ажыратылмас элементтері болып отыр және бола береді.

Демократиялық үкімет мемлекеттік және жеке секторларда кәсіподақ қызметінің және ереуіл жасау құқығының толық жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді...

III. Күрделі өзгерістер

Бостандықтарды ұлғайту мен мемлекеттік институттарды демократияландыру аса маңызды экономикалық өзгерістермен: ұлт меншігіне алу, демократиялық басқару және жоспарлаумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

Жаңа парламент сайланғаннан кейін үкімет басты секторларды ұлт меншігіне алуды бірден бастайды...

Жаңа үкіметтің ұлттық ресурстарға бақылауды қамтамасыз ету және оларды қайта бағдарлау мақсаттарындағы алғашқы шараларының бірі — қаржы және несиелерін ұлт меншігіне алу болып табылады... Бірақ ол жеке адамдардың салымдарына қатысты болмайды.

Металлургия мен темір кеніштері, химия мен фармацевтика, мұнай, электроника, әскери өнеркәсіп, ұшақ жасау, әуе және теңіз көлігі, ядролық өнеркәсіп, автомобиль өнеркәсібі, авто жолдар ұлт меншігіне алынатын болады...

Үкімет өз еңбегімен жинаған қаражатының нәтижесі болып табылатын жекеменшікті сақтайды, сондай-ақ бағалы қағаздардың ұсақ иелерінің мүдделерін қорғайды. Халықтың және экономиканың қажеттерін қанағаттандыруға пайдалы ұсақ және орта жеке кәсіпорындар секторына елеулі қолдау көрсетілетін болады.

Үкімет жаңа ауыл шаруашылығы саясатын белгілейді. Ұсақ және орташа шаруаларды қолдау шаралары жүзеге асырылады...

IV. Алға қойылған мақсаттарға жету тәсілдері

Қазіргі режим өнеркәсіптің кейбір салаларын құлдырауға душар етуде.

Әлеуметтік прогресті және сонымен бірге Францияның экономикалық дамуын қамтамасыз етуге әбден болады...

Франциядағы дене еңбегімен және ақыл-ой еңбегімен айналысатын қызметкерлердің саны мен біліктілігі, табиғи ресурстар мен қолда бар өндіріс құралдары қазірдің өзінде экономикалық өсуге және әлеуметтік прогреске жетуге мүмкіндік береді...

Мемлекеттік шығындар ендігі жерде монополиялардың зиянкестік шығындарымен және «екпінді күштерге» жұмсалатын шығындармен ауыртпалық түсірмейтін болады. Мемлекеттік ресурстардың құрылымы мен бағдары ұлттық табысты әлеуметтік және экономикалық прогресс қажеттеріне сәйкес бөлінуін қамтамасыз ететіндей болып түбірінен өзгертеді...

Қажетті ресурстарды, негізінен, еңбекшілердің табыстарынан емес, материалдық құндылықтар жасалатын жерлерден, яғни өндіріс деңгейінен алу керек.

Сондықтан кәсіпорындардың нақты пайдасына салынатын салықтар ұлғайтылатын болады. Жаңа салық жүйесі ұлт меншігіне алынған кәсіпорындардың, сондай-ақ ұсақ және орташа кәсіпорындардың ерекше жағдайын ескереді. Компаниялар үшін 1958 жылдан бастап белгіленген көптеген салық жеңілдіктері, сондай-ақ ірі акция ұстаушылар пайдаланатын артықшылықтар жойылады...

Керісінше, еңбекшілердің табыстарына және тұтынуға салынатын салықтар қысқартылатын болады...

V. Тәуелсіздік, бейбітшілік және ынтымақтастық

Франция өзінің тәуелсіздігін және егемендігін қамтамасыз етеді. Ол бейбітшілікке, бейбіт қатар өмір сүруге және қарусыздануға жәрдемдесетін болады. Ол түгелдей барлық елдермен ынтымақтасатын болады. Оның үкіметі Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын қатаң орындайтын болады...

Франция жанталаса қарулануды тоқтату мен қарусыздану туралы келіссөздердің бөріне белсенді түрде қатысатын болады.

Ол ядролық «екпінді күштерінен» бас тартады, жаппай қырып-жоятын қару өндіруді шектеуге бағытталған халықаралық шарттарға дереу қол қояды...

Франция демократиялық және бейбіт Еуропа құруға ұмтылатын болады. Оның үкіметі қазіргі кездегі әскери блоктар мен ұйымдарды тарату, барлық еуропалық мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздігі бағытында іс-қимыл жасайтын болады...

VI. Халық бірлігінің демократиялық үкіметі үшін

Біздің елімізде, дүниежүзіндегі сияқты, социализм күн тәртібінде тұр. Франция коммунистік партиясы ұсынған

үкімет бағдарламасын жүзеге асыру Францияның социализмге барар жолындағы кезең болады.

Осы жаңа, демократиялық саясаттың салтанат құруына қалай жетуге болады?

Дене еңбегімен және ақыл-ой еңбегімен айналысатын жалданып және жалданбай, қалаларда және ауылдарда жұмыс істейтін барлық еңбекшілердің бірігуі және бірлесе іс-қимыл жасауы арқылы...

Демократиялық партиялар мен ұйымдардың бірлесе өзірленген және бірлесе жүзеге асырылып жатқан ортақ үкімет бағдарламасы негізіндегі одағы арқылы...

Францияға халық бірлігінің демократиялық үкіметі қажет!

Хрестоматия по новейшей истории. 1945—1974.
Пособие для учителей. М., 1976. Ч. 2. С.162—165

8. КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫ МЕН ФРАНЦИЯ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

1971 жылы 30 қазанда Парижде КОКП Бас хатшысы Л. И. Брежневтің Францияға сапары нәтижесінде қол қойылған. Екі ел ынтымақтастығы принциптерінің КСРО мен Франция арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін зор маңызы бар, қоғамдық құрылысы өртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі мен өзара тиімді ынтымақтасуы принципінің одан әрі нақты дамуына жәрдемдеседі.

Бірінші. КСРО мен Франция арасындағы ынтымақтастық кеңес және француз халықтарының ортақ арман-тілектері мен мүдделеріне сай келеді және екі елдің өзара байланысына негізделуге тиіс.

Үшінші. КСРО мен Франция арасындағы келісім мен ынтымақтастық саясаты алдағы уақыттарда жүргізіле беретін болады; олардың қарым-қатынастарындағы тұрақты саясатқа және халықаралық өмірдегі тұрақты факторға айналуға тиіс.

Төртінші. БҰҰ Жарғысы принциптерінің ережелерін құрметтеуге негізделген екі ел арасындағы саяси ынтымақтастық — жанжалдар аудандарында бейбітшіліктің қалпына келтірілуіне, халықаралық шиеленістің бөсеңдеуіне, даулы мәселелердің бейбіт құралдармен реттелуіне, сондай-ақ экономикалық дамуға және халықтың жағдайының жақсаруына жәрдемдесу мақсатын көздейді.

Бесінші... Екі үкімет арасындағы саяси консультацияларға әдеттегі дипломатиялық арналарды, сондай-ақ олардың өкілдерінің арнаулы кездесулерін пайдалана отырып, жаңа серпін беріледі. <...>

Жетінші. КСРО мен Францияның Еуропадағы мүдделі мемлекеттермен бірлескен тығыз ынтымақтастығының... төмендегі принциптер бұлжытпай сақталған жағдайларда зор маңызы болмақ:

— қазіргі шекаралардың мызғымастығы;

— ішкі істерге араласпау;

— теңдік;

— тәуелсіздік;

— күш қолданудан немесе күш қолданамыз деп қоқан-лоқы жасаудан бас тарту.<...>

Он бірінші. КСРО мен Франция барлық салалардағы екі-жақты қатынастарын олар қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттердің тең құқылы ынтымақтастығының көрнекті үлгісі болатындай етіп орнататын болады.

Он екінші. Экономикалық және сауда алыс-берісінің дамытылуы... екі ел арасындағы байланыстарды нығайту үшін елеулі маңызы бар деп саналатын болады.

Он үшінші. Кеңес және француз халықтарының рухани қазыналары мен өзара баюына және олардың өздерінің мәдениеті мен қызметінің осы саладағы ежелгі қатынастарын, дәстүрлері мен достығын ескере отырып танысуын тұрақты жақсарту құралдарының дамытылуына жәрдемдесетін нәрселердің бәріне қолдау көрсетілетін болады...

Правда, 31 октября 1971 года.

9. КОКП ОК БАС ХАТШЫСЫ Л.И.БРЕЖНЕВТІҢ ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ В.ЖИСКАР Д'ЭСТЭНМЕН ЖҰМЫС БАБЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУЛЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

(Кеңес-француз мазмұндамасынан)

...Экономика мен өнеркәсіп саласындағы кеңес-француз ынтымақтастығын тереңдетудің онжылдық кезеңге арналған бағдарламасының хаттамасына қол қойылды... Кеңес Одағының Франция үшін табиғи газдың 1980 жылдан бастап, жалпы алғанда, жылына 4 млрд текше метр газ экспортталуын қамтамасыз ететін қосымша мөлшерін беру

туралы, сондай-ақ КСРО-ға тиісті француз жабдығының берілуі туралы келісім жасалуы ризашылық сезімімен атап өтілді. Мүдделі ұйымдар арасында Франциядан КСРО-ға газ желісіне арналған құбырлар жеткізу туралы және екі ірі магниттік іске қосқыштар зауытын салу туралы келісім шарт жасалды...

КОКПОК саяси бюросының, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының, КСРО Министрлер Кеңесінің шешімінен

Л. И. Брежнев жолдаспен президент В. Жискара д'Эстэннің жұмыс бабындағы кездесуі нәтижесінде екіжақты кеңес-француз қатынастарының дамытылуына жаңа серпін берілді.

Президент В.Жискара д'Эстэннің француз-кеңес ынтымақтастығы Францияның сыртқы саясатының негіз қалаушы элементі болып табылатыны туралы мәлімдемесі Кеңес Одағында ризашылықпен қарсы алынды.

Документы и материалы советско-французской встречи в Рамбуйе
4—7 декабря 1974 года. М., 1974. С.29, 37—38.

10. ХДО ГАМБУРГ БАҒДАРЛАМАСЫНАН (1953 ж.)

Конрад Аденауэр канцлер болған соңғы төрт жылда христиандық-демократиялық одақ Федеративтік Республикадағы неміс халқын ашаршылықтан, мұқтаждықтан және өлім қаупінен алып шықты.

Бундестагқа болашақ сайлау болатынына байланысты біз атқарылған жұмыс туралы есеп береміз және келесі бундестагқа арналған өз бағдарламамызды жариялаймыз.

Өмірдің барлық салаларында ірі және пешуші табыстарға қол жеткізілді.

[...]...бұл табыстарға біз бүкіл халықтың, барлық мамандықтардағы шығармашылық қызметкерлердің, неміс аналары мен үй шаруасындағы әйелдердің және шетелдік көмектің арқасында жеттік.

Бірақ біздің халқымыздың күші ұжымдық мәжбүрлеу және демократтық қамқорлықтан гөрі оның күш-жігеріне және оның қабілеттеріне көбірек сенгендіктен ғана еселене алды.

[...] I. Негізгі мемлекеттік-саяси талаптар.

Мемлекеттің міндеті — адамға қызмет ету. Жеке адам азамат ретінде тұтастық үшін жауапкершілікте болуы тиіс. Мемлекеттік биліктің жаппайлыққа қояр талабы жоқ, сондықтан біз жеке адамның моральдық жауапты шешімдер болуы мүмкін отбасы мен еркін сала құқығы жолында күресіп жатырмыз. Сондай-ақ азат ұйымдардың әлеуметтік өмірдегі өз саласы жолында күресіп жатырмыз.

Қоғамдық міндеттерді, ең алдымен, жергілікті өзін-өзі басқару арқылы орындау қажет. Мемлекеттік билікте өзін-өзі басқару саласына ене алмайтын міндеттер ғана бар.

Шіркеулердің қоғамдық өмірде маңызды міндеті бар, ол міндеттің орындалуы мемлекеттік биліктен толық еркіндік пен тәуелсіздік жағдайында қамтамасыз етілуге тиісті.

Мүдделілер тобының билікке қандай да болсын біржақты ұмтылуын біз қабылдамаймыз, өйткені саясат мақсаты баршаның игілігі ғана бола алады. Мүдделілер партиялары мемлекеттік тәртіптің көр қазушылары болып табылады. Ұсақ партиялар дұрыс саяси шешімдер қабылдауға бөгет жасайды.

[...] Біздің құқық тәртібіміз жетілдірілуі тиіс. Отбасылық құқықтың біз қуаттаған еркектер мен әйелдердің тең құқылығына бейімделуі кезіндегі отбасы мен некенің табиғи тәртібі Христиандық-демократиялық одақ үшін бастапқы пункт және басшылық болып табылады.

[...] Ұлтшыл-социализм кезінде қудаланған адамдарға келтірілген нұқсанның өтелуін осы бундестагтың реттеуі қажет. Өтеу кезінде пайда болған әділетсіз қатігездік тиісінше жеңілдетілуге тиіс.

[...] Өздерінің ең жақсы дәстүрлеріне адал бола отырып, халықпен әрқашан да байланысты болған неміс солдаттарына біз моральдық тұрғыдан парыздармыз. 1945 жылғы күйреуден кейін өз борышына адал неміс солдаттарына қатысты байқалған әділетсіздік олардың ар-ұжданына байланысты емес. Айыпталған әскерилер туралы мәселенің әділ реттелуіне біз ерекше ұмтылып отырмыз. Негізгі заңның 131-бабына дереу толықтыру енгізу бұрынғы кәсіпқой солдаттарды, әсіресе кәсіпқой унтер-офицерлерді қамтамасыз етудегі әділетсіздіктің орнын толтыруға тиіс.

[...] Христиандық-демократиялық одақ христиандар қолдап отырған бүкіл неміс халқы өмірінің ортақтығына ұмтылуда. Шешілген конфессиялық дауды қайтадан

өршітудің барлық әрекеттерін біз батыл түрде және бір-ауыздан қабылдамаймыз. [...]

История Германии в 3-х томах.
Документы и материалы. Кемерово, 2005.
Т. 3 С. 420—421.

11. ГСДП ПРИНЦИПТЕРІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫНАН (1959 ж.)

Бағдарлама партияның Бад-Годесбергтегі кезектен тыс съезінде 1959 жылы 13—15 қарашада қабылданып, 1989 жылға дейін қолданылды.

[...] *Социализмнің негізгі құндылықтары*

Социалистер әрбір адам адамзаттың саяси-экономикалық және мәдени өміріне басқа адамдармен бірге қатысу жауапкершілігін түсіне отырып, өзін бостандық жағдайларында [...] дамыта алатын қоғамға ұмтылады.

[...] Еуропада христиандық этикаға, гуманизмге және классикалық философияға терең тамыр жайған демократиялық социализм ешқандай түпкі ақиқаттарды жариялағысы келмейді [...]

Германия социал-демократия партиясы [...] өзіне діни сенімі мен нанымы әртүрлі адамдар кіретін қоғамдастық болып табылады. Олардың ынтымағы ортақ негізгі адамгершілік құндылықтарына және бірдей саяси мақсаттарға негізделген. Социал-демократиялық партия өмірді осы құндылықтар рухында орнатуға ұмтылуда [...]

Қоғамға қойылатын адамға лайық негізгі талаптар

[...] Соғыс саясат құралы болмауға тиіс.

Барлық халықтарда дүниежүзінде қол жеткен әлауқатты пайдаланудың тең мүмкіндігі болуға тиіс [...]

Біз демократияны жақтаймыз. Ол мемлекеттің және бүкіл өмірдің жалпыға бірдей құрылғысына айналуға тиіс, өйткені ол адамның қадір-қасиеті мен оның жеке жауапкершілігін құрметтеудің белгісі болып табылады.

Біз қандай да болсын диктатураға, тоталитарлық немесе авторитарлық үстемдіктің кез келген түріне қарсы тұрамыз, өйткені олар адамның қадір-қасиетін елемейді, оның бостандығын жояды және құқығын аяқасты етеді. Социализм тек демократия арқылы, ал демократия — социализм арқылы жүзеге асырылады.

Коммунистер социалистік дәстүрлерге түсініктеме жасауға құқылы емес. Олар іс жүзінде социалистік идеялы байлықты бұрмалады. Социалистер бостандық пен әділеттілікті жүзеге асырғысы келеді, ал коммунистер болса, қоғамдағы бөлшектелуді өз партиясының диктатурасын орнату үшін пайдаланады.

Мемлекеттік құрылыс

Социал-демократиялық партия. Германия бүкіл неміс халқының ортасында өмір сүріп, іс-қимыл жасауда. Ол Германия Федеративтік Республикасының Негізгі Заңын жақтайды. Негізгі Заң рухында қамтамасыз етілген бостандық жағдайларындағы Германия бірлігіне ұмтылады.

Германияның жікке бөлінуі бейбітшілікке қатер төндіреді. Ол жікті жоюдың неміс халқы үшін өмірлік қажеттілігі бар.

Тек қайта қосылған Германияда бүкіл халық өзін-өзі еркін билеу жолымен мемлекет пен қоғамның мәні мен нысанын белгілей алады.

[...] Германия социал-демократиялық партиясы өз жағдайларында мемлекеттік билік халықтан басталатын, ал үкімет *парламент* алдында әрқашан жауапты болатын демократияны жақтайды және ол парламенттің сенімін үнемі қажет ететіндігін түсінеді. [...]

Ел қорғанысы

Германия социал-демократиялық партиясы қоғамның еркін-демократиялық құрылысының қорғалуын жақтайды, ол ел қорғанысын мақұлдайды.

Ел қорғанысы Германияның саяси және биографиялық жағдайға сәйкес келуге және осыған байланысты халықаралық шиеленісті бөсеңдету үшін, пәрменді бақыланатын қарусыздану және Германияның қайта қосылуы үшін қажетті шектерді сақтауға тиіс. Қарапайым халықты қорғау — ел қорғанысының елеулі құрамдас бөлігі.

Германия социал-демократиялық партиясы жаппай қырып-жоятын құралдарға дүниежүзінде халықаралық-құқықтық тыйым салынуын талап етеді.

Германия Федеративтік Республикасы атом қаруын және басқа да жаппай қырып-жою құралдарын жасауға да, қолдануға да тиіс емес.

[...] Елдің қарулы күштері тек ел қорғанысына қызмет етуге міндетті.

Германия социал-демократиялық партиясы ар-ұзданы тұрғысынан қолына қару алатын немесе жаппай қырып-жою құралдарына байланысты қызметтен бас тартатын өрбір азаматты өз қорғауына алады. [...]

Экономикалық және әлеуметтік құрылыс

Социал-демократиялық экономикалық саясаттың мақсаты — баршаның ұдайы жақсарып келе жатқан әл-ауқаты мен халық шаруашылығының табыстарына әділ түрде қатысуы, бостандық жағдайларындағы адамға лайықсыз тәуелсіздік пен қанаусыз өмір.

Тұрақты экономикалық өрлеу

[...] Тоталитарлық мәжбүрлеу экономикасы бостандықты бұзады. Сондықтан социал-демократиялық партия шынайы бәсекелестік, үнемі үстемдік ететін еркін нарықты жақтайды. Рыноктар жекелеген адамдардың немесе топтардың басым үстемдігіне тап болатын жерлерде экономикадағы бостандықты сақтау үшін сан алуан шаралар қажет етіледі. Бәсеке — мүмкіндігінше, жоспарлау — қажетінше!

Меншік және билік

[...] Ірі экономиканың билігін ауыздықтау еркін экономикалық саясаттың басты міндеті болып табылады. [...] Мемлекет пен қоғам мүдделер бойынша қуатты құқықтардың құрбандарына айналмауға тиіс.

Өндіріс құралдарына жекеменшік әділетті әлеуметтік құрылыстың жасалуына бөгет болмайтын дәрежеде қорғауға және көтермелеуге құқылы. Өмірге қабілет орташа және ұсақ кәсіпорындардың ірі кәсіпорындармен экономикалық бәсекеге төтеп бере алуы үшін оларды нығайту керек.

[...] Қоғамдық меншік бірде-бір осы заманғы мемлекет бас тарпайтын қоғамдық бақылаудың заңды нысаны болып табылады. Ол бостандықты ірі экономикалық құрылымдардың астам билігінен қорғау мақсаттарында қызмет етеді. [...]

Табыс пен мүлікті бөлу

[...] Табыс пен мүлік әділ бөлінбеген. Мұның өзі дағдарыс, соғыс және құнсыздану нәтижесінде мүлікті жаппай жоюдың салдары ғана емес, сонымен бірге бұған табыс пен мүліктің азын-аулақ адамдар қолында шоғырлануына және кедейлердің кемсітілуіне қолайлы жағдай жасалған экономикалық және салық саясаты едәуір дәрежеде кінәлі.

Социал-демократиялық партия адамдардың бәрінде еркін шешу жолымен үдемелі табыстан өз мүлкін жасауына мүмкіндік болатын өмір жағдайларын қалыптастырғысы келеді. Мұның өзі әлеуметтік өнімнің тұрақты ұлғаюын оның әділ бөлінуін көздейді. [...]

Ауыл шаруашылығы

[...] Шаруаның жерге жекеменшігі қуатталады. Өміршен отбасылық шаруашылықтар осы заманғы талаптарға сай келетін жер және жалдау құқығымен қорғалуға тиіс. Оларды экономикалық және әлеуметтік жағынан нығайту қажет.

Кооперацияны көтермелеу — ұсақ және орташа шаруашылықтардың дербестігін сақтай отырып, олардың өнімділігін арттырудың ең тиімді жолы.

Кәсіподақтар экономикада

Барлық жұмысшылардың, қызметшілердің және шенеуніктердің бірігуге құқығы бар. [...] Ереуіл жасау құқығы жұмысшылар мен қызметшілердің өзінен-өзі түсінікті негізгі құқықтарына жатады.

[...] Демократия кәсіпорындарда және бүкіл экономикада жалданып жұмыс істейтіндердің қатысуын қажет етеді. Жалданып жұмыс істейтін адам экономика құзырындағы адамнан экономика азаматына айналуы тиіс. [...]

Әлеуметтік жауапкершілік

[...] Өрбір азаматтың қартайғанда, кәсіптік немесе жалпы еңбек ету қабілетінен айырылғанда немесе асыраушысы қайтыс болған жағдайда ең төмен мемлекеттік зейнетақы алуға құқығы бар. Ол адам жеке еңбегімен тапқан неғұрлым жоғары зейнетақы алуға негіз болып табылады. Осылайша өз еңбегі арқылы қол жеткен өмір деңгейі қамтамасыз етілуге тиіс.

[...] Ауырған жағдайда әрбір адамның, өзінің экономикалық жағдайына қарамастан, медицина ғылымы жеткен деңгейге сәйкес емдеудің кез келген түріне даусыз құқығы бар. [...]

Жалақы толық тенелген жағдайда жұмыс күнінің ұзақтығын экономиканың дамуы мүмкіндік беретіндей дәрежеде үнемі қысқарту керек.

[...] Өркімнің адамға лайықты тұрғын үй алуға құқығы бар. Тұрғын үй — отбасының панасы. Сондықтан ол алдағы уақытта да әлеуметтік қорғаныста болуға және пайда табуға жеке ұмтылысқа ғана бағындырылмауы тиіс. [...]

Әйел — отбасы — жастар

Әйелдердің тең құқылығы құқықтық әлеуметтік қатынастарда жүзеге асырылуы тиіс. Тәрбиелеу мен білім беруге, мамандық таңдауда, кәсіптік қызметте және еңбекке ақы төленуде әйелдің мүмкіндігі еркектермен тең болуы тиіс. Әйелдің психологиялық және биологиялық ерекшеліктері сөзсіз ескерілуі тиіс. Әйелдердің үйдегі еңбегі кәсіптік еңбек ретінде танылуы тиіс. Үй шаруасындағы әйелдер мен аналар ерекше көмек көрсетілуін қажет етеді. Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалары бар аналар материалдық себептер бойынша жұмысқа шығуға мәжбүр болмауы тиіс.

[...] Дін және шіркеу

[...] Социализм дінді ауыстырмайды. Социал-демократиялық партия шіркеуді және діни қауымдастықтарды, олардың ерекше миссиясы мен өзіндік ерекшелігін құрметтейді. Социал-демократиялық партия олардың көпшілік-құқықтық қорғалуын жақтайды.

Ол шіркеу және діни қауымдастықтармен еркін әріптестік рухында ынтымақтасуға әрқашан дайын.

Мектеп

[...] Жастар мектептерде және жоғарғы оқу орындарында өзара құрмет рухында, бостандық, дербестік, әлеуметтік жауапкершілікті түсіну рухында демократия мен халықтар арасындағы өзара түсіністік рухында тәрбиеленуі тиіс. *[...]*

[...] Әрбір қабілетті оқушыға неғұрлым жоғары деңгейде мектептер мен оқу орындарына жол әрқашан ашық болуға тиіс. Барлық мемлекеттік мектептер мен жоғары оқу орындарында оқу тегін болуы керек. Сол мектептермен жоғары оқу орындарындағы оқу материалдары мен оқу құралдары тегін берілуі тиіс.

Мектепте жалпыға бірдей міндетті онжылдық оқу енгізілуге тиіс. Кәсіптік мектептер арнаулы ғана емес сондай-ақ азаматтық білім беру мен тәрбие ісіне де қызмет етуі керек. *[...]*

[...] Біздің жол

[...] Социал-демократиялық партия жұмысшы табының партиясынан халықтың партиясына айналды. Ол өнеркәсіптік революция және өмірдің барлық салаларын техникаландыру барысында босайтын күштерді барша халық үшін бостандық пен әділеттілік қызметіне қойғысы келеді.

Коммунистер бостандықты түбегейлі басып-жаншуда. Олар адам құқықтарына, жеке адам мен халықтардың өзін-өзі билеу құқығына зорлық-зомбылық жасауда. Олардың билік аппаратына қарсы адамдар қозғалысы қазіргі кезде коммунистер басқаратын елдерде де ұлғайып келеді. Онда да өзгерістер болып жатыр. Онда да бостандыққа деген ұмтылыс күшейіп келеді, оны ешқандай үстемдік ұзақ және толық басып-жанши алмайды. Бірақ коммунистік билеп-төстеушілер өз айқындамаларын сақтау жолында күресуде. Өз халықтарының арқасында олар экономикалық және әскери билік орнатып, ол бостандыққа барған сайын төнетін қатерге айналуға.

Сондықтан дүниежүзінің үміті барлық ізгі ниетті адамдармен бір қалыпты өмір сүруге лайық, мұқтаждық пен үрейден ада, соғыстар мен езгіден ада қоғам орнатуға ұмтылып отырған демократиялық социализмнің негізгі құндылықтарына сүйенетін құрылыс болып табылады. [...]

Поттхофф Х., Миллер С. Краткая история СДПГ. 1848—2002: Пер. с нем. Приложения. М., 2003. С. 504—517.

12. КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫ МЕН ГЕРМАНИЯ ФЕДЕРАТИВТІК РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ШАРТ

1-бап.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен Германия Федеративтік Республикасы халықаралық бейбітшілікті сақтау мен шиеленіс бәсеңдігіне жетуді өз саясатының маңызды мақсаты деп санайды.

Олар Еуропада жағдайдың қалыпқа келтірілуіне және Еуропадағы барлық мемлекеттер арасында бейбіт қатынастардың дамытылуына ұмтылыс білдіреді...

2-бап.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен Германия Федеративтік Республикасы өздерінің өзара қатынастарында, сондай-ақ Еуропалық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында тұжырымдалған мақсаттар мен принциптерді басшылыққа алатын болады.

3-бап.

[Екі ел] Еуропада бейбітшілікті тек қазіргі шекараларға ешкім қол сұқпайтын жағдайда ғана сақтауға болатынын бірауыздан таниды...

Олар Еуропадағы барлық мемлекеттердің шекараларын, соның ішінде Поляк Халық Республикасының батыс шекарасы болып табылатын Одер—Нейсе шебін және Германия Федеративтік Республикасы мен Германия Демократиялық Республикасы арасындағы шекараны осы шартқа қол қойылған күндегідей қалпында қазір де, болашақта да мызғымайды деп санайды.

4-бап.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы осы шарт олар бұрын жасасқан екіжақты және көпжақты шарттар мен келісімдерге қатысты емес.

Правда, 13 августа 1973 года.

13. «ЖАСЫЛДАР» ПАРТИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫНАН (1980 ж.)

[...] Біздің саясат:

— экологиялық, өйткені біз үшін және болашақ ұрпақ үшін өмірдің табиғи негіздерінің сақталуына артықшылық береді, және адамдардың қажеттері мен шығармашылық қабілеттерін бағдар етеді [...];

— әлеуметтік, өйткені экономикалық дағдарысты адамдардың өзін-өзі билеуі мен еркін дамуы ынтымақтаса және қоршаған дүниемен үйлесімді жүзеге асырылатын жағдайда ғана жоюға болады [...];

— базисті-демократиялық, өйткені біз төте демократияны жақтаймыз. Сол арқылы қоғамдық мәселелердің шешімі барынша пәрменді және айқын болады. Демократияның бұл нысаны орталықсыздандырылған деңгейде бөрінен де жақсы жүзеге асырылады. Біз азаматтар өз билігіне дәрменсіз берілген үдемелі төрешілдікке қарсы, экономика аппараты мен мемлекет тарапынан үдеп келе жатқан озбырлық пен қиянаттарға қарсы шығып отырмыз;

— зорлық-зомбылықтан азат, өйткені адамды басып-жаншуды және бір адамдардың күшін басқаларына қарсы пайдалануды тек содан азат қоғамда ғана тыюға болады.

Ұлттық және халықаралық деңгейлерде күш және күшпен қоқан-лоқы жасау саясаты үстемдік құрып отырған кезде біз қарсыласудың күш қолданылмайтын сан алуан тәсілдерін жақтаймыз. Сондай нысандар, мысалы, «азаматтық ырыққа көнбеу» немесе белсенді әлеуметтік қарсыласу болып табылады. [...]

История Германии в 3-х томах. Документы и материалы.
Кемерово, 2005. Т. 3. С. 434.

14. ФЕДЕРАЛДЫҚ КАНЦЛЕР ХЕЛЬМУТ КОЛЬДІҢ МӘЛІМДЕМЕСІНЕН

13 қазан, 1982 жыл.

Хельмут Коль (1930 ж. туған) — ХДО қайраткері, 1973—1999 жж. партия төрағасы, бундестаг депутаты, федералдық канцлер (1982—1998 жж.). Өзін К.Аденауэрдің «саяси немересімін» деп талай рет атаған.

ХДО, ХӨО, ЕДП біріккен коалициялық орталық өз жұмысын Германия Федеративтік Республикасы өмір сүріп келе жатқан уақыт ішіндегі аса ауыр экономикалық дағдарыс жағдайларында бастады. Бұл дағдарыс біздің мемлекетіміздің әрекет жасауға қабілетті екеніне көптеген адамдардың, көптеген азаматтарымыздың сенімін азайтты. Жаңа үкімет қажет болды. Өйткені бұрынғы үкімет жұмыссыздыққа қарсы күресуге, әлеуметтік қорғанысты қамтамасыз етуге және тоқыраған мемлекеттік қаржы жүйесін ретке келтіруге дәрменсіз екенін көрсетті [...].

Салық аударымдарының өскені соншалық бүгінде қызметкер өзі тапқан марканың түп-тура 60 пфеннигін салықтар мен алымдар түрінде беруге тиіс болып отыр. Бірақ мұның өзі де жетіспеуде; мемлекет осыған қарамастан, едәуір дәрежеде қарызға батқан. Мұндай жағдайда — ал мұны әркім біледі — экономикалық өсім болмайды [...].

Біздің экономикалық дамудағы, жұмыспен қамтудағы қаржыдағы өз мәселелеріміз көп жағынан алғанда Герман экономикасының жаңа сыртқы экономикалық қыр көрсетулерге шамасы жетпей отырғанының нәтижесі болып табылады. Мемлекетке қойылатын талаптар және әлеуметтік қолдау жүйесі экономиканың тұрақты және елеулі өсуі туралы оптимистік ұғымдарға бағдарланды. Экономикалық дамудың жоғары қарқындарының кезені аяқталған кезде қажетті қорытындылар жасауды және

түзету енгізуді түсіну және солай істеу жетіспеді. Өзгерістер біршама шағын күш жұмсай отырып, мүмкін болған кезде сол өзгерістердің жасалмауы бүгінде оның орнын неғұрлым қинала және ұзақ уақыт толтыру қажеттігін туғызды.

[...] Біз экономикалық дағдарыс жағдайына ғана тап болып отырған жоқпыз. Үрей мен абыржушылықтан, экономикалық құлдырау алдындағы үрейден, жұмыс орны үшін алаңдаушылықтан қоршаған ортаның бүлінуі алдындағы, жанталаса қарулану алдындағы үрейден, жастардың өз болашағы алдындағы үрейден туындаған күшті сенімсіздік орын алып отыр.

Болашақтың мәселесі — мемлекеттің өз азаматтары үшін қаншалықты көп нәрсе істей алатындығында емес. Болашақтың мәселесі — бостандықтың, серпінділіктің және жеке жауапкершіліктің жаңаша қалай өріс алатынында. Орталық коалициясы осы идеяға негізделген. [...] Біз мемлекетті оның бастапқы және шынайы міндеттеріне қайтып оралтқымыз келеді. Біз адамдар өлім әлде бір нәрсе қабілетті деп санайтын мемлекетке үміт артпайтын қоғам көргіміз келеді. Біз табиғат алдында жауапты қоғам болуын қалаймыз. [...] Біздің халқымыз жаңа үміттерге өз күшіне деген жаңа сенімді қажет етеді. Біздің жаңару саясатымыздан азаматтарымыздың көп нәрсе күтетіндігін біз білеміз. [...]

История Германии в 3-х томах. Документы и материалы.
Кемерово, 2005. Т. 3. С. 434-435.

15. ФЕДЕРАЛДЫҚ ПРЕЗИДЕНТ РИХАРД ФОН ВАЙЦЕКЕРДІҢ БУНДЕСТАГТАҒЫ СӨЗІНЕН

8 мамыр, 1985 жыл.

Рихард фон Вайцекер (1920 ж. туған) — ХДО қайраткері, 1938—1945 жж. әскери қызметте, 1950—1966 жж. өнеркәсіптегі қызметте, 1964—1984 жж. евангелдік шіркеу Одағының германдық президенті және Синод мүшесі, 1969—1981 жж. ХДО-дан бундестаг депутаты, 1981—1984 жж. Батыс Берлиннің басқарушы бургомнистрі, 1984—1994 жж. федералдық президент.

Еуропада Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған күнді бүгін көптеген халықтар еске түсіруде. Бұл жағдайда әрбір халық өз тағдырына сәйкес, өз сезімдеріне бөленуде. Жеңіс немесе жеңіліс, құқықсыздықтан және жат үстемдіктен азат болу немесе жаңа тәуелсіздікке өту, бөліну, жаңа одақтар,

күштердің орналасуындағы орасан зор өзгерістер 1945 жылдың 8 мамыры Еуропа үшін шешуші тарихи мәні бар күн болып табылады.

Біз, немістер, бұл күнді өз арамызда атап өтіп отырмыз, бұл қажет [...]. Біз қаншалықты жақсы істей алатынымызға қарай, ақталусыз және сыңаржақтылықсыз шындықтың көзіне қарауды қажет етеміз және ол үшін күшіміз бар.

[...] 8 мамыр біздер, немістер, үшін мерекелік күн емес. Оны саналы түрде бастан кешкен адамдар жекебасының өткендегісі туралы ойлайды. Олардың ойлары қарама-қайшы. Біреуі үйіне қайтып оралды, басқасы баспанасыз қалды. Біреуі азат етілді, басқасы тұтқынға түсті. Көптеген адамдар түнгі бомбалаулар мен үрейдің біткені, одан өздерінің аман қалғаны үшін алғыс сезімде болды. Басқаларының өз отанының толық жеңілуіне байланысты жаны ауырды. Немістердің бірі қиялдарының күйрегеніне қатты қайғырды, басқалары жаңа өмір бастаудың сыйға тартылған мүмкіндігі үшін алғыс сезімде болды.

[...] Әйтсе де бөріміз бірге: 8 мамыр азаттық күні болды деп айтуымыз керек екені күннен-күнге айқын бола түсті. Ол біздің бөрімізді ұлтшыл-социалистік озбырлықтың адамды жек көретін жүйесінен азат етті. Осы азаттыққа байланысты 8 мамырда және одан кейін көптеген адамдар үшін қандай ауыр азаптар басталғанын ешкім ұмытпайды. Бірақ біз олардың қашуының, қуылуының немесе бостандықта болмауының себебін соғыстың аяқталуынан көруге тиіс емеспіз. Мұның себебі көбінесе соғыстың басталуында және сол соғысқа әкеліп соққан озбырлықтың түп тамырларында жатыр. Біз 1945 жылғы 8 мамырды 1933 жылғы 30 қаңтардан [Германияға ұлтшылдар келген күн] бөліп қарамауға тиіспіз.

[...] Өңгіме тарихты жеңу жайында болып отырған жоқ. [...] Оны өтіп кеткен күнмен өзгертуге немесе орын алмағандай етіп көрсетуге болмайды. Ал өткен кезеңге көз жұмып қарайтын жан қазіргі кезең алдында көр соқыр болады. Рақымсыздық туралы ойлағысы келмейтін жан жаңа қауіп-қатерді қайтадан қабылдағыш келеді [...].

Бізде жаңа ұрпақ саяси жауапкершілікке қадам басып отыр. Сол кезде болған нәрселер үшін жас ұрпақ жауапты емес. Бірақ олар соның тарихтағы зардаптары үшін жауапты.

История Германии в 3-х томах. Документы и материалы.
Кемерово, 2005. Т. 3. С. 436.

16. ФЕДЕРАЛДЫҚ КАНЦЛЕР Х.КОЛЬДИҢ ГДР БАСШЫСЫ
Э.ХОНЕККЕРДІҢ БОННҒА ЖҰМЫС САПАРЫНА
БАЙЛАНЫСТЫ СӨЗІНЕН

7 қыркүйек, 1987 жыл.

[...] Бұл жұмыс бабындағы сапар Германиядағы екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды адамдардың игілігі үшін одан әрі дамытуға кең мүмкіндіктер ашады. [...] Принциптілік тұрғысынан бізді бөліп отырған нәрселер практикалық ынтымақтастыққа бөгет жасамауға тиіс. [...]

Федералдық үкімет ұлт бірлігін жақтайды, [...] бұл айқындама қарым-қатынастар негіздері туралы шартта және неміс бірлігі туралы хатта өз бейнесін тапты. Сонымен бірге біз күш қолданудан бас тартатынымызды тағы қуаттаймыз, ол Германия Федеративтік Республикасы құрылған сәттен бастап оның саясатының басты элементі болды және солай болып қала береді. Біз қазіргі шекараларды құрметтейміз, бірақ біз жікті өзара түсіністік үдерісі арқылы бейбіт жолмен жойғымыз келеді. [...]

Шығыс—Батыс қатынастарындағы қандай да болсын прогресс, сондай-ақ екіжақты қатынастарды дамыту үшін мүмкіндіктер ашады. Екінші жағынан, екі неміс мемлекеті екіжақты қатынастарды дамыту жолымен Шығыс—Батыс қатынастарында сенім мен ынтымақтастық пайда болуына жәрдемдесе алады, сол арқылы қауіпсіздік мәселелерінің шешімін жеңілдетеді. [...]

Өткен жылдардың ішінде біз бірлесе отырып көп нәрсеге қол жеткіздік. Екінші жағынан, көптеген мәселелер бұрынғысынша ашық күйінде қалып отыр. Біз үшін адамдар арасындағы барлық деңгейдегі, өмірдің барлық салаларындағы қатынастар бірінші орында тұр. Біз жолаушылар қатынасының ұлғаюын құптаймыз. Қазіргі кезде бар шектеулер бірте-бірте азаюы тиіс. [...]

Біз жас ұрпақ арасында бұрынғыдан да көлемді алыс-беріс болуын, туризмнің кеңейтілуін, жекелеген спорттық және мәдени кездесулер үшін сан алуан мүмкіндіктер бар, қалалар серіктестігінің одан әрі дамытылуын қалаймыз. [...] Өзара таныстықтың маңызы зор және соқыр сенімдердің жойылуын қалаймыз. [...] Әңгіме әрқашанда, ең алдымен, адамдар жайында болады. Сондықтан адам құқығы мен

гуманитарлық мәселелердің біздің қатынастарымызда бірінші дәрежелі маңызы бар. [...]

Deutsche Geschichte in Quellen und Darstellung. Bd.
11... S. 145—149. Перевод О.И. Юценко

17. ФЕДЕРАЛДЫҚ КАНЦЛЕР Х.КОЛЬДИҢ 10 ПУНКТТЕН ТҰРАТЫН БАҒДАРЛАМАСЫНАН

28 қараша, 1989 жыл.

[...] Неміс бірлігіне жеткізер жолды, мұны біздің бәріміз білеміз, стол басында отырып күнтізбе бойынша жоспарлауға болмайды. [...] Алайда біз сол мақсатқа жеткізетін кезеңдерді күні бүгін өзірлей аламыз. Мен мұны 10 пункттен тұратын бағдарлама негізінде түсіндіргім келеді:

Біріншіден, шұғыл шаралар [...] әсіресе босқындарға және жол жүру мен хабарлаудың жаңа тәртібіне байланысты қажет. Федералдық үкімет нақты шұғыл көмек көрсетуге әзір. [...] Біз гуманитарлық салада және медицинамен қамтамасыз етуге көмектесетін боламыз. [...] Біз өтпелі кезеңде валюталық қорға үлес қосуға әзірміз. Мұның шарты ГДР-де валютаның қажетті ең аз санын айырбастау, оған кіруді едәуір жеңілдету және ГДР-дің бұл қорға елеулі үлес қосуы қажет.

Екіншіден, федералдық үкімет бұрынғы кездегідей, ГДР-мен барлық салалардағы, адамдарға тікелей пайдалы болатын ынтымақтастықты одан әрі жалғастыратын болады. [...]

Үшіншіден, мен ГДР-де саяси және экономикалық жүйені өзгерту түпкілікті және біржолата басталатын болса, біздің көмегімізді және біздің ынтымақтастығымызды елеулі түрде ұлғайтуды ұсындым. «Біржолата» біз үшін [...], ГДР-дің мемлекеттік басшылығы конституцияны және сайлау туралы жаңа заңды өзгерту мәселелерінде оппозициялық топтармен келісетінін білдіреді [...] ГСБП-ның билікке монополиясының күші жойылуға тиіс.

Төртіншіден, премьер-министр Модров өзінің үкімет мәлімдемесінде шартты қауымдастық туралы айтқан еді. Біз бұл ойды қолдауға әзірміз, өйткені Германиядағы екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың жақындығымен ерекше сипаты барлық салада және барлық деңгейде [...], әсіресе экономика, көлік, қоршаған ортаны қорғау,

ғылым мен техника, денсаулық пен мәдениет салаларында келісімдердің болуын қажет етеді [...]

Бесіншіден, Біз, сондай-ақ алға қарай тағы да бір батыл қадам жасауға, ал нақты айтқанда: Германиядағы екі мемлекет арасындағы конфедеративтік құрылымды федерация, яғни Германияда мемлекеттік федеративтік тәртіп орнату мақсатында дамытуға әзірміз. Бірақ мұның өзі ГДР-де демократиялық заңды үкімет болуын қажет етеді [...] Институциялық ынтымақтастық жаңа нысандарының қалай біртіндеп құрылатынын және ұлғайтылатынын, нәтижесінде қайтадан Біріккен Германияның қандай болатынын бүгінде ешкім білмейді. Бірақ та егер Германиядағы адамдар қалайтын болса, бірлікке қол жететін болады, мен бұған кәміл сенемін.

Алтыншыдан, ішкі Герман қатынастарының дамытылуы жалпы Еуропалық үдеріс арнасында қалып келеді, мұның өзі Батыс — Шығыс қатынастарында да қалып келе жатқанын білдіреді. Германияның болашақ сәулеті біртұтас Еуропаның болашақ сәулетіне кіріктірілуі тиіс. [...]

Жетіншіден, [...] Еуропалық қауымдастықтан қазір реформаларға бағдарланған Орталық Шығыс және Оңтүстік Еуропа мемлекеттері жөнінде ашықтық пен икемділік қажет етіледі.

Сегізіншіден, ЕҚЫҰ үдерісі жалпы Еуропалық сәулеттің өзегі болып табылады. Біз оны одан әрі дамытқымыз келеді. [...] Біз жалпы Еуропалық ынтымақтастықтың жаңа институциялық нысандары туралы ойлауға тиіспіз. [...]

Тоғызыншыдан, Еуропаның бөлінуін және Германияның бөлінуін жою, қарусыздану мен қару-жараққа бақылау жасау жөніндегі алысты көздейтін және үздіксіз қадамдар жасалуын қажет етеді. [...]

Оныншыдан, өзіміздің кең көлемді саясатымызбен біз, Еуропадағы бейбітшілік жағдайына ықпал жасап отырмыз, сол бейбітшілік жағдайларында неміс халқы өз ойын еркін білдіре отырып, өз бірлігіне қайтадан жете алады. Қайта қосылу, яғни Германияның мемлекеттік бірлігіне қайтадан жету федералдық үкіметтің саяси мақсаты болып отыр. [...]

[...] неміс бірлігіне жетер жолда бүгінде ешкім де тиісінше егжей-тегжейлі жауап бере алмайтын көптеген қиын мәселелер тұрғанын біз түсінеміз. [...]

Герман мәселесінің шешімін жалпы Еуропалық дамумен және Батыс—Шығыс қатынастарымен байланыстыру [...]

негізгі дамуды мүмкін етіп отыр. Ол барлық қатысушылардың мүдделерін ескереді және — бұл біздің мақсатымыз — Еуропада бейбіт және еркін дамуға жол ашады [...] Бұл жағдайда әңгіме шешуші дәрежеде, сондай-ақ бұл үдеріске біздер, немістер қосатын үлес туралы болып отыр. Біз тарихтың алға қоятын осы міндетін қабылдауға тиіспіз.

История Германии в 3-томах. Документы и материалы.
Кемерово, 2005. Т.3. С.485—488.

18. ФЕДЕРАЛДЫҚ КАНЦЛЕР ГЕРХАРД ШРЁДЕРДІҢ БУНДЕСТАГТАҒЫ ҮКІМЕТ МӘЛІМДЕМЕСІНЕН

10 қараша, 1998 жыл.

Герхард Шрёдер (1944 ж. туған) — білімі заңгер, 1963 жылдан ГСДП мүшесі, өзін Вилли Брандттың «саяси немерелері» ұрпағына жатқызады. 1980 жылдан бундестаг депутаты, 1998 жылдан бастап федералдық канцлер.

[...] Бұл билік ауысуы демократияның қалыпты жұмыс істеуінің пісуі жеткен демократиялық сана-сезімнің көрінісі болып табылады. Германия тұрғындарының оңшыл радикалдық және шетелдіктерге қастандық үрдістеріне нақты тойтарыс бергенін біз мақтан ете аламыз.

Біздің алдымызда орасан зор міндеттер тұр. [...] Бәрінің негізіне экономикалық тиімділік алынып отырғанын біз білеміз. Сондықтан біздің борышымыз экономиканы жаңғырту, әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру және оған кепілдік беру; еуропалық үйде экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрғыдан біртұтас валюта «еуро» табысқа жете алатындай етіп ұлғайту; Германияның ішкі бірлігінің үдерісін алға қарай жылжыту; және ең бастысы [...] — жұмыссыздықты қысқарту; бар жұмыс орындарын сақтау және жаңа жұмыс орындарын ашу.

Бұл үшін бізге жаңа кәсіпорындар, жаңа өнімдер, жаңа рыноктар, инновациялық үдерістердің жеделдетілуі, кәсіптік даярлықтың жақсаруы және салықтар мен аударымдар саласындағы саясат — кәсіптік қызметті жақсарту үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасайтын саясат керек.

Алдын ала қаржы сараптамасының нәтижелері [...] жағдайдың елеулі екенін дәлелдейді. Федерацияның қарызы триллион неміс маркасынан асып кетті. [...] Мұраға қалған осы қаржы ауыртпалығы бізді бюджетті батыл түрде шоғырландыру бағытын жүргізуге мәжбүр етуде. [...]

Мемлекет неғұрлым нысаналы және үнемді іс-қимыл жасауға тиіс. Мемлекеттік игіліктермен қиянат жасауды тыю қажет. Субсидиялар мен әлеуметтік төлемдер беру бұрынғы кездерге қарағанда неғұрлым мақсатты болады, шын мәнінде мұқтаж адамдарға бағдарланады.

1. Біз бәрін де басқаша істегіміз келмейді, бірақ көп нәрсені жақсырақ істегіміз келеді [...] Біз қоғамды топтастыруға біздің елімізде орын алып отырған әлеуметтік, географиялық және идеялық-мәдени жіктелу күйзелісін жоюға ұмтылып отырмыз. Біз Германияны батыл түрде жаңғыртамыз және ішкі бірлік үдерісін белсенді түрде алға жылжытамыз.

Үкіметтің қазіргі ауысуы — біздің ұлт өмірінде ұрпақтардың ауысуы да. Біздің еліміздің бейнесін Екінші дүниежүзілік соғыс сұмдықтарын бастан кешпеген ұрпақ барған сайын көбірек қалыптастыруда. Бірақ мұны біздің тарихи жауапкершілігімізден бас тарту деп қабылдау қауіпті болар еді. Әрбір ұрпақ өз әулетіне белгілі бір ауыртпалық қалдырады. Сондықтан ешкімнің шарапатқа арқа сүйеуіне және «кейінгі кезде тудым» деген сылтау айтуына болмайды.

[...] Біздің көпшілігіміз жетпісінші және сексенінші жылдары азаматтық құқықтар жолындағы қозғалысқа қатыстық. Шығыс Германия социал-демократтармен бірге Революцияны жүзеге асырған, ГРД-дің бұрынғы құқық қорғаушылары жаңа үкіметке қатысуда. Бұл ұрпақ [...] авторитарлық құрылымдарды мүлдем қабылдамау жағдайында, жаңа қоғамдық және саяси модельдерді байқап көру жағдайларында күресті. Енді жаңа саяси пакт жасауға, біздің елімізді бұрынғы үкімет душар еткен тоқырау мен енжарлық ахуалын біржолата жоюға шақырған үндеуіміз соған, ал онымен бірге ұлтқа арналған. Оның орнына біз адамдардың жеке жауапкершілігін дамытатын және нығайтатын саясат ұсынып отырмыз. «Жаңа центризм» саясатын біз нақ осылай түсінеміз. Алайда үкіметтің елді жеке-дара жаңғыртуға шамасы жетпейді. Бұл іске түгел бөрі қатысуға тиіс. [...]

2. Біз салық реформасын жүргіземіз [...] Ол осы заманғы прагматизмді және әлеуметтік әділдікке баса көңіл бөлуді ұштастыратын болады. [...] Табыс салығының мөлшерлері тұрақты түрде кемітілетін болады, кәсіпкерлердің табыстарына салықтың ең жоғары мөлшері 35%-дан

аспауға тиіс. Сол арқылы біз жұмыс орындарын ашуда басты маңыз алып отырған шағын және орташа бизнес үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасаймыз. [...]

[...] 6. Біз кәсіптік даярлық мерзімдерін қысқартуға емес, ал бүкіл өмір бойы кәсіпке үйренуді неғұрлым тиімді бөлуге ұмтыламыз. [...] Біздің, сондай-ақ білім беру саласында жоспарлауды жетілдіруіміз керек, жас ұрпақтың едәуір бөлігі [...] еңбек нарығының [...] талаптарын ескерместен мамандық алатын күмәнді астамшылыққа енді жол бере алмаймыз.

[...] 9. Жаңа жерлерде біз жұмысшы күшінің нарығындағы интенсивті саяси шараларды бұрынғы деңгейде жүргізбекпіз. [...] Біз, сондай-ақ [...] Шығыс Германиядағы қаржы салымдарының бірінші кезекті сипаты туралы ережелердің қолданылуын ұзартамыз. [...]

Жаңа жерлердің тұрғындары Германияны мәдени тұрғыдан елеулі түрде байытты. Елдің батысындағы көптеген адамдар олардан азаматтық ерлікке, шығармашылыққа және тапқырлыққа үйренуге тиіс.

Федералдық үкіметтің экономикалық дамуға қаржы көмегін көрсету тұжырымдамасында үш негізгі мақсат бар: жаңа федералдық жерлерде экономикалық дамудың бірінші кезекте қаржыландырылуын қамтамасыз ету; инфрақұрылымдық қамтамасыз етуді басым дамыту [...]; кәсіпорындардың инновациялық әлеуетін нығайту.

10. Басқа ұлттардан өзін артық немесе толыққанды сезінбеуі тиіс, өз тарихынан және жауапкершілігінен бас тартпайтын, сонымен бірге алға көз тігетін есейген ұлттың сана-сезімі туралы айту керек. Біздің көршілеріміз, біз, немістер, өз күшімізге неғұрлым көп сенетін болсақ, бізге соғұрлым көбірек сене алатынын біледі. [...]

[...] 12. Біз қазіргі зейнеткерлердің зейнетақысына кепілдік береміз, [...] бүгінде өмірге қадам басып отырғандарға қартайған кезінде өмірге қамсыздандыру жүйесінің қайта құрылуға және оның перспективалы сақтандыру пакетіне айналуына кепілдік береміз;

[...] 16. Біз Атлантикалық Одақ шеңберінде өз міндеттемелерімізді ұстанамыз. Германияның сыртқы саясаты бейбітшілік болып отыр және болып қала береді. Мұнымен бірге біз бейбітшілік орнату мен сақтау жөніндегі шаралар мен миссияларға қатысуға әзір екеніміз туралы батыл мәлімдейміз. Бұл, әсіресе Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы жағдайға қатысты.

Федералдық үкімет жаппай қырып-жоятын қаруды толық жою мақсаттарын берік ұстауда [...] БҰҰ-ға біз бейбітшілік орнату шараларын жүзеге асыру үшін дербес бөлімше ұсынамыз. Сонымен бірге федералдық үкімет БҰҰ-да күш қолдану монополиясы сақтауды белсенді түрде жақтап отыр [...]

17. Германияның Еуропалық Одаққа бірігуінің Герман саясатында басты маңызға ие [...]

18. Герман-француз достығы — біздің еуропалық саясатымыздың іргетасы [...] Шығыстағы көршілерімізді ЕО-ны Шығысқа қарай ұлғайту мүмкіндіктерін батыл түрде пайдаланатынымызға сендіреміз. Еуропа бұрынғы «темір перде» жанында немесе Германияның шығыс шекарасында шектелмейді және шектелуге тиіс емес.

Федералдық үкімет Польша алдындағы өзінің ерекше тарихи жауапкершілігін сезінеді. Осы жауапкершілікті негізге ала отырып ол, серіктестікті тұрақты тереңдетуді, сондай-ақ Германия, Франция, Польша арасындағы ынтымақтастықты күшейтуді ұсынады.

История Германии в 3-х томах. Документы и материалы. Кемерово, 2005. Т.3. С. 505—508.

19. ГФР САЯСИ ПАРТИЯЛАРЫНЫҢ БУНДЕСТАГҚА САЙЛАУ АЛДЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫНАН

ГСДП (Нюрнберг партиялық съезінің шешімдерінен, қараша, 2001 ж.)

Қыркүйек, 2002 жыл.

Бостандық, әділеттілік және ынтымақтастық жедел өзгерістер кезеңінде де социал-демократиялық саясаттың бағдары мен ауқымы күйінде қалып отыр. Саясат пен қоғам дұрыс және жалған қадамдарды салыстыру мүмкін болуы үшін оларды нақ үлкен қоғамдық серпін дәуірінде, принциптер мен мақсаттар айқын емес дәуірде ерекше қажет етеді. Бостандыққа қатер төндіретін қауіп-қатерлерді анықтау мен жою тұрақты міндет болып отыр. Билікті, ықпалды, құқықты, мүмкіншіліктер мен экономикалық мүмкіндіктерді бөлудегі әділетсіздіктерді анықтау мен азайту тұрақты міндет күйінде қалып келеді [...] оларға тең жол ашылуын мүмкіндігінше қамтамасыз ететін ұмтылыс керек.

ХДО (партияның 14 съезінің шешімдерінен, желтоқсан, 2001 ж.)

Біздің саяси іс-қимылымыздың стимулы — тұтастай біздің елімізге және оның өңірлеріне деген сүйіспеншілік. Біз өз ұлтымызға — біріккен Еуропа құрамындағы, ішкі істеріне ғана ұмтылып қоймай, өзінің халықаралық міндеттемелерінде толық жауапкершілікпен орындап отырған қуатты Германияға сене аламыз. Ұлттық сәйкестік пен ұлттық мүдделерді білдіру кез келген ұлттың қазіргі сана-сезіміне қатысты. Қуатты Еуропалық одақ біздің ұлттық мүдделерімізге сай келеді. Демократиялық патриотизм біздің саясатымыздың шарты болып табылады. [...]

ХЭО (Принциптер бағдарламасынан, 1993 ж.)*

Біздің саясатымыздың басты пункті алдағы уақытта да адам және оның бостандығы болып табылады. Христиандық ой адамы бостандыққа және өз алдындағы жауапкершілікке ұмтылады. [...]

Адамның жауапкершілігі оның өз бостандығын басқалардың есебіне қамтамасыз етпейтінін, өз мүдделерін ортақ игілікпен салыстыратынын және азаматтар алдындағы жауапкершілігін түсінетін, солармен ынтымақтаса іс-қимыл жасайтынын білдіреді. [...]

Ынтымақтастық пен демеушілік христиандық-әлеуметтік саясаттың негізгі принциптері, мемлекет пен қоғам ұйымдастырудың базасы мен принциптері болып табылады және қазір олар бұрынғы кездерінен анағұрлым маңызды.

Одақ, '90/Жасылдар (Принциптер бағдарламасынан, 2002 ж.)

Біздің бастапқы пунктiмiз — адамның қадiр-қасиетiнiң қол сұғылмастығы. Ол өзiн-өзi билеуге және партияның қоғамдағы ең осалдардың [монтарға] көзқарасына біздің көзқарасымыздың өзегі болып табылады. Парасатты ақыл-ой иесі ретінде адам өзiн-өзi билеуде жауапты өмiр сүруге қабiлеттi. Табиғаттың бiр бөлiгi ретiнде адам өмiр сүрудiң табиғи негiздерiн сақтайтын және соған сәйкес өзiне шектеу қоятын кезде ғана өмiр сүре алады. Табиғатты және оның өмiрлiк нысандарын қорғау, сондай-ақ оның өзi үшiн де қажет. Өрбiр адамның өзiне тән ерекшелiгi бар және ол бүгiн, және ертең осында, және әлде бiр басқа жерде тең, тануға лайық. Сондықтан әдiлеттiлiк «жасылдар» саясатының масштабы болып табылады. Бостандық пен әдiлеттiлiктi тек демократияда толыққанды өмiрде жүзеге асыруға болады.

ЕДП (Сайлау алдындағы бағдарламадан, 2002 ж.)

Басқа партиялар мемлекетте тек азаматшалар мен азаматтардың қамқоршысы деп қате санайды. ЕДП ғана мемлекетті ересек азаматтардың өздерінің бірлескен өміріндегі [...] әдепті жүріс-тұрысының кепілі деп санайды [...] ЕДП қоғамда жауапты ойлайтын адамдарға сүйенеді [...] ЕДП — бүкіл халықтың партиясы, [...] бұған мемлекетті [ғана] шақырудың орнына өз қауымы, өз елі және өз халқы үшін не істей алатынын ойланатындардың партиясы. Біз көбірек бостандық пен жауапкершілікке және мемлекет тарапынан азырақ қамқорлыққа ұмтылатындардың бәрін осыған шақырамыз.

ДСП (Демократиялық социализм партиясы) (Сайлау алдындағы бағдарламадан, 2002 ж.)

Кәсіподақтар мен шіркеу шеңберлерінде, әйелдер, жастар, соғысқа қарсы және нәсілшілдікке қарсы бастамаларда қоғамдағы басым жаңа либерализмге қарсылық айқын сезіледі. Германияда да соғысқа, қоғамдық, дөрекілікке, әлеуметтік әділетсіздікке бундестагта да және жұртшылық арасында да қарсы шығып отырған партия бар. [...]

Ол сол үшін және центристік күштердің одағына үлес қосу мақсатын берік ұстануда. Бірақ соғысқа қатысуға ол «иә» деп айтарлықтай мақсаттар жоқ. Әлеуметтік саясаттың одан әрі тоқтатылуына ол «иә» деп айтатындай коалиция жоқ. Демократиялық құқықтар мен бостандықтардың әлсіретуіне ол келісетіндей дәлел болуы да мүмкін емес.

История Германии в 3-х томах. Документы и материалы. Кемерово, 2005. Т. 3. С. 508—510.

20. «Германияның қосылуын Сіз мақұлдайсыз ба әлде мақұлдамайсыз ба?» сұрағына жауаптар, %

Жыл	Бұрынғы жерлер тұрғындары		Жаңа жерлер тұрғындары	
	иә	жоқ	иә	жоқ
1993	81	16	82	17
1999	85	12	89	8
2000	88	10	90	8

История Германии в 3-х томах. Документы и материалы. Кемерово, 2005. Т. 3. С.510.

ИТАЛИЯ

21. «ФАШИЗМНІҢ ЖАНДАНУ ӨРЕКЕТТЕРІНЕ ҚАРСЫ, ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ИНСТИТУТТАРДЫҢ ҚАЛЫПТЫ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН, ИТАЛИЯДА ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ОДАН ӘРІ ДАМЫТЫЛУЫ ЖОЛЫНДА»

(ИКП ОК XIV съезіне ИКП Бас хатшысы Энрико Берлингуэрдің 1975 жылғы 18 наурызда жасаған баяндамасынан)

Италияның экономикалық жағдайының нашарлауы, біз әрқашан айтып келгендей, едәуір дәрежеде бүкіл капиталистік дүние бастан кешіп отырған дағдарыстың бейнесі болып табылады...

1975 жылғы қаңтарда Италияда тіршілік құны өткен жылдың сол кезеңімен салыстырғанда 25,1 пайыз өсті; елде өнеркәсіп өндірісі одан әрі құлдырады. Үстіміздегі жылдың қаңтарында 1974 жылғы қаңтармен салыстырғанда 14 пайыз қысқарды. Жұмыспен қамтылу қысқарып келеді...

Экономикалық қиыншылықтардан шығу жолын өндірісті, тұтынуды және жұмыспен қамтылуды қысқарту есебімен табу әрекеттеріне италиялық еңбекшілер батыл тойтарыс беруде. Жұмысшы қозғалысының күші мен күресі жұмыспен қамту құлдырауының әлеуметтік зардаптарын және оның ауқымын ішінара шектеді. Капиталистердің өндіріс құлдырауын жұмысшы табының ұстанымдарын әлсірету үшін пайдалану әрекеттері коммунистердің назарынан тыс қалып отырған жоқ...

Егер экономикалық дағдарысты жою шеңберлерінде демократиялық тәртіптерді ашықтан ашық бұзу жолына түсу әрекеті жасалатын болса, ол Италияны бүкіл экономикалық және қоғамдық өмірдің дүр сілкінуіне әкеліп соғуы мүмкін. Мұндай саясатқа, жұмысшы табының, еңбекшілердің, коммунистік партияның, барлық антифашистік күштердің, қуатты біртұтас және мызғымас күші қарсы тұратын болады... Бүгінгі бірінші дәрежелі ұлттық мақсат — дағдарыстың одан әрі тереңдетілуіне жол бермеу ғана емес, сондай-ақ елдің біртіндеп өрге басуы мен жаңаруын бастау осы маңызды мақсатқа жету бүкіл халқымыздың бірлесе күш жұмсауын қажет етеді.

ИКП-ның осы ұсынысынан (тарихи мәміле дейтіннің идеясы меңзеліп отыр — *Құраст.*) тек жаңа одақтың немесе

коммунистердің қатысуын қамтитын үкімет формуласының ұсынысын ғана көріп отыр. Осылайша түсіндіру коммунистер ұсынысының барлық жақтарын қамтымаса да, маңызды элементін айқын көрсетеді. Біз кез келген уақытта жауапкершілікті өз мойнымызға алуға әзірміз, бірақ біз сонымен бірге оның өзі бізге ғана байланысты емес екенін атап көрсетеміз. ИКП-ның бүкіл стратегиясын тек үкімет туралы мәселені шешуге бағытталған деп санау қателік болар еді. ИКП стратегиясы елдің ең күрделі мәселелерін дұрыс және оң шешуге бағытталған.<...>

Компартия ұсынатын кең көлемді демократиялық және халықтық бірлік саясаты жұмысшы табы мен оның партиясы бірлігінің нығайтылуына бөгет жасамайды, ал, керісінше оған қолайлы жағдай жасайды. Нақ сондықтан коммунистер социалистік партияға екі партия арасындағы қатынастарды ой елегінен қайта өткізуді ұсынады. Социалистерге осы жөнінде пікірсайыс ашуды ұсына отырып коммунистер қандай да болсын сектантты айтысқа қарсы шығады, өйткені ол жұмысшы қозғалысы мен демократиялық қозғалыс ішінде болуға тиісті жағдай мен қатынастарға берілген шала және қате бағаны көрсеткен болар еді, сондай-ақ олар социалистік партияны Италия жұмысшы қозғалысы мен демократиялық қозғалысының жанды және маңызды күші деп санайды.

Правда, 19 марта 1975 года.

22. ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАСПАСӨЗ ИТАЛИЯНЫҢ 2006—2008 ЖЫЛДАРДАҒЫ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ

Жуырдағы күндері солшыл центристік коалицияның («Одақ») көшбасшысы Романо Проди өкімет құрады. Сыртқы саясатта Проди Сильвио Берлускони басқаруы үшін сенатта болған АҚШ-пен тығыз байланысты әлсірете отырып, бәрінен бұрын Еуропаға қарай бағытталатын болады.

Джовани Бенси, 12. 05. 2006.

Премьер-министр Романо Продидің саяси мансабы кеше қыл үстінде тұрды. Өткен айда ол елдің бейбітшілік сақтау контингентінің шетелде болуын қаржыландыруды жалғастыру мәселесі бойынша Сенаттағы дауыс беру кезіндегі сәтсіздігіне байланысты отставкаға шығуға ниет білдірген еді.

(«Тәуелсіз газет» 28. 03.2007)

Сайлау алдындағы науқан барысында Берлускони италиялық экономикадағы тоқыраумен күреске, қауіпсіздік пен құқық саласында прогресстің қажет екендігіне, ел оңтүстігінің дамудағы созылмалы артта қалушылығына баса назар аударды.

Мұнымен бірге оның бағдарламасындағы маңызды тармақ енді федерализм болмақ.

www. News ru. Com. 15.04.2008.

Берлускони сыртқы саясатта бәрінен бұрын, Италияны Ирактағы соғысқа тарта отырып, АҚШ пен президент Бушқа қарай бейімделді, бұл ЕО-ның ішіндегі онсыз да орын алып отырған шиеленісті күшейте түсті. Ол бірнеше рет ЕО-ны Ресейге және Израильге дейін кеңейтуді талап ете отырып, барлық шеңберлерден шығып кетті...

«Handelsblatt», 15.04.2008.

V тарау. ЖАПОНИЯ. КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ

1. ЖАПОНИЯ КОНСТИТУЦИЯСЫ

(1947 жылы, 3 мамырда күшіне енген)

Біз, жапон халқы, парламенттегі өзіміз тиісті түрде сайлаған өкілдеріміз арқылы іс-қимыл жасай отырып, өзіміз бен өз ұрпақтарымыз үшін барлық ұлттар мен бейбіт ынтымақтастық жемісін және бүкіл еліміз үшін бостандық болуын қамтамасыз етуге, үкіметтің іс-қимылдары нәтижесінде жаңа соғыс сұмдықтарына жол бермеуге бекем бел байлай отырып, халыққа осы Конституцияда белгіленген егеменді билік берілгенін жариялаймыз. Мемлекеттік билік халықтың мызғымас сеніміне негізделген, оның беделі халықтан, оның уәкілеттіктерін халық өкілдері жүзеге асыруда, ал оның игілігін халық пайдаланады. Бұл қағида — бүкіл адамзат үшін ортақ қағида осы Конституция соған негізделген. Біз осы Конституцияға қайшы келетін барлық конституцияларды, заңдарды, жарлықтардың және рескрипттердің күшін жоямыз.

Біз, жапон халқы, мәңгі бейбітшілікті қалаймыз және адамдар арасындағы қарым-қатынасты айқындайтын биік мұраттарды айқын түсінеміз; біз дүниежүзіндегі бейбітшіл халықтардың әділдігі мен қадір-қасиетіне сүйеніп, өз қауіпсіздігімізді және өмір сүруімізді қамтамасыз етуге бекем бел буып отырмыз. Біз бейбітшілікті сақтауға және озбырлық пен құлдықты, езгі мен ымырасыздықты мәңгілік жоюға ұмтылып отырған халықаралық қауымдастықтан құрметті орын алғымыз келеді. Біз дүниежүзіндегі барлық халықтардың үрей мен мұқтаждықтан ада, бейбіт өмірге құқығы бар екеніне нақты сенеміз.

Біз бірде-бір мемлекет басқа мемлекеттердің мүдделерін елеместен тек өз мүдделерін басшылыққа алуға тиіс емес екеніне, саяси мораль принциптері жалпыға бірдей екеніне және осы қағидалары ұстану өз егемендігін сақтап және басқа мемлекеттермен тең құқықты қатынастарды қолдап отырған барлық мемлекеттердің борышы болып табылатына кәміл сенеміз.

Біз, жапон халқы, барлық күшімізді жұмсай отырып осы биік мұраттар мен мақсаттарға жететінімізге өз еліміздің ар-намысымен ант етеміз.

I тарау. ИМПЕРАТОР

1-бап. Император мемлекеттің халық бірлігінің бейнесі болып табылады, оның мәртебесі егеменді билік өзіне қарасты бүкіл халықтың еркімен анықталады.

3-бап. Императордың мемлекет істеріне қатысты барлық іс-қимылдары тек Кабинеттің кеңесімен және бақылауымен жасалуы мүмкін, кабинет солар үшін жауапты болады.

6-бап. Император Парламенттің ұсынуы бойынша Премьер-министрді тағайындайды.

II тарау. СОҒЫСТАН БАС ТАРТУ

9-бап. Өділдік пен төртпке негізделген халықаралық бейбітшілікке шын ниетімен ұмтыла отырып, жапон халқы ұлттың егеменді құқығы ретінде соғыстан, сондай-ақ халықаралық дауларды шешудің құралы ретінде қарулы күштер қолдану қоқан-лоқысынан немесе оны қолданудан мәңгілік бас тартады.

Бұдан жоғарыдағы азатжолда атап көрсетілген мақсаттарға жету үшін құрлық, теңіз және әскери әуе күштері, сондай-ақ басқа да соғыс құралдары алдағы уақытта ешқашан құрылмайды. Мемлекет соғысты жүргізу құқығын мойындамайды.

III тарау. ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

13-бап. Барлық адамдар жекетұлғалар ретінде құрметтелуі тиіс. Олардың өмірге, бостандыққа және бақытқа ұмтылуға деген құқығы заң шығару және басқа да мемлекеттік істер саласындағы қамқорлықтың ең жоғары мақсаты болуға тиіс, өйткені ол қоғамдық тұрмысты бұзбайды.

14-бап. Барлық адамдар заң алдында тең және нәсіліне, дініне, жынысына, өлеуметтік жағдайына, сондай-ақ тегіне байланысты саяси, экономикалық және өлеуметтік тұрғыдан оларды кемсітуге болмайды.

15-бап. Халықтың көрнекті лауазымды адамдарды сайлауға және оларды қызметінен шеттетуге ажыратылмас құқығы бар.

Барлық көрнекті лауазымды адамдар қоғамның әлдебір бөлігіне емес, бүкіл қоғамға қызмет етеді.

Көрнекті лауазымды адамдарды сайлау кезінде көмелетке толғандар үшін жалпыға бірдей сайлау құқығына кепілдік беріледі.

Қандай да болсын сайлауды өткізу кезінде дауыс беру құпиялылығы бұзылмауы тиіс.

19-бап. Ақыл-ой мен ар-ұждан бостандығы бұзылмауы тиіс.

20-бап. Дін бостандығына бөріне бірдей кепілдік беріледі. [...]

21-бап. Жиналыстар мен бірлестіктер бостандығына, сондай-ақ сөз, баспасөз және ой білдірудің өзге де нысандары бостандығына кепілдік беріледі.

Ешқандай цензураға жол бермейді, хат-хабар құпиясы бұзылмауы тиіс.

26-бап. Жұрттың бөрінің өз қабілеттеріне сөйкес, заңда көзделген тәртіппен білім алуға тең құқығы бар. [...]

27-бап. Жұрттың бөрінің еңбек етуге құқығы бар және олар еңбек етуге міндетті. [...]

Балаларды қанауға тыйым салынған.

29-бап. Меншік құқығы бұзылмауы тиіс.

Конституции буржуазных государств. М., 1982. С.247—263.

2. КОРЕЯДАҒЫ 1950—1953 ЖЫЛДАРДАҒЫ СОҒЫС

25 маусым, 1950 жыл.

Оңтүстік Корея армиясы ақпарат бөлімінің ақпараттық хабары: «Бүгін таңертеңгі 5 сағ 30 мин-та Солтүстік Корея қолжаулық үкіметінің әскерлері 38-параллельде артиллериядан үдете оқ атты... Кореяның орталық бөлігінің шығыс жағалауында кеңес кемелерінен десанттар түсірілді. Бүгін сағ 11-де кеңес бомбардирлері Сеулге шабуыл жасады». <...>

«Рейтер» агенттігі хабарлайды: «38-параллель бойындағы шайқастар туралы алғашқы хабарлар Лондонға жеткен кезде дипломатиялық топтарда Оңтүстік Кореяны Солтүстік Кореямен коммунистердің бақылауымен қосу мақсатында батыл шабуыл жасалатыны туралы пікірлер айтылды.

...Егер Оңтүстік Корея қазір билікті басып алуға және Сеулдегі антикоммунистік үкіметті құлатуға ұмтылып

отырған Солтүстік Корея үкіметі тарапынан батыл әскери шабуылға тап болып отырған болса, бұл жағдайдағы бірден-бір маңызды фактор Құрама Штаттардың ұстанымы болып табылады.

Лондондағылар Солтүстік Корея үкіметі, сірә, өзінің қуатты екі коммунистік көршілері де Кеңес Одағы мен Қытайдан ресурстар алатын болады деп санайды. Дегенмен Солтүстік Кореяның Ресей мен Қытайдан қандай материалдық қолдау және тіпті әскери көмек алатынын Кореядан тыс жерлерде ешкім айта алмайды; Лондондағы бақылаушылар Солтүстік Корея үкіметі екі ұлы коммунистік державаның моральдық қолдауы мен көтермелеуіне сүйенбестен Оңтүстік Кореяға соғыс жариялауы екіталай екенін атап көрсеткен... Егер Ресей мен Қытайдың белсенді түрде араласуы айқын болса, онда Құрама Штаттардың, осы соғыстан бөлек, ең толық әскери қолдау көрсетуіне тура келуі мүмкін...»

«Франс Пресс» агенттігі хабарлайды: «Солтүстік Кореяның кеңес нұсқаушыларының басшылығымен қалыптастырылған саны 100 мың адамдық армиясы бар. КСРО-ның Қауіпсіздік кеңесінде аламауы бұлардың соғысты қабылдауға мәжбүр болатын шешімдердің мөнін кемітеді. Алайда оның бір мүшесінің қатыспауы, сірә, оның дауыс беруден қалыс қалуына тең болады, басқаша айтқанда, Қауіпсіздік кеңесі шақыруға Кеңес делегаты жауап қайтармаған және ашылуын АҚШ ұсынып отырған сессияға қатыспаған жағдайдың өзінде жинала және мәселелерді талқылай алады...»

29 маусым, 1950 жыл.

Баспасөз конференциясында Трумэн: «АҚШ соғыс жағдайында ма?» деген сұраққа теріс жауап қайтарды... Ол Кореяда жасалған іс-әрекеттер — БҰҰ-ны қолдауға бағытталған полицейлік іс-әрекеттер екенін атап көрсетті... Трумэн өзінің мәлімдемесі мен американ қарулы күштеріне бұйрықтары бейбітшілік пайдасына жасалған қадам екенін қайталап айтты. «АҚШ Кореяға атом бомбасын қолдана ма?» деген сұраққа ол әлдебір нәрсе айтудан бас тартты. Трумэн, сондай-ақ: «Американың құрлықтағы әскерлері Кореяға жіберіле ме?» деген сұраққа да жауап қайтарудан бас тартты. Ол американ стратегиясының мәселелеріне түсініктеме бермеуді жөн санайтынын айтты.

2 маусым, 1951 жыл.

«Ассошиэйтед Пресс» агенттігінің Оттавадағы тілшісінің хабарлары бойынша, БҰҰ-ның Бас хатшысы Трюгве Ли Канаданың «БҰҰ-ның достары қауымдастығының» жиналысында 1 маусымда сөз сөйлеп, былай деп мәлімдеді: «Кореядағы шайқасты тоқтатуға жаңа әрекет жасайтын мезгіл жетті деп санаймын. Қазір Кореядағы қарулы күштер басқыншылыққа тойтарыс беріп басқыншылар 38-параллельге кері ығыстырып тасталды. Бейбітшілік орнатуға екі жақ та қатысуға тиіс. Солтүстіккорейліктер және оларды қолдап отырғандар атысты тоқтатуға және содан соң келіссөз бастауға келісуге қаншалықты өзір екені бізге белгісіз. Мұның өзі бізге белгілі болатын кезге дейін БҰҰ-ның мүшелері Кореяда барлық қарулы күштермен одан әрі шайқасуға тиіс». Ортақ пікір бойынша делегаттар Трюгве Лидің мәлімдемесінде Пекин, Солтүстік Корея немесе одан да маңыздысы Мәскеу тарапынан жауап күтетін болады».

27 шілде, 1953 жыл.

«Синьхуа» агентігі тілшісінің Корея майданынан 27 шілдеде берген хабарында былай делінген: «Бүгін кешке жергілікті уақыт бойынша 22 сағ-та Корея Халық армиясы мен Қытай халық еріктілерінің барлық қарулы бөлімдері бітім туралы бұйрыққа сәйкес... корей майданының өн бойында қарсыластарына қарсы әскери әрекеттерін тоқтатты...»

Хрестоматия по отечественной истории (1946—1995 гг.).
М., 1996. С. 153—157.

3. КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

Қабылданды: 17 шілде, 1948 ж.

(Үзінді)

II-бөлім. Азаматтардың құқықтары мен міндеттері

11-бап

1. Барлық азаматтар заң алдында тең. Адамды оның жыныстық, діни немесе әлеуметтік қатыстылығына байланысты саяси, экономикалық, әлеуметтік немесе мәдени салада кемсітушілікке тыйым салынады.

31-бап

1. Барлық азаматтарда өздерінің қабілеттеріне сәйкес білім арудың теңдей құқығы бар.

3. Міндетті білім беру — тегін.

4. Білім берудің тәуелсіздігі, кәсіпқойлық пен саяси бейтараптылығына, сондай-ақ жоғары білім беру құрылымдарының дербестігіне заңнама ұйғарған шарттарға сәйкес кепілдік беріледі.

32-бап

1. Барлық азаматтарда еңбек ету құқығы бар. Мемлекет азаматтарды жұмысқа орналастыруға және әлеуметтік экономикалық әдістердің көмегімен оңтайлы жалақыға кепілдік беруге бар күш-жігерін жұмсайды, сондай-ақ заңнама ұйғарған жағдайлар шеңберінде ең төменгі жалақы жүйесін орнықтырады.

2. Еңбек ету барлық азаматтардың міндеті болып табылады.

33-бап

1. Еңбек жағдайларын жақсарту мақсатында еңбекшілерге тәуелсіз қауымдастықтар құру, ұжымдық келісімдер жасасу мен ұжымдық іс-әрекеттер атқару құқығы беріледі.

2. Тек заңмен белгіленген мемлекеттік лауазымдық тұлғаларды ғана тәуелсіз қауымдастықтар құру, ұжымдық келісімдер жасасу мен ұжымдық іс-әрекеттер атқару құқығы болады.

III бөлім. Ұлттық жиналыс

40-бап

Заң шығарушылық билік Ұлттық жиналысқа тиісті.

42-бап

Ұлттық жиналыс мүшелерінің қызмет ету мерзімі төрт жылды құрайды.

43-бап

Ұлттық жиналыстың мүшелері заңға сәйкес, бір мезгілде қандай да басқа мемлекеттік лауазымды иелене алмайды.

IV бөлім. Атқарушы биліктің басшысы

1 тарау. Президент

66-бап

1. Мемлекет басшысы ретінде Мемлекетті басқа мемлекеттерге танытатын Президент әрекет етеді.

2. Президент тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты және Мемлекет пен Конституцияның жалғастылығын сақтау жөніндегі міндеттерді атқарады және жауапкершілікте болады.

3. Президент өз мемлекетінің бейбіт жолмен бірігуіне қол жеткізуге жәрдемдесуге міндетті.

4. Атқарушы билік өкімет билігінің Президент басқаратын атқарушылық тармағына жүктеледі.

67-бап

1. Президент халықтың жалпыға бірдей, тең, тікелей, жасырын дауыс беру жолымен сайланады.

4. Ұлттық жиналысқа сайлануға құқығы бар және президенттік сайлау кезінде қырық немесе одан да көп жасқа жеткен кез келген азамат Президент болып сайлана алады.

70-бап

Президенттің қызмет мерзімі бес жылды құрайды, Президент екінші мерзімге сайланбайды.

IX бөлім. Экономика

126-бап

Мемлекет қарамағына алуға тыйым салу.

Жеке кәсіпорындар мемлекет қарамағына немесе жергілікті үкіметтердің иелігіне берілмейді, мемлекет оларға бұл ұлтты немесе ұлттық экономиканы қорғау үшін қажет болған, заңнамамен қарастырылған жағдайлардан басқа кезде басқару мен бақылау жасауды жүзеге асыра алмайды.

4. ЕКІ КОРЕЙ МЕМЛЕКЕТІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕГЕ

2007 жылы 4 қазанда КХДР-ның басшысы Ким Чен Ир мен Корея Республикасының Президент Но Му Хен «Бейбітшілік пен бірлесіп гүлдену туралы Декларацияға» қол қойды. Құжат Пхеньянда 2—4 қазанда өткен корей-аралық саммиттің нәтижесі болды. Екі ел көшбасшылары қол жеткізген келісушіліктер тараптарға көптеген салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуді жалғастыруға мүмкіндік береді. Бөрінен бұрын Солтүстік және Оңтүстік Корея арасындағы бейбіт шартқа қол қою туралы мәселеге тоқталайық. Елдер арасында ымыраласу туралы келісімге қол қойылса да, олар әлі де болса формальды түрде соғыс жағдайында тұр.

«Бейбітшілік пен бірлесіп гүлдену туралы Декларация» ымыраласу туралы келісімді алмастыру мен түбекте тұрақты бейбітшілікті қамтамасыз ету жүйесін құру қажеттігі туралы шешімді қамтитын сегіз тармақтан тұрады. Аталған келісім шеңберінде тараптар Корея соғысының аяқталуы туралы бірлескен декларация әзірлейді. Бұған қоса КХДР мен Оңтүстік Корея ядролық мәселе бойынша бірігіп күш-жігер жұмсау туралы келісімге келді. Тараптар сондай-ақ Сары теңізде бірлесіп балық аулайтын аймақ құру туралы шешім қабылдады. Бұл екі ел арасында теңіздегі қақтығыстар санын қысқартуға жағдай жасайды.

Осы мақсатпен Пхеньянда екі елдің қорғаныс ведомстволары басшыларының келіссөздері өтеді. Құжат 1950—1953 жылғы соғыстан үзілген тұрақты теміржол қатынасын қалпына келтіруді қарастырады. Теміржол қатынасы аймақтағы корейаралық индустриялық кешенде өндірілген тауарларды тасымалдауды қамтамасыз ететін болады.

Декларация екі мемлекеттің 2000 жылғы маусымдағы корейаралық бірінші саммиттің нәтижелерін одан әрі орындауға қатысты бел шешіп отырғанын атап көрсетеді. Саммитке қатысушылар, сондай-ақ өзара құрмет пен сенімге қол жеткізу үшін жұмыс істеуге үміт артып отыр.

Бұл 1950—1953 жылдардағы корей соғысы аяқталғаннан кейінгі екінші кездесу. Кездесу барысында КХДР Оңтүстік корейлік президент Но Му Хенге бірінші рет Оңтүстік пен Солтүстікті 38-параллель бойынша бөліп жатқан қарусыздандырылған аймақты (ҚА) кесіп өтуге рұқсат берді. Бұдан жеті жыл бұрын бірінші корейаралық саммитке қатысқан және кейіннен Корея түбегіндегі шиеленістік бәсеңдетуге қосқан үлесі үшін Нобель сыйлығын алған Ким Дэ Чжунге Солтүстік Корея өкімет орындары шекараны құрғақпен де, әуемен де кесіп өтуге рұқсат бермеген еді. Сол кезде ұшақ Пхеньянға жету үшін Сары теңіздің үстімен айналып ұшуға мәжбүр болды.

<http://www.kommersant.ru/doc.aspx?>

VI тарау. КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫ. ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ

1. А.А.ЖДАНОВТЫҢ КЕҢЕСТІК МУЗЫКА ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ БКП(Б) ОК-ндегі КЕҢЕСІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН

Қаңтар айы, 1948 жыл.

Кеңестік сазгерлерде ең жоғары дәрежедегі екі жауапты міндет бар. Олардың бастысы — Кеңес музыкасын дамыту мен жетілдіру. Екінші міндет — кеңес музыкасын буржуазиялық ыдырау элементтерінің өтіп кетуінен қорғап қалу... Шекарадан тыс жерден келетін бөгде буржуазиялық ықпалдардың кеңес интеллигенциясының кейбір өкілдерінің санасындағы капитализм қалдықтарымен үндесіп кетуін есепке алу қажет. Олар өздерінің байыпсыз және жабайы ұмтылуларында кеңестік музыка мәдениетінің қазынасын заманауи буржуазиялық өнердің бейшара құрақ-сұрағына ауыстыруға дайын екендіктерін білдіруде. Сондықтан кеңестік сазгерлердің музыкалық қана емес, сондай-ақ саяси құлағы да өте сақ болуы тиіс.

2. ЖЕКЕБАСҚА ТАБЫНУШЫЛЫҚ ПЕН ОНЫҢ САЛДАРЛАРЫ ТУРАЛЫ (КОКП XX СЪЕЗІНІҢ ҚАРАРЛАРЫ МЕН ҚАУЛЫЛАРЫНАН ҮЗІНДІ)

Жолдас Н.С. Хрущевтің жекебасқа табыну мен оның салдары туралы баяндамасын тыңдай отырып, Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының XX-съезі Орталық Комитет баяндамасының ережелерін қолдайды және КОКП ОК-не марксизм-ленинизмге жат жекебасқа табынушылықты, оның партиялық, мемлекеттік және идеологиялық жұмыстың барлық салаларындағы салдарын жоюы, Ұлы Ленин әзірлеген партиялық өмір мен ұжымдық партиялық басшылық ұстанымдарын қатаң жүргізуді қамтамасыз ететін дәйекті шараларды жүзеге асыруды тапсырады.

**3. КСРО ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ «КСРО ОАҚ-І
ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ «ТЕРРОРЛЫҚ АКТІЛЕР ДАЙЫНДАУ
НЕМЕСЕ ЖАСАУ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ
ТУРАЛЫ» 1934 ЖЫЛҒЫ 1 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚАУЛЫ-
СЫНЫҢ ЖӘНЕ КСРО ОАҚ-НІҢ «ОДАҚТАС РЕСПУБЛИКА-
ЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ІС ЖҮРГІЗУ
КОДЕКСТЕРІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» 1934 ЖЫЛҒЫ
1 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖӘНЕ 1937 ЖЫЛҒЫ 14 ҚЫРКҮЙЕК-
ТЕГІ ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ КҮШІН ЖОЮ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҒЫ**

19 сәуір, 1956 жыл.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы қаулы етеді:

РКФСР Қылмыстық кодексінің 58⁷, 58⁸, 59⁹-баптарында және басқа Одақтас республикалардың Қылмыстық кодекстерінің тиісті баптарында көзделген қылмыстар туралы істерді тергеудің және сотта қараудың ерекше тәртібі белгіленген КСРО ОАҚ-і Президиумының «Террорлық актілер дайындау немесе жасау туралы істерді жүргізу тәртібі туралы» 1934 жылғы 1 желтоқсандағы қаулысының және КСРО ОАҚ-нің «Одақтас республикалардың қолданыстағы қылмыстық-іс жүргізу кодекстеріне өзгерістер енгізу туралы» 1934 жылғы 1 желтоқсандағы және 1937 жылғы 14 қыркүйектегі қаулыларының күші жойылсын.

Қылмыстық кодекстердің жоғарыда көрсетілген баптарында көзделген қылмыстар туралы істер тергеу мен сотта қарау кезінде тергеу органдары мен соттар алдағы уақытта Одақтас республикалардың қылмыстық-іс жүргізу кодекстерінде белгіленген процессуалдық нормаларды басшылыққа алуға тиіс деп белгіленсін.

Сборник законов СССР. 1938—1975. М., 1975. Т.4. С. 91.

**4. КСРО ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ «КӘСПОРЫН-
ДАРДАН ЖӘНЕ МЕКЕМЕЛЕРДЕН ӨЗ БЕТІНШЕ КЕТПІ
ҚАЛҒАНЫ ЖӘНЕ ДӘЛЕЛДІ СЕБЕПТЕРСІЗ ЖҰМЫСҚА
КЕШІККЕНІ ҮШІН ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ
СОТ АЛДЫНДА ЖАУАП БЕРУІНІҢ КҮШІН ЖОЮ ТУРАЛЫ»
ЖАРЛЫҒЫНАН**

25 сәуір, 1956 жыл.

<...> КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы қаулы етеді:

1. Кәсіпорындардан және мекемелерден өз бетінше кетіп қалғаны, және дәлелді себептерсіз жұмысқа кешіккені үшін жұмысшылар мен қызметшілердің сот алдында жауап беруінің күші жойылсын.

2. Кәсіпорындардан және мекемелерден өз бетінше кетіп қалғаны, және дәлелді себептерсіз жұмысқа кешіккені үшін сотталған адамдар жазасын өтеуден босатылсын.

3. Кәсіпорындардан және мекемелерден өз бетінше кетіп қалғаны, және дәлелді себептерсіз жұмысқа кешіккені туралы соттарда осы Жарғы шыққанға дейін қаралмаған барлық істердің жүргізілуі тоқтатылсын.

4. Кәсіпорындардан және мекемелерден өз бетінше кетіп қалғаны, және дәлелді себептерсіз жұмысқа кешіккені үшін бұрын сотталған, және жазасын өтеген, сондай-ақ осы Жарғы негізінде жазалаудан босатылған азаматтардан сотталғандығы алып тасталынсын. <...>

8. Мыналардың күші жойылды деп саналсын:

а) КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «8 сағ-тық жұмыс күніне, 7 күндік жұмыс аптасына көшу туралы және жұмысшылар мен қызметкерлердің кәсіпорындардан, және мекемелерден өз бетінше кетіп қалуына тыйым салу туралы» 1940 жылғы 26 маусымдағы Жарлығы, Жарлықтың 1 және 2 баптарынан басқасы;

ә) КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Мәшине-трактор стансыларында жұмыс істейтін тракторшылар мен комбайншылардың жұмыстан өз бетінше кетіп қалуына тыйым салу туралы» 1940 жылғы 17 шілдедегі жарлығы;

б) КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Инженерлерді, техниктерді, шеберлерді, қызметшілерді, білікті жұмысшыларды бір кәсіпорындар мен мекемелерден басқаларына міндетті түрде ауыстыру тәртібі туралы 1940 жылғы 19 қазандағы Жарлығы;

в) КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Жұмысшылар мен қызметшілердің жұмысқа кешіккені үшін, бірнеше мәрте және ұзақ кешігуден басқасы үшін, жұмысшылар мен қызметшілердің сот жауапкершілігін тәртіптік және қоғамдық әсер ету шараларына ауыстыру туралы» 1951 жылғы 14 шілдедегі Жарлығы;

г) КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының» «Мәшине-трактор стансыларында жұмыс істейтін тракторшылар мен комбайншылардың жұмыстан өз бетінше кетіп қалуына тыйым салу туралы» 1940 жылғы 17 шілдедегі және «Инженерлерді, техниктерді, шеберлерді, қызметшілерді, білікті жұмысшыларды бір кәсіпорындар мен мекемелерден басқаларына міндетті түрде ауыстыру тәртібі туралы 1940 жылғы

19 қазандағы Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1952 жылғы 13 қарашадағы Жарлығы».

9. Одақтас Республикалар Жоғарғы Кеңестерінің Президиумдарына Одақтас Республикалардың еңбек заңына осы Жарғыдан туындайтын тиісті өзгерістер енгізу тапсырылсын.

Сборник законов СССР. 1938—1975. М., 1975. Т. 4. С. 94—95.

**5. КОКП ОК ПЛЕНУМЫНЫҢ «Г.М.МАЛЕНКОВТЫҢ,
Л.М.КАГАНОВИЧТИҢ, Л.М.МОЛОТОВТЫҢ АНТИПАРТИЯЛЫҚ
ТОВЫ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫНАН**

29 маусым, 1957 жыл.

КОКП Орталық Комитетінің Пленумы 1957 жылғы 22—29 маусымдағы мәжілістерінде Маленковтың, Кагановичтің, Молотовтың КОКП ОК Президиумы ішінде құрылған антипартиялық тобы туралы мәселе қарады.

Партия Орталық Комитеттің басшылығымен, бүкіл халықтың қолдауына сүйене отырып ХХ съездің халық шаруашылығын одан әрі дамытуға және кеңес халқының тұрмыс дәрежесін үздіксіз жақсартуға, ішкі партиялық өмірдің лениндік нормаларын қалпына келтіруге, революциялық заңдылықты бұзушылықты жоюға, партияның халық бұқарасымен байланысын ұлғайтуға, Кеңестік Социалистік демократияны дамытуға, кеңес халықтарының достығын нығайтуға, тиімді ұлттық саясат жүргізуге, ал сыртқы саясат саласында — баянды бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсаттарында халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге бағытталған орасан зор жұмыс жүргізіп жатқан кезде; және осы салалардың бәрінде әрбір кеңес адамы білетін елеулі табыстарға қол жеткен кезде — Маленковтың, Кагановичтің және Молотовтың антипартиялық тобы партия бағытына қарсы шықты.

Партияның саяси бағытын өзгерту мақсатында бұл топ партияның КОКП ОК пленумында сайланған басшы органдарының құрамын ауыстыруға антипартиялық, фракциялық әдістермен күш салды.

Бұл кездейсоқтық емес.

Соңғы 3—4 жылдың ішінде партия жекебасқа табынушылықтан туындаған қателер мен кемшіліктерді жоюға батыл бағытталған және халықаралық аренада, сондай-ақ

ел ішінде марксизм-ленинизм ревизионистерге қарсы ойдағыдай күрес жүргізіп жатқан кезде, партия лениндік ұлт саясатына бұрын жол берілген бұрмалаушылықтарды түзеу жөнінде үлкен жұмыс жүргізген кезде — енді ашылған және толық әшкереленген антипартиялық топқа қатысушылар КОКП XX съезі мақұлдаған бұл бағытқа үнемі тікелей немесе жанама түрде қарсы әрекет жасады. Бұл топ іс жүзінде әлеуметтік жүйелері әртүрлі мемлекеттер арасындағы бейбіт қатар өмір сүруді көздейтін лениндік бағытқа, халықаралық шиеленістің бәсеңдетілуіне және КСРО-ның дүниежүзіндегі барлық халықтармен достық қатынастарының орнатылуына қарсы әрекет жасауға тырысты.

Олар Одақтас республикалардың экономикалық және мәдени құрылыс саласындағы, заң шығару саласындағы құқықтарының ұлғайтылуына, сондай-ақ осы міндеттерді шешуде жергілікті кеңестер рөлінің күшейтілуіне қарсы болды. Сол арқылы антипартиялық топ ұлттық республикаларда экономика мен мәдениетті жедел дамытуды көздеп, нақты жүргізіліп жатқан, біздің еліміздің барлық халықтары арасында лениндік достықтың одан әрі нығайтылуын қамтамасыз ететін бағытқа қарсы әрекет жасады.

Антипартиялық топ партияның демократизмге қарсы күресу, кеңейтілген мемлекеттік аппаратты қысқарту жөніндегі шараларын түсінбеу былай тұрсын, тіпті оларға қарсылық көрсетті. Барлық осы мәселелер бойынша олар партия жүргізіп жатқан демократиялық централизмнің лениндік принципіне қарсы шықты.

Бұл топ қасарыса қарсыласты және өнеркәсіпті басқаруды қайта ұйымдастыру, экономикалық аудандарда бүкіл партия мен халық мақұлдаған Халық шаруашылығы кеңесін құру сияқты аса маңызды шараларды сәтсіздікке ұшыратуға тырысты. Олар қазіргі кезеңде, социалистік өнеркәсіптің дамуы орасан зор көлемдерге жетіп, ауыр индустрияның басым дамуы мен одан әрі тез өсіп келе жатқан кезде өнеркәсіпті басқарудың жаңа, үлкен мүмкіндіктерін ашатын және кеңес индустриясының бұрынғыдан да қуатты түрде өрге басуын қамтамасыз ететін неғұрлым жетік нысандарын табу қажет екенін түсінгісі келмеді. Бұл топтың өршігіп кеткені соншалық, тіпті аталған шаралар бүкілхалықтық талқылау барысында мақұлданғаннан

және КСРО Жоғары Кеңесінің сессиясында Заң қабылдағаннан кейін ол өнеркәсіпті басқарудың қайта ұйымдас-тырылуына қарсы одан әрі күресті.

Ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша осы топқа қатысушылар толғағы жеткен жаңа міндеттерді түсінбей-тінін көрсетті. Олар ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісін ұлғайтуда ұжымшар шараларының материалдық мүдделілігін күшейту қажет екенін мойындамады. Олар ұжымшарларда жоспарлаудың ескі, бюрократтық тәртібін жоюға және өз шаруашылығын жүргізуге ұжымшар-лардың ынтасын күшейтетін, қазірдің өзінде оң нәтижелер берген жаңа жоспарлау тәртібін енгізуге қарсы болды. Олардың өмірден қол үзгені соншалық ұжымшар мүше-лерінің аулаларына ауылшаруашылық өнімдерінің міндетті түрде жеткізілуін осы жылдың соңында тоқтатуға жол беретін нақты мүмкіндікті түсіне алмауда. Кеңес елінің миллиондаған еңбекшілері үшін өмірлік маңызы бар осы шараның жүзеге асырылуы ұжымшарларда қоғамдық мал шаруашылығын мықтап өрге бастырудың және кеңшар-ларды дамытудың негізінде мүмкін болды. Антипартиялық топқа қатысушылар осы толғағы жеткен шараларды қолдаудың орнына оларға қарсы шықты.

Олар партияның халықтың жан басына сүт, май және ет өнімдері бойынша АҚШ-ты таяудағы жылдары қуып жетуге шақырған, ұжымшарлар, облыстар, республикалар белсенді түрде қолдаған үндеуіне қарсы ешқандай ақтауы жоқ күрес жүргізді. Сол арқылы антипартиялық топқа қатысушылар халық бұқарасының көкейкесті өмірлік мүдделерін бай патшалықпен менсінбейтінін және социалистік шаруашылықтағы орасан зор мүмкіндіктерге, сүт пен ет өндіруді жеделдете өрге бастыру жолында өріс алған бүкілхалықтық қозғалысқа сүйенбейтінін көрсетті.

Антипартиялық топқа қатысушы Молотов жолдастың консерватизм мен енжарлық көрсете отырып, тың жерді игерудің қажет екенін түсіндірумен шектелмейді, сондай-ақ 35 млн гектар тың жерді көтеру ісіне — біздің еліміздің экономикасындағы орасан зор іске қарсылық көрсеткенін кездейсоқ деп санауға болмайды.

Маленков, Каганович және Молотов жолдастар жеке-басқа табынудың зардаптарын жою, өз кезінде жол берілген революциялық заңдылықтың бұзылуын жою және олар-дың болашақта қайталану мүмкіндігіне жол бермейтіндей жағдайлар жасау жөнінде Орталық Комитет және біздің

бүкіл партиямыз жүзеге асырған шараларға қасарыса қарсы болды.

Жұмысшылар, ұжымшар мүшелері, біздің даңқты жастарымыз, инженер-техник және ғылыми қызметкерлер, жазушылар, бүкіл зиялылар КОКП XX съезінің шешімдері негізінде партия жүзеге асырып жатқан шараларды бірауыздан қолдаған кезде, бүкіл кеңес халқы сол шараларды жүзеге асыру жолындағы белсенді күреске қосылған кезде, біздің еліміз халық белсенділігінің қуатты түрде өрлеуін және жаңа шығармашылық күштердің келіп қосылуын бастан кешіп отырған кезде, — антипартиялық топқа қатысушылар бұқараның осы шығармашылық қозғалысына тас керең күйінде қалды.

Сыртқы саясат саласында бұл топ, әсіресе Молотов жолдас оралымсыздық көрсетіп, дүниежүзінде бейбітшілікті нығайтуға бағытталған, пісуі жеткен жаңа салалардың жүзеге асырылуына барынша бөгет жасады.

Молотов жолдас ұзақ уақыт бойы, Сыртқы істер министрі болған кезде, КСРО-ның Югославиямен қарым-қатынастарын жақсарту үшін СІМ тарапынан ешқандай шаралар қолданбақ түгіл, ОҚ Президиумы Югославиямен қарым-қатынастарды жақсарту үшін жүзеге асырған шараларға талай рет қарсы шықты. Молотов жолдастың югослав мәселесі бойынша қате ұстанымын КОКП ОҚ Пленумы 1955 жылғы шілдеде «кеңес мемлекеті мен социалистік лагерьдің мүдделеріне сәйкес келмейтін және лениндік саясат принциптеріне сай емес ұстаным ретінде» бірауыздан айыптаған болатын.

Молотов жолдас Австриямен мемлекеттік шарт жасалуын және Еуропаның орталығындағы осы мемлекетпен қарым-қатынасты жақсарту ісін тежеп келді. Австриямен шарт жасасудың жалпы халықаралық шиеленісті бәсеңдету үшін зор маңызы болды. Ол, сондай-ақ Жапониямен қарым-қатынастың қалыпқа келтірілуіне қарсы болды, ал осы қалыпқа келтіру Қиыр Шығыста халықаралық шиеленісті бәсеңдету ісінде үлкен рөл атқарды. Ол партия өзірлеген қазіргі жағдайларда соғысқа жол бермеу мүмкіндігі туралы, түрлі елдерде социализмге өтудің түрлі жолдары болуы мүмкін екені туралы, КОКП-ның шетелдердегі прогресті партиялармен байланыстарын күшейту қажет екені туралы принципті қағидаларға қарсы шықты.

Молотов жолдас Кеңес өкіметінің бейбітшілікті және халықтар қауіпсіздігін қорғау ісіндегі қажетті жаңа қадамдарына талай рет қарсы болды. Атап айтқанда, ол КСРО-ның басты қайраткерлері мен басқа елдердің мемлекеттік қайраткерлері арасында жеке байланыстар орнатудың орынды екенін теріске шығарды, ал оның өзі өзара түсіністікке жету мен халықаралық қатынастарды жақсарту мүдделерінде қажет еді. <...>

Өздерінің қате іс-қимылдары мен әрекеттеріне партияның XX съезінің бағытын дәйекті түрде жүзеге асырып жатқан ОК Президиумында тұрақты тойтарыс беріліп отырғанына көз жеткізген Молотов, Каганович, Маленков жолдастар партия басшылығына қарсы топтасқан күрес жолына түсті. Өзара антипартиялық негізде сөз байласқан олар өз алдына партияның саясатын өзгерту, партияның XX съезінде айыпталған қате басшылық әдістеріне партияны қайта оралту мақсатын қойды. Олар өзәзілдік төсілдер қолданып, Орталық Комитетке қарсы құпия түрде сөз байласты. ОК Пленумында ашып көрсетілген деректер Маленков, Каганович, Молотов жолдастар мен оларға қосылған Шепилов жолдастың фракциялық күрес жолына түсіп, партияның Жарғысын және партияның X съезінің Ленин өзірлеген «Партияның бірлігі туралы» шешімін бұзды...<...>

Жоғарыда айтылғандардың бәрін негізге ала және партияның лениндік бірлігін барынша нығайту мүдделерін басшылыққа ала отырып, КОКП ОК Пленумы қаулы етеді:

1. Маленковтың, Кагановичтің, Молотовтың және оларға қосылған Шепиловтың антипартиялық тобының фракциялық қызметі біздің партиямыздың лениндік принциптеріне сыйыспайтын әрекет ретінде айыпталсын.

2. Маленков, Каганович және Молотов жолдастар ОК Президиумының мүшелерінің құрамынан және ОК құрамынан шығарылсын; Шепилов жолдас КОКП ОК хатшысы қызметінен алынсын және ОК Президиумының мүшелігіне кандидаттар құрамынан және ОК мүшелерінің құрамынан шығарылсын. <...>

КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. М., 1960. Ч. 4 (1954—1960). С. 271—277.

6. 60-ЖЫЛДАРДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ

1. А.Н. Косыгин — КСРО Министрлер кеңесінің Төрағасы (наурыз, 1969 ж.)

Біз экономикалық реформада орын алған кемшіліктерді сынға алуға және болашақта неғұрлым жетілдірілген өнеркәсіп пен еңбек өнімділігі, жаңа өнім саласын неғұрлым алдыңғы қатарлы позицияларға шығуға мүмкіндік беретін шараларды белгілеу қажет болатын дәрежеде тұрмыз.

Біз директорлар мен бірлестіктерді тапсырыс үшін бәсекелесу мүдделі ету туралы мәселені шеше алмай жатырмыз. Олар тапсырыстардан бастарын алып қашады. Алайда бұл орындау мүмкін еместіктен емес, көпшілік жағдайларда олар тапсырыс көбірек болған сайын оның қызметі нашарлайтындығынан қашпақтайды. Өйткені онда барлық көрсеткіштер бірден түсіп кетеді. Алайда егер олар біздің бар заңдарымызды пайдаланатын болса, бірден қарсы шығады. Заңдар тапсырыстарды қабылдауға қарсы күреске бағыттайды.

2. Академик А.Д. Сахаров (1971 ж.)

Мен біздің ел дамуының негізгі проблемаларын талқылауға дайындық ретінде бірқатар тезистер тұжырымдауға өрекеттендім.

Экономикалық проблемалар, басқару, кадрлар.

а) 1965 жылғы экономикалық реформаны тереңдету, барлық шаруашылықтың дербестігін арттыру, кадрларды іріктеу, жалақы мен мадақтау, материалдардық жабдықтау мен қорлар, жоспарлау, кооперативтендіру, өнім бейінін таңдау, қаржыландыруға қатысты бірқатар шектеуші ережелерді қайта қарастыру.

ә) Кадрлар мен басқару саласында. Барлық дәрежелердегі мемлекеттік мекемелердің жұмысында мемлекет мүдделері жол беретін шектердегі жариялықты кеңейту жөнінде шешімдер қабылдау.

б) ұжымшарлардың, жұмысшылардың, кеңшарларлар мен жеке қожайындардың үй жанындағы телімдеріндегі ауылшаруашылық өндірісін кеңейтуге жағдай жасайтын шаралар — салық саясатын өзгерту, бұл секторда заманауи және арнаулы әзірлеген ауылшаруашылық техникасымен, тыңайтқыштармен және басқалармен жабдықтау жүйесін өзгерту. Ауылды құрылыс материалдарымен, отынмен

жабдықтауды жақсартатын шаралар — салық саясатын өзгерту, жұмысшыларға іс мүдделеріне сәйкес ақы төлеуге рұқсат ету, ауылды материалдық жабдықтау жүйесін өзгерту.

в) Жеке бастаманың қызмет көрсету ортасындағы, медициналық қызмет көрсетудегі, ұсақ саудадағы, білім берудегі және т.б. мүмкіндіктері мен тиімділігін кеңейту.

**7. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ШЕТЕЛДЕРДЕ КСРО-НЫҢ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘРДЕМІМЕН САЛЫНҒАН
КӘСПОРЫНДАРДЫҢ, ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА
ОБЪЕКТІЛЕРДІҢ САНЫ
(1971 жыл, 1 қаңтардағы жағдай бойынша)**

Мемлекеттің атауы	Жалпы сан (салынған және салынуға тиісті)	Соның ішінде пайдалануға берілгені
Барлығы	2410	1529
Социалистік елдер:	1695	1172
Болгария	253	106
Венгрия	80	47
ГДР	38	16
ВДР	206	157
КХР	256	256
КХДР	81	53
Куба	166	97
Моңғолия	250	167
Польша	122	95
Румыния	121	95
Чехословакия	33	16
Югославия	44	22
Албания	45	45
Дамушы елдер:	709	355
Алжир	87	29
Ауғанстан	76	47
Үндістан	67	35
Ирак	60	37
Иран	59	17
Египет Араб Республикасы	102	83

Социалистические страны и страны капитализма в 1970 г.
Стат. сб. М., 1971. С. 667

8. КСРО-ның 1977 ЖЫЛҒЫ КОНСТИТУЦИЯСЫ

(Үзінді)

1 бөлім. Саяси жүйе

1-бап. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы — жұмысшылардың, шаруалар мен интеллигенцияның, елдің барлық ұлттары мен ұлыстарының еркі мен мүдделерін білдіретін социалистік жалпыхалықтың мемлекеті болып табылады.

2-бап. КСРО-дағы барлық билік халыққа тиесілі. Халық мемлекеттік билікті КСРО-ның саяси негізін құрайтын халық депутаттары Кеңестері арқылы жүзеге асырады.

Барлық басқа мемлекеттік органдар халық депутаттары Кеңестерінің бақылауында болады және есеп береді.

3-бап. Кеңес мемлекетінің ұйымы мен қызметі демократиялық централизм ұстанымдарына сәйкес құрылады: барлық мемлекеттік билік органдары төменнен жоғарыға қарай сайланады. Олар халыққа есеп беруі, жоғары тұрған органдар шешімдерінің төменде тұрған органдарға міндетті болуы тиіс. Демократиялық централизм бірыңғай басшылықты жергілікті жерлердегі бастамамен және шығармашылық белсенділікпен, әрбір мемлекеттік орган мен лауазымды тұлғаны тапсырылған іске деген жауапкершілігімен үйлестіреді.

Конституция (Основной закон) Союза Советских Социалистических Республик. М., 1977. С. 5—6.

9. «ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ РОССИЯ» ҚОЗҒАЛЫСЫН ҚҰРУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ ҮНДЕУІНЕН

29 тамыз, 1990 жыл.

... [XXVIII] съезінде орталық пен әсіре оңшылдар арасындағы жікке жол бермей, КОКП парташпаратының, ОЖ-нің, Лигачевтің немесе басқа да топтардың атынан ғана емес, ал тұтас түрінде қоғамның негізгі консерваторлық күшіне айналды. Компартия кетіп бара жатқан пойыздың табалдырығына секіріп мінгісі келмеді (бәлкім, міне алмаған болар?)... Сөйтіп қоғамдық санадағы бетбұрыста мүлдем артта қалды. «Авангардтық» партия рөлін одан әрі атқара отырып, ол өзін елді түбегейлі жаңарту векторына сөзсіз

қарама-қарсы қойып отыр, оған қоса, жаңадан қабылданған Жарлық барлық деңгейдегі Кеңестердің депутаттарына КОКП фракцияларына қарсы тұрған фракцияда болуға тыйым салды. Сондықтан Буничтің, Шаталиннің, Гельманның Компартияда осы кезге дейін болуының өзі іс жүзінде еш нәрсе өзгертіп отырған жоқ: қандай да болсын жаңа сайлауда (ал олар сөзсіз партиялық болады) жікке бөлмеген КОКП демократиялық күштерге қарсы тұруға мәжбүр болады. Осыдан біраз бұрынғы бірпартиялық өткен кезеңге тән «КОКП-дегі демократтар + КОКП-ден тыс демократтар КОКП-дегі консерваторларға қарсы» моделін әлдеқайда табиғи «КОКП-дегі демократтар — бір жағынан, КОКП — екінші жағынан» моделіне ауыстыру басталып отырған көп партиялық ақиқат үшін сөзсіз нәрсе.

Біз әлдебір себептермен КОКП қатарында қалып отырғандар мен ынтымақтасу мүмкіндігін ешбір жоққа шығармай отырғанымызды атап көрсету керек. Біз тек олардың ұстанымының екіұштылығына және қарама-қарсылығына ғана назар аударамыз және уақыт күтпейтінін және ендігі жерде күтуге болмайтынын ескере отырып, таңдау жасауға тағы да шақырамыз <...>

КОКП-мен тең емес салмақ категориясында қалмау үшін біз Ресей қоғамының барлық демократиялық күштерін «Демократическая Россия» жалпыхалықтық қозғалысында үйлестіруге шақырамыз. Осы қозғалыс шеңберінде рәсімделген немесе рәсімделмеген партиялық және сол сияқты құрылымдар сақталатын болады, идеология мен тактикада дербестікке толық кепілдік берілетін болады (соның ішінде бұл кезеңде қозғалысқа қатысушылардың едәуір бөлігі үшін партиясыздық балама болуы мүмкін). Түрлі деңгейлердегі Кеңестерде қазірдің өзінде қалыптасқан демократиялық депутаттық блоктар қозғалыстың маңызды құрамдас бөлігіне айналары сөзсіз. Автономиялық республикаларда тиісті қозғалысқа өз атауын беруге болады.

Бұқаралық қозғалысты қалыптастыру үшін бірқатар тиімді қадамдар жасау қажет. Біз әрбір аймақта немесе өкімшілік орталығында осындай іс-қимыл жасайтын барлық демократиялық ұйымдардың өкілдерінен және прогресті демократиядан үйлестіру кеңестерін ұйымдастыруға шақырамыз. Ол кеңестердің міндеті — қозғалысқа демократиялық көңіл күйдегі азаматтардың тартылуын ынталандыру, тұрғылықты жерде және жұмыс орнында

(ЖОКП парткомдарын кәсіпорындардан шығарудан өзiрше бас тартуда). «Демократическая Россия» комитеттерiнiң құрылуына жәрдемдесу. Демократиялық қозғалыстың ұйымдық құрылғылары жоқ жерде «Демократическая Россия» қозғалысының ұйымдастыру комитеттерiн құру орынды, олар кейiн көптеген партиялар мен қозғалыстардың негiзiне айналады.

Келесi қажеттi қадам — қозғалыстың бастауыш аймақтық құрылымдарын құру жөнiндегi бiрлескен конференциялар өткiзу, онда 1990 жылғы қазанның соңына — қарашаның бас кезiне жоспарланған бiрiншi құрылтай съезiне делегаттар сайлау.

Өтпелi кезеңде нақ осындай құрылымның тиiмдi екенiн Польшаның «Солидарность» ұйымының тәжiрибесi жақсы қуаттады. Бiздiң мiндет — оған ұқсас демократиялық реформаларды жақтаушылардың бәрiн қамтитын бұқаралық қозғалыс құру. <...>

Хрестоматия по отечественной истории (1946—1945 гг.) М., 1996. С.338—339.

10. КСРО РЕФЕРЕНДУМЫ ОРТАЛЫҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ 1991 ЖЫЛЫ 17 НАУРЫЗДА БОЛЫП ӨТКЕН КСРО РЕФЕРЕНДУМЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

26 наурыз, 1991 жыл.

КСРО халық депутаттары төртiншi Съезiнiң шешiмi бойынша және КСРО Жоғарғы Кеңесiнiң 1991 жылғы 16 қаңтардағы қаулысы негiзiнде «Кеңестiк Социалистiк Республикалар Одағының тең құқылы Егемендi Республикалардың кез келген ұлт өкiлiнiң құқықтары мен бостандықтарына толық дәрежеде кепiлдiк берiлетiн жаңарған федерациясы ретiнде сақталуын сiз қажет деп санайсыз ба?» деген сұрақ бүкiлхалықтық дауыс беруге (референдумға) қойылды.

Осы мәселе бойынша референдум РКФСР-де*, Украин КСР-iнде, Беларусь КСР-iнде, Өзбек КСР-iнде, Өзiрбайжан КСР-iнде, Қырғыз КСР-iнде, Тәжiк КСР-iнде, Түрiкмен КСР-iнде, РКФСР, Өзбек КСР-i және Өзiрбайжан КСР-i құрамына кiретiн республикаларда, Грузия КСР-нiң құрамына кiретiн Абхаз КСР-iнде, сондай-ақ округтерде және шетелдердегi кеңес мекемелерi мен әскери бөлiмшелерде құрылған учаскелерде өткiзiлдi.

Қазақ КСР-інде КСРО референдумында дауыс беру «Сіз КСРО-ның тең құқықты егеменді мемлекеттер одағы ретінде сақталуын қажет деп санайсыз ба?» деген сауалға сөйкес Республикалардың Жоғарғы Кеңесі тұжырымдаған мәселе бойынша өткізілді. Сонымен бірге Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы дауыс беру нәтижелерін КСРО референдумының жалпы қорытындыларына қосуды ресми түрде сұрады.

Референдумның Орталық Республикалық комиссиялары құрылмаған Грузин КСР-інде, Литва КСР-інде, Молдавия КСР-інде, Латвия КСР-інде, Армян КСР-інде және Эстон КСР-інде, Грузия КСР-нің құрамына кіретін Аджар КСР-інде, халық депутаттарының бірқатар жергілікті кеңестері, кәсіпорындардағы, мекемелердегі және ұйымдардағы еңбек ұжымдары мен қоғамдық бірлестіктер «КСРО Жоғарғы Кеңесінің КСРО референдумын ұйымдастыру және оның 1991 жылы, 17 наурызда өткізілуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы қаулысын орындаудың барысы туралы» КСРО Жоғарғы Кеңесі қаулысының 3—5 тармақтарын басшылыққа ала отырып, өз бетінше округтер мен учаскелерде округтік және учаскелік комиссиялар құруды, оларды КСРО референдумының Орталық комиссиясы тіркеді. Мұның өзі аталған республикалар аумағында тұратын азаматтардың бір бөлігінің референдумға қатысуына мүмкіндік берді.

... КСРО референдумының Орталық комиссиясы қаулы етті:

КСРО бойынша, жалпы алғанда: КСРО референдумына қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне 185 647 355 адам енгізілді; дауыс беруге қатысқандар 148 574 606 адам немесе 80,0 пайыз.

Солардың ішінде жауап қайтарғандар:

«Иә» — 113 512 812 адам немесе 76,4 пайыз;

«Жоқ» — 32 303 7977 адам немесе 21,7 пайыз;

Жарамсыз деп танылғаны — 2 757 817 бюллетень немесе 1,9 пайыз.

Известия, 27 марта 1991 года.

11. КСРО-дағы ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТТІҢ КЕҢЕС ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІНЕН

18 тамыз, 1991 жыл.

Отандастар! Кеңес Одағының Азаматтары!

Отанның және біздің халықтарымыздың тағдыры үшін сын сағатында сөзімізді сіздерге арнаймыз! Біздің ұлы Отанымызға тажалды қауіп төнді! М.С.Горбачевтің ынтасымен басталған, еліміздің серпінді дамуын және қоғамдық өмірдің демократияландыруын қамтамасыз етудің құралы ретінде ойластырылған реформалар, бірқатар себептерге байланысты түйыққа тірелді. Бастапқы құлшыныспен үміт орнына сенімсіздік, енжарлық пен торығу келді. Билік барлық деңгейде халықтың сенімінен айырылды. Саясатшылдық қоғам өмірінен Отанның және азаматтың тағдырына қамқорлықты ығыстырып шығарды. Мемлекеттің барлық институттарында қысастық пен келемеждеу орын алды. Ел шын мәнінде басқарылмайтын болды.

Берілген бостандықтарды пайдаланып, демократияның жаңадан ғана пайда болған өскіндерін аяққа таптай отырып Кеңес Одағын жоюға, мемлекетті күйретуге, қандай да болсын жолмен билікті басып алуға бағыт алған экстремистік күштер пайда болды. Отанымыздың бірлігі туралы жалпыұлттық референдумның нәтижелері аяқасты етілді. Ұлттық сезімдермен арсыз алыпсатарлық жасау — кеудемсоқтықты қанағаттандыруға арналған бетперде ғана. Саяси авантюристерді өз халықтарының бүгінгі қайғылы жайы да, ертеңгі күні де аландатпайды. Моральдық-саяси террор жағдайын жасай отырып және халық сенімін талқан етуге әрекеттеніп, олар өздері айыптап, үзіп жатқан байланыстар халықтың анағұрлым кең көлемді, сонымен бірге тарихтың сан ғасырлық сынынан өткен қолдауы негізінде орнатылғанын олар ұмытуда. Іс жүзінде конституциялық құрылысты құлатуға әкеле жатқандар бүгінде ұлтаралық жанжалдардың сан жүздеген құрбандардың қазасы үшін аналар мен әкелер алдында жауап беруге тиіс. Жарты миллионнан астам босқындардың бүлінген тағдыры солардың мойнында. Күні кеше біртұтас отбасы болып тұрған, ал бүгінде өз жерінен аластатылған ондаған миллион кеңес адамдары солардың кесірінен тыншытығы мен қуанышынан айырылды. Қоғамның қандай болу керек екенін халықтың өзі шешуге тиіс, ал оны бұл құқықтан айыруға әрекет жасалуда. <...>

Билік дағдарысы экономикаға апатты әсер етті. Нарыққа бейберекет стихиялық сырғу аймақтық, ведомствалық, топтық және жеке өзімшілдіктің бұрқ ете түсуіне әкеп соқтырды. Заңдар соғысы мен сыртқа тебетін үдерістерді көтермелеу ондаған жылдар бойы қалыптасқан біртұтас халық шаруашылығы механизмінің күйреуіне әкеліп соқты. Кеңес адамдарының басым көпшілігінің тұрмыс деңгейінің күрт төмендеуі, алыпсатарлықтың және көлеңкелі экономиканың гүлденуі соның нәтижесі болды. Адамдарға шындықты айтатын мезгіл жетті: егер экономиканы тұрақтандыру жөнінде шұғыл шаралар қолданылмайтын болса, таяу уақытта ашаршылық пен қайыршылықтың қайтадан айналып келетініне күмән жоқ, олардың зардаптары жойқын болатын стихиялы наразылықтардың жаппай белең алуына бір-ақ қадам. Шетелдерден әлдебір көмекке тек жауапсыз адамдар ғана үміт арта алады. Біздің проблемаларымызды ешқандай садақалар шешпейді, аман қалудың жолы біздің өз қолымызда. Өрбір адамның немесе ұйымның беделін халық шаруашылығын қалпына келтіру мен дамытуға қосатын нақты үлесімен өлшейтін мезгіл жетті. <...>

Еңбекшілердің құқықтарына шабуыл жасалуда, еңбек ету, білім алу, денсаулық сақтау, тұрғын үй, демалыс құқықтарының тағдыры белгісіз болып тұр.

Тіпті адамдардың қарапайым жеке қауіпсіздігіне қатер үсті-үстіне төндірілуде. Қылмысжасаушылық тез көбеюде, ұйымдасқан сипат алып, саясаттандырылуда. Ел зорлықзомбылық пен заңсыздықтың тұңғиығына батырылды. <...>

Кеңес Одағында саяси және экономикалық жағдайдың барған сайын тұрақсыздандырылуы біздің дүниежүзіндегі ұстанымдарымызды әлсіретеді. Кейбір жерде реваншистік үндер естілді, шекараларды қайта қарау туралы талаптар қойылуда. Тіпті Кеңес Одағын бөлшектеу және елдің жекелеген объектілері мен аудандарында халықаралық қамқорлық мүмкіндігі туралы дауыстар естілуде. Ащы шындық, міне, осындай. <...>

КСРО-дағы төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет елде басталған дағдарыстың терең екенін толық түсінеді, ол Отан тағдыры үшін жауапкершілікті өзіне алады және мемлекет пен қоғамды дағдарыстан тезірек шығару жөнінде ең елеулі шаралар қолдануға бекем бел байлап отыр.

Біз жаңа Одақтық шарт жобасының бүкілхалықтық кең талқылаудан өткізілуіне уәде береміз. Әркімнің де осы аса маңызды әрекетті тыныш жағдайда ұғынуы және ол бойынша өз көзқарасын анықтау құқығы мен мүмкіндігі бар болады, өйткені біздің ұлы Отанымыздың көптеген халықтарының тағдыры Одақтың қандай болатынына байланысты.

Біз заңдылық пен құқық тәртібін дереу қалпына келтіруді, қантөгісті тоқтатуды, қылмыскерлер дүниесіне аяусыз соғыс жариялауды, біздің қоғамымыздың атына кір келтіретін және кеңес азаматтарын кемітетін масқара құбылыстарды түп-тамырымен жоюды көздеп отырмыз. Біз өз қалаларымыздың көшелерін қылмысты элементтерден тазартамыз, халық игілігін талан-тараж етушілердің озбырлығын тыямыз.

Біз шынайы демократиялық үдерістерді, Отанымыздың дүниежүзілік ұлттар қауымдастығында лайықты орын алуына мүмкіндік беретіндей жаңаруына, оның экономикалық және әлеуметтік гүлдеуіне жеткізетін дәйекті реформалар саясатын жақтаймыз.

Ел дамуы халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуіне негізделмеуі тиіс. Сау қоғамда барлық азаматтардың әлауқатының үнемі арттырылуы нормаға айналады.

Жеке адамның құқықтарын нығайту мен қорғау туралы қамқорлықты бөсеңдетпеспен, біз халықтың ең қалың топтарының, құнсыздану, өндіріс шырқының бұзылуы, парақорлық пен қылмыс жасаушылықтың бәрінен де күшті соққы болып тигендердің мүддесін қорғауға басты көңіл бөлеміз.

Халық шаруашылығының көп укладты сипатын дамыта отырып, біз жеке кәсіпкерлікті де қолдаймыз, оған өндіріс пен қызмет саласын дамыту үшін қажетті мүмкіндіктер береміз. Азық-түлік және тұрғын үй мәселелерін шешу біздің бірінші кезектегі міндетіміз болады. Қолда бар күштің бәрі халықтың осы ең көкейкесті қажеттерін қанағаттандыруға жұмылдырылады.

Біз жұмысшыларды, шаруаларды еңбек зиялыларын, барлық кеңес адамдарын еңбек тәртібі мен реттілікті қысқа мерзім ішінде қалпына келтіруге, батыл түрде алға басу үшін өндіріс деңгейін көтеруге шақырамыз. Біздің өміріміздің және біздің балаларымыз бен немерелеріміздің болашағы, Отан тағдыры осыған байланысты. <...>

Біздің көпұлтты халқымыз ғасырлар бойы өз Отаны үшін мақтаныш сезімімен өмір сүрді. Біз өзіміздің патриоттық сезімдерімізден ұялған жоқпыз және біздің ұлы державамыз азаматтарының қазіргі және болашақ ұрпақтарын осы рухта тәрбиелеуді табиғи және заңды деп санаймыз.

Отан тағдыры үшін осынау сын сағатта қарекетсіздік көрсету — қайғылы, шын мәнінде болжауға болмайтын зардаптар үшін ауыр жауапкершілікті өзіне алу деген сөз. Біздің Отанымызды қымбат санайтын, тыныштық пен сенімділік жағдайында өмір сүріп, еңбек еткісі келетін, ұлтаралық қарулы жанжалдардың жалғастырылуын қаламайтын, өз Отанын болашақта тәуелсіз және гүлденген күйінде көргісі келетін әрбір адам бірден-бір дұрыс таңдау жасауға тиіс. Біз барлық шынайы патриоттарды, ізгі ниетті адамдарды қазіргі аласапыран уақытты тыюға шақырамыз.

Кеңес Одағының барлық азаматтарын Отан алдындағы өз борышын түсінуге және КСРО-дағы төтенше жағдай жөніндегі Мемлекеттік комитетке, елді дағдарыстан шығару жөніндегі күш-жігерге қолдау көрсетуге шақырамыз.

Советская Россия, 20 августа 1991 года.

12. М.С.ГОРБАЧЕВТИҢ КОКП БАС ХАТШЫСЫ МІНДЕТІН ТОҚТАТАТЫНЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

24 тамыз, 1991 жыл.

КОКП Орталық Комитетінің Хатшылығы, Саяси Бюросы мемлекеттік төңкеріске қарсы шыққан жоқ. Орталық Комитет айыптау мен қарсы әрекет жасаудың батыл ұстанымында бола алмады, коммунистерді конституциялық заңдылықтың аяққа тапталуына қарсы күреске көтермеді. Қастандық жасаушылардың арасында партия басшылығының мүшелері болды, бірқатар партия комитеттері мен бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік қылмыскерлердің іс-әрекеттерін қолдады. Мұның өзі коммунистерді жалған жағдайға қойды.

Көптеген партия мүшелері қастандық жасаушылармен ынтымақтасудан бас тартты, төңкерісті айыптады және оған қарсы күреске қосылды. Барлық коммунистерді жазықсыз айыптауға ешкімнің моральдық құқығы жоқ, сондықтан

мен, Президент ретінде оларды азаматтар ретінде дәлелсіз айыптаулардан қорғауға өзімді міндеттім деп санаймын.

Осы жағдайда КОКП ОК өзін-өзі тарату туралы қиын, бірақ адал шешім қабылдауға тиіс. Республикалық Компартиялардың және жергілікті партия ұйымдарының тағдырын олардың өздері белгілейді.

КОКП ОК Бас хатшысы міндетін одан әрі орындауды өзін үшін мүмкін емес деп санаймын және тиісті өкілеттіктерді доғарамын.

Конституциялық заңдылыққа, қоғамды жаңарту бағытына сенімін сақтаған демократиялық көңіл күйдегі коммунистер жаңа негізде барлық прогресшіл күштермен бірге түбегейлі демократиялық өзгерістерді еңбек адамдарының мүдделерінде одан әрі жалғастыруға қабілетті партия құрылуын жақтайтынына сенемін.

Российская газета, 27 августа 1991 года.

13. БЕЛАРУСЬ РЕСПУБЛИКАСЫ, РКФСР, УКРАИНА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫЛАРЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Минск. 8 желтоқсан, 1991 жыл.

Біз, Беларусь Республикасының, РКФСР-дің, Украина-ның басшылары,

— жаңа одақтық шарт дайындау туралы келіссөздің тұйыққа тірелгенін, республикалардың КСРО-ның құрамынан шығуының және тәуелсіз мемлекеттер құрылуының объективті үдерісі және нақты фактіге айналғанын атап көрсете отырып;

— орталықтың болашақты дұрыс болжай білмейтін саясаты терең экономикалық және саяси дағдарысқа, өндірістің күйреуіне, қоғамның барлық дерлік топтарының тұрмыс дәрежесінің апатты түрде күйреуіне әкеліп соққанын атап көрсете отырып,

— бұрынғы КСРО-ның көптеген аймақтарында әлеуметтік шиеленістің күшейе түскенін оның өзі көптеген адамдардың құрбан болған ұлтаралық жанжалдарға әкеліп соққанын ескере отырып,

— өз халықтарымыздың және дүниежүзілік қауымдас-тықтың алдындағы жауапкершілігімізді және саяси, экономикалық реформаларды нақты жүзеге асырудың пісуі жеткен қажеттілігін түсіне отырып, Тәуелсіз Мемлекеттер

Достастығының құрылғаны туралы мәлімдейміз, ол туралы келісімге тараптар 1991 жылғы 8 желтоқсанда қол қойды.

Беларусь Республикасы, РКФСР, Украина құрамындағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы барлық мемлекеттердің — КСР Одағы мүшелерінің қосылуы үшін, сондай-ақ осы келісімнің мақсаттары мен принциптеріне келісетін басқа мемлекеттер үшін ашық.

Достастыққа мүше мемлекеттер халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту бағытын жүргізуді көздеп отыр. Олар бұрынғы КСР Одағының шарттары мен келісімдерінен өздері үшін туындайтын халықаралық міндеттемелердің орындалуына кепілдік береді, ядролық қаруға және оның таратылмауына бірыңғай бақылау жасалуын қамтамасыз етеді.

Известия, 9 декабря 1991 года.

14. ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ АЛМАТЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫНАН

21 желтоқсан, 1991 жыл.

Тәуелсіз мемлекеттер

— Өзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы (РФ), Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Украина, өзара қарым-қатынастар мемлекеттік егемендік пен егеменді теңдікті, өзін-өзі билеудің ажыратылмас құқығын, тең құқықтылық пен ішкі істерге араласпау принциптерін өзара тану мен құрметтеу, күш қолданудан және күш қолданамыз деп қоқан-лоқы жасаудан, қысым жасаудың экономикалық және басқа әдістерінен бас тарту, дауларды бейбіт реттеу, адамның құқықтары мен бостандықтарын соның ішінде аз ұлттардың құқықтарын құрметтеу, халықаралық құқық міндеттемелері мен басқа да жалпылама қабылданған принциптері мен нормаларын адал орындау негізінде дамиды демократиялық құқықтық мемлекет орнатуға ұмтыла отырып;

бір-бірінің аумақтық тұтастығын және қазіргі шекаралардың мызғымастығын мойындай және құрметтей отырып; терең тарихи тамырлары бар достық, тату көршілік

және өзара тиімді ынтымақтастық қатынастарының нығайтылуы халықтардың түбегейлі мүдделеріне сай келеді және бейбітшілік пен қауіпсіздік ісіне қызмет етеді деп санай отырып;

азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық татулықтың сақталуы үшін өз жауапкершілігін түсіне отырып;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісімнің мақсаттары мен принциптеріне адал бола отырып,

төмендегілер туралы мәлімдейді:

Достастыққа қатысушылардың өзара іс-қимылдары басты негізде құрылатын және мемлекетте, мемлекеттік бірлестікте болып табылмайтын Достастыққа қатысушылар арасындағы келісімдер мен белгіленетін тәртіппен жұмыс істейтін үйлестіруші институттар арқылы теңдік принципінде жүзеге асырылатын болады.

Халықаралық стратегиялық тұрақтылықты, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсаттарында әскери-стратегиялық күштерінің біріккен қолбасшылығы және ядролық қаруға бірыңғай бақылау сақталатын болады, тараптар бір-бірінің ядролық қарусыз және (немесе) бейтарап мемлекет мәртебесіне жетуге ұмтылысын құрметтейтін болады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы өзіне барлық қатысушылардың келісуімен бұрынғы КСР Одағына мүше мемлекеттердің, сондай-ақ достастықтың мақсаттары мен принциптеріне ортақ өзге де мемлекеттердің қатысуы үшін ашық.

Жалпы экономикалық кеңістік, жалпы еуропалық және еуропалық нарықты қалыптастыру мен дамытудағы ынтымақтастыққа адалдық қуатталады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуымен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы өмір сүруін тоқтатты.

Достастыққа қатысушы мемлекеттер бұрынғы КСРО-ның шарттары мен келісімдерінен туындайтын халықаралық міндеттемелердің орындалуына өздерінің конституциялық рәсімдеріне сәйкес кепілдік береді.

Достастыққа қатысушы мемлекеттер осы Декларацияның принциптерін бұлжытпай сақтауға міндеттенеді.

<...>

Известия, 23 декабря 1991 года.

**15. РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДАҒЫ КЕЗЕҢДІК
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА ТУРАЛЫ РЕСЕЙ
ФЕДЕРАЦИЯСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ**

21 қыркүйек, 1993 жыл.

Ресей Федерациясында елдің мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздігіне қатер төндіретін саяси жағдай қалыптасты. Әлеуметтік-экономикалық реформалардың жүзеге асырылуына тікелей қарсылық, бүкіл халық сайлаған Ресей Федерациясы Президентінің саясатына Жоғарғы Кеңесте күн сайын жүзеге асырылып жатқан ашық кедергі, атқарушылық билік функцияларын Министрлер Кеңесінің орнына тікелей жүзеге асыру әрекеттері Ресей Федерациясы Жоғарғы Кеңесінде көпшіліктің және оның басшылығының бір бөлігінің 1993 жылғы 25 сәуірдегі референдумда білдірілген Ресей халқының еркіне ашықтан-ашық қарсы шыға бастағанын дәлелдейді. Сол арқылы Референдум туралы Заң өрескел түрде бұзылды, оған сәйкес бүкіл Ресейлік референдум қабылдаған шешімнің ең жоғары заңдық құқығы бар, олар әлдеқандай бекітуді қажет етпейді және Ресей Федерациясының бүкіл аймағында қолдану міндетті.

Съезд және Жоғарғы Кеңес атқарушылық қана емес, тіпті сот функцияларын өз қолына алу үшін жүйелі және барған сайын белсенді түрде күш жұмсауда.

Сонымен бірге олар Федералдық шартты жүзеге асырудың заңдық негізін жасамаған, бірақ Ресей мемлекетінің Федералдық ұстанымына көбінесе тікелей қарсы келетін шешімдер қабылдауда. <...>

Ресейдің және оның халықтарының қауіпсіздігі — биліктің заң шығарушы тармағы жасаған қарама-қайшы нормаларды формалды түрде орындаудан гөрі жоғары құндылық екенін еске ала отырып:

Ресей Федерациясының бірлігі мен тұтастығын сақтауды;
елді экономикалық саяси дағдарыстан шығару;

Ресей Федерациясының мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

Мемлекеттік билік беделін қалпына келтіру мақсаттарында;

Ресей Федерациясы Конституциясының 1, 2, 5, 121—5-баптарын, 1993 жылғы 25 сәуірдегі Референдум қорытындыларын негізге ала отырып,

Қаулы етемін:

1. Ресей Федерациясы халық депутаттары съезінің және Ресей Федерациясы Жоғарғы Кеңесінің заң шығару, басқару және бақылау функцияларын жүзеге асыруын тоқтатсын. Ресей Федерациясының жаңа екі палаталы парламентінің — Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысының жұмысы басталғанға және өзіне тиісті өкілеттіктер қабылдағанға дейін Президенттің Жарлықтары, және Ресей Федерациясы үкіметінің қаулылары басшылыққа алынсын. <...>

2. Конституциялық комиссияға және Конституциялық кеңеске 1993 жылғы 12 желтоқсанға дейін Ресей Федерациясы Конституциясының келісілген бірыңғай жобасы тапсырылсын. <...>

5. Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысының Мемлекеттік Думасына сайлау 1993 жылғы 11—12 желтоқсанға белгіленсін. <...>

8. Ресей Федерациясының субъектілерінде уәкілетті органдар өкілеттілігі сақталады.

9. Ресей Федерациясы халық депутаттары съезінің отырыстары шақырылмайды.

Ресей Федерациясы халық депутаттарының уәкілеттілігі тоқталады. <...>

Ресей тағдыры, оның азаматтарының гүлденуімен әлауқатының мүдделері өздеріне қымбат адамдардың бәрі ұзаққа созылып кеткен саяси дағдарыстан бейбіт және заңды жолмен шығу үшін Федералдық Жиналыстың Мемлекеттік Думасына сайлау өткізу қажеттігін түсінетініне үміт білдіремін.

Ресей азаматтарын ел тағдыры үшін осы бетбұрысты кезеңде өз Президентін қолдауға шақырамын.

Москва. Осень — 1993. Хроника противостояния. М., 1994. С. 1—7.

16. ШЕШЕН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА ЖӘНЕ ОСЕТИН-ИНГУШ ЖАНЖАЛЫ АЙМАҒЫНДА ЗАҢСЫЗ ҚАРУЛЫ ҚҰРАМАЛАРДЫҢ ӘРЕКЕТІН ТЫЮ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

9 желтоқсан, 1994 жыл.

Ресей Федерациясының Қауіпсіздік кеңесі өз әрекеттерінің нәтижесінде ұзақ уақыт бойы қан төгілуіне, адамдар

өмірінің үзілуіне әкеліп соғып отырған және Шешен Республикасында және Ресей Федерациясының Солтүстік Кавказдағы кейбір аудандарында Ресей Федерациясы азаматтарының құқын бұзып келе жатқан заңсыз қарулы құрамалар бар екенін атап көрсетті.

Ресей Федерациясы Конституциясының 13-бабының 5-бөліміне сәйкес Ресей аумағында Ресей Федерациясының тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігін әлсіретуге қарулы құрамалар құруға, ұлттық және діни алауыздықтар өршітуге бағытталған қызметтерде тыйым салынған және ол заңнан тыс.

Ресей Федерациясы Конституциясының 80-бабы негізінде қаулы етемін:

1. Ресей Федерациясының Үкіметіне Ресей Федерациясы Конституциясының 114-бабының «д» және «е» тармақтарына сәйкес мемлекеттер қауіпсіздігін, заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық тәртіптің сақталуын, қылмысқа қарсы күресті, барлық заңсыз қарулы құрамаларды қарусыздандыруды қамтамасыз ету үшін мемлекетте бар барлық құралдарды пайдалану тапсырылсын.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Собрание законодательства Российской Федерации. 1994.
№3. С. 4888—4889.

VII тарау. ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ОҚТУСТІК-ШЫҒЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІ

1. АГРАРЛЫҚ РЕФОРМА ЖӘНЕ ҚОНЫСТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЗАҢ

*(Демократиялық Федеративтік Югославияның
уақытша халық скупщинасы қабылдаған)*

(Үзінді)

10 тамыз, 1945 жыл.

1-бап

Жерсіз және жері аз диқандарға жер үлесін бөліп беру және «жер оны өндейтіндерге қарасты» дейтін қағиданы жүзеге асыру мақсатында Демократиялық Федеративтік Югославияның бүкіл аумағында аграрлық реформа және қоныстандыру жүзеге асырылады.

2-бап

Берілетін жер үлестері сол жер үлестерін алатын адамдардың жекеменшігіне көшеді және жер кітаптарында дереу тіркелуге жатады.

3-бап

1-бапқа сәйкес жер үлесін бөліп беру үшін қажетті жер қорын жасау мақсаттарында, сондай-ақ ірі мемлекеттік үлгілі және тәжірибелік ауылшаруашылық жер меншіктерін құру мен ұлғайту үшін төмендегі ауылшаруашылық жер меншіктері меншік иелерінен алынып мемлекетке беріледі:

а) ірі жер меншіктері, яғни жалпы алаңы 45 гектардан астам немесе 25—35 гектар өңделетін жерді (шабындықтары, шалғындары, бақшалары, жүзімдіктері) ауыл шаруашылығы және орман алқаптары, егер оларды өңдеу үшін жалдамалы жұмыс күші қолданылатын болса, немесе ол телімдер жалға берілетін болса;

ә) заңда көрсетілген банкілердің, кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың және т.б. жеке және өзге заңды тұлғалардың меншігі болып табылатын жерлер...

б) шіркеулердің, монастырьлардың, діни қоғамдардың пайдалануындағы жерлері, сондай-ақ діни ұйымдарға және азаматтарға сыйға берілген басқа да жерлер;

в) заңда көзделген ең жоғары мөлшерден тыс өңделетін артық жерлер;

г) негізгі жұмысы егіншілік болып табылмайтын тұлғалардың меншігіндегі өңделетін жердің 3—5 гектардан астамынан артығы...

Конституция и основные законодательные акты Федеративной Народной Республики Югославии. С. 339—340.

2. ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФЕДЕРАТИВТІК ЮГОСЛАВИЯ ҚҰРЫЛТАЙ СКУПЩИНАСЫНЫҢ ЮГОСЛАВИЯ ФЕДЕРАТИВТІК ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫН ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

(Үзінді)

29 қараша, 1945 жыл.

Югославия соғысқа дейін өмір сүрген жиырма екі жылдың ішінде оның халықтары өздерінің ғасырлық мақсатын: ұлттық тең құқылық әлеуметтік әділдікті жүзеге асыра алмады...

Югославия халықтары... монархия жаңа Югославия, тең құқылы халықтарының туысқандық және демократиялық бірлестігін құруда кедергі болғанына көз жеткізді. <...>

I.

Демократиялық Федеративтік Республика Югославия Федеративтік Халық Республикасы деген атаумен халықтық Республика болып жарияланды.

Югославия Федеративтік Халық Республикасы басқару нысаны республикалық одақтық халықтық мемлекет, Югославияға біріккен күйінде қалу жөніндегі өз еркін айқын білдірген тең құқылы халықтар мемлекеті болып табылады.

II.

Осы шешіммен Югославияның бүкіл халқы атынан Югославиядағы монархия түпкілікті күшін жояды. Ал Петр II Карагеоргиевич Карагеоргиевичтердің бүкіл әулетімен өзіне және Карагеоргиевичтер әулетіне қарасты құқықтардың бәрінен айырылады.

Конституция и основные законодательные акты Федеративной Народной Республики Югославии. М., 1956. С. 105, 106—107.

3. КСРО ҮКІМЕТІНІҢ ЮФХР ҮКІМЕТІНЕ НОТАСЫ

28 қыркүйек, 1949 жыл.

Мемлекеттік қылмыскер және шпион Райк пен оның, сонымен бірге Югослав үкіметінің агенттері болып табылған сыбайластарына Будапешт қаласында осы жылғы 24 қыркүйекте аяқталған сот процесі барысында Югослав үкіметінің Кеңес Одағымен «достық» туралы жалған мәлімдемені екіжүзділікпен бүркемелей отырып, Кеңес Одағына қарсы ұзақ уақыттан бері дұшпандық әрекет жүргізіп келгені әшкереленді.

Будапештегі сот процесі, сондай-ақ Югослав үкіметінің басшылары КСРО-ға қарсы өзінің дұшпандық және бүлдірушілік жұмысын өз ықтиярымен ғана емес, сондай-ақ шетелдік империалистік топтардың тікелей тапсырмалары бойынша жүргізіп келгенін және одан әрі жүргізіп жатқанын көрсетті.

Осы процесте ашылған фактілер қазіргі Югослав үкіметі шетелдік империалистік топтарға толық тәуелді екенін және олардың басқыншылық саясатының қаруына айналғанын, оның өзі Югославия республикасының дербестігі мен тәуелсіздігінің жойылуына әкеліп соғуға тиіс болғанын және іс-жүзінде әкеліп соққанын көрсетті.

Осы фактілердің бәрі КСРО мен Югославия арасында 1945 жылы, 11 сәуірде жасалған Достық, өзара көмек, соғыстан кейінгі ынтымақтастық туралы шартты Югославияның қазіргі үкіметі өрескел күйде аяққа таптап, күл-талқан еткенін дәлелдейді.

Жоғарыда айтылғандар негізінде Кеңес үкіметі Кеңес Одағының жоғарыда аталған шарттан туындайтын міндеттемелерден өзін бұдан былай азат деп санайтынын мәлімдейді.

КСРО үкіметінің тапсыруы бойынша
Сыртқы Істер Министрінің
орынбасары

А. Громыко

Вестник МИД. 1990. №6. С. 63.

4. ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ МЕНШКТЕГІ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕР ҚОРЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА ЖЕР БЕРУ ТУРАЛЫ ЗАҢ

1953 жыл.

3-бап

Диқандардың өз меншігіне 10 гектар мөлшеріндегі жер телімі қалдырылады. Өңделетін жердің осы нормадан тыс артығы жалпыхалықтық меншік болып табылатын ауылшаруашылық қорына кіреді.

Конституция и основные законодательные акты Федеративной Народной Республики Югославии. С. 400.

5. ЮГОСЛАВИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ ҚАЙРАТКЕР МИЛОВАН ДЖИЛАС И.Б.ТИТОНЫҢ КЕҢЕС- ЮГОСЛАВИЯ ҚАҚТЫҒЫСЫНДАҒЫ ПОЗИЦИЯСЫ ТУРАЛЫ

Югославия революциясының кеңестік ұлы державалық гегемондылықпен қақтығысы ішкі дамуға ықпал етпей тұра алмады.

Бастапқыда Югославия басшылығы КСРО тарапынан болған орынсыз шабуылдардан болжамдарды ауызша жоққа шығарулармен қорғанды және кеңестік партиямен революцияшылдық жөнінде жарысты.

Алайда көп ұзамай мұндай саясат елді апатқа ұшырауға немесе сыртқы дүниеден оқшаулануға әкелетініне көз жеткізді. Өзі де өлім қаупінде бола тұрып, Тито кеңес басшылығымен қақтығысты идеологиялық жағынан тереңдетуге және алғашқы ырықтандырудың өте байсалды шаралары, экономиканы басқаруды орталықсыздандыру мен өкімшілік қызметті орталықсыздандыру (саяси органдар партия, құпия полиция мен армиядан басқасын) жөнінде шешім қабыладады.

Джилас М. Лицо тоталитаризма. М. 1992. С.500-501.

6. ГСБП ОК БАС ХАТШЫСЫ Э.ХОНЕККЕРДІҢ ГЕРА ҚАЛАСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН

13 қазан, 1980 жыл.

[...] ГДР мен ГФР арасында көптеген мәселелер бар екенін көрмеуге болмайды, сондықтан біз толық қалыпқа келтіруден әлі алыспыз. Бұның басты себебі — ГФР-дің ГДР-

мен қарым-қатынастарында біздің мемлекетіміз егемендігінің шешуші принциптерін қарым-қатынастардың негізі туралы шартты бұза отырып елемеу жөніндегі тоқтатылмай отырған әрекеттер. Біздің қарым-қатынастарымызда алға жылжуды бір-біріне тәуелді емес, қоғамдық құрылысы әртүрлі екі егеменді мемлекеттің өмір сүру фактісін ешқандай сылтауларсыз негізге алған жағдайда ғана жүзеге асыруға болады. Еуропалық соғыстан кейінгі тәртіпті тексеруге ұмтылу қандай болсын неміс мемлекеттері арасындағы қатынастардың қалыпқа келтірілуін қиындатады немесе тіпті оны күмәнді етеді.

Араласпау принципін... екі тараптың екіжақты қатынастарда, сондай-ақ үшінші елдермен қатынастарда сақтауы өте маңызды [...] ГФР мен ГДР азаматтарына пайдалы болатын түрлі салалардағы бұдан былайғы реттеуге ГФР тарапынан бөгет жасалып отыр. Бұл, ең алдымен, ГДР азаматтығының танылуына қатысты. ГФР халықаралық құқыққа қайшы келетін тұжырымдамалар ұстанып отырған кезде біздің мемлекетіміздің егемендігі танылмайтын болады. Бірақ факт мынада: бір-біріне тәуелсіз екі егеменді мемлекет өмір сүріп отыр...

Бір-біріне тәуелсіз екі егеменді ел арасындағы қарым-қатынастарға лайықты дипломатиялық деңгейде елшілер алмасатын уақыт жетті, оның өзі ГДР мен ГФР-дің тұрақты өкілдіктерінің қайта құрылуын білдіреді. [...]

История Германии. Документы и материалы.
Кемерово, 2005. Т.3. С.482.

7. ВЕНГР ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ

ВЕНГР КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ МЕН СОЦИАЛ- ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ БІРІКТІРУ СЪЕЗІНІҢ ШЕШІМІ

(Үзінді)

Маусым, 1948 жыл.

Венгр Коммунистік партиясы мен Социал-демократиялық партиясының біріктіру съезі венгр жұмысшы табының қатарында 30 жыл бойы орын алып келген жіктің жойылуы және жұмысшы табының ұйымдық саяси бірлігінің жасалуы халықтық демократияның үлкен жемісі және реакциясының күштеуінің ауыр жеңілісі болып табылады.

Екі жұмысшы партиясының біріктірілуі Коммунистік партияның венгр жұмысшы табының революциялық бірлігі жолындағы көптеген жылдардағы үздіксіз күресімен; коммунистер мен солшыл социал-демократтардың хортис-тік режім кезеңіндегі ынтымақтастығымен; екі партияның елдегі неміс-фашист басқыншылары кезеңіндегі және біздің елімізді даңқты Кеңес Армиясы азат еткеннен кейін, екі партияның халыққа жат реакцияшыл ішкі және сыртқы күштерге қарсы, халықтық-демократиялық Венгрия құру жолындағы ортақ күресі мүмкін болған кездегі біртұтас майданымен дайындалды. Екі жұмысшы партиясын біріктірудің шешуші алғышарты Венгр Коммунистік партиясы мен солшыл социал-демократтардың таптық сатқындарға — оңшыл социал-демократтарға қарсы бірлескен күресі болды...

Съезд Венгр коммунистік партиясы мен социал-демократиялық партия ұйымдарының сәуір — мамырда және маусымда бірігуін мақұлдады.

Осының негізінде Венгр Коммунистік партиясы мен Социал-демократиялық партиясының біріктіру съезі Венгр еңбекшілер партиясын құрды.

Хрестоматия по новейшей истории. Т. 3. Ч. 1. М.,
1961. С. 230—231.

8. КСРО ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ КОКП ОК-не БЕРГЕН АҚПАРАТЫ

24 қазан, 1956 жыл.

**Ерекше папка
Өте құпия
№1 дана**

КОКПОК

Баяндаймыз:

КСРО үкіметінің Венгр Халық Республикасының Үкіметіне көмек көрсету туралы шешіміне сәйкес, елде орын алған саяси тәртіпсіздіктерге байланысты Қорғаныс министрлігі тарапынан төмендегідей шаралар жүргізілді.

1. Үстіміздегі жылдың 23 қазанында 23.00 сағ-та жауынгерлік дабыл бойынша:

— Венгриядағы кеңес әскерлерінің механикаландырылған екі дивизия құрамындағы ерекше корпусы;

— Прикарпат әскери округінің бір атқыштар және бір механикаландырылған дивизиялары құрамындағы атқыштар корпусы;

— жеке механикаландырылған армияның Румынияда, румын-венгр шекарасына жақын жерде орналасқан бір механикаландырылған дивизиясы көтерілді.

Жауынгерлік дабыл бойынша барлығы кеңес әскерлерінің бес дивизиясы көтерілді, олардың құрамында 32 550 адам, 1130 — танктер мен САУ, 615 — зеңбіректер мен 185 — зенит қаруы, 380 — бронетранспортер, 3930 — автомәшине болды.

Сонымен бірге біздің авиация — Венгрияда бір ИАД және бір БАД, және Прикарпат әскери округінде бір ИАД, және бір БАД, барлығы: 159 — атқыштар және 122 — бомбардирлер жауынгерлік өзірлікке келтірілді.

2. Жауынгерлік дабыл бойынша көтерілген әскерлер алдына:

— ерекше корпусқа — корпустың басты күштері Будапештке кіріп, қаланың аса маңызды объектілерін басып алу және тәртіп орнату. Күштердің бір бөлігімен Австрия-Венгрия шекарасын жабу;

— Прик ӨО атқыштар корпусына — Венгрия аумағына кіріп, елдің шығыс бөлігінде ірі әкімшілік орталықтары — Дебреценді, Ясберенді және Сольнокті алу;

— ОМА механикаландырылған дивизиясына — Венгрияның оңтүстік бөлігіне кіру және Сегед, Кечкемет қалаларын алу міндеттері қойылды.

3. Алға қойылған міндеттерді орындай отырып әскерлер үстіміздегі жылдың 24 қазанында 12.00 сағ-та мынадай жағдайда болды:

— айрықша атқыштар корпусы жергілікті уақыт бойынша 2.00-ден 4.00-ге дейінгі кезеңде Будапештке кіріп қаланың аса маңызды объектілерін алды және одан әрі тәртіп орната отырып, радиостансы ауданын, сондай-ақ «Сабаднеп» партиялық газеті редакциясының және «Астория» қонақүйін демонстранттардан тазартуда. Қаланың бірқатар аудандарында атыс болып жатыр. Корпус бөлімдерінде де Венгр халқының арасында да өлгендер мен жараланған жекелеген адамдар бар, шығын анықталуда. Қалада кеңес әскерлерімен бірге Венгр мемлекеттік қауіпсіздігі мен ішкі күзеті бөлімдері іс-қимыл жасауда;

— Прик ӘО атқыштар корпусы 24 қазанға қараған түнде Кеңес-Венгр шекарасынан өтіп, басты күштерімен Ньиредьхаза және Дебрецен қалаларын алды, озық отряды Сольнок қаласының іргесіне жақындады;

— ОМА механикаландырылған дивизиясы 24 қазанда жергілікті уақыт бойынша 4.15—6.20 аралығында басты күштерімен Венгрия аумағына кіріп, 9.20-да Кечкемет қаласы ауданына шықты. Дивизияның бір полкі Сегед қаласында қалдырылды;

— атқыштар авиациясы жол жүріп бара жатқан әскерлерді қалқалауда. Бомбалау авиациясы аэродромдарда өзiр түр.

Г. Жуков. В. Соколовский.

Сергеев Е. Ю. Новейшая история. Подробности. М., 2000. С.136—138.

9. ЮГОСЛАВИЯЛЫҚ САЯСИ ҚАЙРАТКЕР В.МИЧУНОВИЧТИҢ 1956 ЖЫЛҒЫ ВЕНГР ОҚИҒАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС- ЮГОСЛАВ КЕЛІССӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІГІНЕН

Кеше маған Титоның хатшысынан хабар келді: күннің екінші жартысында шұғыл кеңес өткізу үшін Хрущев пен Маленков келмекші. Хрущев және Маленковпен келіссөз 2 қарашадағы кешкі сағат 7-ден 3 қарашадағы таңертеңгі сағат 5-ке дейін созылды...

Маленков әңгімелесудің басында Имре Надь үкіметінің заңсыз және конституциялық органдармен бекітілмегендігін, сондай-ақ оның бағдарламасының өзі конституцияға қарсы екендігін дәлелдеп бақты — яғни кеңестік әскери интервенция конституцияға сәйкес, ол бұл дәлелдерді ақтауы тиіс екен!...

Хрущев пен Маленков өздерін байсалды ұстады, тіпті өздері бұл мәселе жөнінде шын мәнінде не ойлағандарына қарамастан, югославтар ұсынған нәрселердің бәрімен келісетіндеріне дайын екендіктерін асып-сасып білдіріп отырды.

Осы араның өзінен-ақ, олардың қалай болғанда да келіссөздерді Венгриядағы қанды оқиғалардың себептерін бағалауда біз олармен қарама-қарсы позицияны иеленіп отырсақ та, келіссөздерді келісім рухында аяқтағылары келетіні анық көрінді. Бұл алауыздықты Югослав жағы бірнеше рет атап көрсетті; Венгриядағы қазіргі апаттың

басты кінәлісі — Ракоши (бұл Кеңестер Одағы дегенді білдіреді) болып табылатыны жөніндегі пікірден қайтқымыз келмеді және ол айыпталуы тиіс еді.

10. 1956 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАН—ҚАРАШАДАҒЫ КОНТРРЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ БҮЛІК ТУРАЛЫ

*(Венгр социалистік жұмысшы партиясы VII съезінің
социализм жолындағы күрестің тарихи тәжірибесі туралы
және бұдан былайғы міндеттер туралы қарарынан).*

30 қараша — 5 желтоқсан, 1959 жыл.

1956 жылғы жазда ішкі контрреволюциялық күштер пролетариат диктатурасына қарсы ревизионистік қаскүнемдер топтарынан бастап хортистер мен нилашистерге дейінгі көптеген элементтерді қамтитын кең көлемді саяси блок топтастыра алды;

— Империалистер біздің елімізде буржуазиялық-помещиктік режімді қалпына келтіруді армандады; олар Венгр Халық Республикасының социалистік лагерьден жұлып алып, оны Кеңес Одағына және бүкіл социалистік лагерьге шабуыл жасау үшін плацдарм ретінде пайдаланғысы келді. Осыған сәйкес олар ашық және жасырын, дипломатия және мәслихат көмегімен диверсиялармен, сатып алулармен, қару контрабандасымен және басқа да барлық мүмкін құралдармен қарулы бүлікті өршітті, ұйымдастырды және қолдады. 1956 жылғы 23 қазанда Венгрияда өрістеген контрреволюциялық бүлік... Венгриядағы революцияшыл және реакцияшыл күштердің қақтығысы ғана болып қойған жоқ, сонымен бірге прогресс пен реакцияның социализм мен империализмнің, бейбітшілік пен соғыстың халықаралық күштерінің айқасы болды.

Ауыр жағдай, біздің халқымыздың, біздің Республикамыздың социалистік жеңістерінің және бейбітшілік ісін қорғау қажетті социализм күштерін топтастыруға және контрреволюцияны талқандау жолында ымырасыз ұйымдасқан күрес бастауды талап етті. Венгр коммунистері сондай орталық — партияның жаңа Орталық Комитетінің, Революциялық жұмысшы, шаруа үкіметін құрды. Орталық Комитет партияны қайта ұйымдастыруға, еңбекшілер бұқарасын жаңадан революциялық негізде топтастыруға кірісті, контрреволюцияны басып-жаншпү үшін, халықтық-

демократиялық құрылысты нығайту үшін қажетті мемлекеттік шаралар қолданған Революциялық жұмысшы-шаруалар үкіметінің жұмысына бағыт берді. Революциялық жұмысшы-шаруа үкіметі батыс империалистерінің қарулы жолмен араласуына және ұзаққа созылатын азаматтық соғысқа жол бермеу үшін Одақтас Кеңес Одағының Қарулы күштерінен көмек сұрады.

Кеңес Одағының туысқандық қолдауы одаққа адалдықтың және пролетарлық интернационализмнің тамаша көрінісі болды, ақ террордың бұдан былайғы қанқұйлы зұлымдықтарына бөгет жасады, социализм күштерінің контрреволюция қарулы күштерін тізе бүктіруіне көмектесті және соғыс қаупіне жол бермеді.

Венгр халқын социалистік лагерьдегі барлық елдер қолдады. Олар біздің халықтық мемлекетімізге саяси моральдық және материалдық көмек көрсетті. <...>

Орталық Комитет өзінің 1956 жылғы желтоқсан шешімінде оқиғалардың таптық сипаты мен себептерін маркстік-лениндік тұрғыдан айқын түсіндірді, контрреволюцияға бір мезгілдегі төрт факторлар: 1) Венгр еңбекшілер партиясының бұрынғы сектанттық басшыларының қателіктері; 2) Имре Надьтің ревизионистік тобының сатқындық әрекеті; 3) ішкі буржуазиялық контрреволюцияшыл күштер және 4) шешуші дәрежеде халықаралық империализмнің бүлдірушілік жұмысы себеп болғанын дұрыс атап көрсетті. Бұл шешім партия екі майданда — контрреволюцияны басып-жаншу жолында, идеялық айқындық енгізу жолында, социализм күштерін топтастыру жолында, ревизионизмді әшкерелеу мен оқшаулау жолында, догмалық және сектанттық қателіктерді жою жолында жүргізген күресте пәрменді идеялық саяси қару болды.

VII съезд Венгерской социалистической рабочей партии, Будапешт, 30 ноября — 5 декабря, 1959 г. М., 1960. С. 195-196, 197.

11. Г.КИССНДЖЕР ВЕНГРИЯДАҒЫ 1956 ЖЫЛҒЫ ОҚИҒАЛАР ТУРАЛЫ

...Венгр көтерілісін қанға бөктіру Кеңестер Одағының өз мүдделерін егер қажет болса, күш қолдану жолымен болса да сақтауға ниетті екенін көрсетті...

Венгрлердің кеңестік үстемдікке қарсы құрсақта тұншықтырылған күресі дәстүрлі орыс империализмінің

кеңестік идеология мен жанталасқан венгр ұлтшылдығының жарылыстық қоспасынан пайда болды. Венгрия белгілі бір мағынада орыс экспансионизмінің көптеген құрбандарының бірі болды...

Тарихи тұрғыда Ресей мемлекеті іс жүзінде тәуелсіз саясат жүргізуге әрекеттенген шекаралас ұлттарды өзіне бағындыруға ұмтылып келді, оның үстіне бұл әдет «қырғи-қабақ соғыс» аяқталғаннан кейінгі кезеңде де сақталды. Алайда, бұл, Ресейдің өзіне ешқандай жақсылық әкелген жоқ. Қандай да бір шектес елдің тәуелсіздігін тұншықтырғаннан кейін орыстар бұл көрші мемлекетте қымбатқа түскен әскери қатысуды қамтамасыз етуге мәжбүр болды. Бұл Ресейдің материалдық ресурстарын сарқыды, бірақ та оның қауіпсіздігін арттырған жоқ.

Г.Киссинджер Дипломатия. М., 1997, с. 496-497.

12. РУМЫНИЯ СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫ: ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕР

КСРО-ның техникалық жәрдемімен Румынияда жүзден астам өнеркәсіп орындары мен басқа объектілер салынды. Олар елде өндірілетін электр энергиясының, құбырлардың, кокстың, қара металдар прокатының жартысынан астамын, кальцилендірілген соданың, химиялық тыңайтқыштарының едәуір мөлшерін беріп отыр.

Бүкіл 1938 жылы шығарылған өнімді Румын өнеркәсібі қазір он үш күннің ішінде шығарады. Бір күннің ішінде 141 млн квт/сағ электрэнергиясын, 88 мың т көмір, 23 мың т-дан астам болат, 141 трактор, 170 автомобиль, 2 160 радиоқабылдағыш, 1410 теледидар шығарады.

Мәшинежасау саласы Румынияның халық шаруашылығын техникамен жарақтандырудағы қажетінің төрттен үш бөлігін дерлік қамтамасыз етуде. РСР жаппай өндірісінің жалпы көлемінде оның үлес салмағы едәуір өсті.

Румынияның ең ірі сауда әріптесі Кеңес Одағы болып отыр, бүкіл сауда айналымының бестен бір бөлігі соның үлесіне келеді.

Елдің бір мың тұрғынына аурухана төсектерінің саны жеті есе дерлік, ал емханалар саны — он еседен астам көбейді, дипломды дәрігерлер саны төрт еседен астам көбейді.

Комсомольская правда, Красная звезда, 23 августа 1974 года.

13. БОЛГАРИЯНЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ 70-ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

(«Работническо дело» газетінің бас редакторы Георги Боковтың «Дәуірге тең, отыз жыл» атты мақаласынан)

1944 жылға дейін көбінесе ұсақ тоқыма, былғары және тамақ кәсіпорындары жұмыс істеген жеңіл өнеркәсібі ғана бар болған Болгарияда қуатты металлургия комбинаттарының, химия кешендерінің, энергетика құрылыстарының корпустары пайда болды. Отандық мәшинежасау жүк көтеру-тасымалдау техникасының, дәлдік станоктар және жоғары класты электронды-есептеу аппаратурасын жасап шығаруға, түрлі тоннажды корабльдер жасауда маңызды шептерге шықты. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің өндірістік базасы ұлғайтылып жетілдірілді. Өнеркәсіп бөлімі мен ауылшаруашылық өнімінің арасалмағы индустрия пайдасына күрт өзгеріп, үлес салмағы 80:20 деңгейіне жетті... Мынадай цифрды келтірудің өзі жеткілікті: бүгінде социалистік өнеркәсіп өнімді 1839 жылдардан 50 есе дерлік көп шығаруда.

Әлдеқашан және толық кооперацияланған біздің ауыл бейнесінде түбегейлі өзгерістер болды. Егіншілік пен мал шаруашылығына өнеркәсіптік технология ойдағыдай енгізілді. Міне, сондықтан да біздің ауыл шаруашылығымыз жұмыс күшінің азайғанына қарамастан өнімді бұрынғыдан шамамен 2,5 көп өндіруде.

За рубежом, 1974. №37. С.7.

14. ПОЛЬША — ЦИФРЛАРДА

Еуропа аумағының үш пайызы және халқының бес пайызы Польшаның үлесіне тиіп отыр. Аумағы жағынан да, халқы жағынан да ол біздің құрлықта 7-орын алады.

Польша Еуропа елдері арасында күкірт өндіруден бірінші орынға, мырыш пен мыс балқытудан — екінші орынға, таскөмір өндіру — төртінші орынға, электр энергиясын өндіруден — алтыншы орынға шықты. Жалпы алғанда, оның дүниежүзілік өнеркәсіптік өндірістегі үлесі 1938 жылғы 1,3 пайыздан қазіргі кездегі 2,3 — 2,5 пайызға дейін көтерілді.

1973 жылы Польшаның өнеркәсіп өндірісі 1960 жылмен салыстырғанда үш есе ұлғайды. Көмір өндіру осы кезеңге

дейін жартылай, ал электр энергиясын өндіру үш есе артты. Электрмөшине жасау өнеркәсібінің Польша экономикасындағы үлесі 16,3 пайыздан 28,4 пайызға дейін, химия өнеркәсібінде — 5,7 пайыздан 9,3 пайызға дейін ұлғайды.

Польшада ауылшаруашылық өндірісі соңғы 13 жылда 52,2 пайызға өсті. Негізгі төрт дөнді дақыл — бидайдың, қарабидайдың, арпаның және сұлының орташа шығымдылығы 1960 жылы — гектарына 16,1 пайыз, ал 1973 жылы — 26,5 пайыз болды.

Польшада 500 ірі өнеркәсіп орындары соғыстан кейінгі уақытта салынды.

1972 жылы поляк жалауы астында 283 теңіз кемесі жүзіп жүрді. 1949 жылы олардың саны 45 ғана болатын.

Поляктің тәуліктік рационында 3350 калория бар. Мұның өзі ағылшын рационынан 100 калория, француз рационынан 380 калория, италиян рационынан 570 калория жоғары.

Елде соңғы 20 жылдың ішінде 9 млн бөлме салынды. Өрбір үшінші поляк жаңа үйде тұрады.

Польшаның бүкіл халқының төрттен бірі оқиды. Соғысқа дейін 10 жастан жоғары 5,5 млн поляк сауатсыз болды. Сауатсыздық жаппай құбылыс ретінде 1951 жылы жойылды. 1973 жылы жоғары білімі бар адамдар саны 731 мыңнан, орта білімі бар адамдар саны 3,3 млн-нан және орта арнаулы білімі бар адамдар саны 2,1 млн-нан асты.

Правда, 18 июля 1974 года.

15. ПОЛЬША РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

(Үзінді)

2 сәуір, 1997 ж.

I тарау. Республика

2-бап

Поляк Республикасы әлеуметтік әділеттілік ұстанымдарын жүзеге асыратын демократиялық құқықтық мемлекет болып табылады.

4-бап

1. Поляк Республикасындағы жоғары билік Халыққа тиесілі.

2. Халық өз билігін өкілдері арқылы немесе тікелей жүзеге асырады.

5-бап

Поляк Республикасы өз тәуелсіздігі мен аумағының бұлжымастығын қорғайды, адам және азаматтың еркіндігі мен құқықтарын, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, халықтық мұраны қорғайды, сондай-ақ теңгерілген даму ұстанымын басшылыққа ала отырып, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етеді.

16. РЕСПУБЛИКА ПРЕЗИДЕНТІНІҢ НЕМІСТЕРДІҢ, ВЕНГРЛЕРДІҢ, СОНДАЙ-АҚ ЧЕХ ЖӘНЕ СЛОВАК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАУЛАРЫ МЕН ОПАСЫЗДАРЫНЫҢ ЖЕР МЕНШКТЕРІН ТӨРКІЛЕУ МЕН ЖЕДЕЛ БӨЛУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІНЕН

(*Үзінді*)

21 маусым, 1945 жыл.

Жаңа жер реформасын дәйекті түрде жүргізуді талап етуші чех және словак шаруалары мен батрактарының тілектерін орындай отырып* және, ең алдымен, чех және словак жерін шетелдік неміс, және венгр помещиктерінен, және, сондай-ақ республикаға опасыздық жасағандардан біржолата және мәңгілік тартып алып, оны чех және словак шаруаларының қолына беруге ұмтыла отырып, үкіметтің ұсынуы бойынша қаулы етемін:

§1

(1) Жер реформасын жүргізу мақсатында:

а) азаматтығына қарамастан ұлты неміс және венгр барлық адамдардың;

ә) өз дұшпандығын, әсіресе (1938—1945 жылдардағы) дағдарыс және соғыс кезінде көрсеткендер, ұлтына және азаматтығына қарамастан, Республика жаулары мен опасыздарының;

б) өздерінің қызметі немістердің соғысты жүргізуін жеңілдетуге әдейі және қасақана бағытталған немесе фашистік, және ұлтшыл мүдделерге қызмет еткен акционерлік, және басқа қоғамдар мен корпорацияның меншігіндегі жер мүлкі дереу, және ешқандай сыйақысыз төркіленеді. <...>

* Буржуазиялық Чехословакияда 1919 жылы елдегі жер мәселесін шешпеген аграрлық реформа жүргізілген болатын — (*Құраст.*).

§7.

(1) Ұлттық жер қоры басқаратын жер мүлкінен жер ұлты славян адамдардың меншігіне беріледі:

а) батракқа немесе шаруа жұмысшысына, құнарлығына байланысты көлемі 8 гектарға дейінгі жыртылатын жер телімі немесе 12 гектарға дейінгі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер беріледі;

ә) жері аз шаруа оның жер теліміне қосымша оның жер үлесі, жалпы алғанда, құнарлығына байланысты 8 гектардан аспайтын жыртылатын жер немесе 12 гектардан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер болатындай жер беріледі;

б) адам саны көп шаруа отбасына оның жер теліміне қосымша оның жер үлесі, жалпы алғанда, құнарлығына байланысты 10 гектардан аспайтын жыртылатын жер немесе 13 гектардан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер болатындай жер беріледі. <...>

(6) Жер үлесін алуға марапатталған және ұлт-азаттық күресінде көзге түскен адамдардың, әсіресе жауынгерлер мен партизандардың, бұрынғы саяси тұтқындардың және жер аударылғандардың, олардың отбасы мүшелерінің және заңды мұрагерлерінің, сондай-ақ соғыс әрекетінен залал тигендердің басым құқығы бар.

Основные законодательные акты по аграрным преобразованиям зарубежных социалистических странах, вып. II. М., 1978. С.79, 81.

17. ПРАГА КӨКТЕМІ

**Жұмысшыларға, шаруаларға, қызметшілерге,
ғалымдарға, өнер қызметкерлеріне және де
басқалардың барлығына арналған "2000 сөз"
Манифесі.**

Чехословок оппозициясының бағдарламалық мәлімдемесі

(Үзінді)

...Халықтың көпшілік бөлігі социализм бағдарламасын үмітпен қабылдады. Алайда оны жүзеге асыруды басқа адамдар қолға алды... Соғыстан кейін халықтың үлкен сеніміне ие болған Коммунистік партия оны біртіндеп лауазымдарға алмастыра бастады, олардың бәрін алып

болған кезде, онда ештеңе де қалмады... Басшылықтың қате бағыты партияны саяси партиядан билік органындағы идеялық одаққа айналдырды, ол билікқұмар өзіншілдер, қорқақтар мен ар-ұжданы таза емес адамдар үшін тартушы күшке айналды. Олардың ағылып келуі патияның сипаты мен мінез-құлқынан көрінді; онда заманауи міндеттерді биік ұстап тұра алатын адамдар болған жоқ. Көптеген коммунистер бұл құлдырауға қарсы күресті, бірақ оларға жағдайға бөгет жасаудың сәті түспеді.

Коммунистік партияның әдеттері мемлекеттегі сондай қылықтардың себебі мен үлгісіне айналды. Оның мемлекетпен одағы атқарушы билікке сырттан қарау басымдығының жоғалуына әкеп соқты. Мемлекет пен шаруашылық ұйымдарының қызметі сыналмады. Парламент талқылауды, үкімет басқаруды ұмытты. Сайлаулар мағынасын, заңдар салмағын жоғалтты...

Біздің қазіргі жай-күйімізге бәріміз, әсіресе біздің арамыздағы коммунистер жауапты. Алайда, ең басты жауапкершілік бақыланбайтын биліктің құралы немесе қатысушылары болғандарда жатыр. Бұл қатал топтың ерекше аппараты арқылы Прагадан әрбір аудан мен ауылға таратылатын билігі болды. Бұл аппарат кімнің не істей алатынын немесе істей алмайтынын шешті, ол шаруалардың орнына кооперативтерді, жұмысшылардың орнына — фабрикаларды және азаматтардың орнына — халықтық комитеттерді басқарды. Бірде бір, тіпті коммунистік ұйым да іс жүзінде оның мүшелеріне тиісті емес еді. Бұл билеушілердің басты кінәсі мен неғұрлым үлкен алдауы олардың өз жүгенсіздіктерін жұмысшылардың еркі ретінде көрсеткені болып табылады.

Биылғы жылдың басынан бастап біз демократияландырудың қайта өрлеуін бастан кешірудеміз. Бұл үдеріс Коммунистік партияда басталды... Сондықтан Демократиялық коммунистердің бастамасы мен күш-жігері бүкіл партияның, ол тең емес жағдайда ұстап келген партияда жоқтардың алдындағы борышын өтеудегі төлемнен басқа ештеңе де емес.

Біз сіздерге әзірше әлі де қауіп төніп тұрған үміттің осы сәтінде талдау жасап отырмыз. Біздің көпшілігімізге, пікірімізді білдіре алатынымызға сену үшін бірнеше ай қажет болды, көпшілігі әлі күнге дейін сене алар емес. Біз бәрінен бұрын осы уақытқа дейін тек аңысын аңдып отырғандарға жолдау жасаймыз.

Басталып келе жатқан уақыт біздің көп жылғы тағдырымызды шешетін болады...

Соңғы уақытта шетелдік күштердің мүмкін болатын араласуы үлкен алаңдаушылық туғызады.

Басым күштермен бетпе-бет қалған біз, арандатушылыққа берілмей, тек өз дегенімізде тұруға тиіспіз...

Осы жылдың көктемінде... бізде тағы да жұмысшы атауы — социализм делінетін ортақ істі өз қолымызға алу және біздің өзіміз туралы салыстырмалы түрдегі жақсы пікірімізге жауап беретіндей форма беру мүмкіндігі бар...

**АҚШ мемлекеттік хатшысы Д.Раскiнiң
мәлімдемесінен**

Вашингтон, 22 шілде, 1968 ж.

АҚШ үкіметі Чехословакиядағы оқиғаларға байланысты өз түсініктемелерінде өте байыпты болуға тырысады. Біздің белгілі бір дәрежеде бұл оқиғаларға араласқан немесе тартылған болғымыз келмейді...

АҚШ ең басынан бастап-ақ Чехословакия істеріне араласуға ниетті емес-ті. Бұл бөрінен бұрын Чехтардың өз ісі. Бұған қоса бұл іс чехтар мен Варшава Шартының басқа да елдерінің ісі.

Е.Ю.Сергеев. Подробности. М., 2000. С. 154

**Болгария, Венгрия, ГДР, Польша мен Кеңестер
Одағы басшыларының мәлімдемесі**

Осы жылдың 4 желтоқсанында Мәскеу қаласындағы кездесуге жиналған Болгария, Венгрия, ГДР, Польша мен Кеңестер Одағының басшылары 1968 жылы олардың әскерлерін ЧССР-ге енгізу егеменді Чехословакияның ішкі істеріне араласушылық болып табылатынын және айыпталуы тиіс екендігін мәлімдеді.

ЧССР-дегі демократиялық жанару үдерісін үзе отырып, бұл құқыққа қарсы әрекеттердің ұзақ мерзімдік кері салдарлары болды. Тарих тіпті ең күрделі халықаралық жағдайдың өзінде де кез келген проблемаларды реттеу үшін саяси құралдарды пайдаланудың, мемлекеттер арасындағы қатынастарда егемендік, тәуелсіздік және ішкі істеріне араласпау ұстанымдарын қатаң сақтаудың қаншалықты

маңызды екендігін растады, бұл Варшава Шартының ережелеріне жауап береді.

«Правда» 1989 жыл, 5 желтоқсан //Хрестоматия по отечественной истории (1946—1995 гг.), М., 1996, С. 229.

18. ЧЕХОСЛОВАК КОММУНИСТЕРІНІҢ ІС-ҚИМЫЛ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Сәуір, 1968 жыл.

Біз жолымызды беймәлімділік арқылы одан әрі жауластыруға, эксперимент жасауға; шығармашылық маркстік ойға және халықаралық жұмысшы қозғалысының тәжірибесіне сүйене отырып, Чехословакияның жоғары дамыған материалдық базасының, халықтың жоғары білім деңгейі мен мәдениетінің және даусыз демократиялық дәстүрлерінің социализм мен коммунизм мүдделеріне пайдаланылуы үшін халықаралық коммунистік қозғалыс алдында жауаптымыз, елдің социалистік даму жағдайларын дұрыс пайдалана алатынымызға сене отырып социалистік дамуға жаңа сипат беруге тиіспіз.

Сергеев Е. Ю. Новейшая история. Подробности. М., 2000. С. 153.

«ЧЕХОСЛОВАКИЯДАҒЫ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ» КОКП ОК-і САЯСИ БЮРОСЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

Мәскеу. 17 тамыз, 1968 жыл.

Құпия

Чехословакиядағы жағдайға және соңғы күндердегі оқиғаларға жан-жақты талдау жасап, сондай-ақ ЧКП ОК-і Президиумы мен ЧСР үкіметі мүшелерінің контрреволюциялық күштеріне қарсы күресте өздеріне әскери көмек көрсету туралы КСРО-ға, ПХР-ға, БХР-ға, ВХР-ға және ГДР-ге жолдаған өтінішін талқылап, КОКП ОК-нің Саяси бюросы Чехословакиядағы оқиғалардың дамуы соңғы күндерде өте қауіпті сипат алды деп бірауыздан санайды. Оңшыл элементтер империалистік реакцияның ашық және жасырын қолдауына сүйене отырып, контрреволюциялық төңкеріске әзірлік жүргізуде...

КОКП мен басқа да туысқан партиялар тарапынан ЧКП басшылығын оңшыл антисоциалистік күштерге тойтарыс беруге итермелеу үшін оған әсер етудің барлық саяси құралдары таусылғанын ескеріп, КОКП Орталық Комитетінің Саяси бюросы ЧСР-де социализмді қорғаудың белсенді шараларын қолданатын сәт туды деп санайды және бірауыздан шешім қабылдайды: Чехословакия коммунистік партиясы мен халқына қарулы күштермен көмек және қолдау көрсетілсін. <...>

Пихоя Р.Г. Чехословакия 1968 г. Взгляд из Москвы// Новая и новейшая история. 1995. №1. С.44.

ТАСС МӘЛІМДЕМЕСІНЕН

21 тамыз, 1968 жыл.

ТАСС Чехословак Социалистік Республикасы партия және мемлекет қайраткерлеріне Кеңес Одағынан және басқа Одақтас мемлекеттерден туысқан Чехословак халқына шұғыл көмек, соның ішінде қарулы күштермен көмек көрсетуді сұрағанын мәлімдеуге уәкілетті.

Правда, 21 августа 1968 года.

ТАСС ХАБАРЫНАН

22 тамыз, 1968 жыл.

Социалистік елдердің әскери бөлімдері 21 тамызда Чехословакияға — барлық облыстарға, соның ішінде Прага мен Братиславаға кірді. Туысқан елдердің әскерлері кедергісіз алға жылжыды... Халық сабырлылық сақтауда. Көптеген Чехословак азаматтары кеңес армиясының жауынгерлеріне Чехословакияға дер кезінде келгені — контрреволюциялық күштерге қарсы күресте көмек көрсеткені үшін өз алғысын білдіруде.

Правда, 22 августа, 1968 г.,

19. ЧЕХ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ (Үзінді)

16 желтоқсан, 1992 ж.

Бірінші бөлім. Негізгі ережелер

1-бап.

Чех Республикасы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге негізделген егеменді, бірыңғай демократиялық құқықтық мемлекет болып табылады.

2-бап

Халық бүкіл мемлекеттік биліктің қайнар көзі болып табылады, ол оны заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің органдары арқылы жүзеге асырады.

5-Бап

Саяси жүйе негізгі демократиялық ұстанымдарды құрметтейтін әрі өз мүдделерін қорғау құралы ретінде күш көрсетуді жоққа шығаратын ерікті түрде құрылған саяси партиялардың ерікті бәсекелестігіне негізделген.

<http://worldconstitutions.ru/archives/106>

20. «ПОЛЬШАДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫҢ ӨРШУІ ЖӘНЕ БІЗДІҢ ТАРАПЫМЫЗДАН ЖАСАЛҒАН КЕЙБІР ҚАДАМДАР ТУРАЛЫ» КОКП ОК САЯСИ БЮРОСЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

23 сәуір, 1981 жыл.

Өте құпия
Ерекше папка

Польшадағы ішкі саяси дағдарыс созылмалы тұрақты сипат алды. ПБЖП қоғамда болып жатқан үдерістерге бақылауын едәуір дәрежеде жоғалтты. Сонымен бірге «Солидарность» партия және мемлекет органдарының қызметін тоқтатуға және билікті іс жүзінде өз қолына алуға қабілетті, ұйымдасқан саяси күшке айналды. Оппозицияның өзірше бұған бармай отырған себебі, ең алдымен, кеңес әскерлерінің енгізілуінен қауіптенеді және өз мақсаттарына қантөгіссіз, контрреволюция жолымен жетуге үміттенеді.

Сеймнің осы жылғы 10 сәуірде болып өткен отырысында Поляк басшылығы антисоциалистік күштерге қарсы батыл

іс-қимылдар туралы мәселе қоюға тәуекелдік етпеді. Ол дағдарысты саяси құралдардың көмегімен жоюға өзі алған бағыттан алшақтай алмайды, ал іс жүзінде алшақтағысы келмейді де. <...>

«Солидарность» түгелдей алғанда және оның жекелеген буындары әртүрлі саяси сипаттағы талаптар қою жөнімен билік орындарына кезекті бопса жасауға әзірленуде. Осы кәсіподақ бірлестігінің басшылығында жікке бөлінудің пайда болған белгілері оның жалпы бағдарында елеулі өзгерістер болатынына үміттену үшін әзірге негіз бермейді. Егер іс тіпті Валенса мен КОР—КОС-тағы экстремистер арасындағы жікке жетсе де, Валенсаның өзі және оның ту сыртында тұрған католиктік дін ПБЖП-на қысым жасауды тіпті бәсеңдетпек болып отырған жоқ. Экстремистердің «Солидарность» ұйымына бақылауды басып алуын, оның зардаптары ауыр болатынын да жоққа шығаруға болмайды.

Соңғы кезде жаңа тактикалық қондырғы барған сайын айқын байқалуда, оның төңірегіне іс жүзінде ала-құла оппозиция бірігуде. Польшаның геосаяси жағдайы және компартияның басшылық рөлінің принципі өздерін Варшава Шарты Ұйымына елдің қатысуына қол сұғу мүмкіндігінен айыратынын түсіне отырып, бұл күштер ПБЖП-ны іштен ыдыратуға, оны өзгертуге және сол арқылы «заңды негізде» билікті басып алуға ұйғарған секілді. <...>

Бұл жағдайларда Поляк басшылығының саясатына өз қатынасымызды тағы да салмақтау, Польшада социализм жемістерін сайып келгенде қорғап қалу үшін қандай күштерге сүйенуге болатынын айқын анықтау қажеттігі туып отыр. <...>

Қаня және Ярузельский жолдастар, іс-жүзінде центристік ұстанымда болып отыр. Өткен жылғы тамыздан кейінгі күрделі жағдайда олар партияда және елде пайда болған өткір проблемаларды «Солидарность» ұйымымен келісе отырып шешудің пайдасын көздейтін басым көңіл күйді білдірушілер болды. Өткен кезең Қаня мен Ярузельский Польшада социализм жеңістерін қорғап қалу қажет екені туралы мәлімдей отырып, бұл бағытты енжар, жалтақтай және «Солидарность» пайдасына жиі икемдіктер жасай отырып жүзеге асыруда. Олар контрреволюциялық күштерге қарсы күресте жеткіліксіз табандылық пен шыңдал-

ғандық көрсетуде. Олардың көзқарастарында социализмге адалдық қазіргі кезде кең тараған «поляк полякпен ерқашан келісе алады» деген ұлтшылдық идеялармен жалғасқан. «Солидарность» талаптарына ақталмаған икемділік жасау ғана емес, сондай-ақ онымен егесу алдындағы үрей, кеңес әскерлерінің енгізілуінен қорқу осыдан.

Сонымен бірге Кая мен Ярузельский Кеңес Одағымен достық, Польшаның Варшава Шарты бойынша міндеттемелеріне адалдық ұстанымдарында тұр. Олардың екеуі де, әсіресе Ярузельский елде беделді. Қазіргі кезде партиялық-мемлекеттік басшылықты жүзеге асыра алатын басты қайраткерлер іс жүзінде жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, таяудағы кезеңде мыналарды негізге алу орынды:

Белгілі бір күмәндануларға қарамастан, социализмді жақтап отырған Кая мен Ярузельский жолдастарға саяси қолдауды одан әрі көрсету керек. Сонымен бірге олардан Польшаны Кеңес Одағымен достас саяси ел ретінде сақтау негізінде дағдарысты жою мүдделерінде неғұрлым деректі де батыл іс-қимылдар жасауды үнемі талап ету керек. <...>

Ішкі реакция мен халықаралық империализмнің Польшаға Кеңес Одағының өз әскерлерін енгізуі мүмкін екені жөніндегі қауіптенуге байланысты контрреволюцияны тежеуші факторды барынша пайдалану керек. Сыртқы саяси мәлімдемелерде Л.И.Брежнев жолдас КОКП XXVI съезінде айтқан біздің Польшаны қиыншылықта қалдырмау және оның зәбірленуіне жол бермеу жөніндегі бекемдігімізді атап көрсету керек.

ПХР-дің ерекше ауыр экономикалық жағдайын ескере отырып оған шама келетін көмекті одан әрі көрсету, сонымен бірге елдің кеңес көмегі мен қолдауына қаншалықты байланысты екенін әрбір поляктың білуі үшін осы мәселелер бойынша насихатты барынша күшейту керек. <...>

Новые документы по новейшей истории. Хрестоматия/ Под. ред. Г.Н. Севостьянова. М., 1996. С. 318—321.

21. ШЫҒЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕ КОММУНИЗМНІҢ КҮЙРЕУІ

1988 жылғы жазда Польшада жаппай ереуіл басталды. Билік орындары «Солидарность» ұйымымен келіссөздер жүргізуге мәжбүр болды. 1989 жылғы көктемде болған

кездесулер барысында «Солидарность» пен коммунистер билік өкілеттілігін еркін парламент сайлауы өткізілгенге дейін өзара бөлісетіні туралы уағдаластыққа қол жетті.

Польшадағы 40 жылдан астам уақыттан бергі алғашқы демократиялық сайлауда «Солидарность» сөзсіз жеңіске жетті. Тадеуш Мазовецкий бүкіл шығыс блогындағы тұңғыш коммунистік емес премьер-министр болды. 1990 жылы Лех Валенса Польша президенті болып сайланды. Горбачев бастаған кеңес басшылығы оқиғалардың осылай өрбуіне кедергі келтіруге ешқандай әрекеттер жасаған жоқ.

Венгр коммунистік партиясы капитализмге апаратын жолымен 1970 жылдардың орта тұсынан бастап ілгері жылжыды [елбасшысы Янош Кадардың бастамасымен жүргізілген экономикалық реформалар жайында айтылып отыр], алайда горбачевтік реформалар бұл үдерісті едәуір жеделдетті. 1988 жылы Венгрияда либералдық көңіл күйдегі жас саясатшылар басқаратын жаңа үкімет құрылды.

1989 жылғы мамырда Венгрия мен Австрия арасындағы шекараны бөліп тұрған тікенек сым темірлер алып тасталды. Елде жаңа саяси партиялар пайда болды, 1990 жылғы наурызда алғашқы еркін сайлау өткізілді. Парламенттегі көпшілік орынға «Демократический форм» тобы ие болды, оның басшысы Йозеф Анталл ел үкіметін құрды.

1968 жылғы реформаның сәтсіз аяқталуынан кейін Чехословакияның билік орындары берік коммунистік ұстанымда болды. Алайда режимге қарсылық тоқтаусыз күшейе түсті. 1977 жылы елде «Хартия-77» деп аталатын құқық қорғау ұйымы қалыптасты, оны белгілі драматург Вацлав Гавел басқарды.

1988 жылы премьер-министр Ладислав Адамец кейбір реформаларды жүзеге асыруға әрекеттенді, алайда көптеген чехтар мен словактардың коммунистік басшылықтан толық құтылғысы келді. Германиядағы оқиғалар жігерлендірген жастар тобы 1989 жылғы 17 қарашада Прагада демократиялық ұрандар мен шерулер ұйымдастырды. Шеру бейбіт сипатта болғанымен, полиция күш қолданды. 20 қарашада Прагадағы Вацлав алаңына 200 мыңнан астам манифестанттар жиналды, наразылық қозғалысы бүкіл елге тез тарады. Чехословакияның екі негізгі аймақтарында: Чехияда «Азаматтық форумы» және

Словакияда «жұртшылық зорлық-зомбылыққа қарсы» деген оппозициялық қозғалыстар құрылды. 27 қарашада, бірқатар демонстрациялардан және екі сағаттық жаппай ереуілден кейін, Чехословакия үкіметі орнынан түсуге мәжбүр болды. Бір ай өткен соң демократиялық күштер коалициясы мемлекет басшысы қызметіне Вацлав Гавелді сайлады. Келесі жылы маусым айында еркін парламент сайлауы өткізілді. Бұл оқиғалар «барқыт революциясы» деп аталды. Өйткені билік оппозиция қолына бейбіт жолмен көшті.

Болгариядағы «революция» билік басындағы коммунистік партияның Шығыс блоктағы басқа елдердегі оқиғаларға көзқарасының салдары болды. 1989 жылы Болгар коммунистерінің басшысы Тодор Живков орнынан алынды, ал оның орнына келген Петр Младенов елде басқарудың демократиялық нысанын енгізуге уәде етті. Жылдың соңына таман компартия басшылығы билікке монополиядан бас тартуға және демократиялық сайлау өткізуге келісті.

Сергеев Е. Ю. Новейшая история. Подробности.
М., 2000. С. 474—475.

22. КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІНЕН

Мәскеу. 2 тамыз, 1991 жыл.

ЮСФР үкіметінің шараларына, жалпыеуропалық деңгейде қабылданған ұсыныстарға, Еуропалық қауымдастық күш-жігерлеріне қарамастан Югославиядағы жағдай шиеленісе түсуде. Ел бірте-бірте күрделі азаматтық жанжалға киліктірілуде, сербтер мен хорваттар арасында қазірдің өзінде қарулы қақтығыстар болып жатыр.

Югославия мен Еуропа халықтары үшін осы ауыр сәтте Кеңес Одағы ЮСФР Президиумына, ел үкіметі мен парламентіне Югославия республикаларының жоғары дәрежелі өкілдеріне дағдарыстың үдеуін тоқтатуға, атыс пен қантөгісті тоқтатуға келіссөз жүргізу арқылы және қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын демократиялық реформалардан және Югославияның барлық халықтары бостандығы жолындағы бірлескен күрделі де ауыр күресте жеткен, елді құтқару жолындағы мүдделерді ерікті түрде ұштастырудан іздеуге шақырады. <...>

Югославияда федеративтік мемлекеттік реформалау жоспарлары бар. Словения мен Хорватия жөніндегі үш айлық мораторий кезеңіндегі бірлескен іс-қимылдардың үкімет бағдарламасы бар. Сайып келгенде, Бриони аралында әзірленген алысты көздейтін мәміле бар. Сондықтан келіссөздерден бас тартып, жүзеге асқан фактілер саясатын одан әрі жүргізіп жатқандарды, «бәрі немесе ештеңе» принципі бойынша іс-қимыл жасап елді бөлшектеп жатқандарды түсіну қиын. <...>

Словения мен Хорватияның бөлінуін мойындау шешімге жеткізген болар еді деп ойлайтындардың оның өзі жалпы ұлттық қадір-қасиетті ұзаққа созып қана қоймай, тереңдете түсетінін көрмеуіне болмайды, өйткені әңгіме словениялықтар мен хорваттар туралы ғана болып отырған жоқ. Бұл республикада басқа халықтар да тұрады. Қазір Югославияға халықаралық қарулы күштер жіберуді ұсынып отырғандай, сірә, оның соңы не болатынын нашар ойлаған болар. <...>

Югославский кризис и Россия. Документы, факты, комментарии (1990—1993). /Под. ред. Е.Ю. Гусковой. М., 1993. С. 60.

23. ЮГОСЛАВИЯДАҒЫ ДАҒДАРЫСТЫ БЕЙБІТ ЖОЛМЕН ШЕШУДІҢ БЕЛГРАДТЫҚ БАСТАМАСЫНАН

Белград. 12 тамыз, 1999 жыл.

1. Югославия тең құқылы республикалар халықтарының біртұтас мемлекеті ретінде сақталуы және ұйымдас-тырылуы тиіс... Осындай бастама көтерушілер Югославияның сақталуы — дағдарысты бейбіт және демокра-тиялық жолмен шешудің шарты екеніне сенеді.

2. Республикалардағы халықтар мен азаматтар өз мүдделерін дербес жүзеге асыруда, ал ортақ мүдделер ортақ мемлекет ретінде Югославияда тең құқылы жүзеге асырылуда.

3. Югославияда халықтар мен республикалардың өзара қарым-қатынастары Югославия конституциясында белгіленетін болады, ол республикалар мен халықтардың, ең кең көлемді саяси және әлеуметтік бостандықтардың тең құқылығын және азаматтардың құқыларын, көшпартиялы парламенттік жүйені, нарықтық экономиканы және барлық меншік нысандарын, бостандығы мен тең құқылығының кепілдіктерін негізге алуға тиіс.

Югославияның тең құқы мен халықтарының ортақ мүдделері мынадай салаларда бар: 1) адамның бостандығы мен құқықтары; 2) нарықтық және монетарлық жүйелердің бірлігі; 3) сыртқы саясат; 4) ел қорғанысы мен қауіпсіздігі...

4. Осындай бастама көтерушілер Югославияның барлық халықтары... біртұтас мемлекет болып табылатын Югославияда одан әрі өмір сүре беретін болады...

Югославия в огне. Документы, факты, комментарии (1990—1992)./ Под.ред.Е.Ю.Гусковой. М., 1992. С. 91—92.

24. ДЕЙТОН КЕЛІСІМДЕРІНЕ ҚОЛ ҚОЮ

21 қараша, 1995 жыл.

Сейсенбіде Босния, Хорватия және Сербия президенттері АҚШ-та қол қойған бейбіт келісім Босния халықтарына әкелетін, 21 күнге созылған осы келіссөздерге АҚШ президенті Клинтон «Бейбіт Рождество мен бейбіт болашақ қана» деген баға берді.

Келіссөздердің ойдағыдай аяқталғаны туралы сейсенбіде АҚШ ӘӘК-нің Райт-Паттерсон базасында мәлімделді.

Келіссөздердің соңғы кезеңі жабық есік жағдайында 48 сағ-қа созылды. Оның барысында ұзақ уақыт бойы келісімге қол жетпей келген ең шиеленісті мәселе: Босния мен Герцеговинаны аумақтық бөлу проблемасы түпкілікті шешілді... <...>

Босния жөніндегі келісімнің өзіне жанжалдасушы барлық тараптардың қатысуымен таяудағы күндерде Парижде ресми түрде қол қойылуға тиіс. Алайда қол жеткен мәміленің алғашқы нысандарды АҚШ президенті келіссөзге қол жеткені туралы жарияланғаннан кейін дереу сөйлеген сөзінде білдіреді. Клинтон, атап айтқанда, Боснияға НАТО әскерлерінің құрамын, соның ішінде 20 мың американдық әскери қызметкерін жөнелту өз шарттарының бірі болып табылатыны туралы мәлімдеді. <...>

Сонымен қатар қол жеткен... келісімде атқаратын саяси қызметкерлерінен алынуға тиісті әскери қылмыскерлерді жазалау көзделгені мәлім болды. <...>

Гусейнов Э. Боснию наконец поделили // Известия, 22 ноября 1995 года.

VIII тарау. АЗИЯ ЕЛДЕРІ

1. ҚЫТАЙДЫҢ ОРТАЛЫҚ ХАЛЫҚ ҮКІМЕТІНІҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

(Үзінді)

1 қазан, 1949 жыл.

Чан Кай-шидің реакцияшыл үкіметі отанына опасыздық жасап, империалистермен сөз байласқан және контр-революциялық соғыс бастаған кезден бері бүкіл Қытай халқы аяусыз азап пен бақытсыздыққа душар болды... Алайда біздің халық-азаттық армиямыз бүкіл еліміздегі халықтың қолдауымен реакцияшыл әскерлерді жойды және гоминьдандық үкіметтің реакцияшыл үстемдігін құлатты.

Қазіргі кезде халық-азаттық соғысы, негізінен, жеңіске жетті және біздің еліміздегі халықтың көпшілігі азат етілді.

Осының негізінде Қытайдың халықтық саяси консультативтік конференциясы құрылып, онда барлық демократиялық партиялар мен топтардың, халықтық ұйымдардың, халық-азаттық армиясының, түрлі аудандардың, түрлі ұлттық топтардың, шетелдерде тұратын қытайлықтардың және бүкіл елдегі патриоттық демократиялық элементтердің өкілдері болды. Бүкіл ел халқының еркін білдіре отырып, Қытай халықтық саяси консультативтік конференциясы Қытай Халық Республикасы Орталық Халық үкіметінің негізгі заңын бекітті... Қытай Халық Республикасын жариялады...

Қытай Халық Республикасы Орталық Халық үкіметінің кеңесі бүгін өз міндеттерін орындауға кірісті және бірауыздан мынадай шешімдер қабылдады: Қытай Халық Республикасы Орталық Халық үкіметінің құрылуы жариялансын; Қытайдың халықтық саяси консультативтік кеңесінің жалпы бағдарламасы үкіметтің саяси бағдарламасы ретінде қабылдансын... үкімет жұмысын жүргізу үшін үкімет органдары құрылсын.

Сонымен бірге Орталық Халық үкіметі кеңесі барлық басқа елдердің үкіметтеріне бұл үкімет Қытай Халық Республикасының бүкіл халқының өкілі болып табылатын бірден-бір заңды үкіметі болып есептеледі.

Хрестоматия по новейшей истории. Ч. 2 (1945—1974).
Пособие для учителей. М., 1976. С. 82—83.

2. ДЭН СЯОПИННИҢ ҚЫТАЙ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ХІІ СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН

Пекин. 1 қыркүйек, 1982 жыл.

80-жылдар — біздің партиямыз бен мемлекетіміздің тарихи дамуындағы аса маңызды кезең. Социалистік жаңғырту қарқынын жеделдету, Отанды біріктіру, соның ішінде Тайваньмен бірігу, гегемонизмге, дүниежүзінде бейбітшілікті сақтау жолында күресу — 80-жылдары Қытай халқы алдында тұрған негізгі үш міндет, міне осындай. Осы үш міндеттің негізіне экономикалық құрылыс алынған, ол елдің сыртқы және ішкі мәселелерін шешудің кепілі. Ұзақ уақыт ішінде, кем дегенде осы ғасырдың соңғы 20 жылы ішінде, күш-жігерді бөсеңдетпестен төрт істі: басшылық аппаратты қайта құруды және шаруашылық жүйесін реформалауды, тұрақты қызметкерлер қатарларын революцияландыруды жақсартуды және жалпы арнаулы білімдермен қаруландыруды, социалистік рухани мәдениет орнатуды тындыруымыз; экономикалық және басқа салалардағы социализмді әлсірететін қылмысты қызметті тыюымыз партияның жаңа Жарғысын терең оқып-үйрену негізінде партиялық стильді және партия ұйымдарын ретке келтіруіміз керек. Социалистік жолды қорғаудың және барлық күшті жаңғырту ісін жүзеге асыруға жұмылдырудың аса маңызды кепілі, міне осылар.

Дэн Сяопин. Основные вопросы современного Китая.
М., 1988. С. 6—7.

3. ДЭН СЯОПИННИҢ ҚЫТАЙ МЕН ШЕТЕЛДЕРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ МӘСЕЛелЕРІ БОЙЫНША КЕҢЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРМЕН Әңгімесінен

Пекин. 6 қазан, 1984 жыл.

Ел ішінде экономиканы жандандыруды біз, ең алдымен, ауылдан бастадық. Өйткені онда Қытай халқының 80%-ы тұрады. Қытай қоғамының тұрақтылығы және Қытай экономикасының дамуы, ең алдымен, ауылдың дамыту-луына және шаруалар өмірінің жақсартылуына байланысты. Бір жылда өндірілетін өнімнің төрт есе ұлғайтылуы, ең алдымен, халықтың сол 80%-ы сондай ұлғайтуға жете алатынына байланысты. Енді көрініп отырғанындай,

ауыл жөніндегі бірқатар жаңа ұстанымдар табысқа жеткізді, олар тез пайда беруде, нәтижелер елеулі. Бұрын ауылдың жағдайы төмен еді. Ал енді ауыл халқының басым көпшілігі тоқ екенін және жақсы киінетінін, тұрғын үй жағдайларының айтарлықтай жақсарғанын айтуға болады. Ауыл жөніндегі саясатымыздың тиімділігі бізді жалпыұлттық өнімді төрт есе ұлғайтуға жігерлендірді, біздің сенімімізді нығайтты.

Дэн Сяопин. Основные вопросы современного Китая.
М., 1988. С. 85.

4. ДЭН СЯОПИННИҢ ЗИМБАБВЕ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТ ӨКІЛДІГІНІҢ САПАРЫ ҚҰРМЕТІНЕ ҚАБЫЛДАУДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН

Пекин. 28 тамыз, 1985 жыл.

<...> 1965 жылы партияда қолында билігі бар және капиталистік жолмен жүріп келе жатқан адамдардың бар екені туралы мәселе көтерілді. Содан соң «Ұлы мәдени революция» өрістетілді, оның өзі, әсіре солақайлық болды.

«Мәдени революция» іс жүзінде 1965 жылы басталды, бірақ ресми түрде 1966 жылы жарияланды. Ол 1966 жылдан 1976 жылға дейін түп-тура он жылға созылды, партияның бүкіл дерлік ұйытқысы құлатылды. Сол «Революция» объектісі ескі кадрлар болды. Біз мұндай үдерісті әсіре солшыл идеялық ағым деп атаймыз.

Дэн Сяопин. Основные вопросы современного Китая.
М., 1988. С. 150.

5. ДЭН СЯОПИННИҢ ИСПАНИЯ ҮКІМЕТ ӨКІЛДІГІНІҢ САПАРЫ ҚҰРМЕТІНЕ ҚАБЫЛДАУДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН

Пекин. 30 сәуір, 1987 жыл.

<...> 1949 жылы билікті қолымызға алып, біз өндіргіш күштердің дамытылуын тежеп келген бұғауларды қираттық, аграрлық реформа ел халқының 80%-ы болып отырған шаруалардың өндіргіш күштерін босаттық. Бірақ еркіндік алған өндіргіш күштерді қалай дамыту керек туралы мәселені біз оншалықты сәтті шешкен жоқпыз. Мұның өзі, негізінен, асығыстықтан, солға қарай саяси ойысудан көрініс тапты. Нәтижесінде өндіргіш күштерді ойдағыдай дамытудың орнына олардың дамуы тежелді. Саясатта 1957

жылдың басынан бастап жол берілген солшыл қателіктер 1958 жылы экономикадағы «Үлкен секіріске» әкеліп соқты, оның өзі өндіріске және халықтың өміріне орасан зор нұқсан келтірді. 1959, 1960 және 1961 жылдар ерекше ауыр болды. Халық бұқарасы ашқұрсақ күн кешті, ал басқалар туралы айтпаса да болатын еді.

1962 жылы жақсару байқалып, бұрынғы деңгей бірте-бірте қалпына келтірілді. Бірақ идеологиялық тұрғыдан мәселе шешілмей, нәтижесінде 1966 жылы он жылға созылған «Ұлы мәдени революция» өрістетілді. Оның өзі бұрын-соңды болып көрмеген апат еді. Көптеген қарт кадрлар құдалау мен байбалам салу объектісіне айналды. Олардың ішінде мен де бар едім. Лю Шаоци «қолында билігі бар және капиталистік жолмен жүріп келе жатқан» бірінші адам болды, ал мен екінші болдым. Лю Шаоци «бас қолбасшы» болды, ал мен «бас қолбасшының орынбасары» болдым. Сол жылдары көптеген оғаш пайымдаулар пайда болды. Кедейлікке және мешеулікке төзуге шақырды, бай және ағыл-тегіл капитализмнен кедей және жұпыны социализм мен коммунизм артық десті.<...>

Дэн Сяопин. Основные вопросы современного Китая.
М., 1988. С. 218—219.

**6. ҚКП ОК-НІҢ БАС ХАТШЫСЫ, ҚХР-НЫҢ ТӨРАҒАСЫ, ҚКП
ОРТАЛЫҚ ӘСКЕРИ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ, ҚХР БОК
ТӨРАҒАСЫ ХУ ЦЗИНЬТАОНЫҢ ҚКП XVII СЪЕЗІНДЕ
СӨЙЛЕНГЕН СӨЗІНЕН**

15 қазан, 2007 ж.

XVI съезден кейін өткен бес жыл, ерекше бесжылдық... Партия ел халқын соңынан ерте отырып, қытайлық ерекшелігі бар социализм ісінде жаңа жағдаят жасады... Экономикалық қуат айтарлықтай өсті...

ІЖӨ-нің жылдық орташа өсімі 10 пайыздан артты, экономикалық тиімділік елеулі өсті, жылдан жылға қаржылық кірістер елеулі артты, бағалар негізінен тұрақты күйінде қалып отыр. Жаңа социалистік ауыл құрылысы сеніммен алға басып келеді, өмірлік дамудың үйлесімділігі күшейе түсті. Жаңашыл үлгідегі мемлекет құру алға жақсы жылжып келеді, біздің дербес инновациядағы мүмкіндіктеріміз анағұрлым өсті. Энергетика, көлік, байланыс, т.б.

инфрақұрылым салаларында да елеулі нәтижелер бар... Ұшқышпен басқарылатын ғарышқа ұшу да табысты жүзеге асырылды...

10-бесжылдық жоспар табысты орындалды, 11-бесжылдық бағдарламасы да табыспен алға жылжуда...

Біртіндеп тереңдету бағыты бойынша ауылға кешенді реформа жасау жүргізілді. Ауылшаруашылық салығы, мал шаруашылығына салынатын салық пен арнаулы өнімдерге салынатын салық толықтай жойылды.

Ауыл шаруашылығына, ауыл мен шаруаларға арналған қолдау және жеңілдіктер беру саясаты үздіксіз күшейтілді.

Мемлекеттік меншікті басқару жүйесіндегі реформада, мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ банк ісі, қаржылар мен салықтар, инвестициялау, бағалар, ғылым мен техника және т.б. салаларда да елеулі алға жылжулар болып өтті. Қоғамдық емес меншік секторы одан әрі дами түсті. Нарықтық жүйе жетілдірілді, микрореттеушілік пен микробақылаудың жақсаруы жалғасты, үкімет функцияларының өзгеруі жеделдеді. Импорт пен экспорттың жалпы көлемі анағұрлым өсті, шетелге шығу стратегиясы алға қарай сенімді қадам басты, ашық үлгідегі экономика жаңа сатыға көтерілді.

Халық өмірі елеулі жақсарды. Қала мен ауыл халқының кірістері біршама артты... Кедейшілік көрген адамдардың негізгі өмірлік жағдайларына кепілдік беретін қала және ауыл халқының ең төменгі күнкөріс шегін қамтамасыз ету жүйесінің негіздері салынды...

Демократия мен құқықтық тәртіп құрылысы саласында да жаңа қозғалу болып өтті. Саяси жүйе реформасы алға қарай сенімді жылжыды. Халық өкілдері жиналыстарының құрылымы, Қытай Коммунистік партиясының басшылығымен жұмыс істейтін кооппартиялық ынтымақтастық пен саяси кеңестер беру құрылымы, сондай-ақ ұлттық аудандық автономия құрылымы да үздіксіз жетілдірілді... Негізінен социализмнің қытайлық ерекшелігі бар құқықтық жүйесі қалыптасты...

Әлеуметтік құрылыс толық өрістеді. Барлық деңгейлер мен үлгілердегі білім беру қызу қарқынмен дамыды, деревняда тегін міндетті білім беру жүзеге асырылды. Жұмыспен қамту біртіндеп өсті. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жасау едәуір жылдамдатылды. Партиялық құрылысты жүзеге асыруда сенімді қадамдар жасалды...

Ол билік етуші және оның алдыңғы қатарлы сипатын сақтайтын партия мүмкіндіктерін арттыру мақсатын көздей отырып, тереңдету бағыты бойынша жүрді... Партия ішіндегі демократия үздіксіз кеңейді...

Біз өз жұмысымызда халық күтіп отырған нәрселерден әлі де болса артта қалып келеміз, алға жылжу жолындағы қиындықтар мен проблемалар әлі де көп. Олардың ішіндегі неғұрлым елеулісі — экономиканың өсуі үшін ресурстар мен экологияны шамадан тыс көп шығындау, қала мен ауылдың бұрынғыша біркелкі қарқынмен дамымауы, сондай-ақ әлеуметтік экономикалық дамудың біркелкі еместігін сақтаған аймақтар. Бұл ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы мен шаруалар табыстарының тұрақты өсуі жолындағы қиындықтардың артуы. Бұл бұрынғыдағыдай жұмысқа орналастыру, әлеуметтік қамсыздандыру, кірістерді бөлу, білім беру мен денсаулық сақтау, тұрғын үй, өндіріс қауіпсіздігі, әділ сот, қоғамдық тәртіп және т.б. салалардағы толып жатқан проблемалар, бұлар халықтың табиғи мүдделерін, сондай-ақ табыстары төмен адамдардың жеткілікті дәрежеде қиын өмір сүретінін қозғайды...

Партияның басқарушылық шеберлігі жаңа жағдай талаптары мен міндеттеріне толықтай жауап бермейді... Партиялық кадрлардың шағын тобы дұрыс стильден қол үзуде. Олардың арасынан формализм мен бюрократизм, сән-салтанаттылық пен ысырапшылық жеткілікті дәрежеде бой көрсетуде, құлдырау мен ыдырау бұрынғыдай орын алуда...

Жаңа кезеңнің ең жарқын ерекшелігі — реформа мен ашықтық. Жан-жақты реформа үдерісі... ауылдан қалаға, экономика саласынан барлық басқа салаларға қарай бағыт алды. Теңіз жағалауларындағы, өзен жағалауларындағы және шекаралық аймақтар шығыс, орталық және батыс өңірлер сыртқы дүние үшін есіктерін сенімді және айқара ашты.

Тарихта болмаған осыншама ұлы реформа мен ашық есік саясаты бізге қатаң орталықтандырылған жоспарлық экономикадан өте өміршең социалистік нарықтық экономикаға ішінара немесе толық өтуді табысты жүзеге асыруға мүмкіндік берді... Біздің экономика... Қазір жалпы сандық көрсеткіштері бойынша дүниежүзінде төртінші, ал импорт пен экспорт көлемі бойынша үшінші орында. Халық ... тұтастай алғанда орта дәрежелі тұрмысқа қол жеткізді...

Реформалар мен ашық есік саясатын жүзеге асыру басталғаннан бергі біздің барлық табыстарымыз бен онды алға басуларымыздың түбегейлі себептері қытайлық ерекшелігі бар социализм жолының салынуы мен тиісті теориялық жүйенің құрылғанына байланысты.

...Қытайлық ерекшелігі бар социализм жолы — бұл Қытай Коммунистік партиясының басшылығымен және елдің негізгі шындық өмірі негізінде басты назарға экономикалық құрылыс қойылатын, төрт негізгі ұстаным қорғалатын... социалистік нарықтық экономика, саяси құрылым, алдыңғы қатарлы мәдениет, үйлесімді социалистік қоғам қалыптасатын, бай, қуатты, демократиялық, өркениетті және үйлесімді жаңарған социалистік мемлекет құрылатын жол...

Заманауи Қытайда қытайлық ерекшелігі бар социализм жолын қорғау социализмді шынайы қорғауды білдіреді...

Елдің жаңа ғасыр мен даму үдерісінің жаңа кезеңіне енуімен бізде жаңа сатылық өзгерістердің тұтастай бір қатары бой көрсетті. Олар көбінесе мынадан көрінеді. Біздің экономикалық қуатымыз айтарлықтай өсті, алайда өндіргіш күштердің деңгейі тұтастай алғанда әлі де төмен күйінде қалып отыр, дербес жанашылдықтағы мүмкіндіктер өзірше шамалы, жылдар бойы жиналған құрылымдық қайшылықтар мен өсудің экстенсивті үлгісі түбегейлі өзгеріске ұшырай қойған жоқ. Бастапқы формада құрылған социалистік нарықтық экономика жүйесімен қатар бұрынғыша дамуға бөгет жасайтын құрылымдық кедергілер өмір сүріп отыр, реформаның алдында терең қарама-қайшылықтар мен проблемаларды тіке шабуылмен бағындыру міндеті тұр.

Тұтастай алғанда халық орта дәрежелі өмір сүруде, бірақ мұнымен қатар табыстардағы айырмашылықтар алшақтығының арту үрдісі түбірімен тоқтатылған жоқ, қала мен ауылда кедей және табысы аз халық әлі де аз емес, өртүрлі тараптардың мүдделерін бірыңғай есепке алудағы қиындықтар көбейіп келеді. Дамудың үйлесуі елеулі нәтижелер берді, алайда әлсіз аграрлық база мен ауыл дамуының артта қалуындағы жағдаят өзгерістерсіз қалды, қала мен ауыл, сондай-ақ қандай да бір аймақтардың дамуындағы алшақтықты қысқарту жөніндегі, үйлесімді элеуметтік-экономикалық дамуды ынталандыру жөніндегі міндеттер көп еңбекті талап етеді.

Социалистік демократияның саяси құрылысы үздіксіз дамуда, елді құқықтық негізде басқарудың негізгі стратегиясы өмірде іскерлікпен жүзеге асырылуда, алайда, сонымен бірге демократия мен құқықтық тәртіп саласындағы құрылыс әлі де болса халықтық демократия мен әлеуметтік-экономикалық дамудың кеңею талаптарына толықтай жауап бермейді, саяси жүйенің реформасы одан әрі тереңдетуді қажетсінуде...

Сыртқы дүниеге ашықтық бұрынғыдан да кеңейе түсуде, бірақ мұнымен бірге күннен күнге халықаралық бәсекелестік өсіп келеді, дамыған елдердің ғылыми-техникалық және экономикалық қысымы ұзақ өмір сүретін болады, алдын ала болжамдалған және болжамдалмаған төуекелдер көбейеді, ал бұлардың бәрін қосқанда елдің ішкі дамуын бірыңғай жоспарлауға және сыртқы байланыстарды кеңейтуге неғұрлым жоғары талаптар ұсынылады...

Үйлескен социалистік қоғам құру — қытайлық ерекшелігі бар социализм ісі дамуының бүкіл үдерісінен өтетін ұзаққа созылатын тарихи міндет, тарихи үдеріс және даму негізінде барлық әлеуметтік қайшылықтарды дұрыс шешудің әлеуметтік нәтижесі... Әлеуметтік турашылдық пен әділеттілікті жүзеге асыру — қытай коммунистерінің өзгермейтін платформасы, қытайлық ерекшелігі бар социализм дамуының маңызды міндеті...

2020 жылы, тұрмыс дәрежесі орташа қоғамды толық орнату міндеттері орындалған кезде біздің ел..., негізінен, индустрияландыруды жүзеге асырған, өзінің жиынтық қуатын елеулі арттырған және ішкі нарықтың жалпы көлемдері бойынша дүниежүзінде көш бастайтын елге айналды. Халықтың тұрмыс дәрежесі барлық жерде көтерілген, өмір сүру сапасы айтарлықтай жақсарған ел болады...

Келесі бесжылдық — тұрмыс дәрежесі орташа қоғамның жан-жақты құрылысындағы шешуші кезең болмақ...

<http://russian.china.org.cn/china/archive/shiqida/2007-10/25>

7. ҚКП XVII БҮКІЛҚЫТАЙЛЫҚ СЪЕЗІНІҢ ҚКП-НЫҢ ҚАЙТА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН ЖАРҒЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРЫ (*Үзінді*)

Съезд 2007 жылғы 21 қазанда қабылдаған.

Қытай Коммунистік партиясының XVII Бүкілқытайлық съезі ҚКП-ның қайта қарастырылған Жарғысының Жоба-

сын қарап, бірауыздан қабылдады... және оны қабылданған күнінен бастап күшіне енгізу жөнінде қаулы етті.

Съезд дамудың ғылыми тұжырымдамасының партия Жарғысына енгізілуін бірауыздан қуаттады..

Съезд бұл Жарғыдағы партияның негізгі бағытының құрамында бар күрес мақсатының тұжырымын бірауыздан қолдайды. Ол: «біздің елді бай, қуатты, демократиялық, өркениетті және үйлесімді жаңартылған социалистік мемлекетке айналдыру»...

Съезд экономикалық, саяси, мәдени және әлеуметтік құрылысты біріктіретін қытайлық ерекшелігі бар социализм сұлбасының партия Жарғысына енгізілуі тұрмыс дәрежесі орташа қоғамды қалыптастыру ісінде жаңа жеңістерге жету... жетістіктерге жету үшін маңызы зор болады деп есептейді. Ешқандай тоқуларсыз экономиканың қоғамдық секторын нығайту мен дамыту, экономиканың қоғамдық емес секторын қолдау мен бағыттау, нарықтық ресурстар орналастырудағы негізгі рөлін айқындай, макрореттеу мен макробақылаудың жетілдірілген жүйесін жасау, қала мен ауылдың, аймақтардың, әлеуметтік-экономикалық саланың дамуын бірыңғай тәртіппен жоспарлау, адам мен табиғаттың үйлесімді дамуы, елдің ішкі дамуы мен сыртқы дүние үшін ашықтығы, қытайлық ерекшелігі бар жаңа үлгідегі индустрияландыру жолымен жүру, ресурстарды сақтайтын және қоршаған ортаға бейбіт ниетпен қарайтын қоғам құру маңызы. Оларға партиялық басшылықтың халық шаруашылығы және мемлекетті заң бойынша басқару мен табиғи бірлігін қамтамасыз ету, қытайлық ерекшелігі бар социализмнің саяси құрылымын дамыту жолымен жүру, халықтың төменгі өзін-өзі басқару құрылымын сақтау және жетілдіру, адам құқықтарын құрметтеу мен кепілдік беру, демократиялық сайлаулар мен шешімдер, демократиялық басқару мен бақылау жүйесі, т.б. жатады. Басшылық жасайтын идеология ретінде марксизмді нық ұстану, қытайлық ерекшелігі бар социализмді біздің ортақ мұрат ретінде бекіту, өзегі отаншылдық пен реформа және жаңашылдық болатын ұлттық рухты мадақтау... Демократия мен заңдылықтың жалпы талаптарына сәйкес ... бүкіл халық «өркімнен — қабілетіне қарай, өркімге — өз орны» ұстанымын сақтайтын, сонымен бірге ынтымақты өмір сүретін жағдаят жасау...

Съезд ... демократиялық және құқықтық негізде басқаруды жүзеге асыратын партия болып қалу үшін реформа мен жаңашылдық рухындағы жаңа ұлы инженерия ретіндегі партиялық құрылымды жан-жақты алға жылжыту қажет деп есептейді.

(Китайский информационный Интернет-центр.) 21.10.2007.

8. ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН КОММУНИКАЦИЯСЫ

18 тамыз, 2007 ж.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың шақыруы бойынша Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтао 2007 жылдың 17—18 тамыз күндері Қазақстан Республикасында мемлекеттік сапарда болды. Екі елдің басшылары Астанада ресми келіссөздер өткізді.

1. Екі мемлекеттің басшылары стратегиялық әріптестік қатынастар орнатылғаннан кейінгі екі жыл ішінде екі елдің ынтымақтастығы барлық салаларда қызу қарқынмен дамығандығын қанағаттанғандықпен атап өтті... Өткен жылдар ішінде өзара мүддені білдіретін барлық өзекті мәселелер жөнінде тұрақты сұхбаттың тиімді тетігі жолға қойылды.

Тараптар алдағы уақытта да екіжақтық қатынастар мен халықаралық жағдайдың маңызды мәселелерін талқылау үшін жоғары және биік деңгейдегі сапарлармен тұрақты алмасуды қуаттайтындарын атап өтті.

3. Тараптар екі елдің қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығы үшінші елдерге бағытталмайтынын атап көрсетеді. Сонымен бірге тараптар алдағы уақытта да екі мемлекеттің мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, лаңкестікпен, жікшілдікпен, экстремизммен, трансұлттық қылмыскерлікпен және есірткілердің заңсыз айналымымен күрес саласындағы жоғары деңгей мен оңды серпінді қолдауға ынтымақтастықтың Шанхай ұйымы шеңберінде «үш кесірге» қарсы күрес пен бірігіп сақтандыру үшін пәрменді шаралар қабылдауға ниетті.

4. Қазақстан үкіметі өзінің бір Қытай саясатының Тайвань мәселесі жөніндегі позициясынан айнымайтынын растайды. Қазақстан тарабы Тайвань мәселесін Қытайдың

ішкі ісі деп есептей отырып, Қытай үкіметінің ел бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігерін қолдайды.

5. Тараптар екі ел азаматтарының өзара сапарлары үшін қажетті жағдайлар жасауды жалғастырады және оларды реттеу жөнінде тиісті шаралар қабылдайды...

Тараптар ұлттық заңнамаларға сәйкес екі ел аумақтарында инвестициялық, сауда қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасайтын, екі мемлекеттің де азаматтарының өмірін, дүние-мүлкі мен заңды мүдделерін қорғау үшін тиімді шаралар қабылдайтын болады.

6. Тараптар трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау жөніндегі Қытай-Қазақстан Бірлескен комиссиясы тетігі шеңберінде трансшекаралық су ресурстарын игеру мен пайдалану кезінде әділеттілік пен ұтымдылық ұстанымдарын ұстана отырып, екі мемлекет арасындағы трансұлттық өзендер саласындағы алмасу мен ынтымақтастықты нығайтуды жалғастырады.

7. Тараптар болашақта да екі елдің дамуы үшін қолайлы халықаралық жағдай жасау мақсатымен халықаралық және аймақтық істерде стратегиялық өзара әрекеттестікті үйлестіру мен тереңдету бағытын ұстанатын болады.

8. Тараптар Шанхай ұйымы шеңберіндегі көпжақты өзара әрекеттестікті дамыту Қытай мен Қазақстанның сыртқы саясатының басымдығы бар бағыттарының бірі болып табылатынын атап көрсетеді. Тараптар аймақтық және халықаралық саясаттың ықпалды факторына айналған ШЫҰ қызметінің мәселелері бойынша әртүрлі деңгейлердегі үйлестіру мен кеңестер беру іс-тәжірибесін жалғастыратын болады...

Тараптар ШЫҰ-на мүше мемлекеттер қауіпсіздік саласында, сондай-ақ ұйым кеңістігінде тұратын халықтардың экономикалық және әлеуметтік-гуманитарлық салалардағы игілігі үшін іс-тәжірибелік ынтымақтастықты өрістетуге баса көңіл аударулары тиіс деп есептейді.

9. Тараптар өзара сауданың қызу қарқынмен өсуін қанағаттанушылықпен тұжырымдап, 2015 жылы екі жақтық тауар айналымының көлемін 15 миллиард долларға дейін арттыруға күш салады, экспорт пен импорттың арасындағы тенгермелілікке, екі жақтық саудада жоғары қосымша құнды өнімнің меншікті салмағын арттыруға, тауарлық құрылымды түрлендіруге қол жеткізетін болады.

10. Қазақстан мен Қытай екі жақтық өзара әрекеттестіктің басымдыққа ие бағыттарының бірі болып табылатын инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға күш салады.

11. Тараптар мұнай-газ секторындағы ірі жобаларды жүзеге асырудан, әсіресе мұнай-газдық мәшинежасау, тағам және тоқыма өнеркәсібі, көліктік-логистикалық қызметтер көрсету, металлургия, құрылыс материалдарын өндіру мен туризм сияқты шикізаттық емес салаларға, өтуді жалғастырады. Қытай жағы Қытай аумағында қазақстандық капиталдың қатысуымен бірлескен кәсіпорындар салу мен дамытуды қолдайды.

http://russian.china.org.cn/international/txt/2007-08/20/content_8710937.htm

9. КОРЕЯ ЕҢБЕК ПАРТИЯСЫ ОК-нің ПАРТИЯНЫҢ V СЪЕЗИНЕ ЕСЕПТІ БАЯНДАМАСЫНАН

2 қараша, 1970 жыл.

Өнеркәсіп саласындағы жетіжылдық жоспарды ойдағыдай орындаудың нәтижесінде оның жалпы өнімі биыл 1956 жылмен салыстырғанда 11,6 есе, соның ішінде өндіріс құралдарын өндіру — 13,3 есе, тұтыну заттарын өндіру — 9,3 есе артады. Мұның өзі 1957 жылдан 1970 жылға дейінгі индустрияландыру кезеңінің өн бойында өнеркәсіп өндірісінің жоғары қарқынмен өскенін білдіреді: жылдық орташа өсім 19,1% болды. Қазіргі кезде біздің өнеркәсібіміз азаттыққа дейін бүкіл 1944 жылы қаншама өнім өндірілсе, сонша өнімді 12 күннің ішінде ғана шығарады...

Ауыр өнеркәсіп құрылысындағы ең ірі жетістік — халық шаруашылығын дамыту мен техникалық прогресс үшін негіз болып табылатын отандық мәшинежасау саласының құрылуы.

Партияның жетіжылдық кезеңінде мәшинежасау саласын дамытуға көп күш-жігер жұмсауының нәтижесінде азаттық алынғанға дейін тіпті қарапайым ауылшаруашылық сайманы жасап шығарылмаған біздің елімізде бүгінгі таңда қуаты 6000 тонналық престер, ауыр жүк таситын автомобильдер, ірі тракторлар, экскаваторлар, бульдозерлер, сондай-ақ электровоздар мен тепловоздар, судағы сыйымдылығы 5000 тонналық ірі кемелер және басқа да және үлкен мәшинелер шығарыла бастады...

Өнеркәсіптің жедел дамуына және оның көлемінің ұлғаюына қарай индустрия жиынтық қоғамдық өнім мен ұлттық кіріс өндірісінде барған сайын шешуші рөл атқаруда. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жалпы өнімінде біріншісінің үлесі 1956 жылғы 34%-дан 1969 жылғы 74%-ға дейін ұлғайды, ал өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жасаған ұлттық кірісте өнеркәсіп үлесі осы кезеңде 25%-дан 65%-ға дейін өсті...

Ауылдағы техникалық революцияда есепті кезеңде қол жеткен ең ірі жеңіс — суландыруды аяқтау... Партия ауылдағы техникалық революцияның жетіжылдық жоспар кезеңіндегі ең түбегейлі міндеті деп механикаландыруды белгіледі...

Жетіжылдық кезеңінде ауылды электрлендіру міндеті де ойдағыдай жүзеге асырылды... Бүгінде біздің елімізде әрбір ауылға электр жарығы берілген, барлық шаруалар үйлерінде электр шамы жанады.<...>

Біздің елімізде социалистік индустрияландырудың тарихи міндеті тамаша жүзеге асырылған...

Есепті кезеңде халыққа білім беру ісінде қол жеткен ең үздік табыс — жалпыға бірдей міндетті 9 жылдық техникалық оқудың енгізілуі [1967 жылдан]...

Есепті кезеңде жоғары оқу орындарының саны 78-ден 129-ға дейін көбейді, 376 жоғарылау техникалық училищелер жаңадан ашылды...

Қазіргі кезде халық шаруашылығының түрлі салаларында 497 мыңнан астам инженерлер, техниктер және мамандар жұмыс істейді, мұның өзі 1960 жылдағымен салыстырғанда 4,3 есе көп.<...>

Социалистік экономика орнату саласындағы алтыжылдық жоспардың негізгі міндеті — индустрияландыру табыстарын баянды ету мен еселеу, техникалық революциялық дамудың жаңа, неғұрлым биік сатысына көтеру және сол арқылы социализмнің материалдық-техникалық базасын бұрынғыдан бетер нығайту, еңбекшілерді халық шаруашылығының барлық салаларындағы ауыр жұмыстардан арылту.

Хрестоматия по новейшей истории. Ч. 2. (1945—1974).
Пособие для учителей. М., 1976. С. 102—103.

10. КОРЕЙ ХАЛЫҚТЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУТЦИЯСЫ (Үзінді)

1972 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған.

I бөлім. Саясат

1-бап

Корей Халықтық-демократиялық Республикасы бүкіл корей халқының мүдделерін білдіретін егеменді социалистік мемлекет.

3-бап

КХДР өз қызметінде орталығына адам қойылатын дүниеге көзқарас чучхе идеяларын және халық бұқарасының дербестігін жүзеге асыруды көздейтін революциялық идеяларды басшылыққа алады.

4-бап.

КХДР-дегі билік жұмысшыларға, шаруаларға, еңбек зиялыларына, бүкіл еңбекші халыққа тиесілі.

Еңбекші халық билікті өздерінің өкілдік органдары — Жоғарғы халықтық жиналыс пен барлық сатылардағы Жергілікті Халықтық жиналыстар арқылы жүзеге асырады.

8-бап.

КХДР-дегі қоғамдық құрылыс — адам мүдделеріне қызмет ететін, барлығының қожайындары еңбекші бұқара болып табылатын және қоғамдағының бәрі халық мүдделеріне қызмет етуге қойылған құрылыс.

Мемлекет қанау мен езгіден азат етілген және мемлекет пен қоғамның қожайындарына айналған жұмысшылардың, шаруалар мен еңбекші зиялылардың мүдделерін қорғайды.

9-бап.

КХДР елдің солтүстік бөлігіндегі халықтық билікті нығайта және идеологиялық, техникалық, мәдени революцияны белсенді өрістете отырып, социализмнің толық жеңісіне қол жеткізу, Отанды дербестік, бейбіт бірігу және ұлы ұлттық шоғырлану ұстанымдары негізінде қосу үшін күреседі.

10-бап

КХДР жұмысшы табы басшылық жасайтын, жұмыс-

шылар мен шаруалардың одағына негізделген бүкіл халықтың идеялық-саяси бірлігіне сүйенеді...

11-бап

КХДР өзінің бүкіл қызметін Корея Еңбек партиясының басшылығымен жүзеге асырады.

12-бап

Мемлекет таптық бағыт ұстанады, халықтық демократия диктатурасын нығайтады және осылайша халықтық билікті, социалистік құрылысты ішкі және сыртқы дұшпан элементтерінің арандату әрекеттерінен нық қорғайды.

II бөлім. Экономика

19-бап

КХДР социалистік өндірістік қатынастар мен дербес ұлттық экономикалық базаға сүйенеді.

20-бап

КХДР-да өндіріс құралдары тек мемлекет пен кооперативтік ұйымдарға тиесілі.

21-бап

Мемлекеттік меншік бүкіл халық меншігі болып табылады...

Елдің бүкіл табиғи байлығы, жетекші зауыттары мен фабрикалары, порттары мен аймақтары, банктері, көлігі мен байланыс құралдары тек қана мемлекетке тиесілі.

22-бап

Кооперативтік меншік еңбекшілердің кооперативтік шаруашылықтарынан құралатын ұжымдық меншігі болып табылады.

Кооперативтік ұйымдар өз меншігіне жерді, жұмыс малын, ауылшаруашылық дүние-мүліктерді, балық аулау кемелерін, құрылыстарды, сондай-ақ орташа және ұсақ зауыттар мен фабрикаларды иелене алады.

23-бап

Мемлекет шаруалардың санасын, олардың техникалық және мәдени деңгейін арттырады, меншіктің екі формасын, жалпыхалықтық меншіктің кооперативтік меншікке қарағандағы жетекші рөлін күшейту бағытында табиғи үйлестіреді, кооперативтік шаруашылықты басқару мен басшылық жасауды жақсартады және осылайша кооперативтік шаруашылықтың социалистік жүйесін нығайтады және

дамытады, кооперативтік ұйымдарда тұрған барлық мүшелердің ерік білдіруіне сәйкес кооперативтік меншікті біртіндеп жалпыхалықтық меншікке айналдырады.

26-бап

Мемлекет социалистік дербес ұлттық экономика құрылысы бағытын нық ұстана және біздің шынайы жағдайларға сәйкес келетін базаны халық шаруашылығына қосу, оны жаңалау мен ғылыми негізге көшіру үдерісін жылдамдата отырып, халық шаруашылығын біздің жағдайларға жауап беретін жоғары дамыған шаруашылыққа айналдыру, социалистік қоғамға толық сәйкес келетін материалдық-техникалық база құру үшін күреседі.

V бөлім. Азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттері

63-бап

ҚХДР азаматтарының құқықтары мен міндеттері ұжымшылдық ұстанымына негізделеді: «Біреуі барлығы үшін, барлығы біреуі үшін».

65-бап

Барлық азаматтар мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық салаларында тең құқықтарды иеленеді.

72-бап

Азаматтарда тегін медициналық жәрдем алу құқығы бар.

73-бап

Азаматтарда білім алу құқығы бар.

82-бап

Ұжымшылдық социалистік қоғам өмірінің негізі болып табылады.

11. ҮНДҚЫТАЙ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ СЪЕЗИНІҢ ҚАРАРЫНАН

Тамыз, 1945 жыл.

1. Көп кешікпей тәуелсіздік жеңіп алу үшін өте қолайлы жағдай болады.

2. Уақыт күтпейді. Өз қызметімізде біз мынадай үш қағида-даны негізге алуға тиіспіз:

а) өз күшімізді негізгі міндеттерді орындауға жұмылдыру;

- ә) саяси және әскери салаларда іс-қимыл бірлігі мен қол-басшылық бірлігіне жету;
- б) қолайлы сәттерді жіберіп алмай, дер кезінде іс-қимыл жасау.

3. Біздің күресіміздің қазіргі сәттегі мақсаты — толық тәуелсіздікті жеңіп алу.

4. Күрестің басты ұрандары:

Басқыншылар жойылсын!

Толық тәуелсіздік!

Халық билігі!

5. Біз өзіміз жеңіске нақты жете алатын аудандарды, қала немесе ауылдық жер болсын, дереу меңгеруге тиіспіз. Жағдайды өз бақылауымызда ұстап отырған жерлердің бәрінде Халық комитеттерін құруға тиіспіз.

6. Вьет-минь саясатын жүзеге асыруымыз керек, оны төмендегі 10 тармақпен көрсетуге болады:

- а) кез келген шетелдік басқыншыларға қарсы күресу, сатқындардың көзін құрту. Республикалық, демократиялық және толық тәуелсіз Вьетнам құру;
- ә) Жапондарға қарсы күресу үшін халықты қаруландыру, Вьетнам Азаттық армиясының қатарын көбейту;
- б) Басқыншылар мен сатқындардың мүлкін тәркілеу және жағдайға байланысты оны ұлт меншігіне алу немесе кедейлер арасында бөлу;
- в) Империалистер белгілеген барлық салықтар мен алымдарды жою, әділ және ақылға қонымды салық жүйесін енгізу;
- г) Демократиялық бостандықтарды жүзеге асыру және жалпыға бірдей сайлау құқығын енгізу. Ұлттар теңдігі мен жыныстар теңдігін тану;
- ғ) Қауымдық жерлерді кедей шаруаларда да жер телімі бар болатындай етіп бөлу. Жалгерлік ақыны және өсімқорлық пайыздарды төмендету, қарыздарды төлеу мерзімін ұзарту;
- д) 8 сағ-тық жұмыс күнін енгізу — әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңды халыққа жария ету, әлеуметтік көмек ұйымдастыру;
- е) Ұлттық экономиканы құру мен дамыту. Өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының және сауданың дамытылуын көтермелеу және оған жәрдемдесу. Ұлттық банк негізін қалау;

- ж) Сауатсыздыққа қарсы күрес жүргізу. Міндетті бастауыш оқуды енгізу. Түрлі қызмет салалары үшін қабілетті кадрлар даярлау;
- з) Вьетнамның тәуелсіздігін құрметтейтін елдермен жақсы қатынастарда болу.

Хрестоматия по новейшей истории. Ч. 2 (1945—1974).
Пособие для учителей. М., 1976. С. 104—105.

12. ВЬЕТНАМ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

(Үзінді)

2 қыркүйек, 1945 жыл.

Біздің халқымыз тұтас жүз жыл бойы өзін езіп келген бұғаудың күл-талқанын шығарып, тәуелсіз Вьетнам құрды. Біздің халқымыз сонымен бірге ондаған ғасырлар бойы өмір сүріп келген монархиялық режімді құлатты және республика орнатты.

Осы себептер бойынша біздер — бүкіл Вьетнам халқының өкілі болып табылатын Уақытша үкімет мүшелері, бұдан былай біз империалистік Франциямен қарым-қатынасты батыл түрде үзетінімізді мәлімдейміз, біз Вьетнам атынан Франция қол қойған шарттарды жарамсыз деп жариялаймыз және осы арқылы француздар біздің аумақта иемденген барлық артықшылықтардың күшін жоямыз.

Бүкіл Вьетнам халқы, еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін, француз империалистерінің басқыншылық пиғылдарына бірауыздан және батыл түрде қарсы шығып отыр...

80 жылдан астам уақыт бойы француз үстемдігіне қарсы табанды түрде күрескен халық, бірнеше жыл бойы одақтастар жағында фашизмге қарсы ерлікпен шайқасқан халық — мұндай халық азат болуға құқылы. Мұндай халық тәуелсіз болуы тиіс!

Осы себептермен біздер, Вьетнам Демократиялық Республикасы Уақытша үкіметінің мүшелері, дүниежүзіне салтанатты түрде мәлімдейміз:

Вьетнам азат және тәуелсіз болуға құқылы және іс жүзінде азат және тәуелсіз мемлекетке айналды. Вьетнам халқы бостандыққа және тәуелсіздікке өз құқығын батыл түрде

қорғау үшін өзінің рухани және материалдық күштерін, мүлкін де, тіпті өмірін де аямастан жұмылдыруға ұйғарды.

Хрестоматия по новейшей истории. Ч. 2. (1945—1974).
Пособие для учителей. М., 1976. С. 105—106.

13. ВЬЕТНАМ СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

(Үзінді)

**ВСР Ұлттық Жиналысы 1992 жылдың 15 сәуірінде
қабылдаған.**

**I бөлім. Вьетнам Социалистік Республикасы Саяси
жүйесі**

2-бап

Вьетнам Социалистік Республикасы — халық мемлекеті, халыққа арналған және халық атынан әрекет ететін мемлекет. Бүкіл мемлекеттік билік негізін жұмысшы табының, шаруалар мен зиялылардың одағы құрайтын халыққа тиесілі.

4-бап

Вьетнам Коммунистік партиясы — жұмысшы табының авангарды, марксизм-ленинизм және Хо Ши Мин идеяларының соңынан жүретін жұмысшы табы, барлық еңбекшілер мен барлық ұлттар мүдделерінің берілген өкілі, мемлекет пен қоғамның басқарушы күші болып табылады.

5-бап

Вьетнам Социалистік Республикасы — Вьетнам жерінде бірге өмір сүретін барлық ұлттардың біртұтас мемлекеті.

Мемлекет ұлттардың тең құқықтығы, оларды шоғырландыру мен өзара жәрдем саясатын жүзеге асырады, ұлттарды кемсітетін және оларды жікке бөлуге әкелетін кез келген әрекеттерге қатаң тыйым салады.

Әрбір ұлт ана тілінде сөйлеуге және жазуға, өздерінің тамаша әдет-ғұрыптарын, дәстүрлері мен мәдениетін сақтауға және дамытуға құқылы.

9-бап

Вьетнам Отандық майданы мен оның құрамына кіретін ұйымдар халықтық биліктің саяси негізі болып табылады...

II бөлім. Экономикалық жүйе

15-бап

Мемлекет тауарлық өндірістің көп салалы экономикасын нарықтық тетік пен социалистік бейімделу негізінде басқарады және дамытады.

Өндірісті және кәсіпкерлікті ұйымдастырудың әртүрлі формалары бар көп салалы экономика жалпыхалықтық, ұжымдық, жекеменшікке негізделеді, олардың ішіндегі бастылары жалпыхалықтық және ұжымдық меншік болып табылады.

23-бап

Жекетұлғаның, ұйымның заңды дүние-мүлкі мемлекет меншігіне өткізуге жатпайды.

25-бап

Мемлекет Вьетнамға шетелдік ұйымдардың, жекетұлғалардың капитал салуы мен технологияны ендіруін көтермелейді... Шетелдік капиталға негізделген шаруашылық мемлекеттік меншікке алынбайды.

V бөлім. Азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттері

53-бап

Азаматтар мемлекет пен қоғам істерін басқаруға, жалпы-мемлекеттік және жергілікті проблемаларды талқылауға қатысуға, мемлекеттік органдарға ұсыныс енгізуге, мемлекет халықтық референдум өткізген кезде өз пікірін білдіруге құқылы.

57-бап

Азаматтар заңға сәйкес ерікті кәсіпкерлікпен айналысуға құқылы.

59-бап

Оқу азаматтардың құқығы және міндеті болып табылады. Бастауыш білім беру міндетті және тегін болып табылады.

Азаматтар әртүрлі формалардағы білімдік және кәсіптік оқуға құқылы. Мемлекет оқу және шәкіртақы үшін төлем белгілейді.

14. КАМПУЧИЯ ПАТРИОТТЫҚ КҮШТЕРІНІҢ ҮНДЕУІ

11 қараша, 1979 жыл.

Байырғы қызметкерлерге, жауынгерлерге, жастарға, шығыс аудандарының және бүкіл елдің халқына!

Американ империалистері мен олардың қолжаулықтарын қуып шығу жолындағы күресте, Кампучия халқы ұлт-азаттық жолында, ұлттың қасиетті ой-арманы — шынайы тәуелсіздік, бостандық, демократия, бейбітшілік, бақытты өмір жолында өз қаны мен өмірін құрбандыққа шалды.

Бірақ 1975 жылғы 17 сәуірден кейін Кампучия халқы өзінің бүкіл тарихы ішіндегі ең ауыр жұтауға ұшырауға мәжбүр болды. Пол Пот — Иенг Сари бастаған сатқындар тобы шығыс аудандарда және бүкіл елде халықты, байырғы қызметкерлерді, жауынгерлерді, жігіттер мен қыздарды азаптау, басып-жаншу, құрту үшін фашистік заңдар шығарды. Үш жарым жыл ішінде біздің халық сөзбен айтып жеткізуге болмайтын азап шекті.

Пекиндегі билік орындары айдап салған Пол Пот — Иенг Сари режімі біздің көршімізге — Вьетнам халқына қарсы әділетсіз басқыншылық соғысты өршітті. Қытай билік орындарының қолдауымен және көмек көрсетуімен реакцияшыл бағыт жүргізе отырып, режім Кампучия ұлтын құртып жіберу ниетімен «жазалау, өлтіру, өртеу, қирату» жоспарын жүзеге асырды. Пол Пот — Иенг Сари бастаған сатқындар іс жүзінде — диктаторлар мен милитаристердің отбасылық және сектанттық принциптерін уағыздайтын тобыры. Олардың «орталық комитеті» және «үкіметі» құрамында туысқандары ғана бар. Қалғандарының бәрін олар жойып жіберген.

Ел үшін осындай ауыр жағдайларда біз байырғы қызметкерлерді, Пол Пот — Иенг Сари армиясының солдаттарын, жастарды, бүкіл халықты режімге қарсы мүмкін болатын барлық әдістермен күресуге шақырамыз. Олардың сатқыншылық әрекеттеріне көмектеспеуге, біздің ұлтымыздың құртып жіберілуін тоқтатып, Вьетнамға қарсы әскери әрекеттерді жоюға шақырамыз. Біз жұрттың бәрін жана, шынайы патриоттық революциялық күштермен бірге күресті толық жеңіске жеткенге дейін одан әрі жалғастыру үшін ну орманға кетуге шақырамыз!

Аналар, әйелдер! Біздің елімізді, біздің халқымызды азат ету, жаңа, тамаша және шын мәнінде әділ қоғам орнату үшін өз ұлдарыңызды, күйеулеріңізді, бауырларыңызды нұр орманға кетуге, шынайы халықтық, жаңа революциялық қозғалысқа қосылуға, Пол Пот — Иенг Сари басқаратын сатқындар тобырының милитаристік диктатурасына қарсы күресуге шақырыңыздар! Біздің ұран: «Күрес — өмір, қарекетсіздік — өлім!»

Шығыс ауданы комитетінің мүшесі,
4-дивизия командирі

Самрин

Сергеев Е. Ю. Новейшая история. Подробности.
М., 2000. С. 377—378.

15. ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНАН

1979 жыл.

Біздің революцияның Ирандағы соңғы жүз жыл ішіндегі басқа революциялық қозғалыстармен салыстырғандағы ерекшелігі — оның діни, исламдық сипаты...

Соңғы жылдардағы қозғалыстарда діни ислам ойы мен күрес жүргізуші дін қызметкерлерінің көшбасшылығы негізгі рөл атқарғанымен, ол қозғалыстар шынайы исламдық ұстанымдардан алшақтады және көп кешікпей даму серпінінен айырылды. Сондықтан халық ұлы аятолла Хомейнидің басшылығымен шынайы ислам қозғалысын одан әрі жалғастыру қажет екенін түсінді. Күрес жүргізуші, ерқашанда күрескерлердің алдыңғы қатарында болған дін қызметкерлері, сондай-ақ шығармашылық зиялы қауым солардың басшылығымен бұл жолы жаңа серпін алды...

2-бап. Ислам республикасы — басқарудың:

Бір Құдайға, Ол шариғат заңдарын белгілейтініне және адам Оның еркіне бағынуға тиіс екеніне;

Құдайдың өсиеттеріне және заңдарды түсіндірудегі олардың негіз қалаушы рөліне;

Тозақ Сотына және Құдайға барар жолдағы адамның жетіле түсуіндегі оның сындарлы рөліне;

Шариғат заңдарын жазу мен орнатудағы Құдайдың әділдігіне;

имамдардың мирасқорлығына (имамат) және олардың қоғамға қамқорлығына және ислам революциясын одан әрі жалғастырудағы бұл принциптің негіз қалаушы рөліне;

адамның және бостандықтың тектілігі мен жоғары құндылығына, оның Құдай алдындағы жауапкершілігіне сенуге негізделген жүйесі, мұның өзі теңдікті, әділдікті және саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени тәуелсіздікті, сондай-ақ ұлттық бірлік пен ынтымақты:

а) Киелі кітап негізінде шариғаттың факихами талаптарының бәріне сай келетін заңдарын үздіксіз орындау...

ә) адамның соларды дамытуға бағытталған озық білімін, тәжірибесін және күш-жігерін пайдалану;

б) біреулердің басқалар тарапынан езгіге салынуын, сондай-ақ өзі мен басқалар жөніндегі үстемдіктен бас тарту жолымен қамтамасыз етеді.

Сергеев Е. Ю. Новейшая история. Подробности. М., 2000. С. 409—410.

16. ИРАН ПРЕЗИДЕНТІ М. АХМЕДИНЕЖАДТЫҢ АҚШ ПРЕЗИДЕНТІ ДЖ. БУШҚА ЖАЗҒАН ХАТЫНАН (2006 ЖЫЛҒЫ МАМЫР)

Мен бірқатар уақыттан бері дүниежүзіндегі жаһандық қайшылықтардың өмір сүруін қалайша ақтауға болатыны туралы ойланып жүрмін... Бұл мені оларды шешу мүмкіндігінен үміттеніп, орын алып отырған қайшылықтарды талқылауға қорғау салды...

Міне бірнеше жыл бойы сіздің ел де, тұрақсыздықтың дүниежүзілік орталықтарымен шектесетін елдердің тұрғындары да алаңсыз өмір сүре алмауда. 11 қыркүйектен кейін... кейбір батыстық БАҚ үнемі жаңа лаңкестік шабуылдардың мүмкіндігі туралы айтып, тек қана қорқыныш пен қауіптену сезімін күшейтуде...

Неліктен БАҚ үнемі жаңа лаңкестік шабуылдардың мүмкіндігі туралы айтып, тек қана қорқыныш пен қауіптену сезімін күшейтуде...

Неліктен БАҚ адамдарда тыныштық орнатудың орнына олардың үрейленуін қоздырады?

Кейбіреулер бұны соғысқа жол салды, Ауғанстанға шабуыл жасау үшін ақталу болды деп есептейді.

Мен тағы да БАҚ рөлін атап көрсетуге тиістімін. Ақпаратты әділ беру, шынайы репортаждар журналистиканың ұстанымдарына айналуы тиіс. Алайда мен кейбір батыстық БАҚ-ның бұл ұстанымдарды құрметтемеуіне байланысты терең өкінішімді білдіруге мәжбүр боламын.

Иракқа шабуыл жасау үшін негізгі сылтау ретінде онда жаппай қырып-жою қаруының болуы аталды. Бұл

тындарман мен көрерменнің ең соңында баса-көктеп кіруге негізі пайда болғанына сенгенге дейін үнемі қайталана берді...

Мынандай сұрақ туындайды: «АҚШ азаматтары жыл сайын ирак науқанына кетіп жатқан жүздеген миллиард доллардан не алды екен?». Өзіңіз білетіндей, сіздің елдегі кейбір штаттарда адамдар кедейшілікте өмір сүреді. Мыңдаған адам үйсіз болып табылады, жұмыссыздық алып проблемаға айналған. Осы жөнінде біле тұрып әскери науқанға кеткен адам сенгісіз шығындарды қалай түсіндіруге болады?..

Адамдар біздің қызметімізді президенттер ретінде егжей-тегжейлі зерделейтін болады. Тыныштық, қауіпсіздікке және тұрмыс дәрежесіне қол жеткізуді орындай алдық па, немесе адамдарға тек қорғансыздық пен жұмыссыздық әкелдік пе?

Біз әділеттілік орнатуға ниеттендік пе немесе кедейшілікке ұшырауға мәжбүр болған бұқараның есебінен азын-аулақ адамды бай және ықпалды ете отырып, тек қана белгілі бір топтардың мүдделерін қолдадық па? Біз артықшылықтары жоқ топтардың құқықтары үшін күрестік пе немесе оларды жоққа шығардық па? Біз бүкіл дүние-жүзіндегі барлық адамдардың құқықтарын қорғадық па немесе олардың істеріне заңсыз баса-көктеп кіріп, олар үшін қорқынышты түрмелер салдық па, оларға қарсы соғыс жүргіздік пе? Біз бейбітшілік әкелдік пе немесе қорқыту мен қатер төндіру елесін орнаттық па? Біз өз халқымызға және бүкіл дүниеге шындықты айттық па немесе оларға шындықты бұрмаланған түрінде бердік пе? Біз езілген халықты немесе оны басып алушылар мен қанаушыларын қолдадық па? Біз ұтымды мінез-құлық, логика, этика, бейбітшілік, өз міндеттемелерін орындау, әділеттілік, адамдарға қызмет ету, есендік, прогресс және адамдық қадір-қасиетті құрметтеу ұстанымдарын ұстануға ұмтылдық па немесе адамдарды есепке алмастан, прогресс пен басқа ұлттардың дамуына кедергі жасап, адам құқығын аяққа баса отырып, қарудың, қорқытып-үркітудің күшімен әрекет жасадық па?

Президент мырза, дүние бұған қаншаға дейін шыдауға мәжбүр болмақ? Оның қазіргі дамуы қайда әкелмек? Дүние-жүзі халықтары жекелеген көшбасшылардың қате шешімдері үшін қаншалықты ұзақ зардап шекпек? Жаппай

қырып-жою қаруларының бұқаралық қорларына қатысты қауіптілік елесі адамзатты қай уақытқа дейін қуаламақ?

Бейкүнә еркектердің, әйелдер мен балалардың қандары көшелерде қаншалықты ақпақ, үйлер өз қожайындарының басына қаншалықты құлай бермек? Сізді бейбітшіліктің қазіргі жай-күйі қанағаттандыра ма? Сіз заманауи жағдаятқа әкелген саясат жалғас беруі тиіс деп есептейсіз бе?

Егер қауіпсіздік, әскери науқандар мен әскерлердің жүріп-тұруына жұмсалған миллиардталған долларды кедей елдерге, денсаулық сақтауға, аурулармен күрес, адамдардың білім алуы мен зияткерлік және тән жай-күйлерін жақсартуға, табиғи апат құрбандарын қолдауға, өндіріс пен жұмыс орындарын құруға, кедейшілікті жою және даму жобаларына, бейбітшілік орнатуға, дұшпан ниетті мемлекеттер арасындағы делдалдық пен нәсілдік, этникалық және де басқа қақтығыстарды басуға жұмсалса, онда қазіргі дүние қандай болар еді?

Сіздің үкімет пен сіздің халық шынымен-ақ әділетті мақтаншпты сезіне алмас па еді? Сіздің үкіметте, саясатта, сондай-ақ экономикада анағұрлым күшті позициялар болмап па еді? Және де, бұл жөнінде еске алу мен үшін өкінішті болса да, бүкіл дүниежүзінде америка үкіметіне деген жеккөрініш өсер ме еді? Президент мырза, әлдебіреуді апатқа итермелеу — бұл менің пиғылым емес.

Менің негізгі сұрағым мынадай: барлық басқа дүниемен өзара әрекеттесу үшін шынымен-ақ бұдан үздік тәсіл жоқ па? Бүгінгі күні дүниежүзінде жүздеген миллион христиандар мен мұсылмандар, сондай-ақ Моисей ілімін ұстанатын миллиондаған адамдар бар. Барлық діндер монотеизмді немесе бір ғана және бірден-бір Құдайға сенуді жақтайды және құрметтейді...

Егер біздің бәріміз: монотеизм Құдайды құрметтеу, әділеттілік, адамның қадір-қасиетін құрметтеу, жаза тартатын күнге сенім ұстанымдарына жетсе, онда құдіреті күштігі және пайғамбар ілімдеріне бағынбаудан туындаған дүниежүзілік проблемаларды жою алатынымыз туралы ойланбайсыз ба? Бұл ұстанымдарға сенімнің бейбітшілікке, достық пен әділеттілікке кепілдік беретіні туралы ойланбайсыз ба? Бұл ұстанымдардың әмбебап екендігі және бүкіл дүниежүзінде құрметтелетіні туралы ойланбайсыз ба?

Дүниежүзінің халықтары қолда бар статус-квоға қанағаттанбайды және дүниежүзілік жетекші көшбасшылардың уәделеріне сенбейді. Адамдардың көпшілігі өздерін қауіпсіздіктеміз деп сезінбейді және соғыстарды таратуға қарсыласады, олар күдікті саясатты қабылдамайды және қолдамайды. Адамдар байлар мен кедейлердің, бай және кедей елдердің арасындағы өсіп отырған алшақтыққа қарсы наразылық білдіреді. Адамдар өсіп келе жатқан сыбайлас жемқорлыққа наразы. Көптеген елдердің халықтары олардың мәдени мұрасына шабуыл жасалғанда, отбасылық құндылықтар талқандалғанда ашу-ызаны бастарынан өткереді. Олар, сондай-ақ жанашушылықтар мен қамқорлыққа бұрынғыдан да аз орын қалатынына наразы. Дүниежүзінің халықтарында өздерінің құқықтарын қорғамайтын халықаралық ұйымдарға деген сенім жоқ.

Батыс үлгісіндегі ырықтандыру мен демократия адамзат мұраттарын іске асыра алмады. Бүгінгі күні бұл екі идея да күйреді.

Болашаққа көз сала алатындар қазірдің өзінде либералдық демократиялық жүйелер идеологиясының күйреу дыбыстарын естіп тұр.

Президент мырза, бұл бізге ұнай ма, ұнамай ма, дүние Күдіреті күштіге және әділеттілікке қарай келе жатыр және де Құдай еркі барлығынан да жоғары болмақ.

<http://constitutions.ru/article/475>

17. АУҒАНСТАН БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ РЕСПУБЛИКА АУМАҒЫНА КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРНІҢ ҚҰРАМЫН ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ КСРО-ға ӨТІНІШТЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

1979 жыл.

14 сәуір. Ауғанстан Демократиялық Республикасына (АДР) 15—20 жауынгерлік кеңес тікұшақтары жіберілсін.

16 маусым. АДР-ға үкіметті, Баграм және Шиндонт аэродромдарын күзету үшін танктермен БМП-қа кеңес экипаждары жіберілсін.

11 шілде. Кабулға әрқайсысының саны бір батальонға дейінгі бірнеше кеңестік арнаулы топтар кіргізілсін.

19 шілде. Кабулға екі дивизияға дейін кіргізілсін.

21 тамыз. Кабулға 1,5—2 мың кеңес десантшылары жіберілсін. Зенит қаруларының ауғандық құрамы кеңестік құрамдардан аударылсын.

2 қазан, 17 қараша, 20 қараша. Аминді тікелей күзету үшін арнаулы батальон жіберілсін.

2 желтоқсан. Бадахшан провинциясына күшейтілген полк кіргізілсін.

12 желтоқсан. Ауғанстанның солтүстігінде кеңес гарнизондары орналастырылсын.

Сергеев Е. Ю. Новейшая история. Подробности. М., 2000. С. 414.

**18. КОКП ОК-нің БАС ХАТШЫСЫ, КСРО ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІ
ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ Л.И.БРЕЖНЕВТІҢ «ПРАВДА»
ГАЗЕТІ ТІЛШІСІНІҢ АУҒАНСТАНҒА 1979 ЖЫЛҒЫ
ЖЕЛТОҚСАНДА КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ЕНГІЗІЛГЕНІ ТУРАЛЫ
СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАПТАРЫНАН**

13 қаңтар, 1980 жыл.

Бүгінде бейбітшілік пен бәсеңдік қарсыластары Ауғанстандағы оқиғаларды саудаға салуға әрекеттенуде. Осы оқиғалар төңірегіндегі өтірік әсек-аяң, арызы антикөнестік науқан өршітілуде. Ауғанстанда іс жүзінде не болып еді?

1978 жылғы сәуірде онда революция болды. Ауған халқы тағдырын өз қолына алды, тәуелсіздік пен бостандық жолына түсті. Тарихта бұрында болғанындай, өткен уақыт күштері революцияға қарсы көтерілді. Әлбетте, Ауғанстан халқының оларға өз шамасы жетер еді. Алайда революцияның алғашқы күндерінен бастап ол сыртқы басқыншыларға, өздерінің ішкі істеріне сырттан өрескел араласуға тап болды.

Ауғанстан аумағына қаруланған және шетелдерде үйретілген мыңдаған және он мыңдаған бүлікшілер, тұтас қарулы құрамалар жеткізілді. Имперализм өздерінің сыбайластарымен бірге іс жүзінде революциялық Ауғанстанға қарсы жарияланбаған соғыс бастады. Ауғанстан басқыншылықты тоқтатып, тыныш жағдайда жаңа өмір орнатуға мүмкіндік беруді талап етті. Сыртқы басқыншылыққа қарсы тұра отырып, ауған басшылығы президент Тараки кезінде, содан соң, кейінірек Кеңес Одағынан талай рет көмек сұрады.

Біз өз тарапымыздан егер басқыншылық тоқталмайтын болса, ауған халқын қиындықта қалдырмайтынымызды ескерткен болатынбыз...

Басқыншылардың Ауғанстанға қарсы әрекеттеріне Амин жәрдемдесті, ол билікті басып алып, ауған қоғамының қалың топтарына, партия және әскери кадрларға зиялы

қауым, мұсылман діни қызметкерлеріне — яғни сәуір революциясы сүйенген топтардың өкілдеріне қарсы аяусыз жазалау әрекеттерін өршітті. Бабрак Кармал бастаған халық-демократиялық партиясының басшылығы мен халық сол Амандік озбырлыққа қарсы көтеріліп оны жойды...

Тоқтатылмай отырған қарулы интервенция, сыртқы реакция күштерінің өршітілген қаскүнемдігі Ауғанстанның өз тәуелсіздігінен айырылуын, оның біздің еліміздің оңтүстік шекарасында империалистік әскери плацдармға айналуының нақты қатерін төндірді. Басқаша айтқанда, өзімізге достас Ауғанстан үкіметінің өтінішіне біздің жауап қайтармауымызға болмайтындай сәт туды. Басқаша істеу Ауғанстанды империализмнің талауына беруді, басқыншыл күштерге, мысалы, халық бостандығы қанға бөктірілген Чилиде істей алғанын осында қайталауына мүмкіндік беруді білдірген болар еді. Басқаша істеу біздің Оңтүстік шекарамызда Кеңес мемлекетінің қауіпсіздігіне елеулі қатер ошағы пайда болып келе жатқанына енжар қарауды білдірген болар еді.

Бізден өтініш сұрай отырып, Ауғанстан 1978 жылғы желтоқсанда КСРО-мен жасалған Достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шарттың айқын ережелеріне, БҰҰ Жарғысына сәйкес әрбір мемлекеттің жеке немесе ұжымдық өзін-өзі қорғау құқығына, басқа мемлекеттер талай рет пайдаланған құқыққа сүйенді.

Ауғанстанға кеңестік әскери құрамалар жіберу біз үшін оңай шешім болған жоқ. Бірақ партияның ОК және Кеңес үкіметі өз жауапкершілігін толық түсіне отырып іс-әрекет жасады, жағдайлардың бүкіл жиынтығын ескерді. Кеңес құрамаларының алдына қойған жалғыз міндет — ауғандардың сырттан жасалып жатқан басқыншылыққа тойтарыс беруіне жәрдемдесу. Ауған басшылығын оларды кіргізу туралы өтініш жасауға итермелеген себептер жойылған кезде олар Ауғанстаннан толық шығарылады...

Ешқандай Кеңес «интервенциясы» немесе «басқыншылығы» болған емес. Басқасы бар: біз жаңа Ауғанстанға оның үкіметінің өз елінің ұлттық тәуелсіздігін, бостандығын және ар-намысын сырттан жасалып жатқан қарулы басқыншылық әрекеттерден қорғау жөніндегі өтініші бойынша көмектесіп жатырмыз.

Внешняя политика Советского Союза и международные отношения.
Сб. док., 1980 год. М., 1981. С. 5—10.

**19. КСРО ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІСТЕР
ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ АУҒАНСТАНҒА КЕҢЕС
ӘСКЕРЛЕРІН КІРГІЗУ ТУРАЛЫ ШЕШІМІНІҢ САЯСИ БАҒАСЫ
ТУРАЛЫ ХАБАРЫНАН**

25 желтоқсан, 1989 жыл.

Қолда бар деректерге егжей-тегжейлі талдау жасаудың нәтижесінде комитет Ауғанстанға кеңес әскерлерін кіргізу туралы шешімді моральдық және саяси айыптауға лайық деген қорытындыға келді. Шешім қабылданған кездегі жалпы халықаралық жағдай, сөз жоқ, күрделі болды, оған күшті саяси егес тән болды. Сол жағдайда Америка Құрама Штаттарының белгілі бір топтарының Иранда Шах режімі құлағаннан кейін ұстанымдарынан айырылып қалғаны үшін Ауғанстанда қарымта қайтару ниетіндегі көзқарастар орын алды. Оқиғалардың солай өрбу мүмкіндігін деректер көрсетіп берді.

Әскерлер кіргізілгеннен кейінгі ресми мәлімдемелерде жасалған акция себептерінің бірі деп Кеңес Одағының оңтүстік шекараларға жақын жердегі қауіпсіздігін нығайтуға, сол арқылы сол кезде Ауғанстанда қалыптасқан шиеленіске байланысты аймақтағы ұстанымын қорғауға ұмтылысы аталды. Сырттан қарулы жолмен араласу элементтері үеді. Ауған үкіметі кеңес басшылығынан көмек сұрады. Ауғанстан үкіметінің 1979 жылғы наурыздан бастап елге кеңес әскери бөлімдерін жіберуді сұраған өтініші 10 реттен астам болғаны құжаттардан анықталды. Оған жауап ретінде Кеңес тарапы Ауған революциясы өзін-өзі қорғауға тиіс екенін мәлімдей отырып, көмек көрсетудің мұндай түрінен бас тартты. Алайда бұл ұстаным кейін, турасын айтсақ, қайғылы түрде өзгерді. <...>

Комитет әскер кіргізу туралы шешім КСРО Конституциясын бұза отырып қабылданғанын атап көрсетеді...

Осыған орай КСРО Жоғарғы Кеңесі мен оның Президиумы Ауғанстанға әскер кіргізу туралы мәселені қарастырмағанын хабарлаймыз. Шешімді шағын ғана топ қабылдаған. Халықаралық істер жөніндегі комитеттің анықтағанындай, осы мәселені талқылай отырып, ол бойынша шешім қабылдау үшін Саяси бюро тіпті толық құрамында жиналмаған...

20. АУҒАНСТАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

(Үзінді)

2003 ж.

I бөлім. Мемлекет

4-бап. Егемендік, этникалық топтар, азаматтылық.

(1) Ауғанстанның ұлттық егемендігі оны тікелей немесе өз өкілдері арқылы пайдаланатын ұлтқа тиесілі.

(3) Ауғанстан ұлтына мынадай этникалық топтар жатады: пуштундар, тәжіктер, өзбектер, түрікмендер, белуджалар, нашайлар, нуристандықтар, аймақтар, арабтар, қырғыздар, қызылбастар, брахмуилер және басқалары.

6-бап. Мақсаттар.

Мемлекет әлеуметтік әділеттілік, адам қадір-қасиетін қорғауға, демократияны іске асыруға, сондай-ақ ұлттық бірлік пен барлық этникалық топтар мен тайпалардың арасындағы теңдікке және елдің барлық облыстарының бірдей дамуын қарастыруға негіздеген гүлденуші және прогресшіл қоғам құруға міндетті.

16-бап. Тілдер.

(1) Елде таралған: пушту, дари, өзбек, түрікмен, балучи, пашай, нуристан, памир, араб және басқа тілдердің ішінде пушту мен дари мемлекеттің ресми тілдері болып табылады.

(2) Пушту және даримен қатар оларды халықтың көпшілігі пайдаланатын аудандарда түркі тілдері (өзбек және түрікмен), балучи, пашай, нуристан және памир тілдері үшінші ресми тіл болып табылады.

(3) Мемлекет Ауғанстанның барлық тілдерін нығайту және дамыту үшін тиімді жоспарлар қабылдап, іске асырады.

17-бап. Білім беру.

Мемлекет барлық деңгейлердегі білім беруді алға бас-тыру, діни білім беруді дамыту, мешіттер, медреселер мен діни орталықтардың жай-күйін жақсарту үшін қажетті шаралар қабылдауы тиіс.

II бөлім

Азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттері

35-бап. Ұйымдар, партиялар.

(1) Ауғанстан азаматтары заңға сәйкес материалдық немесе рухани құндылықтарын қорғау мақсатымен қоғамдық ұйымдар құруға құқылы.

(2) Ауғанстан азаматтары заң ережелеріне сәйкес саяси партиялар құруға құқылы, олар мыналарды қарастырады:
— партияның бағдарламасы мен жарғысы қасиетті ислам дінінің ұстанымдарына, сондай-ақ осы Конституцияның ережелері мен құндылықтарына қарама-қайшы келмеуі тиіс;

— партияның ұйымдық құрылымы мен қаржылық ресурстарының көпшілікке белгілі болуы қажет;

— партияда әскери немесе жартылай әскери құрылымдар мен ұйымдардың болмауы тиіс;

— партиялар шетелдік саяси партиялармен бірікпеуі немесе олардан қаржылай көмек алмауы керек.

(3) Этникалық және тілдік қатыстылыққа, ойлаудың исламдық мектебі (мажаб-и-фиги) мен діни идеяларға негізделген партияның құрылуы мен жұмыс істеуіне жол берілмейді.

43-бап. Білім беру.

(1) Оқу — бұл Ауғанстан азаматтарының барлығы иеленетін құқық. Мемлекеттік білім беру ... тегін болып есептеледі.

(2) Мемлекет ... міндетті орта білім беруді қамтамасыз етуге міндетті.

(3) Сондай-ақ мемлекеттен белгілі бір аймақтың тұрғындары сөйлесетін тілде сабақ беру мүмкіндігіне кепілдік беру талап етіледі.

131-бап. Шиизм туралы Заң.

(1) Соттар ісі осы бағытты ұстанушыларға қатысты болған жағдайларда шиизм туралы заңды қолдануы тиіс.

(2) Егер бұл мәселе бойынша Конституцияда, басқа да заңдарда нақты нұсқаулықтар жоқ болған және сот ісінң екі тарабы да шиит бағытын ұстанушылар болған жағдайларда соттар осы діни сенім заңдарына сәйкес шешім шығарады.

21. КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ БІРІККЕН АРАБ РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚАРСЫ ИЗРАИЛЬ БАСҚЫНШЫЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕСІНЕН

5 маусым, 1967 жыл.

Бүгін, 1967 жылғы 5 маусымда Израиль Біріккен Араб Республикасына қарсы соғыс әрекеттерін бастап, сол арқылы басқыншылық жасады... Екі жақтан әскери іс-әрекеттерге танктердің және авиацияның құрамалары қатысуда.

Сирия Араб Республикасы БАР жанында болып, оның басқыншылыққа тойтарыс беруіне қарулы көмек көрсетуде. Иордания Израильмен соғыс жағдайында болып отырғаны және Біріккен Араб Республикасына әскери қолдау көрсететіні туралы мәлімдеді. Ирак, Алжир және басқа Араб мемлекеттері де БАР-ға өздерінің қарулы күштері мен ресурстарымен қолдау көрсететінін мәлімдеді.

Осылайша, белгілі бір империалистік топтардың жасырын және ашық әрекеттерімен қолпашталған бір елдің — Израиль басшыларының авантюристі салдарынан Таяу Шығыста әскери жанжал бұрқ ете түсті.

Внешняя политика Советского Союза и международные отношения.
Сборник документов. 1967 год. М., 1968. С.146—156.

22. ПАЛЕСТИНАНЫ АЗАТ ЕТУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫНАН

**1968 жылы 17 шілдеде палестиналықтардың
Ұлттық конгресі қабылдаған.**

II бөлім. Ұлттық конгресс

6-бап

2) Ұлттық конгресс азат ету ұйымының жоғары органы болып табылады. Ол ұйым саясаты мен бағдарламасының негізгі бағыттарын белгілейді.

9-бап

Ұлттық Конгресті оған 2 вице-президент пен хатшы көмектесетін президент басқарады. Оларды ұлттық конгресс сайлайды.

III бөлім. Атқарушы комитет

13-бап

Атқарушы комитеттің барлық мүшелерін Ұлттық конгресс сайлайды. Олар Ұлттық Конгресс мүшелері болып табылады.

15-бап

Атқарушы комитет ұйымның жоғары атқарушы органы болып табылады. Ол тұрақты жұмыс істейді. Оның мүшелері тек қана комитеттегі жұмыспен қамтылады. Ол Ұлттық конгресс қабылдаған саяси бағыт пен бағдарламаларды жүзеге асыруға жауап береді. Атқарушы комитет Ұлттық конгреске есеп береді.

18-бап

Атқарушы комитет ұйым мен палестиналықтардың мақсаттарын мойындайтын немесе бұл мақсаттарды жүзеге асыру кезінде көмектесетін барлық араб мемлекеттері, ұйымдары және топтары арасында қарым-қатынас орнатады.

Атқарушы комитет, сондай-ақ халықаралық қарым-қатынастар үшін де жауапты.

IV бөлім. Жалпы ережелер

22-бап

Палестинаны азат ету Ұйымы палестиналықтардан армия құрады. Ол Палестиналық азат ету армиясы деп аталады және онда атқарушы комитеттің бақылауында болатын және оның нұсқауларын орындайтын тәуелсіз жоғары басшылық болады.

24-бап

Палестиналық ұлттық қор ұйым қызметін қаржыландыру үшін құрылған...

25-бап

Палестиналық ұлттық қор мынадай көздерден қалыптасады:

- а) палестиналықтарға арналған салық;
- ә) араб үкіметтері мен араб ұлтының қаржылай көмегі;
- б) араб мемлекеттері үшін шығарылатын «бостандық маркаларын» сату;
- в) ерікті жарна;
- г) араб елдері және достас халықтардың несиелері мен қаржылары.

26-бап

Достас және араб елдерінде ұйымды қолдау және жарналар жинау үшін «Палестинаны қолдау комитеттері» құрылады.

<http://constitutions.ru/article/637>

23. ПАЛЕСТИНАЛЫҚ ҰЛТТЫҚ ХАРТИЯ. ПАЛЕСТИНА ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСІ 1968 ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАҒАН

(Үзінді)

1. Палестина арабтық палестина халқының отаны және ол араб отанының бөлінбейтін бөлігі болып табылады, ал палестина халқы — араб ұлтының бөлінбес бөлігі.

2. Палестина Британ мандаты кезеңі шекараларындағы бөлінбейтін аумақтық бірлік болып табылады.

5. 1947 жылға дейін Палестинада өмір сүрген және ол жерден қуылған немесе сол жерде қалғанына қарамастан, арабтар палестиналықтар болып табылады. Осы мерзімнен кейін палестиналық әкеден Палестинада немесе одан тыс жерлерде туған кез келген адам да палестиналық болып табылады.

6. Сионистік баса-көктеп кіруге дейін Палестинада қалыптағыдай өмір сүрген еврейлер де палестиналықтар болып есептеледі.

7. ...Палестиналық қарулы күреске және өзінің тұрмыс дәрежесі мен өмірін өз Отанын жеңіп алу мен оны азат ету үшін құрбан етуге дайын болуы тиіс.

• Бүгінгі күні Палестина халқы басынан өткеріп жатқан тарихи кезең Палестинаны азат ету жолындағы ұлттық күрес кезеңі болып табылады...

• Қарулы күрес Палестинаны азат етудің бірден-бір жолы...

• Диверсиялық әрекеттер палестиналық ұлт-азаттық күрестің өзегі болып табылады... Сондай-ақ ұлттық күрес атынан революцияны жалғастыруды, оны өрістету мен жеңуін қамтамасыз ету мақсатымен палестина халқының өртүрлі топтары мен палестина халқы және араб бұқарасы арасындағы бүлікке қол жеткізу талап етіледі.

• Палестиналықтарда үш: ұлттық бірлік, ұлттық ұйымдастыру мен азат ету бар ұран.

• Араб бірлігі мен Палестинаны азат ету бір-бірін толықтыратын мақсаттар болып табылады, олардың біреуіне қол жеткізу басқасына қол жеткізуге жағдай жасайды...

• Араб ұлты өзінің барлық әскери, адами, моральдық және рухани әлеуетін палестина халқымен бірге Палестинаны азат етуге белсене қатысуға шоғырландыруы тиіс...

- Өткен уақытқа қарамастан 1947 жылғы Палестинаны бөлу мен Израиль мемлекетінің құрылуы толықтай заңсыз болып табылады, өйткені ол БҰҰ Жарғысында баяндалған ұстанымдармен, әсіресе өзін өзі билеу құқығына байланысты ұстаныммен, Палестина халқының еркі және оның отанына деген табиғи құқығына қарама-қайшы...

- Палестиналық араб халқы өзін қарулы палестина революциясы арқылы білдіре отырып, Палестинаны толық азат етуді алмастыратын барлық шешімдерді және палестина проблемасын немесе оның халықаралық дәрежеде таралуын жоюды көздеген барлық ұсыныстарды жоққа шығарады...

- Палестина халқы әділеттілік, еркіндік, егемендік, өзін-өзі билеу, адамдық қадір-қасиет ұстанымдарына және барлық халықтардың бұл ұстанымдарды жүзеге асыру құқығына сенеді...

- Палестиналық революциялық күштердің өкілі — ПАҰ палестиналық араб халқының өз отанына ие болу, азат ету мен ол жерге қайтып оралу және ол жерде өзін өзі билеу құқықтарын — әскери, саяси және қаржылық салаларда жүзеге асыру үшін жауапты...

- Палестина халқында өз отанын азат ету мен қалпына келтірудің іргелі және шынайы заңды құқығы бар. Палестина халқы барлық мемлекеттер мен күштеріне қатысты өз позициясын олардың палестиналық іске қалай қарайтындығы және олар палестина халқы мақсаттарының орындалуы үшін палестина революциясына нені ұсына алатындығы негізінде анықтайды.

<http://constitutions.ru/article/636>

24. БАС ХАТШЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ХАТЫ

(Үзінді)

7 мамыр, 2003 жыл.

Екі мемлекеттің — Израиль мен Палестинаның бейбітшілік пен қауіпсіздікте бейбіт қатар өмір сүруіне жетуі туралы идеяны жүзеге асыруға бағытталған «жол картасының» мәтінін осы арқылы Сізге жолдау құрметіне ие болып отырмын.

Бұл мәтінді Америка Құрама Штаттарының, Еуропалық Одақтың, Ресей Федерациясының және Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдерінен құралған «төрттік» әзірледі және Израиль үкіметі мен Палестина ұлттық әкімшілігіне 2003 жылғы 30 сәуірде тапсырылды...

(Қолы) *Кофи А. Аннан*

Тараптардың өз міндеттемелерін орындауын бағалау негізінде екі мемлекеттің бейбіт қатар өмір сүру принципіне сәйкес Палестина-Израиль жанжалын тұрақты реттей отырып ілгерілеудің «Жол картасы»

Төмендегі — тараптардың міндеттемелерін орындауын және белгіленген мақсаттарға жетуін бағалау негізінде, саяси салада, қауіпсіздік, экономикалық, гуманитарлық салаларда, сондай-ақ «төрттік» басшылығы мен институтиялық құрылыс саласында ілгері басуға бағытталған нақты кезеңдері, уақыт кестелері және өлшемдері бар «жол картасы». Жоспардың мақсаты — Палестина-Израиль жанжалын 2005 жылға таман түпкілікті және жан-жақты қамтитын етіп реттеу...

Палестина-Израиль жанжалының екі мемлекеттің бейбіт қатар өмір сүруі принципіне негізделген шешіміне тек зорлық-зомбылық пен терроризмді тоқтату арқылы, Палестина халқының террорға қарсы батыл түрде іс-қимыл жасайтын шыдамдылық пен бостандыққа негізделген, демократияны іс-жүзінде орнатқысы келетін және орнатуға қабілетті басшылығы болған кезде ғана, демократиялық Палестина мемлекетін құру үшін қажет нәрсенің бәрін істеуге Израиль әзір болған кезде, сондай-ақ келіссөз жолымен реттеудің осы мақсатын екі тарап нақты да айқын қабылдаған кезде қол жететін болады...

Тараптар арасындағы келіссөз жолымен қол жететін шешім, Израильмен және басқа да көрші елдермен бейбітшілік пен қауіпсіздікте бейбіт қатар өмір сүретін, тәуелсіз демократиялық өміршең Палестина мемлекетінің құрылуына жеткізеді...

«Төрттік» тараптардың жоспарды жүзеге асыру жөніндегі қызметінің нәтижелерін бағалау үшін жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулер өткізетін болады. Әр кезең барысында, басқалай кезектілік көзделмеген болса,

тараптардың өз міндеттемелерін бір мезгілде орындауы көзделуде.

I кезең: Террор мен зорлық-зомбылықтың аяқталуы, палестиналықтардың тұрмыс жағдайларының қалыпқа келтірілуі, Палестина институттарының құрылуы (қазіргі кез — 2003 жылғы мамыр).

I кезеңде палестиналықтар зорлық-зомбылықты дереу және ешқандай шарт қоймастан тоқтатады... Мұндай қадам Израиль тарапынан қолдау шараларымен ұштасуға тиіс. Палестиналықтар мен израильдіктер зорлық-зомбылықты, терроризмді және айдап салуды құрылымы өзгертілген және пәрменді жұмыс істейтін палестиналық арнаулы қызметтер арқылы тыю үшін қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимылын қайта бастайды... Палестиналықтар мемлекеттілікті жасауға әзірлену үшін жан-жақты қамтитын саяси реформаларды жүзеге асырады, соның ішінде Палестина Конституциясының жобасын әзірлейді және осы шаралар негізінде еркін, адал және ашық сайлау өткізеді. Израиль палестиналықтар өмірінің қалыпқа келтіруіне көмектесуге мүмкін болатын қадамдардың бәрін жасайды. Израиль 2000 жылғы 28 қыркүйектен кейін басып алынған Палестина аумақтарынан әскерлерін өкетеді. Тараптар қауіпсіздік пен осы саладағы тараптардың өзара іс-қимылына қатысты міндеттемелерді олардың орындауында ілгерілеушілік болуына қарай, сол кезеңдегі статус-квоны қалпына келтіреді. Израиль, сондай-ақ, қандай да болсын қоныстану әрекетін тоқтата тұрады...

II кезең: өтпелі 2003 жылғы маусым — 2003 жылғы желтоқсан.

Екінші кезеңде күш-жігер жаңа конституция негізінде және тұрақты реттеу жолындағы аралық стансы ретінде уақытша шекаралары және егемендік белгілері бар тәуелсіз Палестина мемлекетін құруға жұмылдырады...

Осы кезеңге көшу «төрттік» екі тараптың өз міндеттемелерін орындауының нәтижелерін негізге ала отырып, жағдайлардың одан әрі ілгері жылжуға мүмкіндік беретіні туралы пәтуа шешіміне байланысты болады. Палестиналықтардың тұрмыс-жағдайларын қалыпқа келтіру, палестиналық институттар орнату жөніндегі дәйекті күш-жігерлер одан әрі жалғастырылатын болады. Екінші кезең Палестинада сайлаулар өткізілгеннен кейін басталады және

2003 жылы уақытша шекараларда тәуелсіз Палестина мемлекетінің ықтимал құрылуымен аяқталады. Оның негізгі мақсаттары — осы саладағы қауіпсіз және тиімді ынтымақтастық саласындағы міндеттемелерді түгелдей толық орындау, палестиналықтардың тұрмысын дәйекті түрде қалпына келтіру және палестиналық институттар құру, I кезеңде тіркелген мақсаттарға қарай одан әрі ілгерілеу, Палестинаның Демократиялық Конституциясын бекіту премьер-министр қызметін формалды түрде тағайындау, саяси-реформаларды жалғастыру және уақытша шекараларда Палестина мемлекетін құру.

Ш кезең: Тұрақты мәртебе жөніндегі келісім және 2004—2005 жылдардағы Палестина-Израиль жанжалының аяқталуы.

Үшінші кезеңге «төрттіктің пәтуа шешімі» негізінде және екі тараптың қызметі мен мониторинг нәтижелерін ескере көшу жатады. Үшінші кезеңнің мақсаттары — реформаларды одан әрі жалғастыру, палестиналық институттарды нығайту, палестиналық қауіпсіздік саласындағы міндеттемелердің тиімді түрде орындалуы, 2005 жыл ішінде тұрақты мәртебе туралы келісімге жетуге бағытталған Израиль-Палестина келіссөздері...

- Тараптар тұрақты статус жөнінде түпкілікті, жан-жақты қамтитын келісімге жетеді, ол палестина-израиль жанжалын 2005 жылы БҰҰ ҚК 242, 338 және 1397 қарарлары негізінде келіссөз жолымен аяқтайды және 1967 жылы басталған басқыншылықты тоқтатады, босқындар проблемаларының келісілген әділ, нақты шешімін және Иерусалим мәртебесін екі тараптың саяси және діни алаңдаушылығы ескерілетіндей және бүкіл дүниежүзіндегі еврейлердің, христиандардың және мұсылмандардың діни мүдделері қорғалатындай, бейбітшілік пен қауіпсіздікте қатар өмір сүретін екі мемлекет Израиль мен егеменді, тәуелсіз және өміршең Палестина тұжырымдамасы жүзеге асырылатындай реттеуді қамтитын болады.
- Араб мемлекеттерінің Израильмен толық көлемді қалыпты қатынастар орнатуға және аймақтағы барлық елдердің жалпыға бірдей Араб-Израиль бітіміне жетуі мақсатында қауіпсіз бейбіт қатар өмір сүруі.

<http://daccess-ods.un.org/>

25. ИНДОНЕЗИЯДАҒЫ БАЛИ ҚАЛАСЫНДА ДАМУШЫ ЕЛДЕРДІҢ СЕГІЗДІГІ АРАСЫНДА ЖАСАЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ

2006 жылғы мамыр.

(Үзінді)

1. Біз, Бангладеш Республикасы, Египет Араб Республикасы, Индонезия Республикасы, Иран Ислам Республикасы, Малайзия, Нигерия Федеративтік Республикасы, Пәкістан Ислам Республикасы мен Түркия Республикасы мемлекеттерінің үкіметтерінің басшылары Индонезияға, Балиға 2006 жылғы 13 мамырда дамушы сегіздік (Р-8) басшыларының бесінші кездесуіне жиналдық...

3. ...Біз кедейшілік негізінде жатқан және тұрақты дамуға қол жеткізуді көздейтін проблемаларды жою жөнінде біздің ортақ күш-жігерлеріміздің жиынтығына айналатын Р—8 елдерінің ынтымақтастығын тиімді кеңейтуге бағытталған жаңа стратегияны, саясат пен шараларды өзірлеу қажеттігін атап көрсетеміз...

4. Біз жаһанданудың заманауи дәуірінде дамыған және дамушы елдер арасында үздіксіз өсіп отырған экономикалық теңсіздікке көп алаңдаулы екенімізді атап көрсетеміз. Бұл айқын сәйкессіздік даму жөніндегі әріптестер, халықаралық даму агенттіктері, қаржыландыру жөніндегі көпжақты ведомстволар, сондай-ақ неғұрлым тығыз ынтымақтастықтың көмегімен жойылуы тиіс. Бұл мәселеде біз дамушы елдердің экономикалық дамуға ұмтылысына үлкен халықаралық қолдау көрсетуді талап етеміз. Сондай-ақ, біздің елдердегі экономикалық теңсіздік проблемаларын шешу бойынша келісілген жұмыс жүзізуге міндеттенеміз.

5. Біз халықаралық қауымдастықты 2015 жылы дамушы елдердегі кедейлік деңгейін екі есе қысқартуды ұйғарған жаңа мыңжылдықтағы экономикалық даму мақсаттарына қол жеткізу бойынша келісілген іс-әрекеттер жасауға шақырамыз.

6. Біз дамушы елдердің қаржылық қарыздары проблемаларын экономикалық даму саласында дамытуға бейімделген тиімді, кешенді, объективті, сенімді шешімдер қабылдау әдісімен шешу қажеттігін атап көрсетеміз. Мұндай шешімдерге қарызды жою, қарыз құрылымын өзгерту... дамыған елдердің дамушы елдер экономикасына қаржылық салымдары ретінде жалпы ұлттық өнімдерінің 0,7%-ын

беру, сондай-ақ дамушы елдерге келетін қаржылық ағындарды арттыру жатады.

8. Біз БСҰ-ға жаппай кіру қажеттігін мойындаймыз және бұл ұйым мүшелерінен дамушы елдерді кемсітушіліксіз ұстанымдарға негізделген Дүниежүзілік сауда ұйымына қабылдау мен өтініштерін қарастыру үдерісін жеделдетуді өтініп сұраймыз.

13. Біз Р—8 елдері арасындағы ынтымақтастық пен үйлестіруді жақсарту қажеттігін мойындаймыз, өйткені бұл бізге жаһандану үдерісіне неғұрлым белсенді қатысуға және біздің ұлттық дамуымызға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

18. Біз Р—8 елдерінің арасындағы сауда көлемінің 1999 жылғы 14,5 биллион доллардан 2004 жылғы 33 биллион долларға дейін, яғни бес жылдың ішінде 127%-ға өскенін қанағаттана отырып атап өтпекпіз.

Бұл аталған елдердің қалған дүниемен 84%-ды құраған сауда көлемінен анағұрлым асып түсті. Назарымызға 2004 жылы Р—8 елдері саудасының қосындысы көлемі 730 биллион долларға жеткен фактісін ала отырып, біз алдымызда сауданы кеңейту үшін әлі де мол мүмкіндіктер жатқанына сенім білдіреміз...

27. Біз Сегіздікке мүше елдерді Р—8 елдерінің дамуға бағытталған күш-жігерлерін қолдау үшін техникалық ынтымақтастық пен өнімділікті өрістетуді дамыту жөнінде жаңа шаралар қабылауға шақырамыз.

<http://constitutions.ru/article/483>

IX тарау. АФРИКА ЕЛДЕРІ

1. ЕГИПЕТ АРАБ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Г.А.НАСЕРДІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

31 шілде, 1956 жыл.

1956 жылғы 26 шілдеде Суэц каналы компаниясы ұлт меншігіне алынған болатын. Алайда Египет үкіметінің мұны жүзеге асыруына бірнеше үкіметтер, әсіресе Франция мен Құрама Корольдік үкіметтері тарапынан біршама қарсылық туғызды.

Мұндай қарсылыққа ешқандай негіз жоқ. Суэц каналы компаниясы әрқашан да Египет компаниясы болды, оны басқа да Египет компаниялары сияқты ұлт меншігіне алуға болатын еді. Осы ұлт меншігіне алу Египеттің халықаралық міндеттемелеріне ешбір дәрежеде қатысты емес... Суэц каналы кемелердің еркін жүзуіне нұқсан келтірген жоқ және ешбір дәрежеде оған қатысты болып отырған жоқ. Сонымен қатар канал арқылы кемелердің еркін өтуіне және қатынастың дамытылуына Египеттен артық ешкім мүдделі бола алмайды. Канал арқылы қатынаудың таяудағы жылдары біз өз үмітімізді және бүкіл дүниежүзінің үмітін ақтайтынына көміл сенеміз. Египет өз ісінің әділ екеніне сенеді және осыған қатысты өзі таңдап алған бағыттан өзін тайдыруға жол бермейді, өз мүдделері мен ұлттардың бүкіл дүниежүзілік қауымдастарының мүдделеріне қызмет ете отырып, алға баса беретін болады.

Хрестоматия по новейшей истории. Ч. 2 (1945—1974).
Пособие для учителей. М., 1976. С. 212.

2. КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ЕГИПЕТКЕ ҚАРСЫ ҚАРУЛЫ БАСҚЫНШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІНЕН

31 қазан, 1956 жыл.

Египет басқыншылықтың құрбаны болды. Оның аумағына Израиль әскерлері басып кірді және ағылшын, француз әскерлері түсірілуінің қатері төнді.

Қазанның 29-нан 30-ына қараған түнде Израиль әскерлері Египет шекарасынан өтіп, соғыс әрекеттерін бастады, Синай түбегімен Суэц каналы бағытында ілгері жылжыды.

Израиль үкіметінің әрекеттері қарулы басқыншылық және Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын ашықтан-ашық бұзу болып табылады. Израиль әскерлерінің басып кіруі мұны батыс державаларының, ең алдымен, Англия мен Францияның өз әскерлерін араб мемлекеттерінің аумағына, атап айтқанда, Суэц каналы аймағына түсіру үшін сылтау ретінде пайдалануына арналғанын фактілер көрсетіп отыр. Батыс державалары өздерінің басқыншылық әрекеттерін Америка Құрама Штаттарының Англияның және Францияның 1950 жылғы, барлық араб мемлекеттері бірауыздан қабылдамай тастаған отаршылдық Декларациясына сілтемелермен бүркемелеу. Шығыста отарлық езгі режимін қалпына келтіруге ұмтылып отырған империалистік топтардың құралы ретінде әрекет жасай отырып, Израиль үкіметі отаршылдыққа қарсы күрес жүргізуші барлық араб халықтарына, барлық Шығыс халықтарына қыр көрсетті. Израильдің экстремистік топтары түскен жол қылмысты және, ең алдымен, Израиль мемлекетінің өзі үшін, оның болашағы үшін қауіпті болып табылады.

Израильдің қарулы шабуылының ізінше Англия мен Франция үкіметтері 30 қазанда Египетке бейне бір Израиль мен Египет арасындағы әскери әрекеттерге жол бермеу мақсатында Египет аумағында — Суэцте, Порт-Саидта және Исмаилияда өз әскерлеріне басты позициялар беру жөнінде үзілді-кесілді талап қойды. Египет үкіметі елдің егемендігі мен аумағының қол сұғылмастығын қорғай отырып, бұл талапты қабыл алмағынына қарамастан, Англия мен Франция өз әскерлерін Египет аумағына түсіруге жіберді. Сол арқылы Англия мен Франция үкіметтері егеменді Египет мемлекетінің заңды құқықтарын өрескел түрде бұза отырып, Египетке қарсы қарулы интервенция жолына түсті. <...>

Кеңес үкіметі БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Таяу және Орта Шығыс ауданында бейбітшілік пен тыныштықты сақтау үшін Англияның, Францияның және Израильдің Египетке қарсы басқыншылық әрекетін тоқтату және басқыншылар әскерлерін Египет аумағынан дереу шығару үшін шұғыл шаралар қолдануға тиіс деп санайды.

Кеңес үкіметі Египетке қарсы аталған басқыншылық әрекеттерге бағытталған қауіпті зардаптар үшін бүкіл жауапкершілік бейбітшілік пен қауіпсіздікті бұзу жолына, басқыншылық жолына түскен үкіметтерге түгелдей жүктеледі деп санайды.

Правда, 1 ноября 1956 года.

3. АФРИКА БІРЛІГІ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

(Үзінді)

Мамыр, 1963 жыл.

Біздер, Африка мемлекеттері мен үкіметтерінің Эфиопиядағы Аддис-Абеба қаласында жиналған басшылары, барлық халықтардың өз тағдырын өзі шешудің ажыратылмас құқығы бар екеніне сене отырып,

бостандық, теңдік, әділдік және қадір-қасиет африка халықтарының заңды мақсаттарын жүзеге асырудың аса маңызды міндеттері екенін түсіне отырып,

континенттің табиғи ресурстары мен адам резервтерін біздің халықтарымыздың адам қызметінің барлық салаларындағы ортақ прогресі ісіне қою біздің жауапкершілігіміз болып табылатынын түсіне отырып,

біздің мемлекеттеріміздің арасындағы біздің халықтарымыздың туысқандыққа, ынтымақтастыққа, этникалық және ұлттық айырмашылықтарды жоятын кең ауқымды бірлестіктегі ұмтылысына сай келетін өзара түсіністік пен ынтымақты нығайту жөніндегі ортақ бекемдікпен жігерлене отырып,

бұл бекемдікті адамзат прогресінің қызметіне серпінді күшке айналдыру үшін бейбітшілік пен қауіпсіздік жағдайларын жасау және оны сақтау қажет екеніне сене отырып,

қымбат баға мен қол жеткен тәуелсіздік пен егемендікті, сондай-ақ біздің мемлекеттеріміздің аумақтық тұтастығын қорғауға және барлық нысандардағы жаңа отаршылдыққа қарсы күрес жүргізуге бекем бел байлай отырып, Африканың жалпылама прогресі ісіне адалдық сақтай отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы мен өз принципіне адалдығымызды қуаттап отырған Жалпына бірдей адам құқығының Декларациясы мемлекеттер арасындағы бейбіт және жемісті ынтымақтастық үшін берік негіз қалайтынына сене отырып,

Африкадағы барлық мемлекеттердің бұдан былай өз халықтарының әл-ауқатын қамтамасыз ету жолында бірігуін көргіміз келе отырып,

біздің мемлекеттеріміз арасындағы байланыстарды ортақ институттар құру жолымен нығайтуға бекем бел байлай отырып, осы Жарғыны жасауға келістік.

1-бап.

1. Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар осы Жарғының қабылдануымен «Африка бірлігі ұйымы» деп аталатын ұйым құрды.

2. Бұл ұйымның құрамында Африкадағы континентальды мемлекеттер, Мадагаскар және Африканы қоршап тұрған басқа аралдар болады.

МАҚСАТТАР

2-бап.

1. Ұйым мынадай мақсаттарды көздейді:

а) Африка мемлекеттерінің бірлігі мен ынтымақтастығын нығайту;

ә) олардың арасындағы ынтымақтастықты және Африка халықтары үшін өмір сүрудің жақсы жағдайларын жаңсауға бағытталған олардың күш-жігерлерін үйлестіру мен нығайту;

б) олардың егемендігін, аумақтық тұтастығын және тәуелсіздігін қорғау;

в) Африкада отаршылдықтың барлық түрін жою;

г) Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына және Жалпыға бірдей адам құқығы Декларациясына сәйкес халықаралық ынтымақтастықты қолдау.

2. Осы мақсаттарға жету үшін мемлекеттер — ұйым мүшелері өзінің ортақ саясатын, әсіресе мына салаларда: а) саясат пен дипломатия саласында; ә) экономика, көлік және байланыс саласында; б) білім беру мен мәдениет саласында; в) денсаулық сақтау, санитария және тамақтану саласында; г) ғылым мен техника саласында; ғ) қорғаныс пен қауіпсіздік саласында үйлестіретін және келісетін болады.

ПРИНЦИПТЕР

3-бап.

2-бапта баяндалған мақсаттарға жету үшін мүше мемлекеттер мына қағидаларға адалдығын қуаттайды және жариялайды:

- 1) барлық мүше мемлекеттердің егеменді теңдігі;
- 2) мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау;
- 3) әрбір мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын және оның тәуелсіз өмір сүруге ажыратылмас құқығын құрметтеу;
- 4) даулы мәселелерді келіссөз, делдалдық татуласу немесе төрелік жолымен бейбіт реттеу;
- 5) саяси желеулермен кісі өлтірудің барлық түрлерін, сондай-ақ көрші мемлекеттер немесе кез-келген басқа мемлекеттер тарапынан бүлдіру әрекетін үзілді-кесілді айыптау;
- 6) осы уақытқа дейін тәуелділікте болып отырған африка аумақтарын толық азат ету ісіне адалдық;
- 7) барлық блоктарға қосылмау саясатын қуаттау.

МҮШЕЛЕР

4-бап.

Ұйымға Африкадағы әрбір тәуелсіз және егеменді мемлекет мүше бола алады.

МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5-бап.

Барлық мүше мемлекеттердің тең құқықтары мен тең міндеттері бар.

6-бап.

Мүше мемлекеттер осы Жарғының 3-бабында көрсетілген қағидаларды мұқият сақтауға міндеттенеді.

ОРГАНДАР

7-бап.

Ұйым өз мақсаттарына төмендегі негізгі органдар арқылы жетуге күш салатын болады:

1. Мемлекеттер мен үкімет басшыларының ассамблеясы;
2. Министрлер Кеңесі;
3. Бас Хатшылық;
4. Делдалдық, татулық және төрелік жөніндегі комиссия.

http://nwapa.spb.ru/ftxt/0379/chapter_81.html

4. АНГОЛАНЫ АЗАТ ЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ПАРТИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ АГОСТИНЬО НЕТОМЕН СҰХБАТТАН

Қаңтар, 1973 жыл.

Қазіргі кезде Африка ұлт-азаттық қозғалысы жаңа кезеңге қадам басты. Өткен жылдың соңында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі қарар қабылдап, онда Португалия отарларындағы халықтар өзін-өзі билеудің және тәуелсіз болудың ажыратылмас құқығын, олардың өз ұлт-азаттық қозғалыстарының басшылығымен жүргізіп жатқан күресінің заңдылығын таныды. БҰҰ Бас Ассамблеясында осы қозғалыстардың уәкілдері бақылаушылар ретінде тұңғыш рет қатысты, мұның өзі, сөз жоқ, олардың беделінің артқанын және халықаралық көлемде танылғанын дәлелдейді...

Португалия отаршылдары шын мәнінде сұмдық мұра қалдырып отыр. Халықтың 98 пайызы сауатсыз, ауыл шаруашылығы өте төмен деңгейде. Бізде мектептер, ауруханалар, білікті кадрлар жетіспеуде. Біз азат етілген аумақтарда қазірдің өзінде үлкен жасампаз жұмыс жүргізіп жатырмыз. Онда құрылған халықтық билік органдары шаруашылық реформасын жүзеге асыруда, бастауыш мектептер медицина пункттерін ашуда. Біз тіпті балалар үшін жаңа оқулықтар шығару ісін жолға қойдық. Азат етілген аудандарда алғашқы тұтыну-өткізу кооперативтері құрылуда: қоймаға өткізілген жүгеріге, мақтаға немесе қант құрағына айырбасқа шаруалардың қант, тұз, сіріңке, мата және ең қажетті басқа да тауарлар алуына болады...

Егер Португалияны НАТО елдері және Африканың оңтүстігіндегі нәсілшіл режимдер қолдамаған болса, біздің күресіміз баяғыда-ақ жеңіспен аяқталған болар еді. НАТО елдері португалдарға үнемі әскери және экономикалық көмек көрсетуде.

Біздің ісіміздің табысы көп жағынан алғанда барлық прогресшіл күштердің және, ең алдымен, социалистік елдердің көмегіне байланысты. Ангола халқына ең көп көмек көрсетіп отырған Кеңес Одағы. Біз Кеңестік достардан қару, оқ-дәрі, көлік, байланыс құралдарын алып отырмыз. Халықаралық ұйымдарда, әсіресе БҰҰ-да бізге КСРО көрсетіп отырған қолдауды біз жоғары бағалаймыз.

Хрестоматия по новейшей истории. Ч. 2 (1945—1974).
Пособие для учителей. М., 1976. С. 225.

5. Халықтар мен адам құқықтары туралы Африка хартиясы

1988 жылы қаңтарда күшіне енген

(Қысқартылған)

I Бөлім

Құқықтар және міндеттер

I тарау

Халықтар мен адам құқықтары

1-бап.

Осы Хартияға қатысушы Африка Бірлігі Ұйымына мүше-мемлекеттер хартияда көрсетілген еркіндік пен міндеттемелерді, құқықтарды мойындайды және олардың бәрі күшіне ену үшін тиісті заңнамалар мен басқа да шаралар қолдануға міндетті.

19-бап.

Барлық халықтар тең; олардың барлығы бірдей құрметтеледі және құқықтары да бірдей. Бір халықтың басқаларды үстінен үстемдік құруын еш уақытта ақтауға болмайды.

21-бап.

1. Барлық халықтар өздерінің материалдық және табиғи ресурстарын еркін пайдалануға құқылы.

2. Егер халықтар өздеріне тиесілі құндылықтарынан айырылып қалған жағдайда оны заңды түрде қайтарып алуға немесе құнын төлетуге құқылы.

<http://constitutions.ru/article/782/2>

6. «АФРИКАНЫҢ ДАМУЫ МҮДДЕЛЕРІНДЕГІ ЖАҢА ӨРІПТЕСТІК»

Қазан, 2001 жыл

(Үзінді)

1. Бұл құжат «Африканың дамуы мүдделеріндегі жаңа өріптестік» — деп аталады. Африкалық елдер басшыларының ең бірінші борышы мен міндеті кедейшілікті жою және олардың елдерінің бір мезгілде дүниежүзілік экономика мен саясатқа белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

3. Африка дамуының қисыны әрқашанда оның несиелер мен көмек алу мақсатында халықаралық қауымдастық ұйымдарына қатысуымен анықталып келді. Несиелер құрлықты осы уақытқа дейін жойылмаған қарыздық тығырыққа тіреді және ол африкалық елдердің экономикалық өсу жолындағы кедергі болып табылады.

Дамудың мұндай жолы өз мүмкіндігін сарқыды...

4. Африкада 340 миллиондай адам немесе құрлық халқының жартысы күніне 1 АҚШ долларына жетпейтін қаржымен күнелтеді. Бес жасқа дейінгі балалардың арасындағы өлім деңгейі өте жоғары, ал өмірдің орташа ұзақтығы бар-жоғы 54 жылды құрайды. Халықтың тек 58 пайызы ғана таза ауызсуға қол жеткізе алады. Ересек халықтың (15 жастан жоғары) арасындағы сауатсыздық деңгейі 41%-ға дейін жетеді. Африкада әрбір 1000 адамға бар-жоғы 18 телефон нөмірі келеді, ал табыс деңгейі жоғары елдерде ол 567-ге тең.

5. «Африканың дамуы мүдделеріндегі жаңа әріптестік» оны анықтайтын қатынастарды өзгерту жолымен осы қалыптан тыс жағдаятты жоюға бағытталған...

V-бөлім. Іс-әрекеттер бағдарламасы; ХХІ ғасырда тұрақты дамуды қамтамасыз ету стратегиясы.

59. «Африканың дамуы мүдделеріндегі жаңа әріптестік» өз тәсілі мен стратегиялары бойынша бұғанға дейінгі бүкіл Африканы дамытуды қолдау жоспарлары мен бастамаларынан ерекшеленеді...

60. Ол африкалық елдердің өз жауапкершіліктері мен бастамасына сүйенетін дамудың ұзақ мерзімді бағдарламасы ретінде ойластырылды.

64. Африка елдеріндегі кедейшілік көлемін қысқарту мақсатына қол жеткізу үшін бір ғана өсу қарқынын арттыру жеткіліксіз. Африканың алдына кедейлік көлемін қысқарту және тұрақты дамуды қамтамасыз етуге қажетті өсу әлеуетін жасау міндеті тұр. Оның шешімі инфрақұрылым, капиталдың жинақталуы, адам капиталы, құрылымдық даму, диверсификация, бәсекеге қабілеттілік, денсаулық сақтау мен қоршаған ортаға ұқыпты көзқарас сияқты факторларға байланысты.

65. «Африканың даму мүдделеріндегі жаңа әріптестіктің» мақсаты құрлықтың дамуына басымдығы бар секторлардағы орын алған алшақтықты жою, сөйтіп,

құрылықтың дүниежүзіндегі дамыған аймақтарды қуып жетуіне түрткі жасау болып табылады.

66. Жаңа ұзақ мерзімдік тұжырымдама орын алған алшақтықты жою мақсаты кең көлемді инвестициялар салуды талап етеді. Бұл міндетті шешу Африканың қажетті қаржыларды ең жоғары қолайлы жағдайларда жинақтай білу қабілетіне байланысты...

67. Ұзақ мерзімдік міндеттер:

- Африкада кедейшілікті жою және оны жаһандану үдерісінде тұрақты Африка жолына шығару;

68. Нақты мақсаттар:

- Келесі 15 жылдың ішінде ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) өсуінің жылдық орташа қарқынын 7 пайыз деңгейінде қамтамасыз ету;

- құрлықтың даму саласында халықаралық деңгейде келісілген мақсаттарға қол жеткізуін қамтамасыз ету, оның ішінде:

- 2015 жылға қарай өте кедейшілік жағдайда өмір сүрегін халық үлесін (1990 жылмен салыстырғанда) екі есе азайту;

- 2015 жылға қарай мектеп жасына дейінгі балалардың бәрін бастауыш білім берумен қамту;

- үлкен гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдер құқықтарын 2005 жылы халықты бастауыш және орта білім берумен қамтудағы гендерлік сәйкессіздікті жою жолымен кеңейту;

- 2015 жылға қарай (1990 жылмен салыстырғанда) аналар өлімі деңгейін төрттен үшке төмендету;

- 2015 жылға қарай барлық мұқтаж адамдар үшін денсаулық саласындағы қызметтерді қолжетімді ету;

- 2005 жылға қарай 2015 жылы экологиялық ресурстарды жоғалту үрдісін мүлдем тыю мақсатында тұрақты даму саласындағы ұлттық стратегияларды іс жүзінде орындауды қамтамасыз ету.

69. Осы стратегияны жүзеге асырудың нәтижелері:

- экономикалық өсу мен жұмыспен қамтудың дамуы және артуы;

- кедейшілік пен теңсіздік ауқымының азаюы;

- өндірістік қызметтегі диверсификация, халықаралық бәсекеге қабілеттіктің артуы мен экспорттың кеңеюі;

- африкалық елдердің үлкен интеграциясы болуы тиіс.

[http://new — africa.pdf](http://new-africa.pdf)

Х тарау. ЛАТЫН АМЕРИКАСЫ ЕЛДЕРІ

1. АМЕРИКАН МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

(Үзінді)

30 сәуір, 1948 жыл.

Американ мемлекеттерінің тоғызыншы Халықаралық Конференциясына қатысқан мемлекеттер өз халықтарының атынан;

Американың тарихи міндеті — адамға бостандық және өзінің дамуы үшін және өзінің әділетті ой-армандарын жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар беру екеніне сене отырып;

мұндай міндет басты құндылығы Америкадағы халықтардың бірлесе бейбітшілікте өмір сүру және өзара түсіністікпен бір-бірінің егемендігін құрметтеу көмегімен барлық халықтар жағдайының жақсартылуын қамтамасыз ету ниеті, тәуелсіздік, теңдік және заңдылық болып табылатын көптеген келісімдерге жігерлендірілгенін түсіне отырып;

Американ ынтымақтастығы мен тату көршілестігінің шынайы мәні адамның негізгі құқықтарын құрметтеуге негізделген демократиялық институттар жеке бостандық пен әлеуметтік әділдік жүйесі шеңберінде осы континенттегі топтасудан көрініс таба алатынына сене отырып;

өздерінің әл-ауқаты және дүниежүзінің прогресі мен өркениетіне қосатын үлесі интенсивті континенттік ынтымақтастықты барған сайын көп талап ететіне сене отырып;...

заңдық ұйым моральдық тәртіпке және әділдікке негізделген қауіпсіздік пен бейбітшілік үшін қажетті шарт болып табылатынына сене отырып... Американ мемлекеттері ұйымының төмендегі Жарғысы туралы уағдаластық.

Бірінші бөлім. I тарау. Сипат және мақсаттар

1-бап.

Осы Жарғымен американ мемлекеттері бейбітшілік пен әділдікке жету, өздері арасындағы ынтымаққа жәрдемдесу, ынтымақтастықты күшейту және өздерінің егемендігін, аумақтық тұтастығын және тәуелсіздігін қорғау мақсаттарында өзара келіскен халықаралық ұйым құрады...

4-бап.

Американ мемлекеттерінің ұйымы өзі негізделген принциптерді жүзеге асыру, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы бойынша аймақтық міндеттемелерді орындау үшін мынадай негіздегі мақсаттарды жариялайды:

- а) континентте бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту;
- ә) шиеленістердің ықтимал себептеріне жол бермеу және мүше мемлекеттер арасында пайда болуы мүмкін даулардың бейбіт жолмен реттелуін қамтамасыз ету;
- б) басқыншылық болған жағдайда осы мемлекеттердің бірлескен іс-қимылдарын қамтамасыз ету;
- в) өздерінің арасында пайда болуы мүмкін саяси, заңдық және экономикалық мәселелердің шешілуіне күш салу;
- г) өздерінің экономикалық әлеуметтік және мәдени дамуына бірлескен іс-қимылдармен жәрдемдесу.

II тарау. Принциптер

5-бап.

Американ мемлекеттері төмендегі қағидаларда қуаттайды:

- а) Халықаралық құқық мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарындағы олардың тәртіп нормаларын қалыптастырады;
- ә) Халықаралық тәртіп, негізінен, мемлекеттердің даралығын, егемендігін және тәуелсіздігін құрметтеуден және шарттар мен басқа да халықаралық құқық көздерінен туындайтын міндеттерді дәл орындаудан көрініс табады;
- б) Мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас ізгі ниетпен айқындалуға тиіс;
- в) Американ мемлекеттерінің ынтымағы, ол қызмет ететін жоғары мақсаттар осы мемлекеттердің өкілетті демократияны пәрменді жүзеге асыру негізінде саяси ұйымдастыруын талап етеді;
- г) Американ мемлекеттері басқыншылық соғысты айыптайды: жеңіс құқықтар бермейді;
- ғ) бір Американ мемлекетіне қарсы басқыншылық актісі барлық басқа Американ мемлекеттеріне қарсы басқыншылық актісі болып табылады.

д) екі немесе одан көп Американдық мемлекеттердің арасында пайда болатын халықаралық сипаттағы алауыздықтар бейбіт жолдар көмегімен реттелуге тиіс;

е) Әлеуметтік әділдік пен әлеуметтік қауіпсіздік баянды бейбітшіліктің негізі болып табылады;

ж) Экономикалық ынтымақтастық континент халықтарының ортақ әл-ауқаты мен гүлденуі үшін елеулі түрде маңызды;

з) Американдық мемлекеттері жеке адамның негізгі құқықтарын нәсіліне, ұлтына, діни сеніміне немесе жынысына қарамастан жариялайды.

и) Континенттің рухани бірлігі Американдық елдерінің мәдени құндылықтарын құрметтеуге негізделген және өркениеттің жоғары мақсаттары жолында олардың тығыз ынтымақтасуын талап етеді.

к) Халықтардың білімі әділдікке, бостандыққа және бейбітшілікке бағышталуға тиіс.

http://nwapa.spb.ru/ftxt/0379/chapter_70/html

2. КУБА ХАЛЫҚТЫҚ-СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІНЕН

Гавана. 1 қаңтар, 1959 жыл.

Революция озбырлықты саяси тұрғыдан батыл да толық жеңді. Озбырлықтың саяси ақпаратынан және билігінен еш нәрсе немесе еш нәрсе дерліктей қалған жоқ. Армия, полиция, жергілікті билік органдары, заң шығару және сот органдары тазартылды...

Уақытша революциялық үкімет құрылды, ол көтерілісшілер күштерінің және революциялық партия мен ұйымдардың қолдауына сүйенуде. Бұл үкімет бүгінде Куба тарихында бұдан бұрын бірде-бір үкімет пайдаланбаған билікке және жалпы жұрт құрметіне жетіп отыр...

Сергеев Е. Ю. Новейшая история. Подробности.
М., 2000. С.233—234.

**3. АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ
ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ МЕНШІГІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН
КӘСПОРЫНДАРДЫ ҰЛТ МЕНШІГІНЕ АЛУ ТУРАЛЫ
№ 1 ҚАУЛЫСЫНАН**

(Үзінді)

6 тамыз, 1960 жыл.

Қаулы етіледі

Бірінші. Ұлт аумағындағы барлық мүлік пен кәсіпорындар, сондай-ақ Америка Құрама Штаттарының жеке және заңды тұлғаларының меншігі болып табылатын құқықтар мен акциялар және, ең алдымен, АҚШ азаматтары мүдделі болып отырған кәсіпорындар күштеп экспроприациялау жолымен ұлт меншігіне алынсын және Куба мемлекетінің меншігіне берілсін. <...>

Екінші. Куба мемлекеті алдағы уақытта мүліктердің, құқықтар мен акциялардың, сондай-ақ аталған кәсіпорындардың бүкіл активі мен пассиві бірден-бір заңды иесі деп саналсын.

Хрестоматия по новейшей истории. Ч. 2. (1945—1974).
Пособие для учителей. М., 1976. С. 115.

**4. ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ҮКІМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ
БАҒДАРЛАМАСЫНАН**

Желтоқсан, 1969 жыл.

Бірден-бір шынайы халықтық балама, демек, халықтық үкіметке негізгі міндетті империалистердің, монополиялардың үстемдігін, помещиктік олигархияны жою және Чилиде социализм орнату болып табылады. <...>

Ел қажет етіп отырған революциялық қайта өзгерістерді Чили халқы билікті өз қолына алатын және оны пәрменді де тиімді түрде жүзеге асыратын жағдайда ғана іске асыруға болады. Халықтық және революциялық күштер, бір президентті басқасымен жай ғана ауыстыру жолында күресу үшін, билеуші бір партияның орнына басқасының келуі үшін біріккен жоқ деп атап көрсетілген бағдарламада. Олар елдегі жағдай талап етіп отырған түбегейлі қайта өзгерістерді бұрынғы билеуші топтардың билігін жұмысшыларға, шаруаларға, қала мен ауыл халқының прогресті орта топтарына беру негізінде жүзеге асыру мақсатында бірікті.

Сонымен, халықтың жеңісі елдің бүкіл тарихындағы ең демократияшыл саяси құрылысқа жол ашады.

Жаңа саяси конституция бойынша халық жиналысын ең жоғарғы орган ету белгіленген мемлекеттік билік мекемелеріне халықтың жаппай қатысуын қамтамасыз етуге тиіс.

Экономика саласында үлкен өзгерістер көзделді. Елде басым мемлекеттік сектор құру жоспарланды. Ең алдымен, шетелдік капиталдың және жергілікті монополиялардың қолында болған мыс, темір, целитра және басқа да пайдалы қазбалар сияқты негізгі байлықтарды ұлт меншігіне алу белгіленді. Сонымен бірге, ұлт меншігіне алынған салалар секторына қаржы жүйесі, әсіресе жеке банктер мен сақтандыру компаниялары, сыртқы сауда, ірі сауда кәсіпорындары мен монополиялары, стратегиялық материалдар өндіретін өнеркәсіп монополиялары, сондай-ақ елдің экономикалық және қоғамдық дамуына жағдай жасайтын салалар, мысалы электр энергиясының өндірілуі мен бөлінуі, теміржол, әуе және теңіз көлігі, байланыс құралдары, мұнай өндіру, тазарту және өткізу, металлургия, цемент өнеркәсібі, химия, целлюлоза және қағаз өнеркәсібі кіруге тиіс болды.

<...>

Барлық чилиліктерді еңбегі үшін сыйақы кепілдік деңгейде болатын жұмыспен қамтамасыз ету, жалақы саласындағы саясатты әзірлеу, еңбекшілердің қатысуымен жалақының күнкөрістің ең төменгі деңгейіне сәйкес келетін мөлшерлерін және Чилидің түрлі аудандары үшін ең төмен жалақыны белгілейтін органдарды дереу құру көзделді. Сондай-ақ валюталардың тұрақтылығын қамтамасыз ету мен нақты баға белгілеу шараларын қолдану жоспарланды.

Ауылда күрделі қайта өзгерістерді жүзеге асыру белгіленді. Жоспарларда аграрлық реформаның қарқынын көлемі жағынан белгіленген ең жоғары нормалардан асатын жер меншіктерін экспроприациялау есебінен жеделдету, тастанды немесе жеткіліксіз пайдаланылатын, мемлекетке қарасты барлық жерді дереу өңдеу, экспроприацияланған жерлерде меншіктің кооперативтік формасын баса енгізу көзделген.

Чили халқының әділ ой-мақсаттарын қанағаттандыру оның тұрмысын жақсарту, халықтық үкіметтің тұрақты қамқорлығы болады деп атап көрсетілген бағдарламада. Барлық азаматтарға мемлекет, кәсіпкерлер және әлеуметтік

сақтандыру органдары есебінен медициналық қызмет көрсетуіне кепілдік беру, Чилидегі барлық балаларға, әсіресе жұмысшылар мен шаруалар балаларына мектепке түсу және оқуын жалғастыру кепілдігінің берілуі үшін жеткілікті шәкіртақылар тағайындау жоспарларын әзірлеу белгіленді.

Сергеев Е. Ю. Новейшая история. Подробности. М., 2000. С. 350–352.

5. С.АЛЬБЕНДЕНІҢ РАДИО АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕГЕН СОҒҒЫ СӨЗІНЕН

Сантьяго. 11 қыркүйек, 1973 жыл.

Сірә, бұл менің сіздерге сөз арнауымның соңғы мүмкіндігі болар... Менің еңбекшілерге жалғыз-ақ айтарым — мен берілмеймін!

Осы тарих тоғысында мен халықтың сенімі үшін өмірімді құрбан етуге әзірмін. Сан мыңдаған чилиліктердің санасына біз сепкен ұрықты біржолата таптап тастауға болмай-тынына мен кәміл сенемін.

Менің отанымның еңбекшілері!

Әділдік армандарын білдіруші ғана болған адамға сіздер әрқашанда көрсеткен адалдық үшін, сенім үшін, сіздерге алғыс айтамын...

«Магальянес» радиосының үні көп кешікпей, сірә, өшірілетін болар, сөйтіп менің үнім сіздерге жетпейтін болар. Ең маңыздысы, біздің үнімізді бөрібір еститін болады. Мен әрқашанда сіздермен бірге боламын. Қалай болғанда да мен сіздердің жадыңызда лайықты, еңбекшілер ісіне адал адам ретінде сақталып қаламын.

Халық қорғануға, бірақ өзін құрбан етпеуге тиіс. Халық өзін жойып жіберуге жол бермеуге тиіс. Ол өзін кемсітуге жол бермеуге тиіс.

Менің отанымның еңбекшілері!

Мен Чили тағдырына және өз еліміздің тағдырына сенемін. Басқа чилиліктер сатқындық билікке жармасып жатқанда осы қапас, ащы сағатты бастан өткізеді. Қайтадан даңғыл жол ашылып, онымен лайық адам жақсы қоғам орнату үшін жүріп өтетін күн алыс емес екенін біліп қойыңыздар.

Чили жасасын!

Халық жасасын!
Еңбекшілер жасасын!
Менің соңғы сөздерім, міне, осы!
Менің қазам бекер болмайтынына мен сенемін...

Сергеев Е. Ю. Новейшая история. Подробности.
М., 2000. С. 360—361.

6. КУБА РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ФИДЕЛЬ КАСТРОНЫҢ КУБА РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖЕҢІСІНІҢ 45-ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАҒАН СӨЗІ

(Үзінді)

3 қаңтар, 2004 жыл.

Қымбатты отандастар! Қымбатты қонақтар!

Біздің көбіміз — сол бір толғандырарлық күндердің куәсі болу артықшылығына ие болғандар — әлі тіріміз; көптеген басқа адамдар қайтыс болды. Осында қатысып отырғандардың басым көпшілігі ол кезде дүниеге келмеген де шығар, тіпті олардың жарық дүниені көрер күні 1959 жылғы бірінші қаңтар туатын күнінен әлі алыс еді.

Біз даңққа, құрметке, жеке-дара немесе ұжыммен танымал болуға ұмтылуды ешқашан мақсат еткен жоқпыз. Алайда, біз, Куба революционерлері деп аталуға, заңды құқы барлар, тарихтағы теңдесі жоқ оқиғаға айналған нәрсені жазуға мәжбүр болдық. Еліміздегі саяси және әлеуметтік жағдайға келіспеген біздер оны өзгертуге ұйғардық. Бұл Кубада жаңалық болған жоқ, бұл ғасырлар бойы талай рет болған еді.

Біз халықтардың құқықтарына, соның ішінде тәуелсіздік озбырлыққа қарсы көтерілу құқығына сендік. Осы құқықтардың жүзеге асырылуы мен еуропалық державалардың отпен және семсермен — соның ішінде жергілікті халықты жашай қырып-жоя және миллиондаған африкалықтарды құлдыққа сала отырып, басып алған біздің жарты шарда тәуелсіз елдер тобы, соның ішінде Америка Құрама Штаттары пайда болды.

Дүниежүзіне күштеп танылған ғаламшардың табиғат ресурстарының тонау мақсаттарында ойластырылған, жаңа либералдық жаһандастыру үшінші дүние елдерінің көпшілігінде және, әсіресе Латын Америкасы елдерінде үрейлі «Вашингтон консенсусынан» кейінгі өте ауыр және төзгісіз жағдай.

Осы зиянды саясаттың алғашқы жемісі 80-жылдардағы «Зая кеткен онжылдық», сол кезде өңірдің өсуі бір пайыз болды; 1990 және 1998 жылдар аралығында ол 2,4 пайызға жетті, мұның өзі жалған елестер мен шұғыл қажеттерден әлдеқайда төмен болды, ал 1998 жыл мен 2004 жыл аралығында қайтадан бір пайызға дейін құлдырады.

Сыртқы қарыз, 1985 жылы... 300 млрд, 2004 жылы 750 млрд-ты құрады.

Жекешелендіру жүздеген миллиард доллардың көптеген жылдар бойы жасалған ұлттық мүлік түрінде ұлт меншігінен алынуына әкеліп соқты, олар сол елдерден капитал Құрама Штаттар мен Еуропаға ағылып жатқандай шапшаңдықпен бұға айналып кетті.

Жұмыссыздық өлшеусіз өсті. Өрбір 100 жаңа жұмыс орнының 82-сі «формалды емес сектор» дейтінге жатады. Онда ешқандай әлеуметтік немесе құқықтық қорғаусыз кез келген әдіспен табыс табатындардың ұзын тізімі пайда болды.

Кедейлік, әсіресе тақыр кедейлік үрейлі қарқынмен өсіп, халықтың 12,8 пайызынан 44 пайызына дейін жетті. Дамуда тоқырау орын алып отыр, әлеуметтік қызметтер барған сайын нашарлай түсуде. Ең алдымен, халыққа білім беру мен оның денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету саласында жаңа либералды жаһандандыру, күткендегідей, нағыз апатқа әкеліп соқты.

Егер бұған тонаудың тең емес айырбас, капиталдың үздіксіз және сөзсіз ағылуы, ақыл-ойдың ұрлануы, протекционизм, ДСҰ-ның субсидиялары мен жарлықтары сияқты ескі және жаңа түрлерін қосатын болса, Оңтүстік Америкада болып жатқан дағдарыстар мен оқиғалар ешкімді де таңдандырмауға тиіс.

Латын Америкасы дүниежүзінің жаңа либералды жаһандандыру барынша қатаң түрде және талапкершілікпен жүзеге асырылған өңірі болды. Енді осы өңір алдында Америка континентіндегі елдердің еркін сауда жасауы туралы шарт (АЛҚА) проблемасы тұр, ол ұлттық өнеркәсіп орындарын жер бетінен жоқ қылып МЕРКОСУР мен Анд пакетін Американың экономикасының қосымша үлесіне айналдырады: бұл Латын Америкасындағы халықтардың экономикалық дамуына, бірлігі мен тәуелсіздігіне жасалған соңғы шабуыл.

Осы аннексия әрекеті жүзеге асатын болса да, мұндай экономикалық тәртіп Латын Америкасының халықтары

үшін де Құрама Штаттардың халқы үшін де төзгісіз күйінде қала береді, оның жұмысқа қамтылуына офшорлы кәсіпорындар өз елдерінде жайлаған кедейлік, білім берудің апатты күйі және жұмыссыздық, тиісті біліктілік алуына бөгет болғандардың арасынан жалдаған арзан жұмысшы күштерінің көптігі қатер төндіретін болады. Арзан және білікті емес жұмысшы күші — Латын Америкасының олигархтары жаппай ұсына алатын нәрсе, міне осы.

Мен айтқандардың мәні — адамзаттың және онымен бірге — біздің халықтарымыздың әрқайсысы өз тарихындағы шешуші сәтті бастан кешіретініне: немесе оқиғалар барысын өзгертетініне немесе аман қала алмайтынына деген терең сенім...

Мен біздің халқымызды осы жылдардың ішінде тындырған барлық істері үшін, оның қаһармандығы, оның патриотизмі, оның күрес рухы және адалдығы мен революциялық жігері үшін құттықтағым келеді...

Біздің халқымыздың ынтымағына және оның ұлдарының ерлігіне, біздің дәрігерлерге, мұғалімдерге, спорт жаттықтырушыларына және кез келген басқа мамандарымызға қарсы жасалып жатқан агрессия әрекеттеріне ешкім бөгет жасай алмайды, өйткені көптеген адамдар Құрама Штаттар үкіметіндегі лауазымды адамдар демеп және көтермелеп отырған террорлық әрекеттердің құрбандарына айналып, қаза тапқандардың орындарына тұруға өзір.

Күресіп жатқандардың бәрін, қиыншылықтар алдында шегінбейтіндерді; адамзаттық құндылықтар мен идеялар туғызу, тарату және тәрбиелеу қабілетіне сенетіндерді; адамзатқа сенетіндерді; жақсы дүние орнатуға болады деген тамаша сенімге ортақтасатындардың бәрін құттықтаймын!

Солармен бірге күресіп жеңіске жетейік!

http://trudoros.narod.ru/molnia/305_03/fidel_30104.htm

7. БОЛИВАРЛЫҚ ВЕНЕСУЭЛА РЕСПУБЛИКАСЫ

(Анықтама)

Ресей СІМ Латынамерикалық департаменті, шілде,
2007 жыл

(Үзінді)

Елдің ресми атауы — Боливарлық Венесуэла Республикасы (2000 жылға дейін — Венесуэла Республикасы).

Елдің қолданыстағы Конституциясы 1999 жылғы 15 желтоқсандағы референдумда қабылданған.

Венесуэла — 23 штат пен Астаналық округтен және федеральдық иеліктерден (72 арал) құралатын федеративтік республика.

Атқарушы билікті тікелей сайлау арқылы қайта сайлану құқығы бар, 6 жыл мерзімге сайланатын президент басқаратын үкімет жүзеге асырады.

2006 жылғы 3 желтоқсанда Венесуэла президенті болып билік басында 1999 жылдан бері болған «Бесінші Республика қозғалысы» партиясының көшбасшысы Уго Рафаэль Чавес Фриас қайта сайланды.

Заң шығарушылық билік бір палаталы Ұлттық ассамблеяға (167 депутат) берілген, оның мүшелері жалпыға бірдей, тікелей және жасырын дауыс берумен 5 жылға, бірақ 2 мерзімнен көп емес уақытқа сайланады. 2005 жылғы парламенттік сайлаудың барысында ҰА-дағы барлық 167 мандатты У.Чавесті қолдайтын партиялар: «Бесінші Республика қозғалысы» (БРҚ), «Отан барлығы үшін» (ОБУ), «Венесуэла Коммунистік партиясы (ВКП) және «Социализмге қарай қозғалыстан» бөлінген «Біздің қолдан келеді» бірлестігі алды.

Венесуэла шаруашылық даму деңгейі мен экономикалық әлеуеті жағынан дәстүрлі түрде аймақтың жетекші мемлекеттерінің қатарына енеді. Елде мұнайдың, газдың, темір кенінің, көмірдің, алтынның, боксит пен басқа да пайдалы қазбалардың аса бай қорлары бар.

2006 жылдың нәтижелері бойынша экономикалық өсу 10,3%-ды құрады.

ІЖӨ көлемі 150 млрд. АҚШ долларымен бағаланады. 2006 жылғы жұмыссыздық деңгейі 8,4%-дық (1,05 млн. адам) белгіде болды.

Ел шаруашылығындағы негізгі рөлді мұнай өндіру мен мұнай өңдеу өнеркәсібі атқарады.

Қазіргі уақытта елдің мұнай саласы іс жүзінде тұтастай мемлекеттің қолында.

Мұнайдан түсетін табыс бүкіл Венесуэла экспорты көлемінің 87%-ға жуығын құрайды.

Мұнай өңдеуден басқа өнеркәсіптің негізгі салаларына тоқыма, тігін, химия, металлургия, металл өңдеу, мәшине-жасау өнеркәсіптері жатады. 4 ірі СЭС жұмыс істейді, олардың үлесіне елдің бүкіл энергетикалық қуаттылығының 80%-ы тиесілі. Венесуэла экспортқа мұнай және мұнай өнімдерінен басқа алюминий, темір кенін, химиялық тауарлар, кофе шығарады. Елдің импортын негізінен автомобильдер, жабдықтар, қосалқы бөлшектер, азық-түлік, дәрі-дәрмектер құрайды.

Венесуэла ауылшаруашылық шикізаты мен азық-түлікке деген өзінің ішкі қажеттіліктерін тек 20%-ға ғана қанағаттандырады. Шетелдерден бидай, жемістер, соя, тағамдық майлар, сүт, консервіленген өнімдер сатып алады. 1999 жылы билікке келген президент У.Чавес үкіметі тереңдеп келе жатқан экономикалық стагнация үрдісіне түбегейлі өзгеріс енгізу, елге серпінді даму үшін қажетті тетіктерді қамтамасыз ету және әлеуметтік наразылықтың шиеленісуін жою үшін мемлекеттік жүйеге кең көлемді реформалар жүргізу бағытын ұстанады.

Алайда У.Чавес командасының реформашыл бастамалары елдің дәстүрлі саяси және қаржы-экономикалық таңдаулыларының тарапынан қатаң оппозицияға кезікті. Оппозиция 2002—2004 жылдары президентті биліктен тайдыруға тырысты (2002 жылғы сәуірдегі сәтсіздікке ұшыраған мемлекеттік төңкеріс, 2002—2003 жылғы мұнай ереуілі).

2004 жылы 15 тамызда оппозицияның бастамасымен елде У.Чавесті президенттік биліктен айыру туралы референдум болып өтті. Оның нәтижелері бойынша дауыс беруге қатысқандардың 60%-ы әрекет етуші президент мандатын сақтауды жақтады. Референдум нәтижелері У.Чавес үкіметінің позициясын айтарлықтай нығайтты.

2005 жылы 4 желтоқсанда елде парламенттік сайлау болып, онда үкіметті жақтаушы партиялар барлық 167 депутаттық мандатқа қол жеткізді.

Үкімет ішкі саясатта «боливар революциясы» мен социализм идеяларын алға жылжытуға баса назар аударады. Бұл саясаттың шеңберінде әлеуметтік салада бірқатар бағдарламалар жүзеге асырылды, олардың ішінде сауатсыздықты жою, медициналық қызмет көрсету жүйесін жақсарту және орта білім беру сапасын арттыру жөніндегі ұлттық жобалар бар.

2006 жыл халықтың кедей топтарының тұрмыс дәрежесін жақсартуға жәрдемдесуді көздеген әлеуметтік кәсіпорындар мен халықтық кооперативтер құру жөніндегі науқанды кең көлемді насихаттаумен белгілі болды. Бірнеше жыл әрекет еткен «Меркаль» жүйесі азаматтардың көрсетілген санаттары ішінде азық-түлік өнімдерін мемлекеттік бағамен бөлуге назар аударады.

Елдің ішкі саяси өміріндегі басты оқиға 2006 жылғы 3 желтоқсанда болып өткен сайлау болды, онда әрекет етуші президент У.Чавес дауыстың 63%-ға жуығын жинап, айқын жеңіске жетті. Жаңа президенттік мерзімді атқаруға кіріскеннен кейін У. Чавес социализм құрылысы, конституциялық реформа қарқынын жеделдету, өзін қолдайтын партиялар мен қозғалыстарды бірыңғай Венесуэла Социалистік партиясына біріктіру, экономиканың бірқатар стратегиялық салаларын (энергетика, телекоммуникация) мемлекет қармағына алу туралы жариялады.

У. Чавес әкімшілігі серпінді сыртқы саясат ел мүдделерін қамтамасыз етуге, оның халықаралық беделін нығайтуға жағдай жасайды деп ұйғарып, дүниежүзілік және аймақтық істерге белсене қатысуға ұмтылуда. Каракас көпполярлы дүние құруды, халықаралық даулар мен қақтығыстарды шешуде күш қолданудан бас тартуды, ұлттық егемендік пен аумақтық біртұтастық ұстанымының бұлжымастығын жақтайды.

Каракас Латын Америкасы елдерінің жылдамдатылған және көп салалы интеграциясы бағытын жүргізеді. Президент У.Чавес «Америка үшін боливарлық баламаны» (Америкааралық еркін сауда аймағы жобасының орнына) ұсынып, белсенді насихаттауда, оның нақты жүзеге асуы Оңтүстік америкалық Ұлттар қауымдастығының қалыптасуы болуы тиіс. 2006 жылы Венесуэла МЕРКОСУР-ға толық құқықты мүше ретінде қосылды.

Венесуэла мен АҚШ-тың саяси қатынастары өте шиеленіскендігімен және өзара сенімсіздікпен сипатталады.

У.Чавес режімі Вашингтонды империялық пиғылдары мен бір полярлы дүние орнатуға ұмтылуымен айыптайды.

У.Чавес өзінің сыртқы саясатында өзіне стратегиялық әріптестері ретінде қарастыратын Ресеймен, Қытаймен, Үндістанмен, Иранмен қатынастарын дамытуды аса маңызды бағыттардың бірі деп есептейді.

<http://www.ln.mid.ru/ns-rlat.nsf>

**8. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н.НАЗАРБАЕВ ПЕН БРАЗИЛИЯ ФЕДЕРАТИВТІК РЕС-
ПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ЛУИС ИНАСИО ЛУЛУ ДА
СИЛЬВАНЫҢ БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕСІНЕН.**

17 маусым, 2009 жыл.

Қазақстан-Бразилия әріптестігі ынтымақтастық бағыттарының барлық спектрін орнатуға өзара ұмтыла отырып, екі мемлекеттің басшылары:

1. Екіжақты қатынастар дамуының оңды серпінін, аймақтық және жаһандық қауіпсіздік проблемаларын шешуде, сондай-ақ халықаралық саясаттық өзекті мәселелері бойынша позицияларының сәйкес келетінін атап көрсетеді;

5. ...бірлескен жобалар мен бағдарламаларды алға жылжытудағы прогреске өздерінің қанағаттанатындарын білдіреді және екіжақты қатынастардың шарттық құқықтық базасын одан әрі кеңейтудің маңыздылығын мойындайды;

6. Екі елдің іскерлік топтары арасындағы өзара әрекеттестікті одан әрі белсендіру, сондай-ақ сауда — экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау ниеттерін білдірді;

8. Жемісті сұхбатқа қанағаттанғандық білдірілді және өз үкіметтеріне ағымдағы жылы сауда-экономикалық ынтымақтастық жөнінде Үкіметаралық комиссия құруды, сондай-ақ өзара мүддені білдіретін нақты жобалар мен бағдарламалар бойынша жұмысты жалғастыруды тапсырды;

9. Мәдениет, ғылым, білім беру мен спорт саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажеттілігі атап көрсетілді.

Бұл турасында Бразилияда жас қазақстандық спортшыларды оқытудың сәтті тәжірибесіне қанағаттанушылық білдірілді; сондай-ақ Астана қаласының архитектуралық объектілерін жобалау жөнінде Оскар Немейер архитектуралық бюросымен ынтымақтастықтың маңыздылығы атап өтілді;

10. Қазақстан мен Бразилия арасындағы қатынастарды одан әрі тереңдету мен жоғары деңгейдегі сұхбатты жалғастырудың, екі ел сыртқы саяси ведомстволары арасындағы саяси кеңестерді, сондай-ақ басқа да мемлекеттік ведомстволар мен қоғамдық ұйымдар арасындағы қарым-қатынастарды жалғастырудың маңыздылығы атап өтілді.

<http://www.nomad.su/?a=3-200906180340>

XI тарау. МӘДЕНИЕТ

1. М.ФРИДМЕННИҢ «БОСТАНДЫҚҚА ҚАРАЙ ТӨРТ ҚАДАМ» АТТЫ МАҚАЛАСЫНАН

Тоталитарлық режімдердің күйреуі сол елдердің бәрінде және жалпы дүниежүзінде шаттық сезімін туғызды. Алайда сол күйреудің оңай жүзеге асуы саяси өзгерістер нәтижесінде экономикалық жағдайдың тез жақсаруын орынсыз күтуге әкеліп соқты. Ол ақталмайтын үміт...

Бостандыққа өтуді бір секіріспен жүзеге асыруға болмайды. Бұлыңғыр тоталитарлық қоғамдарда мекемелердің, қоғамдық қатынастардың, мүліктік құқықтардың дамыған жүйелері бар. Олар бостандық пен гүлденудің негізгі экономикалық шарттарының тез арада қалыптасуына түгелдей және толық қарсы. Ондай шарттарды жариялау оңай, бірақ жүзеге асыру өте қиын.

1. Біріншісі және ең маңыздысы: негізгі материалдық байлық (соның ішінде өндіріс құралдары) жекеменшік иесінің меншікті пайдалану құқығы көп болуы және оны басқа жеке адамға немесе адамдар тобына өзара жарамды шарттармен бере алуы үшін толық мағынасында жекеменшікке көшуге тиіс. Бұл үшін кез келген адамға шарт негізінде, яғни жалақы мен бағаға, соның ішінде шетелдік валюталар бағамына бақылау болмайтын, импорт пен экспортқа шектеулер болмайтын жағдайда басқа адамдармен қызметтер немесе тауарлар алмасу құқығының берілуі талап етіледі.<...>

2. Бірінші шарттан жекеменшікті қорғау талабы туындайды. Егер үкімет оны экспроприациялай алатын болса және оны жиі қолданатын болса, меншік иелері өз меншігін сақтау және оның экономикалық әлеуетін еселеу ынтасынан айырылатын болады.

3. Жекеменшіктің қол сұғылмастығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік басқару өзінің негізгі функцияларымен қатаң түрде шектелуге және заңдылық пен тәртіпті қорғауға, соның ішінде жеке келісімшарттарының орындалуын қадағалаумен; шаруашылық төрелігін және қылмыстық іс-жүргізуін жүзеге асырушы сот жүйесін қолдаумен; «ойын ережелерін» белгілеумен, соның ішінде жекеменшікті анықтаумен шектелуге тиіс.

4. Біршама тұрақты ақша жүйесін мен жеке бөліп көрсетемін (...) Ақша реформасы — ерекше шұғыл міндет.

Дамыған елдердің бірде-біреуінде бостандық пен гүлденудің аталған шарттары толық дәрежеде болып отырған жоқ. Олар сол елдерге дамудың жоғарғы қарқындарда және гүлденуге қол жеткен кезде көбірек тән болды. Егер Батыс елдерінде бастапқы кездегі жағдайлар көзделгендегіден қазіргі Шығыс Еуропадағыдай шалғай болса, бүгінде біз ол елдерді дамыған елдер деп атамаған болар едік. Батыстың табыстарын өздері үшін үлгі етіп алатын мемлекеттер Шығыс Еуропа елдерінің қазіргі кезеңінде Батыс елдері болған кездегі жағдайға емес, ал қазіргі жағдайға теңеле отырып қатты қателесуде. Осыншама қымбат және кеңейтілген мемлекеттік секторды қолдауға біз жеткен жоғары даму деңгейі ғана мүмкіндік беріп отыр. Шығыс Еуропа үшін үлгі бола алатын АҚШ, Ұлыбритания немесе Швеция емес, Гонконг ғана.

Жоғарыда аталған шарттарды жүзеге асыру оңай емес. Олардың бәріне ортақ бір нәрсе — қызмет саласының және мемлекет рөлінің түбегейлі қысқартылуы. Осылайша қысқару қоғамның қазіргі кездегі қуатты күштерінің бәріне қатер төндіреді. Іс жүзінде, менің ойымша, оны тек барынша дағдарысты жағдайда ғана және тез орындаған кезде ғана жүзеге асыруға болады. (...)

Ең алдымен, лажсыз ақша эмиссиясына әкеліп соғатын мемлекеттік шығыстарды күрт қысқарту керек. Сонымен бірге валюталық мәмілеге және ұлттық валюталар бағамына қандай да болсын бақылауды дереу тоқтату керек. (...)

Көптеген қажетті шараларды кідіріссіз қолдануға болатынына және қолданылуға тиіс екеніне қарамастан, тұрақты және гүлденген бәсекелік қабілеті бар капиталистік қоғамға өту үшін айлар емес, жылдар қажет. Ол халықтан шыдамдылықты және істің дұрыс бағытта жүргізіліп жатқанына деген сенімді қажет етеді. Бұл үдерісте кейбір адамдар және адам топтары сөзсіз зардап шегеді. Алайда «еркін нарық экономикасына көшудің орасан зор құны» туралы әңгімелерде бояу тым қоюлатып жіберілген. Кәсіпкерлік қызметке тоталитарлық шектеулер алғаннан кейін өндірістің жедел қарқынмен өсе бастайтынына күмәнданудың себебі жоқ.

Загладин Н. В., Загладина Х. Т., Ермакова И. А. Новейшая история зарубежных стран XX век. 9 класс. Пособие для учителей, М., 2001. С. 230—232.

2. Э. ТОФФЛЕРДІҢ «ҮШІНШІ ТОЛҚЫН» КІТАБЫНАН

Жаңа өркениет біздің өмірімізге туындайды және де оны көре білуге қабілетті еместер оны басып тастауға әрекеттенеді. Бұл жаңа өркениет өзімен бірге жаңа отбасылық қатынастар, жұмыс істеудің, сүю мен өмір сүрудің басқа төсілдерін; жаңа экономиканы; жаңа саяси қақтығыстарды әкеледі, осының бәрінен де жоғары тұрғаны — сананың өзгеруі, жаңа өркениеттің кесекшелері қазірдің өзінде өмір сүруде. Миллиондаған адамдар қазірдің өзінде өз өмірлерін ертеңгі күннің ырғақтарына сәйкестендіруде...

Адамзат шұғыл өзгерістерді күтіп отыр. Ол аса терең әлеуметтік төңкерістер мен барлық уақыттың шығармашылықпен қайта ұйымдастырылуының алдында тұр.. Дәл осы уақытқа дейін адамзат өзгерістердің екі орасан толқынын басынан өткізді және олардың әрқайсысы, негізінен, неғұрлым ертерек болған мәдениетті немесе өркениетті жойды... Өзгерістердің бірінші толқыны — ауылшаруашылық революциясына өзін-өзі құрту үшін мыңдаған жылдар қажет болды.

Екінші толқын — өндірістік өркениеттің өсуі — баржоғы 300 жылды қамтыды.

Бүгінгі күні тарих бұрынғыдан да жоғары жеделдетуді айқындады және Үшінші толқынның тарих арқылы өтіп, бірнеше онжылдық ішінде аяқталуы әбден ықтимал...

Отбасылық байланыстардың үзілуі, экономикадағы тұрақсыздық, саяси жүйелердің салдануы, біздің құндылықтардың талқандалуы — осылардың бәріне Үшінші толқын өз ықпалын жасайды. Ол барлық ескі биліктік қатынастарға, қазіргі қоғамның өліп бара жатқан таңдаулыларының артықшылықтары мен жеңілдіктеріне шүйлігеді және ертеңгі күнгі билік үшін негізгі күрес өрістейтін ая жасайды.

Бұл пайда болған өркениетте көптеген нәрселер ескі дәстүрлі өнеркәсіптік өркениетпен қарама-қайшылықта болады. Ол бір мезгілде жоғары технологиялық және индустрияға қарсы өркениет те болып табылады.

Үшінші толқын өзімен бірге энегррияның сан алуан қалпына келетін көздеріне, фабрикалық құрастыру конвейерлерінің көпшілігін қажетсіз ететін өндіріс әдістеріне, жаңа нуклеарлы емес (нуклеарлы немесе ата-аналар мен

балалардан тұратын шағын отбасы) отбасыларға; электронды коттедж деп атауға болатын жаңа құрылымға;

Түбірінен өзгерген мектептер мен болашақтың ұйымдарына негізделген өмірдің өзіне тән құрылысын әкеледі.

Пайда болған өркениет біз үшін мінез-құлықтың жаңа ережелерін жазады және бізді стандарттау, үйлестіру мен орталықтандыру шектерінен, энергия, ақша немесе билік жинақтауға ұмтылудың шектерінен алып шығады. Бұл жаңа өркениет, өйткені ол ескі өркениетке қарсы тұрады, бюрократияны төңкеретін, ұлттық мемлекет ролін азайтатын, империалистік дүниеден кейінгі жартылай дербес экономикалардың өсуіне жағдай жасайтын болады. Ол неғұрлым қарапайым, тиімді және демократиялық үкіметтерді талап етеді. Бұл дүние туралы өз түсінігі бар, уақытты, кеңістікті, логика мен себептілікті пайдаланудың өзіндік тәсілдері бар өркениет.

Алайда бөрінен бұрын, біз одан кейін көретініміздей, Үшінші толқын өркениеті ертеңгі күннің өзінде екі әрекет етуші факторды — «prosumer» economics («prosumer» — «producer» — өндіруші сөзінен шыққан) және «consumer» — тұтынушыны үйлестіретін ерекше экономикасын туындата отырып, өндіруші мен тұтынушы арасында тарихи қалыптасқан алшақтықты өшіре бастайды.

Осы, сондай-ақ басқа да көптеген себептер бойынша ол бірінші бізге белгілі тарих кезеңі үшін — шынайы адамзат өркениетіне айналуы (біздің тарапымыздан бірқатар саналы көмек болғанда) мүмкін болар еді.

Болашақтың жекетұлғасы жаңа қызметкер

Біздің қоғамға Үшінші толқынның енуімен жұмыс бұрынғыдан да неғұрлым сан алуан, неғұрлым біртұтас бола түседі, әркім ұсақ емес, неғұрлым ірі тапсырманы орындайды. Икемді кесте мен ерікті екпін мінез-құлықты жапшай үйлестірудің бұрынғы қажеттілігін алмастырады.

Қызметкерлерге өздерінің жұмысында неғұрлым жиі өзгерістерге, сондай-ақ бағыттан жаңылыстыратын персоналды кезектестіріп ауыстырулармен, өнімдерді өзгертулер мен қайта ұйымдастырулармен кез болуға тура келеді.

Осылайша, үшінші толқын жұмыс берушілері өздеріне жауапкершілік қабылдайтын, өздерінің жұмыстары басқалардың жұмысымен қалай байланысты екенін

түсінетін, неғұрлым ірі тапсырмаларды орындай алатын және өзгерген жағдайларға тез бейімделетін әрі өздерінің айналасындағы адамдардың көңіл күйін сезінетін еркектер мен әйелдерге деген өсіп келе жатқан қажеттілікті бастарынан өткізуде.

Үшінші толқын фирмалары қызметте өсуде неғұрлым жылдамдық көрсететін адамдардан гөрі аз мөлшерде бағдарламаланған адамдарды қажетсінеді... Бұлар өздерінің басқаларға ұқсас емес екендігін мақтанышпен мәлімдейтін күрделі адамдар, менменшілдер.

Үшінші толқын өнеркәсібі үшін осындай дербестендірілген жұмысшы күші қажет...

Негізінен, орта буынның жас басшылары «үлкен жауапкершілікке және өздерінің таланты мен біліктілігіне лайық тапсырмалармен неғұрлым жанды жұмыс істеуге құмар». Олар қаржылық сыйақылармен қатар жұмыстан мағына іздестіреді.

Мұндай қызметкерлерді тарту үшін жалдаушылар жеке сыйақыларды ұсына бастайды. Бұл қазіргі кезде... кейбір алдыңғы қатарлы компаниялардың қызметкерлерге тіркелмеген қосымша жеңілдіктер жиынын емес, еңбек демалыстарын, медициналық жеңілдіктерді, зейнетақы мен таңдаулары бойынша сақтандыруды ұсынуымен түсіндіріледі. Әрбір қызметкер өз мұқтаждықтарына қарай таңдай алады... Жұмысы үшін саналуан сыйақылардың ішінде ақша бұрынғыдай уәждеуші күшке ендігі жерде ие емес. Ешкім де бұл қызметкерлерге ақша керек емес деп айта алмайды... Алайда табыстардың белгілі бір деңгейіне қол жеткізе отырып, олар өз қажеттіліктері бойынша қатты ерекшелене бастайды. Қосымша ақшалай үстемақылар мінез-құлыққа бұрынғыдай ықпал ете алмайды... Назарға тек қана пайда қабылданатын үшінші толқын корпорациясына ұқсас қызметкерде де «толып жатқан мүдделер» болады.

Сонымен бірге биліктің неғұрлым тамыр жайған үлгілері де өзгереді. Екінші толқын фирмаларында әрбір қызметкерде бір бастық. Қызметкерлер арасындағы дауларды бастық шешеді. Ұйымдастырудың жаңа формасы кезінде стиль мүлдем басқаша. Қызметкерлерде бір мезгілде бірнеше бастық болады. Дәрежесі мен біліктілігі бойынша әртүрлі адамдар нақты мәселені шешу үшін құрылған уақытша топтарда кездеседі... «Алауыздықтар... ортақ

бастықтың қатысуынсыз шешіледі... Мұндай форма қақтығыстың салауатты болуын ұйғарады... Өртүрлі пікірлер бағаланады және адамдар тіпті басқалардың келіспеуі мүмкін екендігін білгеннің өзінде де өз пікірлерін білдіре алады»... Мұндай жүйе тек қана тыңдауға, орындауға бейім қызметкерлерді ұнатпайды. Ал саналы шектерде қарсылық білдіретіндерді көтермелейді. Мағына іздейтін беделдерге күдікпен қарайтын, өз санасы бойынша әрекет етуге ниеттенетін немесе жұмысы әлеуметтік жағынан мәнді болуын талап ететін қызметкерлер Екінші толқын кәсіпорындарына берекені кетірушілер болып саналуы мүмкін. Алайда Үшінші толқын кәсіпорындары оларсыз жұмыс істей алмайды. Осылайша, біз барлық жерден жекетұлғаның экономикалық жүйемен көтермеленетін терең өзгерісін, пайда болған әлеуметтік сипатты қалыптастыратын өзгерісін көреміз.

<http://www.nadprof.ru/library/books/Toffler/26.shtml>

3. Э.ФРОМНЫҢ «ӨЗІ ҮШІН ӨМІР СҮРЕТІН АДАМ» КІТАБЫНАН

Біздің уақыт моралінің басты проблемасы — бұл адамның өзіне қатысты толық немкеттілігі; біз адамның — қайталанбайтын және бірегей тіршілік иесі екендігін ұмыттық; біз бізге өз шарттарын күштеп өткізетін сыртқы күштердің кәдімгі қаруына айналдық; біз өзімізге тауарға қарағандай қарай бастадық, ал біздің ішкі күштеріміз бізден жатсынып кетті.

Біздің өзіміз ғана заттарға айналып қоймай, басқаларды да дәл осылай қабылдай бастадық. Бұл факторлардың бәрі бізде қауқарсыздық пен ызаланушылық сезімін туындатты, бұл үшін өзімізді өзіміз жек көреміз. Біз өз күшімізге деген сенімді жоғалтқандықтан, бізде өзімізге, жалпы адамға деген сенім жоғалды, өзіміздің жасампаздық мүмкіндіктерімізге ендігі жерде сенбейтін болдық...

Өз кезінде Достоевский айтқан еді: «Құдай өлгендіктен, бәрін істеуге болады». Адамдардың көпшілігі нақ осылай ойлайтындығы ең қауіптісі; олардың арасында бірқатар айырмашылықтың орын алатыны шындық;

Кейбіреулер Құдай мен шіркеу қоғамдағы көзге көрінерлік кейбір моральдық төртіпті сақтау үшін ғана сақталуы

тиіс деген қорытындыға келді, басқалары болса ешқандай моральдық алғашқы негіз жоқ, бәрін істеуге болады, ал жеке ұстанымдар — қоғам мен оның барлық мүшелері негізделуі тиіс бірден-бір ұстаным деп есептеуге бейім.

Осындай жалпы қабылданған тұжырымдамаға қарсы гуманистік этика басқаша формуланы ұсынады: егер адам іс жүзінде өмір сүретін болса, онда оның өзі нені істеуге болатынын, нені істеуге болмайтынын шешіп алады.

Бұл мәтінде «өмір сүру», «тірі болу» сияқты түсініктер нені білдіреді? Бұл — жемісті болуды, өзінің бүкіл күшін, бүкіл қуатын өзіне емес, қандай да бір абстрактілі адам мақсаттарына қол жеткізуге бағыттауды, өзінің тіршілік етуіне мағына беруге тырысуды, шын мәнінде адами болуды білдіреді...

Табыс адамның өзіне, өз өмірі мен бақытына байыпты қарау қабілетіне, оның бір мерзілде жеке адамның және тұтастай алғанда бүкіл қоғамның проблемасы болып табылатын моральдық проблеманың жүзіне ашық және батыл қарауға дайын екендігіне байланысты болады. Шешім адамның батылдығы және өзімен өзі болуы мен өзі үшін тіршілік етуіне байланысты.

Э.Фромм. Человек для себя. Минск, 2004.

4. ИНТЕРНЕТ ТАРИХЫНАН

Америкалық ғалымдар Ванневар Буш (40-жылдар) пен Теодор Нельсон (60-жылдар) адамның ой қызметін автоматтандыру әдістерін іздеді. Олар адамды қажетті ақпарат іздеу мен өңдеу жөніндегі ауыр еңбектен құтқарғысы келді. Бүгінде біз *гипермәтін* деп атайтынның негізіне осы ғалымдардың идеялары алынды.

Болашақ жаһандық ақпараттық жүйенің теориялық негізін қалауда кибернетиканың — басқару, байланыс және ақпаратты өңдеу туралы ғылымның негізін қалаушы америкалық ғалым Норберт Винер маңызды рөл атқарды.

1950 жылдардың соңында АҚШ Қорғаныс министрлігі перспективалы зерттеу жобаларының ARPA (Advanced Research Projects Agency) агенттігін құрды, ол әскери және саяси оқиғаларды компьютерде модельдеумен шұғылданды. Ғалым Джозеф Ликлайдер күш-жігерді компьютерлік байланыс пен желілерді дамыту үстіне шоғырландыру керек екеніне ARPA басшылығының көзін жеткізді. «Адам

мен компьютер симбиозы» деген еңбегінде ол болашақ жаһандық желі құрылымын жасады.

60-жылдарда компьютерлік желілер жедел дами бастады. Көптеген өзірлеуші-фирмалар университеттердің, зерттеу орталықтарының, әскери мекемелердің жергілікті жерлері үшін бағдарламалар мен жабдықтар жасады. Алайда түрлі үлгідегі желілер арасында ақпарат беру кезінде сәйкеспеушілік проблемасы пайда болды, компьютерлер бірін-бірі «түсінбеді». Үлкен желілердің кемшілігі — олардың тұрақтылығы төмен болды. Бір учаскенің істен шығуы бүкіл желінің жұмысын толық тоқтататын болды.

ARPA алдына осы проблемаларды шешу міндетін алға қойды. Ғалымдар Поль Барен, Ларри Робертс және Винтсент Серф желілік технологияны одан әрі дамытудың негізіне айналған әдістерді тауып қолданды. 1969 жылы ARPANET желісі құрылды, ол жергілікті және аумақтық желілерді біртұтас жаһандық жүйеге біріктіру үшін негіз болды. Ол бірте-бірте бүкіл Жер бетіне тарады. Желілердің осы алып бірлестігі Интернет немесе Желі деп аталады, ал 1969 жыл Интернет пайда болған жыл деп саналады.

1976 жылы В.Серф деректер берудің әмбебап хаттамасы — TCP/IP (Transmission control/Internet protocol)-ды жасады. IP атауы желіаралық хаттаманы білдірді. Ол желіаралық коммуникациялар үшін стандартқа айналды, ал оны пайдаланатын желілер интернет-желілер деп атала бастады.

1990 жылы Женевадағы Еуропалық ядролық зерттеулер орталығының бағдарламашысы Тим Бернерс-Ли бірыңғай гипермәтіндік кеңістік идеясын жүзеге асыратын жүйе жасады. Гипермәтіндік беттерді сипаттау үшін арнаулы тіл қолданылды, ал оларды желімен жіберу үшін — беру хаттамасы пайдаланылды. Мекенжайларды көрсетудің жаңа әдісі оларды оңай есте сақтауға және Интернеттің ақпараттық кеңістігінде керек нәрсені оңай табуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ гипермәтіндік беттерді бейнелеудің арнаулы бағдарламасы жазылды. Т. Бернерс-Ли өз жобасын WWW—World Wide Web, яғни, «дүниежүзілік өрмек» деп атады.

Америкалық ғалым Марк Андресен 1992 жылы өзірлеген «Мозаика» графикалық *браузері* жарыққа шыққаннан кейін интернет кеңінен белгілі бола бастады. Сол уақыттан бастап желілердің өткізу қабілеті артты,

түрлі түсті бейнелерді, фотосуреттерді, қолдан салған суреттерді тез беру мүмкіндігі пайдаланылды. Интернетке ғылыми ғана емес, сондай-ақ ойын-сауық ақпараты да келе бастады. Интернетті пайдаланушылар саны бұрын сонды болып көрмеген қарқынмен көбейіп, шектеусіз алуға болатын деректер көлемі ұлғая түсті.

(<http://slovari.yandex.ru/dict/krugosvet>)

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
I тарау. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың бас кезіндегі дүниежүзі дамуының негізгі үрдістері	4
II тарау. 1945—2011 жылдардағы халықаралық қатынастар ..	14
III тарау. Америка Құрама Штаттары	48
IV тарау. Батыс және Оңтүстік Еуропа елдері	56
V тарау. Жапония, Корея Республикасы	93
VI тарау. Кеңестік социалистік Республикалар Одағы. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы	101
VII тарау. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдері	125
VIII тарау. Азия елдері	151
IX тарау. Африка елдері	191
X тарау. Латын Америкасы елдері	200
XI тарау. Мәдениет	214

Учебно-методическое издание

**Каирбекова Розалия Равильевна
Тимченко Сергей Васильевич**

ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ

Хрестоматия

Учебное пособие для 11 классов общественно-гуманитарного
направления общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Переработанное, дополненное второе издание

Редакторы *Е. Жақыпов*
Көркемдеуші редакторы *А. Ақыл*
Техникалық редакторы *А. Сәдуақасова*
Корректоры *Ж. Баймагамбетова*
Компьютерде беттеген *Ж. Бекбосынова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 2922

Басуға 01.06.11 қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/32}. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі «Школьная». Офсеттік басылым. Шартты баспа
табағы 11,76. Шартты бояулы беттанбасы 12,18. Есептік баспа
табағы 11,44. Таралымы 8 000 дана. Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz